

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Abai Kazakh national pedagogical university



ХАБАРШЫ

ВЕСТНИК

BULLETIN

«Көркемөнерден білім беру: өнер – теориясы – әдістемесі» сериясы
Серия «Художественное образование: искусство – теория – методика»
Series of «Art education: art – theory – methods»
4 (65), 2020

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Abai Kazakh national pedagogical university

ХАБАРШЫ

ВЕСТНИК

BULLETIN

«Көркемөнерден білім беру: өнер – теориясы – әдістемесі» сериясы
Серия «Художественное образование: искусство – теория – методика»
Series of «Art education: art – theory – methods»
4 (65)

**Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті**

**ХАБАРШЫ
«Көркемөнерден білім беру:
өнер - теориясы - әдістемесі» сериясы
№4 (65), 2020**

2001 ж. бастап шығады.
Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір

**Бас редактор – п.ғ.к., профессор
Т.М. Қожағұлов**

**Бас редактордың орынбасары және
жауапты хатшы – п.ғ.к., ҚР ЖАК доценті
Ш.Ә. Ақбаева**

Редакция алқасы:
Reser Gulmes – Associate Professor (Түркия);
Xie Henging – Professor (Қытай);
Rafis Abazov – PhD докторы, Колумбия
университетінің профессоры (АҚШ);
Omer Zaimoglu – PhD докторы, Акдениз
университетінің доценті (Түркия);
К.Д. Добаев – п.ғ.д., профессор
(Қырғызстан);
А.Т. Калдыбаева – Қырғызстан
Республикасы. Бішкек қаласы, И.Арабаев
атындағы Қырғыз мемлекеттік
университетінің профессоры, п.ғ.д.
(Қырғызстан);
О.В. Шалыпин – п.ғ.д., профессор (Ресей);
Н.Б. Смирнова – п.ғ.д., доцент (Ресей);
М.Ж. Тәнірбергенов – п.ғ.к., М.Әуезов
атындағы Оңтүстік Қазақстан
мемлекеттік педагогикалық университетінің
профессоры;
Б.Н. Байділда – Қазақстан еңбек сіңірген
қайраткері, Т.Жүргенов атындағы ҚазҰӨА
профессоры;
Л.Ш. Какимова – п.ғ.к., доцент;
А.Қ. Ахметова – п.ғ.д., профессор;
В.В. Ващенко – әскер.ғ.к., ҚР ЖАК доценті;
Р.Ж. Нарисбай – б.ғ.к. ҚР ЖАК доценті,
кафедра профессоры
Қ.Қ. Мұратаев – өнертану кандидаты,
профессор;
А.С. Сманова – п.ғ.к., қауым.профессор;
М.Э. Султанова – өнертану кандидаты,
қауым.профессор;
Ж.Н. Шайғозова – п.ғ.к., қауым.профессор;
З.Ж. Рабилова – PhD доктор, аға оқытушы.

**© Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті, 2020**

Қазақстан Республикасының Мәдениет және
ақпарат министрлігінде 2009 жылы
мамырдың 8-де тіркелген №10099-Ж

Басуға 10.02.2021. қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 25,75 е.б.т.
Таралымы 300 дана. Тапсырыс 485.

050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 13.
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетінің
«Ұлағат» баспасы

**МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENT**

**I БӨЛІМ. КӨРКЕМДІК БІЛІМ БЕРУ
РАЗДЕЛ I. ХУДОЖЕСТВЕННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ**

- Сманова А.С., Алжанов Ғ.М., Бекболатова К.М.,**
Оразаева К.К. Экодизайн эволюциясының концептуалды
үлгісі..... 7
- Сманова А.С., Алжанов Ғ.М., Бекболатова К.М.,**
Оразаева К.К. Концептуальная модель эволюции
экодизайна.
- Smanova A.S., Alzhanov G.M., Bekbolatova K.M.,**
Orazayeva K.K. A conceptual model of the evolution of
ecodesign
- Жақыпбекова М.Ж., Болысбаев Д.С., Есенбаева К.А.,**
Жузева К.Е. Жаңартылған білім беру бағдарламасы
шенберінде бейнелеу өнеріне оқытудың заманауи техно-
логиялары мен әдістерінің теориялық негіздері..... 13
- Жақыпбекова М.Ж., Болысбаев Д.С., Есенбаева К.А.,**
Жузева К.Е. Теоретические основы современных
технологий и методов обучения изобразительному искусству
в рамках обновленного содержания образования
- Zhakypbekova M.Zh., Bolysbaev D.S., Esenbaeva K.A.,**
Guzeeva K.E. Theoretical and methodological foundations of
modern technologies of teaching fine arts in the framework of the
updated content of education
- Ибрагимов А.И., Оспанова Д.К. Работа в техника «гобелен»**
с учащимися средних классов на уроках художественного
труда..... 19
- Ибрагимов А.И., Оспанова Д.К. Көркем еңбек сабақ-**
тарында орта сынып оқушыларымен "гобелен" техникасын
карастыру
- Ibragimov A.I., Ospanova D.K. Tapestry technique with middle**
school students in art classes
- Берікбол Р.Р., Бекенова Б.Н., Айдарова З.Ш. Көркем білім**
жағдайында этнокөркем мәдениеттің функциялары..... 25
- Берікбол Р.Р., Бекенова Б. Н., Айдарова З.Ш. Функции**
этнохудожественной культуры в условиях художественного
образования
- Berikbol R.R., Bekenova B.N., Aydarova Z.Sh. Functions of**
ethnocultural culture in terms of art education
- Жақыпбекова М.Ж., Болысбаев Д.С., Бөрібеков О.С.,**
Оспанов Т.М. 6В02170 - сән дизайны мамандығы студент-
терінің заманауи киімді ұлттық мотивпен үйлестіру негізінде
кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру..... 29
- Джакипбекова М.Ж., Болысбаев Д.С., Бурибеков О.С.,**
Оспанов Т.М. Формирование профессиональных
компетенций студентов специальности 6В02170 - дизайн
моды в процессе проектирования современного женского
костюма на основе использования национальных мотивов
- Zhakypbekova M.Zh., Bolysbayev D.S., Buribekov K.E.,**
Ospanov T.M. Formation of professional competences of
students of the specialty 6B02170 - fashion design in the design
process of modern female costume based on the use of national
motives
- Бекова Г.А., Онбаева А.Ә., Ибатбеков Ә.К. Балалар кітап**
иллюстрациясының маңызы мен өзіндік ерекшеліктері..... 35
- Бекова Г.А., Онбаева А.Ә., Ибатбеков Ә.К. Значение и**
особенности детской книжной иллюстрации

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

ВЕСТНИК

Серия «Художественное образование: искусство - теория - методика»
№ 4(65), 2020

Выходит с 2001 года.
Периодичность – 4 номера в год

Главный редактор – к.п.н., профессор
Кожангулов Т.М.

Заместитель главного редактора и
ответственный секретарь –
к.п.н., доцент ВАК РК Акбаева Ш.А.

Члены ред.коллегии:

Reser Gulmes – Associate Professor (Турция);

Xie Henging – Professor (Китай);

Rafis Abazov – доктор PhD, Профессор

Колумбийского университета (США);

Omer Zaimoglu – доктор PhD, Доцент

университета Акдениз (Турция);

Добаев К.Д. – д.п.н., профессор (Киргизия);

Калдыбаева А.Т. – Республика Киргизия.

г. Бишкек, д.п.н., профессор Киргизского

государственного университета

им. И.Арабаева (Киргизия);

Шалыпин О.В. – д.п.н., профессор (Россия);

Смирнова Н.Б. – д.п.н., доцент (Россия);

Танирбергенов М.Ж. – д.п.н., профессор

Южно-Казахстанского педагогического

государственного университета

им. М.Ауэзова;

Байдилда Б.Н. – заслуженный деятель

Казахстана, профессор КазНАИ

им.Т.Жургенова;

Какимова Л.Ш. – к.п.н., доцент;

Ахметова А.К. – д.п.н., профессор;

Вашенко В.В. – канд.военных н., доцент ВАК
РК;

Нарибай Р.Ж. – к.б.н., доцент ВАК РК,

профессор кафедры

Муратаев К.К. – профессор, кандидат

искусствоведение;

Сманова А.С. – к.п.н., ассоц.профессор;

Султанова М.Э. – кандидат

искусствоведение, ассоц.профессор;

Шайгозова Ж.Н. – к.п.н., ассоц. профессор;

Рабилова З.Ж. – доктор PhD,

ст. преподаватель;

© Казахский национальный педагогический
университет имени Абая, 2020

Зарегистрировано Министерстве
культуры и информации
Республики Казахстан
8 мая 2009 г. №10099-Ж

Подписано в печать 10.02.2021.
Формат 60х84^{1/8}. Объем 22,75 уч.-изд.л.
Тираж 300 экз. Заказ 485.

050010, г. Алматы,
пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат»
Казахского национального педагогического
университета имени Абая

Bekova G.A., Onbaeva A.A., Ibatbekov A.K. Meaning and features of children's book illustration

Берікбол Р.Р., Құлжабаев Е.У., Джусупов Ж.Н. Этно-көркем көркем мәдениеттің педагогикалық шарттары..... 41

Берикбол Р.Р., Кулжабаев Е.У., Джусупов Ж.Н. Педагогические условия этнохудожественной культуры

Berikbol R.R., Kulzhabayev Y.U., Dzhusupov J.N. Pedagogical conditions of ethno-artistic culture

Жаманқараев С.Қ. Көркем білім беруде қиялды дамытудың маңызы мен өзіндік ерекшеліктері..... 46

Жаманқараев С.К. Значение и специфические особенности развития воображения в художественном образовании

Jamankaraev S.K. Significance and specific features of the development of imagination in art education

Бакаиев Р.С., Абдрахманов М. Көркем білім беру жүйесінде ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдаланудың әдістері..... 51

Бакаиев Р.С., Абдрахманов М. Методы использования информационно – коммуникационных технологий в системе художественного образования

Bakaiev R.S., Abdrakhmanov M. Methods of using information and communication technologies in the art education system

Ибраимов Ү. XX ғасырдағы қазақ дәстүрлі бейнелеу өнерінің табиғи, тарихи даму жолының ерекшеліктері мен тәрбиелік мүмкіндіктері..... 56

Ибраимов Ү. Особенности исторического развития и воспитательной возможности казахского традиционного изобразительного искусства XX века

Ibraimov U. Features of historical development and educational opportunities of kazakh traditional fine art of the xx century

Джанаев М.Б. Композиция - білімгерлер шығармашылығының негізі 60

Джанаев М.Б. Композиция-основа творчества обучающихся

Dzhanabayev M.B. Composition is the basis of students' creativity

Манасов Б.Ә. Интербелсенді оқыту әдістерін оқу үдерісінде пайдаланудың маңызы..... 65

Манасов Б.А. Значение использования интерактивных методов обучения в учебном процессе

Manasov B.A. The importance of using interactive teaching methods in the educational process

Құдабаева К.И. Дизайнердің танымдық қабілеттерін қалыптастыру..... 70

Құдабаева К.И. Формирование познавательных способностей дизайнера

Kudabayeva K.I. The formation of cognitive abilities of the designer

Иманбакиев Е.А., Шажабаева Ж.А. Өнердегі жобалаудың ұлттық көркемдік сипаты..... 75

Иманбакиев Е.А., Шажабаева Ж.А. Национальный художественный характер проектирования в искусстве

Imanbakayev Y.A., Shazhabayeva Zh. National artistic character of design in art

Рабилова З.Ж., Кабижанова Г.К. Арнайы кескіндеме пәнін оқыту үрдісінде студент-дизайнерлердің кәсіби дайындығын жетілдіру..... 78

Рабилова З.Ж., Кабижанова Г.К. Совершенствование профессиональной подготовки студентов-дизайнеров в процессе обучения специальной живописи

Rabilova Z.J., Kabizhanova G. Improving the professional training of design students in the process of learning special painting

**Kazakh national pedagogical
university named after Abai**

BULLETIN

**A series of
«Art education: art - theory - methods»
№4(65), 2020**

Periodicity – 4 issues per year.
Published since 2001

Chief Editor – candidate of pedagogical
sciences, Professor **T.M. Kozhagulov**

Deputy chief editor and Executive Secretary –
candidate of pedagogic Sciences, HAC associate
Professor **A.Sh. Akbaeva**

Members of editorship:

- Reser Gulmes** – Associate Professor (Turkey);
Xie Henging – Professor (China);
Rafis Abazov – doctor PhD, Professor at
Columbia University (USA);
Omer Zaimoglu – doctor PhD, associate
Professor at Akdeniz University (Turkey);
Dobaev D.K. – doctor of pedagogical sciences,
Professor (Kyrgyzstan);
Kaldybayeva A.T. – The Republic of
Kyrgyzstan. Bishkek, doctor of Economics,
Professor of Kyrgyz state University named after
I. Arabaev (Kyrgyzstan);
Shalyapin O.V. – doctor of science, Professor
(Russia);
Smirnova N.B. doctor of pedagogical Sciences,
associate Professor (Russia);
Tanirbergenov M. Zh. – doctor of pedagogical
Sciences, Professor of the South Kazakhstan
pedagogical state University named after
M. Auezov;
Baidilda B.N. – honored worker of Kazakhstan,
Professor of KazNAI named after T. Zhurgenov;
Kakimova L.S. – candidate of pedagogical
Sciences, associate Professor;
Akhmetova A.K. doctor of pedagogical
Sciences, Professor;
Vashchenko V.V. – Candidate of military
Sciences, associate Professor of the higher
attestation Commission of the Republic
of Kazakhstan;
Naribay R.Zh. – Candidate of biological
Sciences, associate Professor of HAC RK,
Professor of the Department
Musataev K.K. – Professor, candidate of art
history;
Smanova A.S. – candidate of pedagogical
sciences, Associate Professor;
Sultanova M.E. – candidate of art history,
Associate Professor;
Shaikozova Zh. – candidate of pedagogical
sciences, Associate Professor;
Rabilova Z.Zh. – doctor PhD, senior lecturer.

© Kazakh National Pedagogical University
named after Abai, 2020

Registered in the Ministry of Culture and
Information of the RK, 8 May, 2009
№ 10099-Ж.

Signed to print 10.02.2021.
Format 60x84 1/8. Book paper. 23,75
300 copies. Order 485.

050010, 13 Dostyk ave.
Almaty. KazNPU. Abai Publisher "Ulagat"
Kazakh National Pedagogical University named
after Abai

Ырыстанұлы Б., Касенова Д. Көне және орта ғасырлық
қазақ халқының көркем қыш өнерін мектеп оқушыларына
қосымша оқытудың маңызы..... 82

Ырыстанұлы Б., Касенова Д. Важность дополнительного
обучения школьников древнему и средневековому искусству
изящной керамики казахского народа

Yrystanuly B., Kasenova D. The importance of additional
teaching of ancient and medieval kazakh folk art to schoolchildren

**II БӨЛІМ. МУЗЫКАЛЫҚ БІЛІМ
РАЗДЕЛ II. МУЗЫКАЛЬНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ**

Ахметова А.Қ., Абденова Г.С. Күйлерді тыңдату арқылы
танымдық қызығушылықты дамыту мәселелері..... 88

Ахметова А.Қ., Абденова Г.С. Проблемы развития
познавательного интереса через слушания музыки
Akhmetova A.K., Abdenova G.Z. Problems of developing
cognitive interest through listening to music

Какимова Л.Ш., Шайменова А.Е. Музыка сабақтарын
ұйымдастыруға педагогикалық шарттар 93

Какимова Л.Ш., Шайменова А.Е. Педагогические условия
организации уроков музыки

Kakimova L.Sh., Shaimenova A.E. Pedagogical conditions for
organization

Нарикбаева Л.М., Кәрібаева Ж. Қазақ аспаптық оркестрлер
мен фольклорлық ансамбльдердің даму тарихы, негізгі
мәселелері мен ерекшеліктері..... 97

Нарикбаева Л.М., Карибаева Ж. История развития
казахских инструментальных оркестров и фольклорных
ансамблей, основные проблемы и особенности

Narikbayeva L.M. Karibayeva Z. History of development of
Kazakh instrumental orchestras and folk ensembles, main issues
and features

Таубаева Р.К., Тулегенова М.С. Болашақ музыка мұғалімі-
нің шығармашылық қабілетін қалыптастыру..... 104

Таубаева Р.К., Тулегенова М.С. Формирование творческих
способностей будущего учителя музыки

Taubayeva R.K., Tulegenova M.S. Formation of creative
abilities of a future music teacher

Тулешев Ж.Т. Познавательная деятельность вокалиста
эстрады в исполнительском искусстве..... 108

Тулешев Ж.Т. Эстрадалық вокалистің орындауында
танымдық қызметі

Tuleshev J.T. Cognitive activity of vocalist of variety in the
performance

Досанова У. Ж. Дауыс – әншілік көзі..... 111

Досанова У. Ж. Голос – источник пения

Dosanova U. Zh. Voice-the source of singing

**III БӨЛІМ. ӨНЕРТАНУ
РАЗДЕЛ IV. ИСКУССТВОВЕДЕНИЕ**

Молдабеков М.Б., Асылханов Е.С. Дизайн бренді және
дизайнды коммерцияландыру..... 114

Молдабеков М.Б., Асылханов Е.С. Дизайнерский бренд и
коммерциализация дизайна

Moldabekov M. B., Asylkhanov E.S. Design brand and design
commercialization

Мұқышева Н.Р. Кәукен Кенжетаетың кинодағы кейіпкер-
лері: әке бейнесі..... 118

Мукушева Н.Р. Герои Каукена Кенжетаета в кино: образ
отца

Mukusheva N.R. Kauken Kenzhetaev's characters in the movie: the image of the father	
Нұрсұлтан А.Ж. Қазақ коммерциялық киносының алғашқы кезеңі: кейіпкерлері мен жанрлары (2005-2010).....	123
Нұрсұлтан А.Ж. Первые этапы казахского коммерческого кино: герои и жанры (2005-2010)	
Nursultan A.Zh. First stages of kazakh commercial cinema: characters and genre (2005-2010)	
Оспанов Б.Е. Суреттің ерекше мәні.....	128
Оспанов Б. Е. Особое значение рисунка	
Osranov B.E. Special meaning of the drawing	
Асылханов Е.С., Молдабеков М.Б. Баухауз: шығармашылық өзара байланыс-дизайн және театр.....	132
Асылханов Е.С., Молдабеков М.Б. Баухауз: творческая взаимосвязь-дизайн и театр	
Asylkhanov E.S., Moldabekov M.B. Bauhaus: creative interconnection-design and theater	
Рабилова З.Ж., Бауржанова А.Б. Оңтүстік қазақстанның ортағасырлық діни сәулет дәстүрлері.....	142
Рабилова З.Ж., Бауржанова А.Б. Средневековые религиозные архитектурные традиции южного Казахстана	
Rabilova Z.J., Baurzhanova A.B. Medieval religious religious traditions of south Kazakhstan	
Себеннова Б.Т., Михайлова Н.А. Манга, как феномен японской культуры.....	148
Себеннова Б.Т., Михайлова Н.А. Манга, как феномен японской культуры	
Sebenova B.T., Mikhailova N.A. Manga as a phenomenon of japanese culture	
Рабилова З.Ж. Елубай А.Б. Қазақ ұлттық ою-өрнегін сәулеттік-көркемдік мәнерлілік құралы ретінде қолдану.....	151
Рабилова З.Ж. Елубай А.Б. Использование казахского национального орнамента как средства архитектурно-художественной выразительности	
Rabilova Z.J., Yelubay A.B. Use of the Kazakh national ornament as a means of architectural and artistic expression	
Накбаева А.Б. Тамғалы немесе таңбалы деп аталатын петроглифтер.....	159
Накбаева А.Б. Петроглифы, называемые тамгалы или тамгалы	
Nakbaeva A.B. Petroglyphs called tamgaly or tamgaly	
Алданаева Т.М., Михайлова Н.А. Перспективы развития женского национального костюма в контексте мировой моды.....	166
Алданаева Т.М., Михайлова Н.А. Әлемдік сән контекстіндегі әйел ұлттық костюмінің дамыту перспективалары	
Aldanayeva T.M., Mikhailova N.A. Development perspectives of women's national costume in the context of world fashion	
Bitoreyeva D., Suleimenova A. Features of cultural and historical forms of promoting art works in the conditions of the art market.....	170
Битореева Д., Сулейменова А. Особенности культурно-исторических форм продвижения произведений искусств в условиях арт-рынка	
Битореева Д., Сулейменова А. Арт нарық жағдайында өнер туындыларын ұсынудың мәдени-тарихи формаларының ерекшеліктері	
Накбаева А.Б. Композициялық түстердің үйлесімділігі.....	173
Накбаева А.Б. Сочетание композиционных цветов	
Nakbaeva A.B. Combination of composite colors	
Авторлар туралы мәліметі.....	180

I БӨЛІМ. КӨРКЕМДІК БІЛІМ БЕРУ

РАЗДЕЛ I. ХУДОЖЕСТВЕННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ

ЭОЖ 378.096
МРНТИ 14.01.07

А.С. Сманова¹, Г.М. Алжанов², К.М. Бекболатова³, К.К. Оразаева⁴

¹ п.э.к., Абай атындағы ҚазҰПУ, Өнер, мәдениет және спорт институтының қауымд. профессоры,
Алматы қ., Қазақстан

² магистр, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің аға оқытушысы,
Атырау қ., Қазақстан

³ PhD., Абай атындағы ҚазҰПУ, Өнер, мәдениет және спорт институтының аға оқытушысы,
Алматы қ., Қазақстан

⁴ Абай атындағы ҚазҰПУ, Өнер, мәдениет және спорт институтының аға оқытушысы,
Алматы қ., Қазақстан

ЭКОДИЗАЙН ЭВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ КОНЦЕПТУАЛДЫ ҮЛГІСІ

Аңдатпа

Мақалада, экодизайн туралы түсініктерге зерттеушілер берген анықтамалар талданған. Қазақстандағы экодизайн негізі айтылып, бүгінгі жағдайы қазақ сәндік қолөнері арқылы сипатталған. Таза өнер, табиғи материалдардың ұлттық өнердегі түрлері кәсіп етушілер мектебінің тарихы мен халық шеберлері жайлы негіздеме жасалды. Көркем білім берудегі концепцияларға ізденістер жасалып, ондағы ерекшеліктер анықталды. Экодизайн эволюциялық дамуындағы кезеңдер жүйеленді. Әрбір кезеңдерді жүйелеу әдіснамалық хронология жасауға ықпал етті. Экодизайнның әдіснамалық хронологиясы сол кезеңдерде халық шеберлерінің пайдаланылған табиғи материалдар түрлері мен орындау техникасы қызығушылық арттырады. Себебі, бүгінгі заманауи дамудағы ұлттық өнер түрлерінің әртүрлі қырынан жасалуы да дәстүрлі негізде. Экодизайн эволюциялық дамуы және оның концептуалды үлгісін ұсыну арқылы мәліметтер негізделді.

Түйін сөздер: экодизайн, заманауи өнер, көркем білім, қазақ сәндік қолөнері, эволюция, концептуалды өнер, үлгі.

Аннотация

Сманова А.С.¹, Алжанов Г.М.², Бекболатова К.М.³, Оразаева К.К.⁴

¹ к.п.н., ассоц.профессор Института искусств, культуры и спорта при КазНПУ им. Абая
г. Алматы, Казахстан

² магистр, старший преподаватель Атырауского университета им. Х.Досмұхамедова
г. Атырау, Казахстан

³ PhD., старший преподаватель Института искусств, культуры и спорта при КазНПУ им. Абая
г. Алматы, Казахстан

⁴ старший преподаватель Института искусств, культуры и спорта при КазНПУ им. Абая
г. Алматы, Казахстан

КОНЦЕПТУАЛЬНАЯ МОДЕЛЬ ЭВОЛЮЦИИ ЭКОДИЗАЙНА

В статье проанализированы определения, данные исследователями понятия экодизайн. Описаны основы эко-дизайна в Казахстане, и характеризуется сегодняшняя ситуация через казахским декоративно-прикладным искусством. Сделано обоснование истории школы ремесленников и народных мастеров в чистом искусстве, видах природных материалов в национальном искусстве. Разработаны поиски концепций в художественном образовании, а также выявлены их особенности. Этапы в социуме систематизированы в эволюционном развитии экодизайна. Систематизация каждого периода способствовала созданию методологической хронологии. Методологическая хронология экодизайна повышает интерес к видам природных материалов и технике исполнения, использованных народными мастерами в те периоды. Это связано с тем, что современное развитие национальных видов искусства

создаются в разных ракурсах на основе традиции. Некоторые данные были обоснованы эволюционным развитием экодизайна и представлением его концептуальной модели.

Ключевые слова: экодизайн, современное искусство, художественное образование, казахское декоративно-прикладное искусство, эволюция, концептуальное искусство, модель.

Abstract

Smanova A.S.¹ Alzhanov G.M.², Bekbolatova K.M.³, Orazayeva K.K.⁴

¹ candidate of pedagogical Sciences, associate professor, Institute of arts, culture and sports at Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan

² Master, senior lecturer, Kh.Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Kazakhstan

³ PhD., senior lecturer, Institute of arts, culture and sports at Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan

⁴ senior lecturer, Institute of arts, culture and sports at Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan

A CONCEPTUAL MODEL OF THE EVOLUTION OF ECODESIGN

The article analyzes the definitions given by researchers about design concept. The basics of eco-design in Kazakhstan are described, and the current situation is characterized through the Kazakh arts and crafts. The substantiation of the history of the school of artisans and folk craftsmen in pure art, types of natural materials in national art is made. Searches for concepts in art education are developed, and their features are revealed. Stages in society are systematized in the evolutionary development of ecodesign. The systematization of each period contributed to the creation of a methodological chronology. The methodological chronology of ecodesign increases interest in the types of natural materials and techniques used by folk artists in those periods. This is due to the fact that the modern development of national art forms are created from different angles based on tradition. Some data has been substantiated by the evolutionary development of ecodesign and the presentation of its conceptual model.

Key words: ecodesign, contemporary art, art education, Kazakh arts and crafts, evolution, conceptual art, model.

Кіріспе

Қазіргі әлемде «дизайн» ұғымының дамуы және зерттелу жағдайы қоршаған ортамен байланысы жиі тоғысып келеді. Бүгінде біз қоршаған орта нысандарына тигізетін әсері жайлы, оған қатысты мәселелерді, түрлі жобаларды дизайн нысаны ретінде көреміз. Көп жағдайда, заттардың атаулары «эко» сөзімен байланыстыру негізінде «экологиялық» сипатқа ие.

Бүгінгі таңда «экологиялық дизайн» ұғымы экологиялық құбылыс ретінде қабылданады. Экологиялық тұрғыдан байланысатын барлық салалар көрініс алады.

Экодизайнның пайда болуы қоршаған ортаның бүгінгі қоғам өмірінде табиғатпен байланыс дағдарысына жауап тапты. Экодизайнның сәулетшіге және дизайнерге қоятын негізгі талабы: бұйымды қауіпсіз пайдалану, денсаулыққа зиян келтірмеуі, шу, тербеліс, шығарулар, сәулеленудің аз мөлшері, экологиялық зиянды болдырмау. Міне, осыдан экодизайнның дамуында мынатаптаптар ескерілуі қажет. Олар: материалдардың шығу тегіне, жобалау, жасау, қолдану және пайдалану кезінде қорларды үнемдеу, қоршаған ортаны қорғаудан бастап, жануарларға да дұрыс қарым-қатынас жасау, адам құқығын қорғаумен аяқталады. Экологиялық дизайн мен сәулеттің дамуы біздің әрқайсымызға аса қажет. Экодизайн - адамға жайлы, әрі ыңғайлы, әрі үйлесімді болатын қоршаған ортаны қорғауға баса назар аудартатын дизайндағы және сәулеттегі ағым. Әдемі және ыңғайлылығы ғана емес, сонымен қатар жобалау, жасау, қолдану және пайдалану кезінде қолданылатын материалдардың сипаттамасы [1, 169 б.].

Дизайн тарихын зерттеген отандық ғалымдар Б.Т. Байешев және Б.Б. Байешев [2, 5 б.] өз еңбектерінде көптеген ғасырлар бойы адамның заттық-кеңістіктік ортасында қолөнерді жоғары бағалай келе, адамды қоршаған заттар қолөнер шеберлерінің қиын да ұзақ еңбегінің нәтижесі деген түсініктермен толықтырып, шебер затты өңдеу процесінде өзінің өмірі жайлы түсініктерінің арқасында зат шынайы көрініс алатынын дәлелдей түседі.

Сонымен, экодизайн адам тұрған жерді табиғатпен байланыстырады және қоршаған ортамен онтайлы үйлестірілген адам жаратылысындағы ішкі көріністі береді. Адам «экологиялық» жайда өзін жақсы сезініп, экодизайн немесе табиғат сипатындағы табиғи материалдар мен түсті дұрыс құрастыруға бет алады. Осы орайда, экодизайнның негізгі элементтері: негізгі материалдар - ағаш, тас, балшық, шыны, табиғи материалдан жасалған маталарды үйлестіру.

Адам өз жаратылысында мынадай табиғи түстерді ашық қоңыр, қоңыр, ақ (қара немесе қарақошқыл ағаш), нәзік түрлі-түсті қолдануға бейімделіп тұрады. Мұнымен қатар, тұрмыс-тіршілігінде адам шынайы энергетика беретін жүннен жасалған кілем, алаша, жапқыштар, шыттан перделер, жиһазды қаптайтын мата, мақта маталары да экодизайнның бір бөлігін пайдалануға ыңғайлы деп есептейді. Күнделікті тіршілікте жиі қолданылатын экодизайндегі заттарды да адам өз өмірінде қажеттілігіне жаратады. Мәселен, шыныдан немесе балшықтан жасалған гүл салғыштар, өрілген себеттер, сандықтар, ағаш бұтақтары, кептірілген жапырақтар табиғатпен ұштасып, біркелкі жұмсақ түсте болуын қадағалайды. Адам мен табиғат бірізділігінде керамикадан жасалған ыдыстар, ағаштан жасалған қасық, табақ, мақта сүлгілер, жез, күміс, қалайы сынды табиғаттың жер асты байлықтарынан жасалған ыдыстар да өз қажеттілігіне қарай пайдаланады [1, 170 б.].

Қазіргі таңда жас ұрпақты өнерге баулу, өнердің көркемдік даму ерекшеліктерін қайта жандандыру мәселелері қойылып отыр. Болашақ ұрпақтың рухани азығының негізі осында деп пайымдаймыз. В.А. Алексеева еңбегіне сүйенсек, ұрпақты тәрбиелеуде өнер арқылы әр азаматтың негізгі борышын орындауға, яғни еңбек етуде өнердің ойлау қабілетін қалыптастыруда маңызды екендігін атап өтеміз [3, 44 б.].

Дизайн мен экология байланысын атап өтудегі үрдістегі ендігі бір бөлігін атайтын болсақ, ол өсімдік компоненттерінің байланысы. Бұл тұжырымды өз кезегінде ең алғаш ұсынған дизайнер Линда Лаудермик болды. Өз еңбектерінде дизайнер 2002 жылы бамбук, теңіз балдырларынан және басқа да өсімдік компоненттерінен стандартты емес материалдардан көйлек бұйымдарын жасап шығарды.

Осы бағытты көптеген дизайнерлер өз ұсыныстарын беріп, адам өміріне өажетті материалдарының құндылығын атап өтеді. Яғни, жаңаша «эко-стильде» орындалған эко-маталар өте ыңғайлы және пайдалы. Мұндай топтамаларды ұсынған дизайнерлерді атап өтуімізге болады, олар: Стелла Маккартни, сонымен қатар танымал (Nike, H&M, Gap) маркалары арнайы жасалған киім өнімдерін шығарады, О.М. Санникова жазғы киім дизайнын жасайды [4, 2 б.]. Экодизайн ұғымы тек қана өнер саласында ғана емес, барлық салаларда өзекті болып отыр. Кезкелген өнімнің немесе өндірісте экологиялық жағынан тазалығы мен табиғилығының сақталуына аса назар аударылуда. Осыған орай Қазақстандағы экоөнер, таза өнер, табиғи материалдармен өнімдер өндіруде эволюциялық жолы анықталып келеді. Әрине, экодизайн ұғымын нақтылау мен талдау арқылы оның түбірі қазақ сәндік қолөнерінің Қазақстандағы ежелгі дәуірден бастау алғанын айтамыз.

Көшпенді өмір сүрген, мал өнімімен айналысқан қазақ халқы экодизайн материалдарын баяғы заманнан қолданып келді. Тек қана Қазақ халқына тән киіз үй көрінісін көшпенді жағдайында қолдануға тиімділігі жоғары болған. Жалпы киіз үйдің құрылымы қойдың күзем жүнінен басылғаны мәлім. Үй тұрмысында мұндай құрылымдағы бұйым адам денсаулығына да өте пайдалы екендігін атап өтуіміз керек. Киіз үйдегі жиһаз, ыдыс, адамға қажет тұрмыс-тіршіліктің бәрі табиғи материалдардан жасалынып кеңінен қолданылған. Бұл көріністер ежелден қазақ халқының адам мен табиғат тылмысын зерделей келе, экодизайн шынайы материалдарын тиімді қажеттілігіне жаратуға бейімді екендігін дәлелдей түседі [2, 171 б.].


Ерте заманда ата-бабаларымыз табиғатты, ондағы тіршілік иелерінің ортамен байланысын жақсы біліп, сауатты пайдалана білген. Олар өздерінің табиғат қорларына, табиғатың тылсым жағдайына тәуелді екенін білген. Ата-бабаларымыз өзін табиғаттың бір бөлшегі, табиғатпен айырылмастай байланыстамыз деп түсініп, жазу, сызу сауаты болмаса да табиғат кітабын оқи біліп, жинақталған білімді ұрпақтарына беріп отырған. Халықтық педагогика алғашқыдан бастап еңбекке, табиғатқа ұқыпты көзқарас, жоғары адамгершілік қатынастар, адамға халық даналығын тасымалдаушы, беруші деп сыйласымдылықпен қарау сияқты тұғырлы негіздерден тұрған. Өкінішке осындай халықтық мәдениеттің көпшілік қырлары жойылып кеткен. Сондықтан халықтың тұрмыс-салтындағы, әдет-ғұрпындағы табиғат - Ананың орнын қайта жаңғырту бүгінгі күнгі педагогика ғылымы мен практикасының аса маңызды даигілікті міндеті болып табылады [2, 217 б.].

Жоғарыда айтылған пайымдауларға сүйене отырып, біз экодизайн дамуы бүгінгі таңда қоғам қажеттілігіне қарай маңызды мәселе болып келетінін дәлелді деректер келтірдік. Сондықтан да, бүгінгі қоғамның экодизайн мәселесіне келуінің себебі ресурстарда экологиялық тұрғыдан таза күйінде қолдану алдыңғы шекте тұратыны сөзсіз.

Қазақстанның қолданбалы өнері – еліміздің көркемөнеріндегі бүкіл игіліктер кешенінің екі негізгі құраушыны қосатын құрамдас бөлігі болып табылады. Олардың біріншісі – отандық және шетелдік мұражайларда және жеке адамдардың қолында сақталып қалған бағзы замандар мұраларының ұлттық болмыспен көркемделген, баға жетпейтін қазыналары – халықтың дәстүрлі қолданбалы өнері болып табылады. Екіншісін әртүрлі жанрларда жұмыс істеп жатқан және өнердің осы пластикалық, ерекше жанрында еңбектеніп жүрген қазіргі заман шеберлерінің туындылары құрайды.

Қазақстанның халықтық қолданбалы өнері әртүрлі кезеңдердегі тарихи, әлеуметтік – саяси сүргіндерге қарамастан, материалдарды өңдеу мен олардың өнердегі түпнұсқалық үлгілерін жасады, мыңдаған жылдық дәстүрлерді бойына сіңірген өзінің рухани және үзілмеген ерекше құбылысты шығармашылық сабақтастығын жалғастырды. Осы сабақтастықтың айқындығы – аталған альбомдар сериясында енгізілген Қазақстанның ежелгі тайпаларының неолит, қола дәуіріндегі арийлердің (андрондықтарды солай атаған), ерте темір дәуіріндегі сақтар мен сарматтардың, ежелгі түркілер мен ғұндардың қолданбалы өнеріндегі бірегей жасалған материалдардан көрінеді. Осы мүкәммалдар мен мемориалдық кешендер, қыштан, теріден, киізден, ағаштан, тастан, металдан жасалған бұйымдар еді, бұлардың қатарындағы – «андар үлгісіндегі» ежелгі сақ ескерткіштері жаһандық өнер тарихындағы көркемөнер үлгісінің асқаралы жетістіктері болып саналады.

Дегенмен, қолданбалы өнердің отандық шеберлерінің қазіргі тәжірибесі көркемөнер шығармашылығының тұтасымен алғанда бішама дәрежедегі жоғары дәстүрлеріне өте бай. Атап айтқанда, өнерінің этномәдени жүйенің құрамдас бөлігі ретінде негізделіп, қарастырылады.



Сурет –1. Экодизайнның даму эволюциясының концептуалды үлгісі.

Көркем қолөнерінің халықтық тәжірибелері бұрынғы өткен кезеңдердегі ата-бабаларымыздың «табиғат – адам – құрал» арақатнасындағы онтологиялық мақсатты іс-қызметтерінің жемісі болып табылады. Сондықтан халықтық қолданбалы өнерінің терең негіздерінде анық белгіленгені сияқты, табиғаттың күрделі өзара қарым-қатынастарының біріңғай процестерінің нәтижесі көркемөнерде де адамның және оның мәдениетте мүмкіндігінше туындаған өзгеше жемісі – мәдениетте де, адамның іс-әрекеттер қызметтері табиғатпен бірдей маңызды болды.

Адамның өмірдегі қызметі өзі өмір сүрген ортаға «көндігуіне» бейімделуі бойынша өтеді және оның ерекшелігі мен заңдылықтарын түсінуінен басталады, осы ортада өз қажеттіліктеріне сәйкес қайтадан құрылу процестері жүреді. Нәтижесінде оның дүниені қабылдауы жіктеледі, одан кейін өз мүмкіндіктерін шамалайды, ішкі сезгіштігі мен шығармашылық көңіл күйінің негізгі сапасы – құралдық әлемді «адамдандыру», «жандандыру» сипатына жетеді [5, 5 б.].

Сондықтан да, біздің шығармаларды дәстүрлі халықтық және дәл қазіргі замандық қолданбалы көркемөнер деп қабылдауымыз шығармашылық заңдылығының ішкі пайымдауларында толыққанды болады, оларды қосқандағы ролі мен дамуы болашақ тарихта да дәстүрге айналады.

Сурет -1 де анықталған, халық кәсібі қолөнер бұйымдары тұрмыстық, шаруашылық, әсері және т.б., қажеттіліктерді өтеумен бірге әлеуметтік аренада өз орны бар дәстүрлі сала. Қоғамдық ортадағы кезеңдер жіктелісін, реттеушілік, эстетикалық қызмет атқарса, оған қатысты салт-дәстүрлер, наным-сенімдер, тыйымдар жас ұрпақтың ұлттық таным көкжиегін кеңейтіп еңбекке, адамгершілікке, өскен ортасын, елін сүюге, тазалыққа, төзімділікке т.б., тәрбиелеу де қызметтерін атқарған.

Қазақ халқының қолөнері Қазақстан жерін мекендеген ертедегі көшпелі, жартылай көшпелі, отырықшы тайпалардың аңшылық, малшылық, егіншілік, саятшылық кәсіптерінің шығып-дамуы, өзара қарым-қатынасы негізінде пайда болып, даму барысында шығармашылықты қажет ететін, өз ішінде түрлі салаларға бөлінетін кәсіп, өнер түріне айналған.

Қолөнер түрлері – қазақ топырағында дүниеге келген, ұлттық ерекшелікті бойына сақтаған нағыз қазақы, байырғы өнер. Халық арасынан шыққан шеберлер өз жеріміздің табиғи байлығын өңдеуді игеріп, оларды тиімді пайдалана отырып теріден, ағаштан, сүйектен, мүйізден, тас пен құмнан, саздан, темірден шаруашылық және тұрмыстық құрал-жабдықтарын, сонымен бірге оларды асыл тастармен, алтынмен, күміспен әшекейлеуді және асыл металдар мен тастардың өзінен зергерлік әшекейлер жасауды жоғары дәрежеде меңгеріп, көпшіліктің сұранысын, шаруашылық, тұрмыстық қажетін қанағаттандырып отырған. Өнер иелері тапсырыспен жұмыс істеген. Сондықтан алыс шетелдерден әкелінген заттар күнделікті тұрмыста сирек кездескен.

Қазақ халқының қолөнері мен мәдениеті ежелгі замандардан Қазақстан жерін мекендеген, қазақ халқының қалыптасуына негіз болған тайпалардың материалдық мәдениетін, тұрмыс-салтын, кәсіп түрлері мен олардың даму деңгейін сипаттайды. Қазақ қолөнерінің мыңдаған жылдық тарихы бар. Мысал ретінде солардың кейбіреулерінің даму тарихына тоқталып өтпекпіз. Қолөнерінің әрбір саласының өзіндік қалыптасу ерекшеліктері, даму тарихы бар. Мәселен, ең ежелгі кәсіптердің бірі аңшылық кәсібі болған десек, киім-кешек дайындау ісінің дамуы осы кәсіпке байланысты болды. Ауланған аңдардың етін ғана пайдаланып қоймай, терісінен киім-кешек әзірлеп, сүйектері мен мүйіздерінен ұсақ-түйек бұйымдар жасау қалыптаса бастайды. келі-келсаптар мен түйгіштер онда Адамдардың талғамына орай қасқыр, түлкі, бұлғын, сусар секілді аңдардың асыл терілерінен киім кию дағдысы да тұрмыс салтына енеді. Аңшылық кәсібінің қанат жаюы негізінде жабайы аңдарды қолға үйрету әдісі өрістейді. Бұл істе әйелдердің еңбегі өте зор болады. Өйткені жабайы аңдарды қолға үйрету тәсілін алғаш жүзеге асырған әйелдер еді. Бұл әдіс дами келе бірте-бірте аңдардың ғана емес, құстардың да қырағы, алғыр түрлерін қолға ұстап, баптауға көндірілген. Бұл әдіс аңшылық әрекетінің салтында жаңа бір өзгеше сипатты қалыптастырады. Сол қыран құстардың жәрдемімен қасқыр, түлкі сияқты аңдарды аулайтын болады [6, 65 б.].

Қол өнерімен айналысатын адамдардың жыныстық (гендерлік) белгісіне қарай ер адамдар айналысатын (еркектерге тән іс) және әйелдер айналысатын (әйелдерге тән іс) қолөнері деп бөлінеді. Мысалы, ағаш, тас, балшық, сүйек, мүйіз, металл, теріні өңдеп, солардан түрлі бұйымдар жасаумен ер адамдар айналысты. Ал киім тігу, өрмек тоқу, ши орау, кесте тігу, сырмақ сыру, оюлау сияқты жұмыстарды әйелдер атқарды. Бірақ қазақ тұрмысында мұндай еңбек бөлінісі әрдайым қатаң сақталып отырған жоқ. Айталық, ер адамдар киім тігу, киім пішу, арқан есу, тері ыстау, т.б. жұмыстарынан шет қалған жоқ. Сол сияқты зергерлікпен, негізінде, ер адамдар айналысқанымен, сирек болса да әйелдер арасынан шыққан зергерлер де болған. Көбінесе зергерлік өнерімен зергердің әйелдері айналысқан. Егер зергер дүниеден қайтып, оның жолын қуатын ер баласы болмаса, оның қызметін әйелі атқаратын болған. Тігіншілікпен әйелдер де, еркектер де айналысқан. Киіз басу, тері илеу, ши тартуды, т.б. еркектер мен әйелдер бірлесіп істеді. XX ғасырдың басындағы төңкерістен кейін қоғамдық-әлеуметтік, ғылыми-

техникалық өзгерістерге байланысты ер адамдар айналысатын өнер түрлері бірте-бірте қолданыстан шыға бастады. Өйткені бұрын ер адамдар жасап келген бұйымдарды өндірістік тауарлар ығыстырып шығарды. Ал әйелдер айналысқан өнер түрлері - тігіншілік, тоқымашылық, кілемшілік, кесте тігу жаңа жағдайда да өз маңызын жоғалтпай, даму үстінде келеді.

Қазақ халқының қолөнері - мәдени мұралардың басты маңыздылығының бірі. Онда материалдық өндіріс пен рухани халық өмірі кезеңдері көрініс тапқан. Ол ұлттық көркемөнер мен фольклор дерегі болумен қатар, тарихы, өмірінің бейнесі мен эстетикалық мұратының басты дерегі болып табылды.

Қазірде мәдениетті материалдық мәдениет, рухани мәдениет деп бөлудің өзі шартты нәрсе. Кез келген рухани құбылыс, ұлттық құндылық пен оның заттандырылған түрі адамның тұтас әрекетінің екі жағы. Өйткені қоршаған ортаға адамның әсері тиеді, сәулесі түседі, адамның сезімдері, ақыл-ойы сол қоршаған орта табиғаттан нәр алады. Ғылымда бұлардың жеке-жеке зерттелетіні осы тұтас мәдениетті терең түсіну мақсатына байланысты болса керек.

Ал, енді тереңірек өткенге көз салсақ, қай ғасырда да философтар, ойшылдар, педагогтар мен социологтар қолөнердің пайда болу табиғатын ашуға аз көңіл бөлмеген. Атап айтқанда, олар жеке адамның өнерге, қоғамға, табиғатқа деген қатынасын қарастырды. Ал, бейнелеу өнері қоғамның, мәдениеттің, жалпы өнердің дамуына әсер ететін жандандырушы фактор, әрі өте қажетті көз болып табылады. Әр кездері қоғамда қолөнері мен мәдениеттің дамуына байланысты адамдардың өнерге деген оң көзқарасы артып отырды.

Қазақстанның этномәдени алуандығының бірегейлігі халықтың тарихи қалыптасқан полиэтникалық және көпконфессионалды құрамына негізделген. Мұндай жағдайда этникалық мәдениеттерді дамыту мен жаңғыртуға мүмкіндіктер жасау маңызды, олардың арасындағы ынтымақтастық жалпыұлттық мүддені көздейді.

Этномәдени білім беру идеясын қабылдау білім берудің техникалық және ақпараттық жабдықталуының әлемдік озық деңгейін дәстүрлі мәдени құндылықтармен үйлестіретін лингвистикалық және мәдени плюрализм идеясына негізделген ұлттық тәрбие беру мен оқыту жүйесін құруды білдіреді. Дәл осы білім беру жеке тұлғаның мәдени және тарихи дәстүрге қатысын қалыптастырады.

Жаһанданудың жағымды салдарының бірі ақпараттың, зияткерлік өнімдер мен идеялардың еркін қозғалысы болып табылады. Жас ұрпақ жаңа идеяларды қабылдауға дайын, ауқымды ойлана алады және болашақ санатында ойланады. Қазақстанда жасалған ойын еркін білдіру мен мәденитаралық алмасу үшін қолайлы орта тұлға әлеуетінің дамуына, шығармашылық ойларды және жанартпашылық жобаларды жүзеге асыруға көмектеседі. Мұның барлығы ұлттың талабы мен мүддесіне барынша жауап беретін көркем білім берудің прогрессивті жүйесін жасаудың алғышарттары болып табылады.

Әр мектеп жеке тұлғаның айрықша мәдениетінің көрінісі, сондай-ақ сол мектеп орналасқан анағұрлым кең ауқымдағы қоғамның көрнекі үлгісі болып табылады. Мектептер де, қоғам тәрізді, ынтымақтастық рухындағы әрекетке тәуелді. Әрбір жеке-дара азаматтың өзге адамдарға қатысты әрекеті білім беру жүйесінің нәтижелерін айқын көрсетеді. Мектептер білім беру саласындағы қажеттіліктерге жауап беруі қажет және оқушыларға жеке және әлеуметтік дамуы тұрғысында көмек көрсетуге ұмтылуы, сол арқылы оларға өзінің мектептегі алған тәжірибесін жалпы қоғамдағы өмірінде қолдануына мүмкіндік беруі тиіс.

Оқушылар мен мұғалімдер мектеп қабырғасында ғана қарым-қатынас жасап қана қоймай, басқа да көптеген қоғамдық топтардың - отбасылық, діни, қоғамдық, саяси топтардың өміріне азды-көпті белсене араласады және мектепке осы топтарда болған кезде алған тәжірибесін әкеліп енгізеді. Сондықтан мектеп те, өзге әлеуметтік топтар сияқты, үнемі өзгеру үстінде болады. Қоғам барған сайын алуан түрлі болып бара жатқандықтан, демек ішкі қайшылықтарға тап болатындықтан, мектептің рөліне ерекше назар аудару қажет. Түпкі мақсат мәдениет пен білімнің әр түрлі саласына еркін бойлаған, әлеуметтік жауапты және рухани терең, ХХІ ғасырдың жоғары білімді, өрелі адамын қалыптастырудан тұруы керек.

Қорытынды

«Қазақстан Республикасындағы көркем білім беру: ұлттық дәстүрлерді зерделеу және мәдениеттер үйлестігі» тұжырымдамалық-талдамалық құжаты Мәскеудегі ЮНЕСКО Бюросы мен ТМД қатысушы-мемлекеттерінің Мемлекетаралық гуманитарлық ынтымақтастық қорының қаржылық қолдауымен жүзеге асырылған «ТМД елдеріндегі көркем білім беру: ХХІ ғасырда шығармашылық мүмкіндіктерді дамыту» бағдарламасы аясында және Алматыдағы ЮНЕСКО Кластерлік Бюросымен бірлесіп әзірленген.

Бұл жоба ЮНЕСКО-ның «Көркем білім беруді мәдени өзіндік айқындалу үлгілері алуан түрлілігін көтермелеу үшін тұрақты дамыту» қосымша бағдарламасының бір бөлігі болып табылады және қолданыстағы көркем білім беру жүйесін, өзекті бағдарламалары мен даму бағыттарын талдауға және қатарында Мәдениет министрлігі, Білім министрлігі, мемлекеттік университеттер мен мәдениет және өнер институттары, шығармашылық одақтар, көркем білім беру мектептері мен азаматтық қоғамның басқа да

мүдделі ұйымдары бар сәйкес мемлекеттік мәдени және білім беру мекемелерімен тығыз ынтымақтастық негізінде ұлттық үкіметтер үшін ұсыныстар дайындауға бағытталған.

Зерттеулер ЮНЕСКО-ның ұсыныстары мен әдістемелері негізінде көркем білім беру саласындағы өзекті проблемалар мен көзқарастар бойынша ақпараттарды жинақтауға негізделген.

Әдебиеттер:

1. Манкеева Ж.А. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. – Алматы: Ғылым, 1997. – 272 б.
2. Байешов Б.Т., Байешов Б.Б., Сейтпахиева А.Т. Дизайн тарихы мен теориясы. – Тараз: Тараз университеті баспасы, 2014.
3. Қарағанды университетінің Хабаршысы. Педагогика сериясы № 3(79)/2015.
4. «Что такое искусства?». – Москва: «Просвещение», 1973.
5. Санникова Оксана Марковна. «Создание коллекции летней одежды с элементами эко-стиля» Исследовательская работа на Челябинский Молодёжный интеллектуальный форум «Шаг в будущее-Созвездие-НТТМ» (секция 4.1 «Мода и дизайн»). – Златоуст, 2012. – 39 с.
6. Қазақ өнері 5 томдық. Халықтық және қолданбалы – сәндік өнер альбом. – Алматы: Елнұр, 2013. – 176 б.

ӘОЖ 373.1.02:372.8
МРНТИ 14.25.09

М.Ж. Жақыпбекова¹, Д.С. Болысбаев², К.А. Есенбаева³, К.Е. Жузева⁴

¹педагогика ғылымдарының кандидаты

²философия ғылымдарының кандидаты, доцент

^{3,4}аға оқытушы

^{1,2,3}М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

⁴Халықаралық гуманитарлық-техникалық университеті

Шымкент қ., Қазақстан

**ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ШЕҢБЕРІНДЕ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНЕ
ОҚЫТУДЫҢ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ
НЕГІЗДЕРІ**

Аңдатпа

Мақалада жаңартылған білім беру мазмұны аясында бейнелеу өнеріне оқытудың заманауи технологиялары мен әдістері, оқытудың әр түрлі түрлері бойынша мұғалімге қойылатын талаптар, жаңартылған білім беру технологиялары негізінде сабақтың әр түрлі түрлерін ұйымдастырудың ерекшеліктері, оқытудың әр түрлі құралдарын пайдалану қарастырылады. Бейнелеу өнері Қазақстан Республикасының жаңартылған білім беру мазмұны бойынша "Көркем еңбек" пәнінің бір бөлігі болып табылады, онда композиция, пропорциялар, перспективалар туралы білім беретін күрделі пән. Заманауи мектептің міндеті-қарқынды дамып келе жатқан заманауи қоғам жағдайында әрекет ету және табысты болу қабілетін қалыптастыру. Сондықтан, оқыту процесін қалай нәтижелі ету үшін ойлану керек. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар мен жаңа әдістемелерді меңгеру – бұл мұғалімнің әдістемелік мәдениетінің құрамдас бөлігі. Оқу үдерісіне жаңа технологияларды енгізу тек оқушының ғана емес, педагогтың өзінің де ұстанымдары мен дағдысын өзгертеді. Қазіргі уақытта Қазақстанда әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағытталған білім берудің жаңа жүйесі қалыптасуда. Бұл процесс педагогикалық теория мен оқу-тәрбие үрдісінің тәжірибесіндегі өзгерістермен сүйемелденеді. Заманауи мұғалім білім сапасын ойлай отырып, тек өз пәнінде ғана тұйықталуы мүмкін емес. Өйткені, білім беру сапасы балалардың мектепте болуының санитарлық-гигиеналық жағдайларынан бастап, тәрбиеленушілердің білімі мен дағдыларындағы жетістіктерімен айқындалатын білім беру үдерісінің барлық жақтарын қамтиды.

Түйін сөздер: Қазақстан Республикасы жаңартылған білім беру бағдарламасы, бейнелеу өнері, көркем еңбек, оқыту әдістемесі, заманауи педагогикалық технологиялар.

Аннотация

Жакыпбекова М.Ж.¹, Болысбаев Д.С.², Есенбаева К.А.³, Жузева К.Е.⁴

¹кандидат педагогических наук

²кандидат философских наук, доцент

^{3,4}старший преподаватель

^{1,2,3}Южно-Казахстанский университет им. М.Ауэзова

⁴Международный гуманитарно-технический университет. г. Шымкент, Казахстан

**ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ СОВРЕМЕННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ И МЕТОДОВ ОБУЧЕНИЯ
ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОМУ ИСКУССТВУ В РАМКАХ ОБНОВЛЕННОГО СОДЕРЖАНИЯ
ОБРАЗОВАНИЯ**

В статье рассматриваются современные технологии и методики обучения изобразительному искусству в рамках обновленного содержания образования, требования к учителю по разным видам обучения, особенности организации различных видов урока на основе обновленных образовательных технологий, использование различных средств обучения. Изобразительное искусство являющийся по обновленному содержанию образования Республики Казахстан частью предмета «Художественный труд» – сложный предмет, который содержит в себе знания о композиции, пропорциях, перспективе. Задача современной школы – формировать способность действовать и быть успешным в условиях динамично развивающегося современного общества. Поэтому, стоит задуматься, как сделать процесс обучения более результативным. Владение современными педагогическими технологиями и новыми методиками – это составляющая методической культуры учителя. Внедрение новых технологий в учебный процесс меняет позицию и привычные установки не только школьника, но и самого педагога. В настоящее время в Казахстане идет становление новой системы образования, ориентированной на вхождение в мировое образовательное пространство. Этот процесс сопровождается изменениями в педагогической теории и практике учебно-воспитательного процесса. Современный учитель, задумываясь о качестве образования, не может замыкаться только на своём предмете. Ведь качество образования содержит в себе все стороны образовательного процесса, начиная от санитарно-гигиенических условий пребывания детей в школе, заканчивая достижениями воспитанников в знаниях умениях и навыках.

Ключевые слова: обновленное содержание образования Республики Казахстан, изобразительное искусство, художественный труд, методика обучения, современные педагогические технологии.

Abstract

M.Zh. Zhakypbekova¹, D.S. Bolysbaev², K.A. Esenbaeva³, K.E. Guzeeva⁴

¹candidate of pedagogical sciences

²candidate of philosophy sciences, docent

^{3,4}senior lecturer

^{1, 2, 3}M. Auevov south Kazakhstan state university

⁴International University of Humanities and technology

Shymkent, Kazakhstan

**THEORETICAL AND METHODOLOGICAL FOUNDATIONS OF MODERN TECHNOLOGIES
OF TEACHING FINE ARTS IN THE FRAMEWORK OF THE UPDATED CONTENT
OF EDUCATION**

The article deals with modern technologies and methods of teaching fine arts within the updated content of education, the requirements for teachers for different types of training, the features of organizing different types of lessons based on updated educational technologies, the use of various teaching tools. Fine art which is part of the subject "Art work" according to the updated content of education in the Republic of Kazakhstan is a complex subject that contains knowledge about composition, proportions, perspective. The task of a modern school is to develop the ability to act and be successful in a dynamically developing modern society. Therefore, you should think about how to make the learning process more effective. Possession of modern pedagogical technologies and new methods is a component of the teacher's methodological culture. The introduction of new technologies in the educational process changes the position and habitual attitudes of not only the student, but also the teacher

himself. Currently in Kazakhstan there is the establishment of a new education system focused on occurrence in world educational space. This process is accompanied by changes in the pedagogical theory and practice of the educational process. A modern teacher, thinking about the quality of education, can not focus only on his subject. After all, the quality of education contains all aspects of the educational process, starting from the sanitary and hygienic conditions of children's stay in school, ending with the achievements of pupils in knowledge, skills and abilities.

Keywords: updated content of education in the Republic of Kazakhstan, fine arts, art work, teaching methods, modern pedagogical technologies.

Қазақстан Республикасының білім беру бағдарламасының жаңарту мен білім беру мақсаттарының өзгеруіне байланысты қазіргі уақытта заманауи мектеп жағдайындағы оқыту әдістемесі күрделі кезеңді бастан кешуде. Осы жағдайлардың барлығы пәндерді оқыту әдістемесі саласында жаңа педагогикалық зерттеулерді, білім беру процесіне заманауи білім беру және ақпараттық технологияларды әзірлеумен және енгізумен байланысты оқыту мен тәрбиелеудің инновациялық құралдарын, нысандары мен әдістерін іздестіруді талап етеді [1].

Қазақстан Республикасының жалпы орта білім берудің мемлекеттік стандарттарында тұжырымдалған білім берудің негізгі құндылықтары мен мақсаттары мектеп бітірушілердің жалпы білім деңгейін арттыруға, инновациялар мен көшбасшылықты іске асыру үшін қажетті дағдыларды қалыптастыруға, халықаралық тәжірибені ескере отырып, мектептегі білім беру мазмұнының призмасы арқылы ұлттық бірегейлікті дамытуға бағытталған.

Қорытынды. Жалпы сөзімізді қорыта келе, көркем шығарманың синтезі, оқырманға психологиялық-педагогикалық әсер етудің элементі мен құралы ретінде балалар көркем кітабындағы иллюстрацияның рөлі мен функцияларын зерттеу келесі тұжырым жасауға әкеледі. Ол әрине, бүгінде Қазақстанда балалар кітабының хал ахуалы мен оның орны мен маңызы, сонымен қатар бүгінде балалар көркем суреттік иллюстрациялардың баланы эстетикалық, адамгершілік, имандылық, танымдық, тағылымдық тұрғыда тәрбиелеудің күшті құралы екенін танып, осы аталған бағыттың жүйелі дамуына қоғам тарапынан қолдау көрсетіп, жағдай жасау болып табылады. Балалар оқу басылымы ол кітап нарығының өркеніеті емес, ол бүгінде таптырмайтын білім мен тәрбие беру құралы ретінде қарау қажеттігі туындайды. Сонымен қатар бүгінде орын алып отырған жағдайға үңіліп қарайтын болсақ, әлеуметтік қатынастардың күрделілігіне қарамастан балалар кітап безендіру жұмыстарының үрдісінде бейнелік образдарды өзіндік шешу, әртүрлі формалармен, қатынастармен көркемдік образдар енгізу нышаны байқалады. Бірақ та, балалар кітап иллюстрациясының рухани, көркемдік құндылық бағдарлары нысаны кейбір жағдайларда сырт қалап қалатын жағдайлар кездесетіні анық. Бүгінде отандық кітап индустриясы өзінің дәстүрлі функцияларын сақтап келе жатқаны айғақ, бірақ та компьютерлік ақпарат құралдары мен арнайы бағдарламалардың пайда болғанынан бері суретші-иллюстраторлардың жұмысын біршама жеңілдетіп, өзінің оң нәтижесін көрсетуде. Балаларға арналған қазіргі заманғы балалар кітабын көркем суреттеудің басты ерекшелігі ол – кітап жасақтау ісіндегі әлеуметтік-экономикалық қиындықтарды жеңу арқылы жаңа жолдарды іздеу, салу мен дамыту болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Алексеева М.М., Яшина В.И. *Методика работы с художественной литературой в детском саду // Методика развития речи и обучения родному языку дошкольников.* – М.: Педагогика, 1998.
2. Арановская Д.М. *Зависимость понимания ребенком сказки от ее композиции.* – Харьков: Факт, 1999.
3. Гиневская Т.О. *Значение композиции в восприятии детьми рисунка-иллюстрации.* – СПб.: 2002. – 157 с.
4. Ретина Т.А. *Роль иллюстрации в понимании литературного произведения детьми дошкольного возраста // Хрестоматия по теории и методике развития речи детей дошкольного возраста.* – М.: Педагогика, 1999.
5. Хоменко К.Е. *Понимание художественного образа детьми младшего возраста.* – М.: Прогресс, 2001.
6. Алуева М.А. *Специфика иллюстрирования детской художественной книги в контексте ее интеграции с детской литературой и педагогикой детского чтения* Текст./ М.А. Алуева // *Историческая и социально-образовательная мысль.* 2010. - №2. – С. 62-65.
7. Алфеевский В. *Иллюстрация образное воплощение содержания книги* Текст./ В. Алфеевский // *Детская литература.* – 1968. - № 10. – С. 38-39.
8. Бабушкина А.П. *История русской детской литературы* / А.П. Бабушкина. – М.: Учпедгиз, 1948. – 480 с.
9. Беленькая, Л.И. *Ребенок и книга* Текст. / Л.И. Беленькая. – М., 1996. – 65 с.
10. Болховитинова С.М. *Взаимосвязи изображений и текста в книге* Текст./ С.М. Болховитинова // *Книга: Исследования и материалы. Сб. XLIX.* – М.: Книга, 1984. – С. 86-94.
11. Вильборг Г.П. *Азбука книжного дизайна* Текст. / Г.П. Вильборг; пер. с нем. – СПб.: ГКУ, 2003. – 110 с.
12. Выготский Л.С. *Воображение и творчество в детском возрасте* Текст. / Л.С. Выготский. – СПб.: Союз, 1997. – 96 с.
13. Голубева, Н.Л. *Книжная иллюстрация в руководстве чтением детей младшего школьного возраста* Текст. / Н.Л. Голубева, О.В. Симо-ненко // *Кайгородовские чтения: матер, науч.-практ. конф., г. Краснодар, март 2003 г.* – Краснодар, 2003. - Вып. 3. – С. 302-304.

ӘОЖ 76.03(574)
МРНТИ 18.14.13.

Р.Р. Берікбол¹, Е.У. Құлжабаев², Ж.Н. Джусупов³

¹*аға оқытушы, п.ғ.магистрі, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті
Қазақстан, Алматы, e-mail: rahat.berikbol@yandex.ru*

²*аға оқытушы, п.ғ.магистрі, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті
Қазақстан, Алматы, e-mail: esen_62.kz@mail.ru*

³*оқытушы, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы,
e-mail: Zhasulan_@mail.ru*

ЭТНОКӨРКЕМ КӨРКЕМ МӘДЕНИЕТТІН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Аңдатпа

Мақалада болашақ бейнелеу өнері мұғалімінің этнокөркем мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары қарастырылды. Ғалымдар М.Х. Балтабаев, Ш.К. Беркімбаева, М.Н. Скаткин, Г.С. Оралова, Д.Уркинбаева, Ю.С. Ременникованың еңбектері қарастырылып, болашақ бейнелеу өнері мұғалімінің этнокөркем мәдениетінің қалыптастырудың келесі педагогикалық шарттары ұсынылды:

- қолайлы мәдени білім беру кеңістігін құру;
- болашақ бейнелеу өнерінің мұғалімін даярлау процесін ғылыми, әдістемелік және технологиялық мазмұнмен жабдықтау;
- диалог тұжырымдамасына негізделген оқытудың және педагогикалық технологиялардың белсенді формаларын енгізу;
- болашақ бейнелеу өнерінің мұғалімдері үшін кәсіби дайындық бағдарламасы аясында ұсынылған арнайы жаттығуларды, шығармашылық жобаларды, кәсіби бағдардағы проблемалық тапсырмаларды қолдану.

Түйін сөздер: этнокөркем мәдениет, бейнелеу өнері, педагогикалық шарты, мотивациялық, мазмұндық, кәсібилік, график суретші, әдістер, технологиялар

Аннотация

Берікбол Р.Р.¹, Құлжабаев Е.У.², Джусупов Ж.Н.³

¹*старший преподаватель, магистр п.н.,*

Казахский Национальный педагогический университет имени Абая,

Казахстан, г. Алматы, e-mail: rahat.berikbol@yandex.ru

²*старший преподаватель, магистр п.н.,*

Казахский Национальный педагогический университет имени Абая,

Казахстан, г. Алматы, e-mail: esen_62.kz@mail.ru

³*преподаватель, Казахский Национальный педагогический университет имени Абая,*

Казахстан, г. Алматы, e-mail: Zhasulan_@mail.ru

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ЭТНОХУДОЖЕСТВЕННОЙ КУЛЬТУРЫ

В статье рассматриваются педагогические условия формирования этнохудожественной культуры будущего учителя изобразительного искусства.

Рассмотрены труды ученых М.Х. Балтабаева, Ш.К. Беркімбаевой, М.Н. Скаткина, Г.С. Уральской, Д. Уркинбаевой, Ю.С. Ременниковой, предложены следующие педагогические условия формирования этнохудожественной культуры будущего учителя изобразительного искусства:

- создание благоприятного культурно-образовательного пространства;
- оснащение процесса подготовки будущего учителя изобразительного искусства научным, методическим и технологическим содержанием;
- внедрение активных форм обучения и педагогических технологий, основанных на концепции диалога;

- использовать специальные упражнения, творческие проекты, проблемные задания профессиональной направленности, рекомендованные в рамках программы профессиональной подготовки для будущих учителей изобразительного искусства.

Ключевые слова: этнохудожественная культура, изобразительное искусство, педагогические условия, мотивация, содержание, профессионализм, художник-график, методы, технологии

Abstract

Berikbol R.R.¹, Kulzhabay Y.U.², Dzhusupov J.N.³

¹senior teacher, master of pedagogical Sciences,

Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, e-mail: rahat.berikbol@yandex.ru

²senior teacher, master of pedagogical Sciences,

Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, e-mail: esen_62.kz@mail.ru

*³teacher, Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Kazakhstan, Almaty,
e-mail: Zhasulan_@mail.ru*

PEDAGOGICAL CONDITIONS OF ETHNO-ARTISTIC CULTURE

The article examines the pedagogical conditions for the formation of ethno-artistic culture of the future teacher of fine arts.

The works of scientists M.Kh. Baltabaev, Sh.K. Berkimbaeva, M.N. Skatkinna, G.S. Uralskaya, D.Urkinbaeva, Yu.S. Remennikova are considered, the following pedagogical conditions for the formation of the ethno-artistic culture of the future teacher of fine arts are proposed:

- creation of a favorable cultural and educational space;
- equipping the process of training a future teacher of fine arts with scientific, methodological and technological content;
- introduction of active forms of education and pedagogical technologies based on the concept of dialogue;
- to use special exercises, creative projects, problematic tasks of a professional orientation, recommended as part of the professional training program for future teachers of fine arts.

Key words: ethno-artistic culture, fine arts, pedagogical conditions, motivation, content, professionalism, graphic artist, methods, technologies.

Кіріспе

Болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерінің этнокөркем мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын анықтап алу тақырыбымыздың негізгі болғандықтан, алдымен шарт сөзіне талдау жасап көрелік. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «шарт» сөзіне мынадай анықтама береді.

«Шарт» сөзі – 1. Өзара міндеттер алу жөніндегі келісім.

2. Міндет, борыш.

3. Керектілік, қажеттілік [1, 153 б.].

Педагогикалық шарттар ұғымы оқыту мен тәрбиелеудің мақсат-міндеттерін, мазмұнын, әдістері мен ұйымдастыру түрлерін қарастырады. Сондықтан «педагогикалық шарт» ұғымын дидактикалық мақсатты түрде таңдау, құрастыру және пайдалану деп түсінеміз.

Педагогикалық шарттар ұғымын ғалымдар өз зерттеу объектісіне қарай қарастырады. М.Х. Балтабаев анықтаған музыка мұғалімдерінің жалпы көркемдік дайындығының педагогикалық шарттары:

а) оқу процесіне ауыспалы курстар енгізу;

б) студенттің пәнаралық сипаттағы жүйелі білімін қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқу үлгісін игеру мәселелерін жатқызды.

Ш.К. Беркімбаеваның пікірінше тәрбиені ұйымдастырудың педагогикалық шарттарына: мақсат, міндет, мазмұн, әдіс-тәсіл, амал-құралдар және нәтиже жатады. Сонымен қатар тәрбиеге ықпал етуші шарттарды да (мотивациялық, қадырлық, материалдық-техникалық, ғылыми-әдістемелік қаржылық, ұйымдастырушылық, нормативтік, құқықтық және ақпараттық) қалыс қалдырмаған.

Тәрбие теориясында А.Я. Зись, мектептегі бейнелеу өнерін өткізу әдісінде Б.А. Әлмұхамбетов, музыкада М.А. Оразалиева, Р.К. Дүйсембінова мәселені кешенді түрде шешуді әдістеменің әлеуметтік маңызды мақсаттар мен міндеттерге сай келуін қамтамасыз ететін міндетті шарт ретінде қарастырады [2, 197 б.].

Сонымен қатар педагогикалық шарттарды анықтауда М.Н. Скаткиннің «педагогикалық шарттар дегеніміз – зерттеу объектісі болып отырған феноменнің қалыптасуына маңызды әсер ететін педагогикалық процестің сыртқы факторларының жиынтығы» деген ойын негізге алып, Д.Уркинбаева студенттердің эстетикалық мәдениетін сәндік – қолданбалы қолөнер арқылы қалыптастырудың шарттарын мотивациялық, мазмұндық және кәсібилік деп үш топқа бөліп ұсынды [3, 197 б.].

Педагогикалық шарттар

Ғалымдар зерттеулері мен ғылыми әдебиеттерде ұсынылған педагогикалық шарттардың мазмұнын анықтаудағы әртүрлі тәсілдерді талдау, сонымен қатар тәжірибелік - эксперименттік зерттеулер, университеттің көркем білім беру кеңістігінде оқитын болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерінің графика өнері туындылары арқылы этнокөркем мәдениетін тиімді қалыптастыру үшін педагогикалық шарттарды бөліп көрсетуге мүмкіндік берді.

Д.Уркинбаеваның зерттеуі педагогикалық шарттарды үш топқа топтастыру мен Ю.С. Ременникова-ның болашақ бейнелеу өнері мұғалімдердің этнокөркем мәдениетін жоғары оқу жағдайында қалыптастыруға ұсынған педагогикалық шарттарды негізінде, үш топқа топтастыра отырып төрт педагогикалық шартты ұсынамыз [4, 197 б.].

Мотивациялық – болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерінің этнокөркем мәдениетке қызығушылығын, мотивациясын туғызуға бағытталған шарт:

1-ші шарт. Қолайлы мәдени білім беру кеңістігін құру (университеттің жергілікті мәдени білім беру кеңістігі – бұл этномәдени орта және көркем мұражайлардың, галереялардың, мәдени орталықтардың сыртқы мәдени-білім беру кеңістігі, сондай-ақ арнайы ұйымдастырылған көрмелер мен конкурстардың шаралары).

- Мазмұндық – графика өнері туындылары арқылы болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерінің этнокөркем мәдениетін қалыптастыруға жағдай жасауға бағытталған шарттар:

2-ші шарт. Болашақ бейнелеу өнерінің мұғалімін даярлау процесін ғылыми, әдістемелік және технологиялық мазмұнмен жабдықтау;

3-ші шарт. Диалог тұжырымдамасына негізделген оқытудың және педагогикалық технологиялардың белсенді формаларын енгізу.

- Кәсібилік - болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерінің этнокөркем мәдениетін, кәсіби шеберлігін қалыптастыруға бағытталуы:

4-ші шарт. Болашақ бейнелеу өнерінің мұғалімдері үшін кәсіби дайындық бағдарламасы аясында ұсынылған арнайы жаттығуларды, шығармашылық жобаларды, кәсіби бағдардағы проблемалық тапсырмаларды қолдану.

Біз ұсынып отырған педагогикалық шарттар, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 заңының 21-бабында «Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының мазмұны жалпы білім беретін пәндер циклін, базалық пәндер циклін, бейіндеуші пәндер циклін зерделеуді, сондай-ақ оқыту нәтижелеріне және **ұлттық біліктілік** шеңберіне және **салалық біліктілік** шеңберлеріне сәйкестікке бағдарлана отырып, кадрлар даярлаудың тиісті бағыттары бойынша **кәсіптік практикадан өтуді** көздейді» [5] - деген талаптарына сай келеді.

Педагогикалық шарттардың бұл жиынтығы студенттердің этнокөркемдік мәдениетін қалыптастырудың жеткілікті жоғары деңгейіне жетуге бағытталған этнокөркемдік ортаны құрудың өзара байланысты факторларының жүйесі болып табылады. Болашақ бейнелеу өнері мұғалімінің этнокөркемдік мәдениетін қалыптастыру ұсынылған педагогикалық шарттарға тоқталайық.

Бірінші педагогикалық шарт - қолайлы мәдени білім беру кеңістігін құру (университеттің жергілікті мәдени-білім беру кеңістігі - этномәдени орта және өнер мұражайларының, галереялар мен мәдени орталықтардың сыртқы мәдени білім беру кеңістігі). Мәдени білім беру кеңістігінің негізі университетте және одан тыс жерлерде оқу үрдісінде және оқудан тыс тәрбиелік іс-шаралар аясында құрылған «шығармашылық өріс». Біз үшін осындай кеңістікті ұйымдастырудың негізгі құралы көркемдік тұтастықтың барлық элементтерін шоғырландыратын Қазақстанның бейнелеу өнері. Бұл арнайы іс-шараларды ұйымдастыру (көрмелер, дөңгелек үстелдер, шеберханалар, конференциялар). Республиканың музейлері мен галереяларындағы өнер нысандарын зерттеу, көрмеге қатысу, студенттерде этнокөркем мәдениеттің қажетті элементтерін қалыптасырады. Осы іс шараларда студенттер халық мәдениеті және кәсіби графика өнерінің сипаттамаларын талдау және зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

Ж.Х. Кендірбекова «Ашық этномәдени және білім беру ортасындағы жастармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың ғылыми негіздері» атты диссертациясында, қоғамнан тыс мәдени мұраны жеке түсінудегі мекемеден тыс этномәдени және білім беру кеңістігінің (немесе ашық этномәдени және білім

беру ортасының) ерекше рөліне назар аударады. ...Жеке тұлғаны оның қызығушылықтарын, көзқарастары мен құндылық бағдарларын актуализациялау арқылы мекемеден тыс этномәдени және білім беру кеңістігіне қосу индивидтің мәдени белсенділігін едәуір тиімді түрде ынталандырады [6].

Г.С. Оралова зерттеуінде этнокөркем мәдениеті қалыптастыру институционалды және институттан тыс жүретіндігін жазады. Оның ойынша «институционалды этнокөркемдік білім университеттің арнайы пәндерінің мазмұнын жаңартуда, мысалы, өнер тарихы, сәндік-қолданбалы өнер негіздері, этнопедагогика, дизайн негіздері, сонымен қатар элективті пәндерді зерделеу сияқты». «Институттан тыс этномәдени білім негізінен отбасынан басталады, онда ол әдетте күнделікті сана деңгейінде дамиды. Бұл кезеңде білім рухани, адамгершілік және эстетикалық ұстанымды қалыптастырады; Отбасы тәрбиесінде ана тілі маңызды рөл атқарады. Болашақта, институционалды білім беру сатысында бұл ұстаным ғылыми негізделген сипатқа ие болады, қоршаған шындықты ғылыми қабылдаудың негіздері қалыптасады, олар уақыт өте келе сенімдерге айналады. Институционалды емес этнокөркемдік білім беру ретінде мәдени мекемелер мен ұлттық мәдени орталықтарды да қосамыз» [7, 206 б.].

Біз бірінші шарт, университеттің оқу-тәрбие үрдісіндегі мәдени және білім беру кеңістігі этнокөркем мәдениеті қалыптастыруда келесі іс-әрекеттерді біріктіреді деп санаймыз:

- Қазақстандағы бейнелеу өнерінен хабардар етер мұражайлардағы көркемдік қорларды зерттеу;
- Қазақстанның қазіргі заманғы суретшілерінің бейнелеу өнерінің жеке және ұжымдық тақырыптық көрмелерін ұйымдастыру;
- студенттердің көрме қызметін ұйымдастыру;
- студенттерді Қазақстан Республикасының көркем, этнографиялық мұражайларына, галереяларына экскурсия жасау.

Екінші педагогикалық шарт – Болашақ бейнелеу өнерінің мұғалімін даярлауда, студенттердің оқу процесіне қызығушылығы мен шығармашылық тұрғыда өзін-өзі дамытудың қажеттілігін оятуға және белсенділігін арттыруға бағытталған ғылыми-әдістемелік және технологиялық мазмұнмен жабдықталуы. Бұл шарт бағдарлама негізінде этнокөркем мәдениетті қалыптастыруға бағытталған әдістер, құралдар мен технологияларға негізделген, «бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы», «бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі» «Қазақстан өнер тарихы», «графика өнері», «сәндік композиция» пәндері аясында жүзеге асырылады.

Р.К. Дюсембинова, А.Б. Шушакова, Д.Есмаганбетова, қолданыстағы барлық «әдістеме», «технология», «әдіс» және «педагогикалық технология» деген ұғымдарға қатысты айтылған түсініктерді М.П. Сибирскаяның салыстырмалы талдау кестесіне салып қараған жөн деп 1-ші кестеде көрсетілген салыстырмалы кестені ұсынған.

1-кесте

Оқыту әдістемесі, оқыту әдісі, білім беру технологиясы, педагогикалық технология ұғымдарының салыстырмалы талдауы

Түсінігі	Анықтамасы
Оқыту әдісі	Оқу барысының кешенді мәселелерін шешуге бағытталған оқушылар мен оқытушылар қызметінің өзара байланысын ұйымдастыру тәсілі
оқыту әдістемесі	Пәнді оқытудың тәсілдері, ережелері мен әдістерінің ғылыми негізделген жүйесі
білім беру технологиясы	Білім алуға мақсатталған құралдар, оқу барысының жүйелі және рет-ретімен алдын-ала жоспарланғаны бойынша тәжірибиеде жүзеге асыру, сонымен қатар мақсатқа жетудің құралдары мен әдіс-тәсілдерінің жүйесі
педагогикалық технология	Мұғалімдер мен оқушылардың өзін-өзі таныту және маңыздануына алып келетін педагогикалық үдерістің қатысушыларының субъект-субъекттік өзара байланысы орнайтын, педагогикалық үдерісті басқарудағы диагностикалық қойылған мақсаттарға жетуге бағытталған құралдар мен әдіс-тәсілдерінің жүйесі

«Оқыту әдістемесі», «оқыту әдісі», «білім беру технологиясы» және «педагогикалық технология», ұғымдарына берілген анықтамаларды салыстыра келе ұғымдардың бір-бірінен дербес екенін және сол мезетте, олардың оқу барысының сипаттамасын өзара байланыстырып, бірін-бірі толықтыратынын атап өтеді [8, 188 б.].

Үшінші педагогикалық шарт – диалог тұжырымдамасына негізделген оқытудың және педагогикалық технологиялардың белсенді түрлерін енгізу. Белсенді формаларды таңдау, олардың дәстүрлі оқыту формаларымен дұрыс үйлесуі болашақ мұғалімнің қалыптасуына үлкен әсер етеді. Пәндер бойынша практикалық бағытталған іс-әрекеттерді жүзеге асырудың бүкіл процесі болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерінің белсенді оқу және танымдық белсенділігіне бағытталған белсенді оқыту жүйесінде өтеді.

«Диалог» ұғымы негізінің концепциясына М.М. Бахтин «диалог ретіндегі мәдениет туралы»; Л.С. Выготский - «мәдениеттің философиялық логикасы»; Б.С. Библера, С.Ю. Курганова - «Мәдениет диалогының мектебі» бағдарламасының идеялары жатады.

М.М. Бахтин, В.С. Библер, В.А. Лекторский студенттерге эвристикалық диалог теориясына сәйкес оқу іс-әрекетінің кезеңдерінен өтуді ұсынады. Бірінші кезеңде студент шындық саласын - нақты білім беру объектісін зерттейді (халықтың дәстүрлі мәдениетінің элементтері, өнер туындылары, соның ішінде кескіндеме туындылары). Екінші кезеңде студенттің іс-әрекетінен алынған алғашқы субъективті өнімі оқытушының жетекшілігімен зерттелетін құбылыстар мен тақырыптарда көрініс табатын мәдени - тарихи аналогтарымен салыстырылады. Олар ұғымдар, анықтамалар, заңдар, теориялар түрінде көрінеді. Үшінші кезеңде алынған өнім қайта қарастырылады, аяқталады немесе жаңа студенттік іс-әрекеттің тақырыбына енгізіледі [9, с. 69].

Төртінші педагогикалық шарт – арнайы жаттығуларды, шығармашылық жобаларды, кәсіби бағдардағы проблемалық тапсырмаларды қолдану, пәндердің бағдарламаларын іске асыруда мақсатқа жету үшін үлкен маңызға ие. Болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерінің этнокөркем мәдениетін қалыптастыруда, шығармашылық жобалар орындау мол мүмкіндіктер береді. Білім беру жобасы дегеніміз - студенттерден тек ақпаратты көбейтіп қана қоймай, сонымен қатар шығармашылықпен айналысуды, оқытушының басшылығымен жүзеге асырылатын әр түрлі кәсіптік іс-әрекеттен зияткерлік және практикалық шығармашылық қабілеттерін көрсетуді талап ететін пәндегі оқу міндеті.

Жобалық іс-әрекет шығармашылықтың ерекше түрі ретінде адам дамуының әмбебап құралы болып табылады. «Білім берудегі жобалық оқытудың мақсат – білім алушыларға өз бетімен білім алуға, барлық пәндер бойынша білім беру өнімдерін жасауға мүмкіндік беру, оларды туындаған мәселелерді өз бетімен шешуге үйрету. Жоба әдісін қолдануға қойылатын талаптардың бірі интеграцияланған білімді және оны шешу үшін зерттеу ізденісін талап ететін шығармашылық проблеманың болуы» [10, б. 6].

Қорытынды

Қорта келгенде, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 білім заңының 3-ші және 21-ші бабтарын, Қазақстанда мәдениетті жаңғыртып, қорғауға және насихаттауға бағытталған «Мәдени мұра» «Халық – тарих толқынында» «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламаларын негізге ала отырып. Ғалымдар М.Х. Балтабаев, Ш.К. Беркімбаева, М.Н. Скаткин, Д.Уркинбаева, Ю.С. Ременникованың еңбектері қарастырылып, болашақ бейнелеу өнері мұғалімінің этнокөркем мәдениетінің қалыптастырудың төрт педагогикалық шарты **мативациялық, мазмұндық, кәсібилік** деп үш топқа бөлініп ұсынылып түсініктеме берілді. Олар этнокөркем мәдениеті қалыптастырудың келесі педагогикалық шарттар:

- қолайлы мәдени білім беру кеңістігін құру;
- болашақ бейнелеу өнерінің мұғалімін даярлау процесін ғылыми, әдістемелік және технологиялық мазмұнмен жабдықтау;
- диалог тұжырымдамасына негізделген оқытудың және педагогикалық технологиялардың белсенді формаларын енгізу;
- болашақ бейнелеу өнерінің мұғалімдері үшін кәсіби дайындық бағдарламасы аясында ұсынылған арнайы жаттығуларды, шығармашылық жобаларды, кәсіби бағдардағы проблемалық тапсырмаларды қолдану.

Әдебиеттер:

1 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Мәдениет және өнер. – Алматы, 2002. – 260 б.

2 Сманова А.С., Берікбол Р.Р. Педагогические условия обучения национальному сознанию и культурным ценностям в контексте идеи «Мәңгілік ел» в художественном образовании. / XVIII Международная научная конференция «Актуальная научные исследования в современном мире». Журнал Выпуск 4(48) част 4. Переяслав – Хмельницкий, Украина – 2019. – С. 194-195

3 Уркенбаева Д. Студенттердің эстетикалық мәдениетін сәндік – қолданбалы қолөнер арқылы қалыптастырудың педагогикалық шарттары (Кәсіптік оқыту материалдары негізінде): дисс.. пед. ғыл. канд. – Алматы, 2006. – 170 б.

4 Ременникова Ю.С. Формирование этнохудожественной культуры будущего учителя изобразительного искусства в образовательном процессе ВУЗА: дис. ... канд. пед. наук. [Текст] / Ю.С. Ременникова. – Бирск, 2015. – 225 с.

5 Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 заңының 21-ші бабы. Білім заңы. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_

6 Кендирбекова Ж.Х. Научные основы социально – педагогической работы с молодежью в открытой этнокультурно – образовательной среде: Дис...канд. пед. наук. – Караганда, 2002. – С.60

7 Оралова Г.С. Педагогическая модель этнохудожественного образования студентов с использованием информационных технологий / Вестник Карагандинского университета / серия педагогика №1 (41)/2006. – С. 118-122

8 Дюсембинова Р.К., Шушакова А.Б., Есмаганбетова Д.Б. Педагогикалық үрдісте заманауи білім беру технологияларын қолданудың мәні / Қазақстанның ғылымы мен өмірі / Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал №3. – Астана, 2020. – 186-190 б.

9 Горошкова, В.В. Диалог в деятельности современного учителя [Текст] / В.В. Горошкова // Педагогика. – 2011. - №2. – С.68-76.

10 Шарипов Ф.В. Технология проектного обучения. Учебно-методическое пособие. Издательство: Респ.учеб.-науч. методический центр Министерства образования Респ. Башкортостан. – Уфа, 2010. – С.56.

ӘОЖ 378
МРНТИ 14.35.01

С.Қ. Жаманқараев¹

¹Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Өнер, мәдениет және спорт институтының
«Көркем білім» кафедрасының профессоры, ҚР СО мүшесі. Қазақстан. Алматы қ-сы.

КӨРКЕМ БІЛІМ БЕРУДЕ ҚИЯЛДЫ ДАМЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада автор Қазақстанның кәсіби суретшілерінің көркем туындыларын зерттеу негізінде студенттердің көркем қиялын дамытудың кейбір мәселелерін қарастырады. Сондай-ақ, автор студенттердің шығармашылық және оқу іс-әрекетін оқыту процесінде оның рөлі мен маңыздылығын терең талдап, анықтайды.

Түйін сөздер: көркем, суретші, шығармашылық, образ, субъектив, актив, психика, форма, этнос, интеллектуализм, эстетика, процесс.

Аннотация

Жаманқараев С.Қ.¹

¹профессор кафедры «художественное образование» института искусств, культуры и спорта
КазНПУ им. Абая, член СО РК. Казахстан. г. Алматы.

ЗНАЧЕНИЕ И СПЕЦИФИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ ВОООБРАЖЕНИЯ В ХУДОЖЕСТВЕННОМ ОБРАЗОВАНИИ

В статье автор рассматривает некоторые вопросы развитие художественного воображения студентов на основе изучения художественных произведений профессиональных художников Казахстана. А также автор глубоко анализирует, выделяет его роль и значение в процессе обучение творческой и учебной деятельности студентов.

Ключевые слова: художественный, художник, творчество, образ, субъектив, актив, психика, форма, этнос, интеллектуализм, эстетика, процесс.

Abstract

Jamankaraev S.K.¹

¹Professor of the art education Department of the Institute of arts, culture and sports of KazNPU. Abai, a member WITH the RK. Kazakhstan. Almaty.

**SIGNIFICANCE AND SPECIFIC FEATURES OF THE DEVELOPMENT OF IMAGINATION
IN ART EDUCATION**

In the article, the author examines some issues of the development of the artistic imagination of students through the study of the artistic work of professional artists of Kazakhstan. The author is deeply analyzes, defines its role and importance in the process of training of creative and educational activities for students.

Keywords: art, artist, art, image, subjective, asset, psyche, shape, ethnos, intellectualism, esthetics, process.

Кіріспе. Негізінде өнердегі шешуші тақырыптардың бірі-адам, қоршаған орта, қоғам болып саналды. Алайда, өнердің өткен кезеңдерінде оның біртұтастығы айқын байқалса, енді оның бөлшектенуі, біртектес болмауы, идеялық және стильдік ерекшеліктерінің көбеюі 70-ші жылдардағы өнерге тән сипатына айналған еді. Бұл мынаған байланысты болуға тиіс қоғамдық өмірдің қилы өзгерістері, сөз бен істің арасындағы алшақтық өмір құбылыстарын табиғи бейнелемей, жасанды бейнелеуді туғызған, осыдан барып, мұның салдары ретінде - ой-пікірді жанамалап білдіруден бастап таза конъюнктураға дейінгі түрліше бейнелеушілік пайда болған.

Кескіндеме өнеріне 70-ші жылдардың аяғында келіп қосылған көптеген жас суретшілер де осы бағытты ұстанды. Оларды күрделі әлеуметтік проблемалардан қашқақтайды деп талай рет кінәлады. Бірақ тау мен далаға, аңыз ертегілеріне, бала кезінде жанына тұтқан - ұлттық өнерге қарай бой бұрғандары суретшілердің шығармашылығында анағұрлым адал болып шықты. Алайда, осыдан он жылдай бұрынғы өнердің негізгі тақырыбы жеке адамның табиғатпен байланысы және үзілмеген тарих пен әлем кеңістігінде өмір сүретін адамның рухани-эмоциялық дүниесі болды. Сонымен қатар кескіндеме өнерінде ескімен жаңа тұрмыс тіршілік айқындалған. Жас суретшілер барынша алдыңғы ұрпақтың тақырыптарын одан ары жалғастырды, бірақ олар бұл тақырыптарға өзгеше үндестік берді. Осыдан барып суретшілер қауымдар арасында басқаша жол ізденуіне де бірден бір септігін тиізді.

Суретшілердің кенептері шабытты салтанатты әуенге ие болды. 60-шы жылдардағы өнер иелерімен салыстырғанда 30-шы жылдардағы суретшілер табиғаттың мәні мен міндетін басқаша түсініп өз көзқарастарымен таныта білді. Егерде бұрын табиғат көрінісі композициясында Қазақстанның жинақталған образы ретінде еңгізілсе, енді суретшілер табиғаттың алуан түрлі формаларының сұлулығы мен пластикалық сезілуін және адам баласына рухани байлық беретін композициялық шешімдердің көркемдік рәсімдерінен көріне бастады.

Қазақстан бейнелеу өнерінің бұл жаңа кезеңі көркем өнердегі құбылыс ретінде танылып отыр. Оның көптеген басты мәселелері – шығармашылықтағы еркіндіктің, жалпы ұлттық және жеке бастың өзіндік ерекшелігін танытуға талпыну, сонымен қатар қазақ суретшілері үшін бұл проблемалар академиялық және идеологиялық ережелерден бас тартудан туындап отырған екінші кезең. Осы орайда суретшілер бейнелеу өнерінің принциптерін ұлттық деңгейде таныту көзделіп «жаңа идеялық технологияларда» көрінуге талаптанды. Сонымен қатар кескіндеме өнеріндегі қай жанрда болмасын суретшілер динамикалық сезімді адам еңбегінің ерлік істерімен де ұштастырып жатты.

Ал, кейінгі 1980-2000 жылдары суретшілер халықтың тұрмыс тіршілігінен, ұлттың мәдениетін бейнелеуді жалғастыра отырып, суретшілер өзіндік мәнерлерін таныта білді. Дәлірек айтқанда, бұл кезеңде кескіндеме өнерінде әр стильде, яғни абстрактылық, авангарттық, сюрреалистік, және тіпті дадаизм бағыттарын да кездестіріп жатамыз. Тақырыптық жағынан суретшілердің композициялары тарихқа байланысты болып келген туындылары да жиі көрініс табады. Мұнда суретшілердің композицияларынан өткеннің сарынын, бүгінгінің ақиқатын сезіне алатындай жағдай туғызады.

Негізгі бөлім. Өнер өзінің бастау бұлағында халықтың тарихи жолы туралы сөз ету үшін төл сөз жеткіліксіз болып қалады, сондықтан олар себеп-салдарлық байланыстарды орағытып өтіп, оймен қабылдаудың байланыстылығын ояту үшін символикалық және аллегориялық жинақтаулар дәрежесіне көтеріледі. Өнер өзінің бастау бұлағына, ежелгі халықтық түп негіздеріне ықылас білдіруінде оның этнографиялық, одан кейін поэтикалық дәрежелерінен өткесін жаңа биікке шығып, оны пайымдаудың философиялық дәрежесіне көтерілді деуге болады. Сахнаға шыға бастаған суретшілердің келесі ұрпағы,

тегінде, алдыңғылардың осы бағыттағы ізденістерін жалғастыра отырып, халықтың менталитетін және халықтың тарихы туралы ұғымды тың түсінуге, сонымен қатар қазіргі заман құбылыстарын да тереңірек пайымдауға болардай, еңбектерімен ерекшелінуде.

1980-шы жылдырдың аяғында Қазақстан бейнелеу өнерінде айтарлықтай өзгерістер байқала бастады. Яғни, атап айтқанда 1988-89 жылдары екі бірдей маңызды көрме өткізілген болатын. Сол көрмелер Қазақстан бейнелеу өнеріне ұлттық мектеп принциптерін жалғастыра келіп, сана-сезімнің теңбе-тең үлгісі ретінде символизм мен концептуализм қозғалысы қалыптасты. Мұнда ұлттық мектептің дамуына өз үлесін қосқан кескіндемеші Ә.А. Сыдыханов өзінің «Таңбалы кескіндеме» мен «Тағдырлар тоғысы» (Перекресток) атты жеке көрмесінде көрермен назарына паш еткен болатын. Жаңа символика - концептуалды тәсіл осы өтпелі кезеңдегі Қазақстанның кескіндемелік өнерінің басты аспабы ретінде болуы аймақтық мінезге тән болды.

Жалпы бейнелеу өнерінде мұндай күрт өзгерістер суретшілерді кешегі кеңес өкіметі кезеңіндегі идеялогия мен әлеуметтік тақырыптар қажытып жібергеннен де туындап отырды. Ең бастысы өнер иелерін дүниенің тылмыс құпиясы, шаманизмдік, энергиясы, осы замандық ойлау принциптері ретінде эстетикаландырылған интеллектуализмі, ұлттық эстетиканың мәнін түсіну қызықтырды. Ал енді осы жоғарыда сөз еткен мәселерді болашақ өнер мамандарын даярлауда арнайы жоғары оқу орындарының оқу үрдісінде қарастырып көрелік.

Студенттердің шығармашылық белсенділігі мен көркемдік қиялы өз-өзінен пайда болмайды, оған ынта тудырып, сабақта шығармашылық жағдай жасау керек. Мысалы: тапсырма, оның мазмұны мен құрылымы студенттердің шығармашылық белсенділіктерінің маңызды шарты. Бұдан әрі педагог студенттердің шығармашылық бейнелеу процесіне басшылық жасайды. Ол студенттердің әрекеті мен жұмыстарына ескерту жасап естеріне салады, оны бағалайды. Сөйтіп, болашақ маманға және оның шығармашылық жұмысына деген өзінің жеке қатысын білдіреді. Н.Г. Чернышевский айтқандай: «Айналадағы әсемдікті түсіну, таңырқана тамашалау адамды жарқын қуанышқа бөлейді, тамашаға таң қала тәрбиелеу тәтті қиял туғызады, сайып келгенде эстетикалық рахатқа бөлейді» [1].

Психология ғылымы сезім мен тебіреніс бірге жүрген жерде, ой жүйесінің қабылдағыш қасиетінің ұйытқысы болатынын әлдеқашан дәлелдеп берген болатын. Бұл екеуі қатарласа отырып, білім негіздерін тиянақты игеруге, адамның жеке басының жан-жақты қалыптасуына шексіз ықпал жасайды. Өйткені оқыту процесінде көркем өнер саласының түрлі тізбегін адам санасына құя берумен қатар, олардың құпия астарына көзін толық жеткізбейінше, эмоциялық сезім тудырмақ емес.

Демек, оқыта отырып адамның ой-қиялын оятап қана қоймай, оны тұтандыра білу қажет. Сонда ғана қолға алып отырған материал жаң жағынан бейнелі құбылыста танылып, өнерге деген көзқарас өрістей бермек.

Гегель өзінің эстетикалық тұжырымдамасында былай дейді: «Көркемдік шығармалар өзінің мазмұны мен құрылымында тиянақты бір шеттегі шындық объекті ретінде өзі үшін емес, көркемдік өнерді сырттай бақылаушы және одан ләззат алушы біз үшін, көпшілік үшін қолданылады» - деп қорытынды жасайды. [2]

Қазіргі заманда шығармашылыққа, өнер туындылары мен қазыналарына философтар, педагогтар, психологтар ерекше көңіл бөліп келеді. Олар: “Көркем қиялдай білу мен көркем тұрғыда ойлау қабілеттілігі кез келген адамның әдеттегі жас өспірімнің өзіне тән шығармашылығы болашақпен тығыз байланысты” олардың шығармашылық қабілеттілігін ерте жастан қалыптастыру керек, егер бұл талап ерте жастан қалыптастырылмаса, онда қоғамның дамуына кедергісін тигізеді. Сондықтан ерте жастан бейімдеудің маңызы зор және оларды тәрбиелеуге, үйретуге болады! - деп дәлелдейді. [3]

Ал енді «қиял» дегеніміз не? Оның қандай түрлері бар? Оны дамытуда қойылатын басты талаптары не? деген сұрақтарға жауап табу мақсатында төмендегі жолдарды ұсынамыз.

Ғалым Г.Пірәлиева былай дейді: үш тірек яғни «ақыл, қиял, көңіл» туралы «аталған үш негіз - адамның жан жүйесін, санасын зерттейтін жазушылардың негізгі объектісі. Ал ақыл, қиял, көңіл терең зерттелмей, адам табиғаты жан-жақты танылып, оның ішкі жан дүниесіне тереңдей ену мүмкін емес - деген екен. Демек, өнер арқылы адамды зерттейтін ғылым яғни, «адамтану» ғылымы деп, алғаш рет А.Байтұрсынұлы айтып, ғылыми айналымға енгізген екен. [4,8 б.]

Адам бұрын қабылдап, көрген заттар мен құбылыстардың бейнесіне сүйене отырып, өмірде көрмеген құбылыстарды санамызда бейнелеуге ұмтылады. Мысалы өткен тарихымыз туралы сөз қозғағанда өзіміз көрмеген нәрселерді көз алдымызда сан алуан өзгерістер мен түрлі елестетулер пайда болатыны анық. Мұны біздер *қиял процесі* деп атаймыз. Мағжан Жұмабаевтың айтуынша «жанның өзінде бұрыннан бар суреттеулерден жаңа суреттеулер жасай алуы *қиял* деп атап кеткен. [5]

Бүгінде психологтар баланың қиялдауға бейім тұратынын айтады. Балалар өздері көрген фильмдерінен, спектакльдерінен, картиналарынан, оқыған кітаптарынан барынша әсер алатыны соншалық, олар өздерін соның ішінде жүргендей сезінеді. Бұл оларды өз алдарына белгілі мақсат қоюларына және сол мақсаттарға жетуге, ұмтылуға итермелейді.

Енді біздер «қиял» деген сөздің мән-мағынасын терең ашып, оған жан-жақты анықтама беріп көрелік. Жалпы қиял екі түрлі болады. Баланың түс көруі енжар қиялға жатады. Қиялдың шарықтап дамуының ең жоғарғы сатысы *белсенді қиял* – шығармашылық іс-әрекетпен тығыз байланысты. Балалардың шығармашылық іс-әрекетін дамыту екі нәрсемен байланысты. Бірі – сурет салумен шұғылдану, яғни көркем образды баланың өздігінен сомдауға деген ұмтылысы. Ал екіншісі сол көркем образды өзбетімен, шығармашылықпен қабылдауы, сомдауы.

Қиял жөнінде әл-Фараби: «Барлық жан қуаттарын рухани күштерді тек қиял ғана өзіндік сақталатын сезімдік заттарды модельдендіре алады. Сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының субъективтік образдарын қайтадан өңдеп, жаңартып бейнелейтін тек адам баласына тән психологиялық процес деп атауға да болады» - деген.

Қиял адамда пайда болған кезде ми қабығында бұрын жасалған уақытша байланыстар түрлі комбинацияға түсіп, жаңа бейнелер туып отырады екен. Сол уақытша байланыстарды қайта жасап, өңдеу процесінде екінші сигнал жүйесі маңызды рөл атқарады [6,276 б.].

Адамдардың қиялына тән кейбір ерекшеліктерді төмендегіше топтастыруға болады:

1. Әр адамның қиял ерекшеліктері оның жеке қызығулары мен қасиеттеріне, алдына қойған мақсатына байланысты болып келеді. Бұл арада суды аңсап шөлдеген жолаушының қиялы мен екі үш күннен кейін емтихан тапсыратын студенттің қиялын, машинасының тетігін жетілдіруді ойлап жүрген инженердің қиялдарын салыстырып көруге болады;

2. Қиялдың мазмұны мен формасы адамның жас және жеке дара ерекшеліктеріне де, білім тәжірибесіне де байланысты. Мәселен, көргені де, түйгені де көп, өмір тәжірибесі мол, әр тарапты білімі бар ересек адамның қиялы мен енді ғана өмірге аяқ басайын деп тұрған жеткіншектің қиялын бір өлшемге салуға болмайды.

3. Қиял адамның өскен ортасын, этностық ерекшелігіне, табиғат, жер-су қоршауына байланысты да көрініп отырады. «Жаратылыстың құшағында, - деп жазады М.Жұмабаев, - меруерт себілген көк шатырдың астында, хош иісті жасыл кілем үстінде, күнмен бірге күліп, түнмен бірге түнеп, желмен бірге жүгіріп, алдындағы малымен бірге өріп, сары сайран далада туып өсетін қазақ баласының қиялы жүйрік, өткір, терең болуға тиісті» - деген екен.

4. Қиял адамның барлық психикалық құбылыстарымен ұштасып жататын процесс. Мәселен, алға қойған мақсатты жоспарлап, жүзеге асырудың жолдарын іздестіру қиялсыз мүмкін емес. Бұл – қиялдың ерікпен байланысына жақсы мысал. Қиялдың ойлау процесінде алатын орны ерекше. Өйткені ойлау белсенділігі адамды шығармашылық әрекетке жетелейді. Ал ондай әрекет қиялдың күшті дамуын қажет етеді. Ойлау мен қиял бір-бірімен тығыз байланысты. Жан қуаттарының осы екеуі де мәселені шешуге, сұраққа жауап беруге қатысады. Бірақ қиялда мәселені шешудің өзіндік ерекшелігі болады. Қиял-мәселені суреттеу, жанды көрініс арқылы шешсе, ойлау оны тірі суретсіз жалпылай, ұғым, пікір, тұжырым түрінде шешеді.

5. Адам қиялы еңбек процесінде, іс-әрекет үстінде жарыққа шығып, дамып отырады. Мұндағы негізгі шарт: саналы мақсаттың болуы, болашақты болжай алу, істейтін еңбектің нәтижесін күні бұрын көре білу, яғни оны өңдеп, өзгертіп, елестете алу-адам қиялына тән негізгі белгілер - деп жоғарыда аталған қиялдың бес белгісін Қ.Жарықбаев атап көрсеткен [7,221 б.].

Демек қиялда адамның дүние жөніндегі әр түрлі түсінігі әр түрлі формада қиоласып, жаңа сипатқа ие болады. Қиял адамдардың бірнеше қажеттілігінен тәуелді бола тұрып белсенділігін арттырады, шығармашылығын шыңдайды. Қиял адамның қоғамдық өмірінде немесе теория жүзінде ғана емес бүкіл рухани өмір жүйесіне әсер етеді. Тұлғаның жеке өмір жолы, жеке басының дамуы, жеке қасиеттері, іс-әрекеттері өмір салтының қалыптасуы мүмкін емес. Италияндық атақты философ суретші Леонардо да Винчи айдахардың суретін бейнелегенде: «көкжал аңшы иттің не жай иттің басын саламыз, оған басқа мысықтың көзін саламыз, құлағы түлкінікі болады, мұрыны таздікі секілді, қасы арыстандыкі, самайы әтештікі, мойны суда жүзетін тасбақанікі сияқты». [8,18 б.]

Бұл нәрселердің бәрі өмірдегі шынайылықтан топтастыру арқылы туындап отыр. Бірақ осы топтастыру арқылы туындаған бейнелерді көре білу үшін, адамға ең жүйрік, жоғары деңгейдегі қиял

қажет. Кейде баланың қиялдау нәтижесінен туындаған образдардың өзі оның танымын кеңейтіп қана қоймай, қоғамдық жағдайларға да әсер ететіні байқалады.

Жазушының, суретшінің, ғалымның, композитордың қиялдары шығармашылық қиялға жатады. Ол өзіндік жаңа образдар жасау арқылы әрекетте көрінетін қиялдың түрі. Шығармашылық қиял акын жазушылардың, қылқалам шеберлерінің, әртістердің т.б. осы секілді өнер иелерінің іс-әрекеттерінде үлкен орын алады. Олар өз идеяларын көркем образ арқылы береді. «Әртістердің көкірегінде өзі билеп тұрған адамның ой-толғаныстары туғанда ғана шынайы өнер туадысы, нағыз жанды сезім еш уақытта зорлағаннан, қолдан жасағаннан келмейді» - деп К.С. Станиславский тұжырымдаған [9,17 б.].

Ал шығармашылық қиял әрекеттің кез келген саласымен де тығыз байланысты. Қоғамдық өмірге үлесін қосатын нәтижелі еңбекте шығармашылық қиялдың болмауы мүмкін емес. Бұл қиял көбінесе мұғалімдерге көбірек қатысты. А.С. Макаренконың айтуынша: «жеке адамның келешегін жобалауда мұғалім шығармашылық қиял әрекет етсе, жақсы нәтижеге ие бола алмас еді» - дейді. [10,48 б.]

Атақты француз ғалымы Дени Дидро: «қиял! – бұл сапасыз акын да, философ та, ақылды адам да, ойлайтын жан да, тіпті адам болу да мүмкін емес» - деп тегін айтпаған еді. [11,19 б.].

Қорытынды. Қорыта келе, қиялдың бізге бағынышты болуы немесе пәрменді не әлсіз болуы да өзімізге байланысты. Қиял өзінен өзі пайда болмайды. Ол адамның дүниені тануынан, оның жасайтын әрекеттерінен, еңбегінен, алға қойған мақсаттарынан пайда болады. Оған басты назарда бір қағида ескеріледі ол – еңбексүйгіштік. Адам қаншалықты еңбексүйгіш болса, қиялы қанаттанып, жүрегі арманға толы болады. Ол үшін оны өмір бойы дамытып, өзіне дарыта білу қажет.

Қырғыз халқының ұлы жазушысы Шыңғыс Айтматовтың пікіріне тоқтала кетсек ол: «Ақтық демі таусылғанша ой ойлап, қиял қанатында ұшатындығымен де адам биік, адам ұлы» - деп үлкен философиялық ой тастаған еді. [12]

Әдебиеттер:

1. Чернышевский Н.Г. Собрание сочинений в пяти томах. Том 1. Изд: Правда, Огонек, 1974. – С.464.
2. Гегель В.Г. Эстетика. В.4 т. – М.,1968.
3. Горностаев П.В. От Конфуция до наших дней: проблема развития учащихся //Педагогика, 2002, № 7. – С. 40-47.
4. Пірәліева Г. Қазақтың көркем прозасындағы психологизм және оның бейнелеу құралдары. – Алматы: ҚызМемПи, 2007. – 359 б.
5. Жұмабаев М. «Педагогика». – Алматы, 1993. – 201 б.
6. Аль-Фараби. Избранные трактаты // Перевод с арабского. – А.:Ғылым, 1994. – С.445.
7. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақтың тәлім-тәрбиесі. – Алматы, 1995. – 352 б.
8. Дживелегов А.. Леонардо да Винчи. – М.: Изд. Искусство. 1969. – С.192.
9. Станиславский К.С. Собрание сочинений в восьми томах. Том 1. Гос.изд-во "Искусство". – М., 1954. – С 49.
10. Макаренко А.С. Избранные педагогические сочинения, Том 1. – М., 1977, Педагогика. – С. 397.
11. Дидро Д. Собрание сочинений. – М.- Л., 1935-1947. – С.248.
12. Айтматов Ш. Жан пίδα: роман. – Алматы: Атамұра, 2005. – 320 б.

ӘОЖ 371.64/.69
МРНТИ 14.85.01

Р.С. Бакаиев¹, М.Абдрахманов²

¹Абай атындағы ҚазҰПУ, Өнер, мәдениет және спорт институтының
«Көркем білім беру» кафедрасының аға оқытушысы, Алматы қ., Қазақстан.

²Абай атындағы ҚазҰПУ, Өнер, мәдениет және спорт институтының
«Көркем білім беру» кафедрасының аға оқытушысы,
Қазақстан Республикасының Суретшілер Одағының мүшесі. Алматы қ., Қазақстан.

КӨРКЕМ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ – КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ӘДІСТЕРІ

Аңдатпа

Авторлар мақалада бүгінгі күндерде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен техникалар, бағдарламалар мен тиімді әдістерін жоғары оқу орындарының көркем білім беру жүйесінің оқу үдерісінде үйрету, пайдалану қажеттігін атап өткен. Себебі, компьютерлік графикалық бағдарламаларды жоғары мектепте игермей, болашақта жоғары сұранысқа ие маман болуы екі талай. Осыған орай авторлар мақалада қоғамымыздың қайсы саласыда болмасын, компьютердік графикалық құралдарды, арнайы бағдарламалардың негізін, техникасы мен технологиясын меңгеру бүгінгі күннің қажеттілігі екенін баса атап кеткен. Жалпы, бүгінде көркем білім беру жүйесінде болашақ суретші педагогтарға ақпараттық коммуникациялық технологиялардың негіздерін оқу үдерісіне кіріктіру, арнайы қажетті құралдарын, бағдарламаларын үйрету болашақта бүгінгі таңда сұранысқа ие мамандықтар бойынша жұмыс орынын табуына да өзінің игі ықпалын тигізері сөзсіз.

Түйінді сөздер: компьютерлік графика, сурет, жобалау, эстетика, бейнелеу өнері, сызу, қолданбалы қол өнері, дизайн, технология, әдіс, ақпарат, жүйе, көркем білім, өнер, графика, визуалды өнер, этюд, нобай

Аннотация

Бакаиев Р.С.¹, Абдрахманов М.²

¹КазНПУ им. Абая, институт искусств,
культуры и спорта старший преподаватель кафедры "художественное образование",
г. Алматы, Казахстан.

²КазНПУ им. Абая, институт искусств, культуры и спорта старший преподаватель кафедры
"художественное образование", член Союза Художников Республики Казахстан. г. Алматы, Казахстан.

МЕТОДЫ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИНФОРМАЦИОННО – КОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В СИСТЕМЕ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Авторы в статье подчеркнули необходимость обучения и использования в учебном процессе высших учебных заведений в системы художественного образования наиболее эффективных методов обучения информационно-коммуникационных технологий, и применять в учебном процессе максимально графические программы и т.п. Дело в том, что без освоения компьютерных графических программ в будущем можно и не стать востребованным специалистом. В этой связи авторы подчеркнули, что в наше сегодняшнее время информационно коммуникационные технологии стали неотъемлемой части нашей жизни. Овладение будущими художниками педагогами компьютерными графическими средствами, его основами, основными техниками, новыми технологиями и знание специальных программ является необходимостью сегодняшнего дня. В целом, сегодня в системе художественного образования будущим педагогам-художникам необходимо интегрировать в учебном процессе основы информационно-коммуникационных технологий, эффективно и целенаправленно обучать специальными графическими программами и необходимыми инструментами, специальными программам, что, несомненно, окажет благотворное влияние в будущем в поиске рабочих мест по востребованным на сегодняшний день профессиям.

Ключевые слова: компьютерная графика, рисунок, проектирование, эстетика, изобразительное искусство, черчение, прикладное искусство, дизайн, технология, метод, информация, система, художественное образование, графика, визуальное искусство, этюд, эскиз

Abstract

Bakaiev R.S.¹, Abdrakhmanov M.²

¹KazNPU named after Abaya, Institute of Arts, Culture and Sports Senior lecturer of the Department of "Art Education", Almaty, Kazakhstan.

²KazNPU named after Abaya, Institute of Arts, Culture and Sports Senior lecturer of the Department "Art Education", member of the Union of Artists of the Republic of Kazakhstan. Almaty, Kazakhstan.

**METHODS OF USING INFORMATION AND COMMUNICATION TECHNOLOGIES
IN THE ART EDUCATION SYSTEM**

The authors in the article stressed the need for training and use in the educational process of higher educational institutions in the system of art education of the most effective methods of teaching information and communication technologies, and to apply in the educational process the most graphic programs, etc. The fact is that without the development of computer graphics programs in the future, you cannot become a popular specialist. In this regard, the authors stressed that in our current time, information and communication technologies have become an integral part of our lives. Mastering of computer graphic means, its basics, basic techniques, new technologies and knowledge of special programs by future artists and teachers is a necessity of today. In general, today in the system of art education, future teachers-artists need to integrate the basics of information and communication technologies in the educational process, effectively and purposefully teach special graphic programs and necessary tools, special programs, which will undoubtedly have a beneficial effect in the future in finding jobs in the professions that are in demand today.

Key words: Computer graphics, drawing, design, aesthetics, fine arts, drawing, applied arts, design, technology, method, information, system, art education, graphics, visual art, sketch, sketch

Кіріспе. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуының қазіргі заман деңгейі студенттерінің кәсіби шеберліктерін қалыптастырудың барлық саласында жаңа ғылыми технологияларды кеңінен пайдалануды талап етеді. Бүгін кез-келген салада іс-жүзінде соңғы техникалық құралдарды, сонымен қатар компьютерде жұмыс істеу әдістерін меңгерген мамандар қатары күнсайын арта түсуде. Мұндай жағдай студенттерінің кәсіби шеберліктерін қалыптастырудың барлық түрлеріне де толығымен қатысты. Компьютерлік технологиялар мүмкіншіліктері біздің көз алдымызда студенттерінің кәсіби шеберліктерін қалыптастырудағы көзқарас дамуының мүлдем жаңа үлгілерін ұсынуда. Ғасырдың осынау жедел ағынында іс жүзінде әр уақытта студенттерінің кәсіби шеберліктерін қалыптастырудағы қойылған мақсатқа жету барысында айқындаушы фактор болып табылатын уақытты үнемдеуде компьютерлік технология мол мүмкіншілік жасауда. Қазіргі кезде 5B010700 «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығы студенттерінің кәсіби шеберліктерін қалыптастырудың көптеген түрінде компьютерлік графика жүйесі шешуші орынға ұмтылуда. Жаңа технологиялардың арқасында компьютерлік графиканың: білім, баспа жүйесі, шынайылықтың ұшқыр тиімділіктерін беруге арналған құралдар, баспа мультимедиясы, анимация және үшөлшемді графика, компьютерлік ойындар, арнайы тиімділіктерді жасауға қажетті компьютерлік бейнелер генерациясы, интернеттер қарқынды дамуда.

Бүгінгі қоғам ақпараттық-технологиялық және құрылымдық артта қалушылықты жою, елдік ғылыми-технологиялық әлеуетті сақтау және дамыту, ұлттық құндылықтарды сақтай отырып дамыту - стратегиялық мақсаттың бірі болып табылады. Бұл мақсаттардың айқын көрінісі ретінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында (ҚР МЖМБС 3.03) 050107 - «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығына қойылатын талаптар тізімінен де байқауға болады. Онда бұл мамандық иелерінің өндірісте көркем, интерьер, экстерьерді көркемдеу, өнеркәсіп орындарында, фирмада суретшілік, баспа орындарында кітап көркемдеуші қызметтер, сондай-ақ, жобалау-дизайнерлік жобаларды жасау, кәделі және кәсіптік графика (орауыш, этикет, марка, белгілі логотип, жарнама, буклеттер, пошта жиынтығы, т.б.) саласында жұмыс істеуге бағытталатыны көрсетілген. Сонымен қатар, кәсіптік даярлығына қойылатын талаптар тізімінде: «оқушыларды көркем-шығармашылық, оқу, еңбек және қоғам жұмыстарын басқарудың алдыңғы қатарлы әдісін, оқушылардың көркем-шығармашылық қабілетін, эстетикалық көзқарасын, пайымдау және баға беруін дамыту әдістемесін жете білу керектігі қажет

етіледі. Бұдан байқайтынымыз маман даярлау саясатындағы талаптардың ауқымын жоғарыда аталған стратегиялық мақсатты жүзеге асыруға негізделген талаптарын кеңейте түседі.

Негізгі бөлім. Бүгінде компьютерлік графика мен визуалды білім мүмкіндіктерімен байланысты еңбектер қарқынды даму үстінде. Оқыту бағдарламасында компьютерлік графиканы қолдану шығармашылық жағынан жеке адамды дамытады. Себебі, физиологиялық тұрғыдан адам миының оң жарты шарымен ойлаудың синтетикалық, бейнелі, интуитивті жағдай бойынша қамтамасыз ететіні белгілі. Кез-келген жүйенің осал тұсы мен қайшылығы да кездеседі. *Компьютердің бүгінгі қоғамның кез-келген саласының* тек көркемдеу мен безендірумен ғана емес, ғылым мен медицинаның барлық саласында, коммерциялық және әкімшілік қызмет орындарында алуан түрлі ақпаратты көрнекі түрде көрсету үшін сызбалар, графиктер, диаграммалар жасау үшін қолданылады. Бұл талаптар бейнелеу өнері мамандарының кәсіби мәдениетінің бір компоненті ретінде маманның қызмет ету аумағын кеңейтіп келеді.

Мұнда жоғары білімді мамандарға қойылатын жаңа біліктілік талаптарын жобалаудың тиімділігі айтылады. Ал жоғары мектеп даярлаған маман қоғамның сұранысын қанағаттандырып, жұмыс берушінің маманға қоятын талаптарын орындай алуымен өлшенеді. Бүгінгі ақпарат кеңістігінің артуы компьютерлік графиканың практика жүзінде кез-келген бейнелерде қолданыла бастағанынан белгілі. Компьютерлік бағдарламалардың суретшінің ойын іс-жүзінде жүзеге асыра алатындай көптеген түрлері бар. Белгілі бір бағдарламалармен қамтамасыз етілген компьютер XX ғасырдың соңында суретшінің палитрасына айналып отыр. Қазіргі кезде бейнелеу өнері мамандарына сурет сала білу, суреттің, түс шығарудың, композицияның, модельдеудің теориялық негізін ғана білу жеткіліксіз болып отыр. Сонымен қатар, қазіргі күнгі технологияларды аса талғаммен, сауатты қолдана білу, графикалық редакторларды білікті пайдалана білу де қажеттілігі артуда.

Жоғары мектептегі «бейнелеу өнері және сызу» мамандары даярлаудағы білім мазмұнын дамыту стратегиясы кәсіби дайындық саласында біріншіден, тек теориялық біліммен қамтамасыз етіп қана қоймай, еліміздің әлеуметтік-экономикалық талаптарын да қанағаттандыруы тиіс. Нәтижесінде бітіруші мамандардың жұмысқа орналасу мүмкіншіліктерін арттыруды көздейді. Екіншіден, кәсіби бағыт беру қатарындағы пәндердің қатарын ғылым мен техниканың жаңа жетістіктерін пайдаланып, болашақ маманның технологиялық жетістіктерін арттыруға мүмкіндік беретін арнаулы курстарды енгізу; үшіншіден дипломдық жобаларының келешек еңбек нарығында пайдалану мүмкіндігімен сабақтастыруды қолға алуға бағдар береді. Бұл бағдарлар *бейнелеу өнерінің ауқымының аса кеңейіп отырғанын көрсетеді. Ол тек бір жақты компьютерлік графика шеңберінде қалып қояды деген пікір емес, керісінше, ол баланың ақыл-ойы жетіліп, жағымды мінез-құлықтары мен адамгершілік қасиеттері қалыптасып, әсемдік пен сұлулықты қабылдау қасиеттерін арттыруға да даяр болады, әрі қоғамның кез-келген жағдайдағы нарықтық талаптарын да қанағаттандыра алады деген сөз. Қоршаған ортаға, табиғатқа деген эстетикалық сезімін шыңдай түсуге де мүмкіндіктер бар. Алайда қоғамның талабы өнер саласына қатар қойылады.* Компьютерлік жүйемен жұмыс оқушылардың әлеуметтік қоғамның мүшесі болу қажеттілігін арттыра түседі.

Компьютерлік графика бейнелеу өнері, қолданбалы қол өнері және дизайнерлік өнер туындыларының, түрлі бұйымдарын жасауда, көркем шығармашылық туындылар негізінде жататын заңдар мен заңдылықтарды зерттеу барысында теңдесі жоқ құралға айналуға. Осы орайда 5B010700 «Болашақ бейнелеу өнері және сызу» мамандығы студенттерінің кәсіби шеберліктерін қалыптастыру барысында графикалық, түстік тиімділіктердің байлығымен, кеңістікті пішіннің екі немесе үшөлшемді көрнекті бейнелерін студенттерге үйретуде жеке компьютердің түрлі бағдарламалық технологиялық, мүмкіншіліктері шексіз. Жасалатын өнімдердің кәсіби маңыздылығымен қатар жалпы білімдік үлкен қолдауға ие екенін оларды студенттердің кәсіби шеберліктерін қалыптастырумен өзара байланыстылығын, компьютерлік графиканың кәсіби ерекшеліктерін ескере отырып, болашақ 5B010700-«Бейнелеу өнері және сызу» мамандарын даярлаудағы маңыздылығын атап өткен жөн.

Сонымен бірге, әділетті (қажетті бағдарламалармен қамтамасыз етілген компьютерлік техникалардың жетімсіздігі, оның қамтамасыз етілуі, кәсіби мамандардың болмауы және т.б.), сондай субъективті (кейбір кәсіби мамандардың көркемөнер пәндерін компьютерлік құралдар арқылы оқытудағы күмәншілдігі) бірқатар себептердің күштеріне байланысты, белгілеуші эксперименттер талдаулары мамандардың кәсіби шеберліктерін қалыптастыру үрдісінде әлі де компьютерлік графика пәнінің тиісті деңгейге жетпегендігін көрсетеді. Қазіргі кезде 5B010700 «Бейнелеу өнері және сызу» мамандарының студенттеріне компьютерлік графиканы қазақ тілінде оқытуға арналып, арнайы даярланған теориялық және әдістемелік әдебиеттер өте аз. Ал О.Яцюк, В.В. Алейников, Л.Ю. Кравченко, Е.М. Разинкина, О.Н. Гавришина, В.В. Корешков, Л.Я. Нодельманның атаулы мәселеге қатысты ресми тілдегі еңбектері, олардың маңыздылығына және құндылығына қарамастан барлық қажетті және айтарлықтай көкейкесті мәселелерді шеше алмайды.

Болашақ мамандардың компьютерді және компьютерлік технологияны кәсіби іс-әрекеттерде пайдалануға даярлығын қалыптастыру проблемасы да бірқатар ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапқан. Нәтижелері мынадай мәселелерді қарастырады: информатика мұғаліміне жоғары білім беру әдістемесін жасау (В.П. Беспалько, В.А. Извозчиков, М.П. Лапчик, Е.Ы. Бидайбеков, Қ.С. Әбдиев, Ж.А. Қараев, А.А. Жолдасбеков, Қ.М. Беркімбаев, Л.Ф. Нефедова және т.б.) пән мұғалімдеріне жаңа ақпараттық технологияны мазмұндық жағынан оқыту жүйесін жасау (А.А. Абдықадыров, В.Д. Алексеев, Э.И. Кузнецов және т.б.), компьютерлік ақпараттық технологияның даярлық ықпалы (А.П. Ершов, А.А. Кузнецов, В.В. Рубцов, А.Е. Савельева және т.б.), компьютерлік ақпарат технологиясының әдістері мен құралдарын пайдалану (Б.С. Гершунский, А.В. Левин, В.И. Андреев, В.В. Алейников және т.б.), оқытудың ақпараттық моделін құру (С.И. Архангельский, Н.Ф. Талызина, В.М. Казакевич және т.б.), мұғалімнің ақпараттық-әдістемелік іскерліктері мен ақпараттық мәдениетін пайдалану (Е.Г. Гаевская, С.Н. Лактионова, Л.Ю. Малай және т.б.) мұғалімдердің компьютерлік сауаттылығын қалыптастыру (С.Р. Доманова, А.Д. Качуров және т.б.)

Компьютерлік графиканың көптеген проблемалары бірқатар ғалымдардың еңбектерінде зерттеледі (В.М. Глушков, Г.Р. Громов, Г.Н. Лихачев және т.б.). Олар компьютерлік графиканың шығу, даму тарихын, компьютерлік ақпаратты экономикада пайдалану, компьютерлік ақпарат жүйесін зерделеу, оларды өндірісте пайдалануға даярлау және т.б. мәселелерді қарастырады.

Студенттерді жан-жақты, көпқырлы етіп қалыптастыруды ұйымдастырудың интеллектілік бағыттылығы, іскерліктің кез-келген түрінің шығармашылық белсенділіктерінің пайда болуы, уақыттың маңызды қажеттілігіне айналуға. Бұл жағдайда педагогика ғылымы компьютерлік құралды бала-бақшалардағы бүлдіршіндердің ой-өрістерін арттырудағы бала ойындарынан бастап, жоғары оқу орындары студенттерінің композициялық шығармашылық туындыларды талдау, оларға қажетті (нобайлау, суреттеу, этюд, эскиз) ізденіс жұмыстары барысындағы шеберлік дамыту максаттарындағы оқыту әдіс-амалдардың жаңа жолдарын, түрлерін және олардың алдында тұрған міндеттер мен технологияларын пайдалануды қарастыруда.

Студенттің негізгі міндеті - қоғамдық тәжірибені шығармашылық меңгеру және адамды қоғамдық қатынастар жүйесіне қосу. В.А. Сластениннің айқындауы бойынша маманның барлық сапасы «тек - қана іс барысында және басқа адамдармен қатынаста» аңғарылады [1,12 б.]. Р.С. Немов «Әлемді тану мен қайта құру» міндеті шығармашылық ептілікті талап етеді. «Студенттің композициялық кәсіби шеберлігінің компьютерлік графика пәні арқылы қалыптасуы» тек қана оның белсенді қызметінің арқасында ғана болуы мүмкін.

«Іс-әрекетте, басында ойын, содан кейін оқу және еңбекте, сипат нышандары мен қабілеттері, мінез құлық сипаттары мен қажеттіліктері, сезім органдары және психологиялық танымдық үрдістері дамиды, дүниетанымы мен сенімділіктері қалыптасады» [2,34 б.].

Демек, «студенттің композициялық кәсіби шеберлігінің компьютерлік графика пәні арқылы қалыптасуы», оның ұдайы жаңа білімдерді, жаңа дағдыларды, технологияларды және қазіргі заман компьютерлерін меңгерулері, шеберлік пен дағдыларға ие болу және соның негізінде композициялық шығармашылық, әлеуметтік белсенді азаматты сәтті қалыптастыруды ұсынады. Мұнымен қатар әрбір студент компьютерлік графикамен айналысу барысында өздерінің сурет, сыршырай, композиция пәндерінен қалыптастырған нақты табиғи шеберлік ерекшеліктері негізінде компьютерлік графика мүмкіншіліктерін жеңіл меңгерумен сипатталады.

Компьютерлік кескіндемемен айналысу үдерісінде студенттің барлық қасиеттері дамиды, оларды бірнеше бағытта, қарастыруға болады. Қабілеттердің және бейнелеу қызметінің сараптамасымен Е.И. Игнатьев, В.С. Кузин айналысты, олар адам қабілетінің жалпы құрамынан бейнелеу қызметіндегі аса маңыздыларды бөліп қарады, оларды «негізгі» және «қосалқы» деп анықтады.

Бейнелеу шығармашылығының табыстылығына, көркем шығарманы жасаудың бар кезеңдеріне әсер ететін жетекші қабілеттерге:

- басты, маңыздыны таңдау арқылы қоршаған ақиқаттың шынайы нышандарын бейнелеу үшін шығармашылық қиял және айрықша ойлау;
- эстетикалық қабылдау жүйесінің дамуы, сондай-ақ бейнеленетін нысанаға немесе құбылысқа сезімдік, эмоциялық қарым-қатынас;
- көркем - бейнеленетін образды елестете алу, көз қырағылығы;
- шығармашылық ойды тәжірибе жүзінде табысты жүзеге асыру үшін қажет білім алушының еріктік қасиеттері жатады.

Аталған қасиеттер шығармашылық үдеріс үшін маңызды болып табылады және компьютерлік кескіндемемен айналысу кезінде дамиды. Компьютерлік кескіндеме туралы сөз қозғағанда образ жасау кезінде

композициялық шығармашылық қиял, оның жалпылануы мен стильденуі кезінде аталған өнер түрінің техникалық мүмкіндіктеріне сүйенген және бейнелеу қатары қалыптасқан жүйесін ескерген жөн. Осы шығармашылық түрде жігер, шыдамдылық, ыждағаттылық, яғни компьютерлік кескіндеме тәрізді үдеріс оларсыз мүмкін болмайтын қасиеттер, маңызды болып саналады. Кәсіби шеберліктердің табысты дамуы, ауыспалы жағдайда тез бағдар, оң шешім таба білу қиял қабілетінің дамуынсыз мүмкін емес, бұған адам шығармашылық мәдениетінің жоғарылауы арқылы қол жеткізеді. Батыс елдерінде тіпті жаратылыстану және техникалық факультеттердің өзінде жалпы гуманитарлық және арнайы көркемдік пәндердің енетіндігі кездейсоқ емес, ал ғылыми-техникалық мамандықтарды алмастыру үшін өткізілетін байқаулар кезінде ізденушінің шығармашылық мәдениеті қарастырылады. Оның үстіне оның тек білімі ғана емес, өнер туындысын өзінше түсіндіру мен жаңа мүмкіндіктерін шығармашылық сипатта қолданушылық қабілеттері тексеріледі. [3]

Компьютердегі жобалық қызмет үдерісінде бейнелейтін нысандардың пропорциясын, мөлшер пішінін, түр-түсін қабылдауды қамтамасыз ететін «көру талғамының жетілуі» негізінде шығармашылық туындыны толықтыру барысында ізденушінің саналық қасиеттерін дамытады. Осы еңбектерде түс, ырғақ, оң сияқты сипаттамалардың маңызын арттыра түседі.

Компьютерлік кескіндеме көрнектілігін көбінесе таңдалған көркемдік әдіске тәуелді фактураны сезіне білу және тағы басқа «қосалқы көркемдік қабілеттердің» даму деңгейіне байланысты болып табылады, техникалық орындау автордың ойын нақты жаңғыртатын суретші қолының «сенсорлық қасиетіне» жинақталады.

Компьютерлік графика композициялық кәсіби шеберлікті ең алдымен тәжірибелік қызмет арқылы дамытады. Қызметтің құрамдас бөліктері: себеп, қажеттілік, қызығушылық, эмоциялық қанағаттану, нәтижені алдын ала көре білу, маңыздылығын түсіну, мақсатқа жетудің жолдарын іздестіру және тағы басқа адамның шығармашылық ізденіс қасиеттеріне негізделеді және олардың даму деңгейімен байланысты болады.

Шығармашылық туындылар студенттер бейімділіктерінің; байыпты, қажырлы еңбекті, онда адам ізденуші ретінде, оның қабілеті, білімі, машығы, зейіні және басқа да бірқатар мәселелерін шешуге ықпал етеді. Шығармашылық қызметте аса маңызды орынды танымдық үдерістер мен қажеттіліктер, сезім мен ерік алады. Композициялық шығармашылық туындылардағы жасау дегеніміз, нақты міндеттерді ойлау, түрлі нобайлар, этюд, эскиздер жасау және жан-жақты іздестіру қызметтері арқылы шешуді білдіреді. Соның нәтижесінде жаңа композициялық шығармашылық туындыларды шешу мәселелері туындайды. Студенттердің кәсіби шеберліктерін қалыптастыруға қажетті арнайы кәсіби терең білім, біліктілік, шеберлік және дағды, сондай-ақ өзге де психологиялық құбылыстар әрекеттеседі, оған студент қауымының жоғары дайындық деңгейі куә. [4]

Қорытынды. Арнайы құралдарды пайдалана, кескіндемелік ақпараттық ортаны қалыптастыруға көмектесе отырып, сол қатынастың, әр түрлі білімді студентке берудегі оның меңгеруінің қажетті факторына айналады. Ол шығармашылық негізінде жатқан барлық композициялық заңдар мен қағидаларды пайдаланудың керемет тәсілі болып табылады. Компьютер құралдары арқылы жазылатын кескіндеменің көркемдік технология сипаттамасы, түс мүмкіндігінің байлығы, кеңістік нысандарды бейнелеу тәсілдері жағынан бір мезгілде жалпы білімдік дайындықпен қоса кәсіби бағдарлық мақсатқа ие, студенттердің композициялық кәсіби шеберліктерінің дамуына септігін тигізеді. Қоршаған әлемнің өзгеру үдерісін, үйлесімділік пен көркемдік тұрғысынан қайталанбайтын композициялық туындыларды жасауға бағытталған шығармашылық танымдық үдеріске рухани қажеттілік болғанда ғана компьютерлік кескіндемеге назар аударған жөн.

Қорыта келгенде, жоғары көркем білім беру жүйесінде компьютерлік графика курсы негізінде студенттердің кәсіби шеберліктерін қалыптастыру мәселесі білім беру жүйесінің ажырамас бір бөлігіне айналуға.

Компьютерлік графика курсы негізінде студенттердің кәсіби шеберліктерін кеңейту мен тереңдетуге септігін тигізеді, алған білімдерін тәжірибеде қолдана білуге кең мүмкіндіктер туғызып, педагогикалық жұмысқа қажетті кәсіби шеберліктерін қалыптастырады.

Әдебиеттер:

1. Синица И.Е. Педагогикалық әдеп және ұстаздық шеберлік. – А., 1987
2. Қалиев С.Қ. XV – XIX ғ. Ақын-жыраулардың поэзиясындағы педагогикалық ой-пікірлер. – Алматы: Рауан, 1990.
3. Оқудың инновациялық әдістері оқу әдістемелік құрал Сманқұлова Ж., Саметова Ф. – Алматы, 2014.
4. Хакимова Т.Х. Специальные программы для работы на персональном компьютере (Учебное пособие). – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 33 с.

ӘОЖ 378.02
МРНТИ 14.35.05

Ү.Ибраимов¹

¹Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Өнер, мәдениет және спорт институтының
«Дизайн» кафедрасының аға оқытушысы, ҚР СО мүшесі.
Қазақстан Республикасы, Алматы қ. E-mail: usen.usen.Ibraimov61@gmail.com

XX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ДӘСТҮРЛІ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ ТАБИҒИ, ТАРИХИ ДАМУ ЖОЛЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ТӘРБИЕЛІК МҮМКІНДІКТЕРІ

Аңдатпа

Автор мақалада XX ғасырдағы қазақ дәстүрлі бейнелеу өнерінің табиғи, тарихи даму жолдарын, ерекшеліктерін, тәрбиелік мүмкіндіктерін сипаттап, Қазақстан бейнелеу өнерінің кәсіби дамуына үлес қосқан сол кезеңдегі суретшілердің көркем шығармаларының символдық рәміздік және семиотикалық мәні мен мағынасын тоғыстыратын құралдарды ашып көрсете алды. Сонымен қатар бейнелеу өнерінің тарихи даму үрдісін, түрлері мен жанрларын, оның көркемдік тіл құралдарын талдап, Қазақстан бейнелеу өнері туындыларындағы халықтық өзіндік дүниетанымды, оның мәдениеті мен дәстүрлік ерекшеліктерін ерекше атап кеткен.

Түйін сөздер: дәстүр, көркем, дүниетаным, бейнелеу өнері, символ, семиотика, рәміз, көркем образ, кәсіби, өнер, көркем туынды, образдық тіл.

Аннотация
Ибраимов У.¹

¹Старший преподаватель кафедры «Дизайн» Института искусства, культуры и спорта
КазНПУ им.Абая, член СХ РК.
Казахстан, г. Алматы. E-mail: usen.usen.Ibraimov61@gmail.com

ОСОБЕННОСТИ ИСТОРИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ И ВОСПИТАТЕЛЬНОЙ ВОЗМОЖНОСТИ КАЗАХСКОГО ТРАДИЦИОННОГО ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОГО ИСКУССТВА XX ВЕКА

В статье автором рассматриваются воспитательные возможности, особенности и исторические и природные пути развития традиционного изобразительного искусства Казахстана XX веках. А также автор смог раскрыть и переплестать символические и семиотические сути и сущности, художественных произведениях художников, которые внесли весомый вклад в развитие профессионального изобразительного искусства Казахстана. Тем самым автор статьи глубоко анализирует художественный образный язык, виды и жанры, процесс исторического развития профессионального изобразительного искусства Казахстана. В связи с этим автор в статье особенно обращает внимание на традиционные особенности, к художественной культуре и на своеобразные мировоззрение народному казахскому искусству.

Ключевые слова: традиция, художественный, мировоззрение, изобразительное искусства, символ, семиотика, семантика, художественный образ, профессиональный, искусства, художественное произведение, образный язык.

Abstract
Usen Ibraimov¹

¹Senior lecturer of the "Design" Department of the Institute of art, culture and sports of Abai KazNPU,
member of the agricultural Academy of the Republic of Kazakhstan. Kazakhstan, Almaty.

FEATURES OF HISTORICAL DEVELOPMENT AND EDUCATIONAL OPPORTUNITIES OF KAZAKH TRADITIONAL FINE ART OF THE XX CENTURY

In this article the author discusses educational opportunities, features and historical and natural ways of development of the traditional fine arts of Kazakhstan of the 20TH centuries. As well as the author was able to uncover and twisting the symbolic and semiotic nature and essence, the artistic work of illustrators, who have

made a significant contribution to the development of professional fine art of Kazakhstan. The author of the article deeply analyzes art figurative language, and genre, the historical development of professional fine art of Kazakhstan. In this connection, the author in the article particularly drew attention to the traditional features of the culture and art of the Kazakh people's worldview unique.

Keywords: tradition, art, philosophy, fine arts, symbol, semiotics, semantics, artistic image, professional, art, artwork, figurative language.

Кіріспе. Көне дәуірден біздің заманымызға дейінгі кезеңде қалыптасқан бейнелеу өнері – бай әлемдік көркем мәдениетінің аса бір арналы саласы. Көне дәуірден Еуроазия мәдениетінің дәстүрін сақтап қалған Қазақстанның бейнелеу өнерінің әлемдік мәдениетте өзіндік орны бар. Қазақстанның бейнелеу өнерінің өзіндік қалыптасуы, даму үрдісі оның геосаяси жағдайына, қазақ халқының көшпелілік мәдениеті мен тарихи кезеңдердегі көркемдік гүлдену дәуірлерімен тікелей байланысты. Қазақстанның көне өнері бастауын палеолит және энеолит дәуірінен алады. Алғашқы қауымдық мәдениетке саздан жасалған ыдыстардағы суреттер, т.б. жатады. Қазақстандағы бейнелеу өнерінің келесі даму кезеңі – қола дәуірі. Өзінің мифологиялық мазмұны мен сюжеті, пластикалық өрнегі жағынан ерекше қуатымен көрінген кешенді таңбалы тастар – Тамғалы, Бұғы тас, жоғары Ертіс алқабы, Орталық Қазақстан ескерткіштері осыны айғақтайды. Сақ дәуірінен жеткен бейнелеу өнерінің бай мұрасы да аса бай. Есік қорғанынан табылған сақ өнерінің кешеніндегі (б. з. б. V-IV, III-IV ғасырлар) бүгінге дейін сақталып жеткен “Алтын адам” соның ең бір көрнекті үлгісі.

Қазақстанның орта ғасырлардағы өнері өзіндік өрнегімен ерекшеленеді. Бұл кезеңдегі өнер тәңіршілдікпен, түркілердің қуатты саясатымен, қалалардың салынып, сауда мен қолөнердің дамуымен үндесті. Балбал тастар мен құлыптастар да осы кезеңнің туындылары. Зергерлік өнер, тері илеу, қыш құю, тоқыма өнері дамыды. Қазақ халқының көркемдік ойлау жүйесі мен бейнелеу тілінің байлығы ою-өрнек өнерінде, белгі, таңба жүйесінде айқын ізін қалдырған. Адам мен табиғатты тұтас бірлікте қарастыратын қазақтың дәстүрлі дүниетанымы мен өнері киіз үйдің құрылысынан өз көрінісін тапқан. XVIII-XIX ғасырлар мен XX ғасырдың басында қазақ халқының дәстүрлі өмір салтын Еуропа және орыс ориенталистері өз туындыларында (Т.Аткинсон, Б.Залесский, А.Горонович, В.Штернберг, Т.Шевченко, П.Кузнецов, Г.Хлудов) қызығушылықпен бейнеледі. Қазақтың дарынды ұлдарының бірі Ш.Уәлихановтың суреттері 19 ғасырдың екінші жартысындағы графикалық туындылардың Қазақстандағы алғашқы құнды үлгілері болып саналады. XX ғасырдың басында Қазақстанда кәсіби кескіндеме, мүсін, графика жанрлары қалыптаса бастады. Оның негізін қалаушылар - Ә.Қастеев, Ә.Ысмайылов, Х.Наурызбаев, т.б. ұлттық кәсіби бейнелеу өнері алғаш еуропалық көркемдік дәстүр арнасында дамығанмен, кейіннен ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық дәстүр негізінде өзіндік стильмен даралана бастады. Айқын ұлттық қолтаңбасымен көрінген С.Мәмбеев, М.Кенбаев, Қ.Телжанов, С.Айтбаев, Т.Тоғысбаев, Ш.Сариев сияқты дарынды көркем өнер шеберлерінің үлкен шоғыры қалыптасты. Халық өмірінің барлық қырын қамтыған қазақ бейнелеу өнері - қазіргі таңда ірі өнер саласына айналған. XX ғасырдың соңы ұлттық таным, төл тарих пен мәдениет тарапындағы ізденістер қарқынды дамып, қазақ өнерінің жетіліп, ұлттық көркем бағыттар, түрлі ағымдар, даралық стильдер туған кезең болды. Бұл бағытта Е.Мергенов, Е.Төлепбай, А.Ақанаев, А.Сыдыхан, Т.Маданов, А.Есенбаев, А.Есдулетов, т.б. жемісті еңбек етті. Қазіргі кезеңде қазақ бейнелеу өнерінің мәдени ескерткіштер, халық тарихының бастаулары, ұлттық ерекшелік, т.б. құндылықтарға ден қою, тың ізденістерге жетелеудің басты құралы болды. [1]

Негізгі бөлім. XX ғасырдағы қазақ бейнелеу өнері – көркем кескіндеме, мүсіндеме, графика, сән және қолданбалы өнер салаларын қамтитын, ұлттық дүниетанымға негізделген көркем өнер. Қазақ бейнелеу өнерінің бұқаралық ең ежелгі түрі – халықтың қолөнері болып табылады. Әдебиет пен музыкаға қарағанда, кәсіби қазақ бейнелеу өнерінің қалыптасу және даму жолы өте күрделі болды. Оның бастауында этнограф-ғалым Ш.Уәлиханов тұрды. Кейінгі зерттеулер Шоқан туындыларынан (әсіресе, графикалық суреттері), “Потанин”, “Тезек төре”, т.б. портреттік жұмыстарынан оның кәсіби суретшілерге тән шеберлігі байқалатынын анықтады. Шоканның қас-қағым сәтте салған графикалық долбар суреттері қайта өрлеу дәуірі өкілдері (Леонардо Да Винчи, Рафаэль Санти) шығармаларымен сабақтасып жатыр (“Аға сұлтан портреті”, “Бақсы”, “Қазақ музыканттары”, “Шығыс ұйғырларының киімі”, т.б.). Шоқан Қазақ Бейнелеу Өнерінің графикалық саласында ғана емес, сонымен қоса, кескіндеме саласында да жоғары шеберлікке жеткен (“Алатау көрінісі”, “Жатақ”). Қазақстанда бейнелеу өнерінің кәсіпқой шеберлерін даярлайтын студия 1920 жылы ұйымдастырылып, онда Н.Г. Хлудов, Н.Антонов және мүсінші А.С. Пономарев сабақ берді.

XX ғасырдың 20-30 жылдары қазақ бейнелеу өнері шеберлері алғашқы қадамдарын жасады. Жас суретшілер кескіндеме мен графиканың кәсіптік шеберлігін меңгерді. Олар (Н.И. Крутильников, Ә.Қастеев, Ә.Ысмайылов, И.И. Савельев, Б.Сәрсенбаев, Қ.Қожықов, т.б.) өздерінің қарапайым мазмұнға құрылған алғашқы еңбектерінде елімізде болып жатқан өзекті өзгерістерді бейнелеуге ұмтылды.

1928 жылы Семейде бейнелеу өнері шығармаларының алғашқы көрмесі ұйымдастырылды. Қазақстан суретшілерінің кәсіптік шеберлікті тез игеруіне сол кездегі одақтас республикалардың, Мәскеу мен Санкт-Петербург шеберлерінің (Б.В. Иогансон, А.А. Дейнека, С.В. Герасимов, А.А. Пластов) тәжірибесі көп көмектесті.

1933 жылы республика Суретшілер одағының ұйымдастыру комитеті құрылды. 1934 жылы Мәскеудегі Шығыс мәдениетінің мемлекеттік мұражайында қазақ суретшілерінің тұңғыш көрмесі ұйымдастырылып, бір жыл өткен соң Алматыда Қазақ мемлекет көркемсурет галереясы ашылды. Әлеуметті-экономикалық және мәдени өмірдің жаңа жағдайлары, түбегейлі уақыт талаптары шығармаларға тың тақырып болды. Ә.Қастеев шығармаларының өзіндік ұлттық бояуы осы кезде жарқырап көрінді. Қазақ бейнелеу өнерінің қалыптасу және өркендеу жолы осы суреткер шығармаларымен тығыз байланысты болды. Көркем шығармаларды бүкіл Отан келбетімен бейнелейтін суретші Ә.Ысмайылов та қазақ кескінде-мешілерінің аға буынына жататын. Өздерінің шығармашылық жолын республика өмірімен тікелей байланыстырған көптеген орыс шеберлері: кескіндемешілер – А.А. Риттих, Н.В. Соловьев, А.И. Бортников, Н.И. Крутильников, Л.П. Леонтьев, графиктер Г.А. Брылов, Б.А. Чекалин, Л.В. Гербановский, т.б. 30 жылдардағы қазақ бейнелеу өнерінің дамуына белсене ат салысты. 1940 жылы маусымда ашылған Қазақстан суретшілерінің І-съезі шығармашылық ұжымның біраз жылғы жұмыстарын қорытындылап, ұлттық өнерді одан әрі дамытудың жолдарын белгілеп берді. 40-жылдардың басында қазақ кескіндемесі мен графикасы едәуір табыстарға жетті. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында республика қыл қалам шеберлері өз өнерлерін фашист-басқыншыларына қарсы үгіт-насихат құралына айналдырып, бүкіл халықтық ерлікті, қаһармандық пен қайсарлықты көрсетуге күш салды. Бұл жылдары Леонтьев, К.Я. Баранов, Риттих, А.И. Черкасский, И.Я. Иткинд, М.С. Лизогуб, т.б. табысты еңбек етті. [2]

Ал енді екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдарда Қазақстан бейнелеу өнерінің барлық түрі: кескіндеме, мүсіндеме, графика ілгері дамыды. Қазақ және өзбек халықтарына ортақ суреткер - қазақ табиғатын тамсана жазған, алғашқы академик-суретші О.Н. Таңсықбаев Қазақ Бейнелеу Өнерінде ерекше орын алады. Ол елден жырақ жүрсе де (Өзбекстанда тұрған) бар болмысымен, жүрегімен өзін әрқашанда елімен, жерімен бірге сезінген, қазақ табиғатын ерекше бір сүйіспеншілікпен жазған суретшінің бірі болды (“Қазақстан жолдары”, “Көш”, т.б.). 50-жылдардың соңы (Қ.Телжанов, М.Кенбаев) Қазақ бейнелеу өнері жанрлық және ізденіс бағыттарының санылығымен ерекшеленеді. Қазақ бейнелеу өнерінде графика саласы елеулі орын алады. 60-жылдары акварельдің, офорттың, линогравюраның, автолитографияның өзіндік бағыттары бар дарынды шеберлері (А.А. Дячкин, Е.Г. Сидоркин, Н.С. Гаев, Ш.Б. Кенжебаев, И.Г. Квачко, т.б.) өсіп жетілді. Қазақстан бейнелеу өнерінің байырғы шебері В.И. Антощенко-Оленев гравюра мүмкіндіктерін барынша табысты пайдалана білді. Қазақ бейнелеу өнерінің шығармалары бұл кезеңде шет елдерде де таныла бастады. Олар Мәскеудегі Третьяков галереясына, Қазақстан мемлекеттік бейнелеу өнері мұражайына қойылды, шет ел мұражайлары сатып алатын болды. Қазақстан суретшілерінің ең үздік еңбектері ұлт өнерінің қазынасына асыл мұра болып қосылды. Республиканың көптеген облыс орталықтарында (Шымкентте, Қарағандыда, Астанада, Павлодарда, т.б.) шығармашылық ұжымдар құрыла бастады. Қазақстан бейнелеу өнерінде халықтың өзіндік дүниетанымын, оның мәдениеті мен дәстүрлік ерекшеліктерін танытатын белгілер барған сайын айқын қалыптасты. Бұл кезеңдегі Қазақстан бейнелеу өнерінің дамуына А.Ғалымбаева, Г.Ысмайылова, Қ.Телжанов, М.Кенбаев, С.Мәмбеев, Ә.Жүсіпов, С.Романов, А.М. Степанов, К.Шаяхметов, Ү.Әжиев, т.б. суретшілердің тақырып-тық картиналары үлкен үлес қосты. Ауыл тақырыбы көптеген Қазақстан суретшілерінің назарында болып, әсіресе, шығармашылық жолын 60-70-жылдары бастаған шеберлердің ең басты тақырыбына айналды. С.Айтбаев, Ш.Сариев, Т.Тоғызбаев, Ә.Садыханов, О.Нұржұмаев, А.Ақанаев шығармаларына өзіндік қазақи дүниетаным, өмірді кең көлемде тани білу, символикаға құштарлық тән болды.

Жалпы М.Аманжолов, К.Муллашев, Е.Төлепбаев, т.б. көркем шығармаларынан романтикалық-символдық және сезімдік бастаулар көрініс тапты. Бұл суретшілердің шығармалары айқын да күрделі түсімен, шиыршық атқан бояуымен, белсенді кеңістік ортасымен, бейнелердің әсемдігімен және сырлылығымен ерекше көзге түседі. М.Қисамединов еңбектері жұртшылықтың қызығушылығын туғызды. Оның Махамбет Өтемісұлының өлеңдеріне салған суреттерінде (1973) өз халқының азаттығы жолында күрескен батырдың тарихи бейнесін жасады. И.Исабаев қазақ әдебиеті классиктерінің,

Қазақстан жазушыларының шығармалары, балалар әдебиеті бойынша суреттер салумен қатар көптеген қолданбалы графика шығармаларын берді. XX ғасырдың 70-80-жылдар шығармаларында өзіндік қолтаңбасы айқын графиктер қатары көбейді. 80-90-жылдары Қазақстан бейнелеу өнері тың ізденістермен, еуропалық жаңа сипаттағы ағымдардың әдіснамасын меңгеруімен ерекшеленеді (А.А. Ақанаев, Е.Мергенов, Д.Әлиев, Е.Төлепбаев, Б.Түлкіев, Ж.Аралбаев, т.б.). Одан беріде күнделікті қарапайым қазақ өмірін, белгілі тарихи кезеңдерді жаңаша сипат беріп, ерекше тәсілмен бейнелей білген суретшілер бой көтерді (М.Аманжолов, А.Нақысбеков, К.Каметов, Е.Сергебаев, А.Қорғанбаев, Т.Ордабеков, А.Дүзелханов, т.б.). Елімізге қасірет әкелген, көп жылдар бойы жабық тақырып болып келген Семей атом полигонының, Аралдың қасіретті ащы шындығы бейнеленді (Ақанаев, М.Аманжолов, А.Губашев, Ә.Төлебиев, т.б.). [3]

Ал енді бейнелеу өнерінің жекелеген түрлерін және олардың бір-бірінен ерекшеліктерін білу, ажырату адамзатты көнеден бері толғандырып келеді. Бейнелеу өнері - дүниені көзбен көріп түйсінуге негізінде бейнелейтін пластикалық өнердің бір саласы.

Бейнелеу өнерінің негізіне кескіндеме, мүсін, графика жатады. Бейнелеу өнерінің белгілері сәулет өнері, безендіру және қолданбалы өнерде көрініс табуы тиіс. Сондықтан шартты түрде оларды да бейнелеу өнері қатарына жатқызамыз. Сондай-ақ, театр, кино, теледидарға безендіруді, көркем дизайнды да бейнелеу өнері ретінде таниды. Бұл өнердің де негізінде адам, табиғат және заттық әлемді тұтастықта, бірлікте қарастыру жатыр. Бейнелеу өнері дүниені байқау, бақылау, көру нәтижесінде оның көркем бейнесін жасайды. Әр ғасыр, дәуір, кезеңде пайда болды.

Қорытынды. Бейнелеу өнерінің туындылары өзіндік бейнелеу жүйесі мен көркемдік үндесудің түрлі типтерін құрайды. Бұл өнер танымдық, құндылық және қарым-қатынастық қызметімен де ерекшеленеді. Уақыттық даму үдерісі басқа өнер түрлеріне (әдебиет, музыка, театр, кино) қарағанда бейнелеу өнерінде шектеулі, ол негізінен кеңістіктік ауқымымен ерекшеленеді. Суретші өз көзімен көріп, түйсінген шындығын сол сәттегі қалпымен көрсетуге ұмтылады. Өмір құбылыстары типтік жағынан тандап алынып, заманның тірлік-тынысы жан-жақты көркемдік қуатпен беріледі. Бейнелеу өнерінің көркем тіл құралдарына сурет, түрлі түс, пластика, жарық пен көлеңке композициясы, ырғақ жатады. Шығармалар заттық материалдан дайындалатындықтан оған пәндік, заттық болмыс тән. Бейнелеу өнерінің әр жанры қоршаған әлемнің бейнесін түрліше береді: кескіндеме түрлі түсті бояуды, графика түрі сызықтардың қиылысуын, көлеңке мен жарықтың астасуын, мүсін пластикалық үш өлшемдікті пайдаланады. Бейнелеу өнерінің барлық жанрындағы шығармалары мазмұнына қарай монументті-сәндік және қолданбалы шығармалар негізінен мұражайлар, галереялар немесе үй интерьерлерін безендіріп, сол жерлерде орналасады. Монументті мүсін сәулеттік кешендерде, қала көшелері мен алаңдарда, мекеме ғимараттарының қасбеті мен интерьерлерінде орналасады. Бейнелеу өнерінің тарихи даму үрдісі барысында қалыптасқан портрет, пейзаж, натюрморт сияқты жанрлар ортақ.

Әдебиеттер:

1. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә.Нысанбаев – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.
2. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2005
3. Қазақстан”: Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә.Нысанбаев – Алматы: “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998.

ӘОЖ 378.02:37.016
МРНТИ 14.35.09

М.Б. Джанаев¹

¹Абай атындағы Қаз ҰПУ-нің «Көркем білім» кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к., ҚР СО мүшесі.
Алматы, Қазақстан

КОМПОЗИЦИЯ – БІЛІМГЕРЛЕР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІ

Аңдатпа

Мақалада композицияны оқытудың теориялық және практикалық негіздері қарастырылады. Композицияның әдістері мен тәсілдері білімгерлердің көркем шығармашылығының негізі ретінде талданады. Композицияны құрудың көркем тәсілдері мен әдістері зерттеледі. Композицияда жұмыс істеу барысында бейненің көркем нақыштылығын қамтамасыз ететін көркем-шығармашылық үрдіс мысалдары көрсетілген. Білімгерлердің көркем бейне сомдаудағы шығармашылық жұмыс үрдісі зерттеледі.

Білімгерлердің композициялық қабілеттерін қалыптастырудың педагогикалық тәсілдері мен әдістері анықталған. Білім алушылардың эмоционалды-сезімдік сфераларын қалыптастыру тұрғысынан композициялық шығармашылықтың түрлі факторлары талданған.

Зерттеу пәні, композицияны шығармашылықтың және композициялық жұмыс үрдісінде білімгерлерді көркем шығармашылық дамытудың негізі ретінде қарастыру болып табылады.

Зерттеу міндеті, композиция сабақтарында білімгерлерді көркем-шығармашылық дамыту тәсілдері мен әдістерін зерттеу.

Зерттеу мақсаты: композициялық жұмыс үрдісінде білімгерлердің шығармашылық қабілеттерін мақсатты бағдарлық түрде дамыту.

Түйін сөздер: композиция, көркем шығармашылық, шығармашылық үрдіс, қабылдау, қабілет, дамыту, қалыптастыру, көркем образ, тәсілдер мен әдістер.

Аннотация

М.Б. Джанаев

ст. преподаватель кафедры «Художественного образования» КазНПУ им. Абая,
к.п.н., член СХРК, г. Алматы, Казахстан

КОМПОЗИЦИЯ-ОСНОВА ТВОРЧЕСТВА ОБУЧАЮЩИХСЯ

Композиция – основа творчества студентов. В статье рассматриваются теоретические и практические основы обучения композиции. Методы и приемы композиции как основы художественного творчества студентов. Изучаются художественные приемы и методы построения композиции. Показаны примеры художественно-творческого процесса работы над композицией, обеспечивающие художественную выразительность изображения. Изучаются творческий процесс работы студентов над художественным изображением.

Определены педагогические приемы и методы формирования композиционных способностей студентов. Изучались различные факторы композиционного творчества с точки зрения формирования эмоционально-чувственной сферы обучающихся.

Предметом изучения является композиция как основа творчества и художественно-творческого развития студентов в процессе работы над композицией. Задачами данного исследования являются, изучение приемов и методов художественно-творческого развития студентов на занятиях композиции.

Целью исследования являются: целенаправленное развитие творческих способностей студентов в процессе работы над композицией.

Ключевые слова: композиция, художественное творчество, творческий процесс, восприятие, способность, развитие, формирование, художественный образ, приемы и методы.

Abstract

M.B. Dzhanayev

*elder professor of pulpit «Creative Specialty» Kaz NPU name of Abay, c.p.s., member of UP RK.
Almaty, Kazakhstan*

COMPOSITION IS THE BASIS OF STUDENTS' CREATIVITY

Composition is the basis of students' creativity. The article discusses the theoretical and practical foundations of composition training. Methods and techniques of composition as the basis of students' artistic creativity. We study artistic techniques and methods for constructing a composition. Examples of the artistic and creative process of working on the composition are shown, providing artistic expressiveness of the image. We study the creative process of students working on an artistic image. The pedagogical techniques and methods for the formation of students' compositional abilities are determined. Various factors of compositional creativity were studied from the point of view of the formation of the emotional-sensual sphere of students. The subject of study is composition as the basis for the creativity and artistic and creative development of students in the process of working on composition. The objectives of this research are to study the techniques and methods of artistic and creative development of students in the classroom composition. The aim of the study is purposeful development of students' creative abilities in the process of working on the composition.

Keywords: composition, artistic creation, creative process, perception, ability, development, formation, artistic image, techniques and methods.

Қысқашы. Қазіргі көркем педагогикалық жаңа зерттеулерде жастарды өмір бойы шығармашылық, эмоционалдық, эстетикалық және әлеуметтік дамыту негіздеріне баса көңіл бөлінуде. Осы себепті жоғары деңгейде шығармашылық жұмыс жасай алатын, өнер туындыларын эстетикалық қабылдап көркем образды өз мүмкіндіктерінше сомдай алатын, көркем шығармашылыққа бейім тұлға қалыптастыру міндеті басымдық алууда. Білімгерлердің өнер туындыларын көркем-эстетикалық қабылдау мен өз мүмкіндігінше көркем образды сомдай білу қабілеттерін дамытудың басты құралы композициялық шығармашылық қызмет. Композициялық шығармашылық қызмет теориялық және практикалық жұмыс түрлерін қатар қарастыруы тиіс. Көркем шығармашылық қызмет көркемдік қабілетті дамытуда интенсивті рөлі атқарады. Оған композицияның теориялық мәселелерін зерттеген М.В. Алпатов, Р.Арнхейм, Н.Н. Волков, Е.А. Кибрик, Б.С. Раушенбах, В.А. Ганзен, С.М. Даниэль, В.С. Щербаков, т.б. ғалымдар еңбектері дәлел бола алады.

Композициялық шығармашылық техниканы меңгеру болашақ мамандарды даярлауда өте маңызды және құнды сапалық көрсеткіш болып табылады. Болашақ маман көркемдік технологияларды меңгеру мен қатар қазіргі көркем мәдениет пен рухани-әлеуметтік қажеттіліктерді, ауқымды үрдістерді қамтитын мәдени-материалдық құндылықтарды бойына сіңіреді. Көркем туынды образдық-идеялық мәліметті көрерменге жеткізуші басты нысан. Рухани эстетикалық құндылық. Ол рухани көркем-эстетикалық құндылық болса, оны сомдауда оңай шаруа болмайды. Сондықтанда өнер шығармашылығымен, композициялық қызметпен шұғылдану күрделі мәселе.

Негізгі бөлім. Шығармашылық дегеніміз ғылыми дәлелдер бойынша рухани және материалдық құндылықтарды игеру мен жасауға бағытталған адам қызметінің нәтижесі мен сапасы. Ол адамның өз дүниетанымына сәйкес қызығушылықтары мен шабытты ізденіс іс-әрекетімен байланысты. «Творчество – это не сумма знаний, а особая направленность интеллекта, особая взаимосвязь между интеллектуальной жизнью личности и проявлением ее сил в активной деятельности. Я бы назвал творчество самой сутью жизни в мире знаний и красоты» [1, с.83]. Шығармашылық мәні адам сезімі мен, өмірлік тәжірибесіне, жоғары интеллектуалдық сапасына және дүниетанымдық деңгейіне тәуелді. Адамның өзін-өзі көрсетуі мен өзінің қоршаған ортада орнығуы. Сондықтан білімгердің шығармашылық мүмкіндіктерін неғұрлым ерте анықтау маңызды педагогикалық мәселе.

Қазірге кезеңде көркем білім берудегі басты мақсаттардың кейбірі өзекті болып табылады, олар: көркем білім беруде отандық және әлемдік өнер туындыларына құндылықтық қатынас пен көзқарас қалыптастыру; көркем өнер туындыларының көркемдік мән-мазмұнына эстетикалық көркемдік қызығушылық пен қатынасты белсендіру; қоршаған орта дүниесін өз бетінше көркем образды бейнелеу қабілеттерін дамыту. Бұл мақсаттардың жүзеге асуы өнердегі көркем-эстетикалық әдет-дағдыларды, көркем образдық ойлау қабілеттерді дамытумен тығыз байланысты.

Білімгерлердің шығармашылық қабілеттері мен мүмкіндіктерін дамыту аспектілерін композиция пәніне қатысты зерттеу өзіндік педагогикалық өнертанымдық тұрғыда қызығушылық туғызады. Осы мақсатта бейнелеу өнері мамандықтарының 2,3 курс білімгерлерімен түрлі жанрда, олардың шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуға бағытталған бірнеше тәжірибе жұмысы жүргізілді. Білімгерлерге берілген тәжірибелік тапсырмалар жанрлар бойынша түрлі дүниетанымдық, көркемдік мазмұнда қарастырылды. Композициялық бейнелеуде әркілі мазмұндық және көркемдік мақсаттар шешімін графикалық және түстік қатынастарда табу міндеттелді. Тәжірибеде білімгерлердің шығармашылық қызметтері осы проблемалы тапсырмаларды орындаумен байланысты қарастырылды. Зерттеуде білімгерлердің шығармашылық ізденіс мүмкіндіктері мен шығармашылық ізденіс деңгейлерінің кейбір аспектілерін анықтау мақсаты қойылып тексерілді. Біздің арнайы даярланған жоспар бойынша білімгерлерге берілген тапсырмалар олардың шығармашылық қызығушылықтары мен шығармашылық қызмет белсенділіктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижесінде композициялық бейнелеуде әркілі мазмұндық және көркемдік мақсаттар шешімін графикалық және түстік қатынастарда аралас орындау, білімгерлердің шығармашылық қызығушылықтары мен көркем іс-әрекет белсенділіктерін арттыратындығын көреміз.

Визуалды-бейнелі шығармашылық көруді қалыптастыруда көркем бейнелі ой-қиялды белсендіруге бағытталған түрлі әдістемелер мен жұмыс түрлері қолданылды. «Психологические исследования О.И. Никифоровой убедительно доказывают, что становление зрительного образа происходит во взаимодействии с анализом художественных материалов и выбором композиционных форм его реализации на формате, что представляет собой постепенное приближение к познанию сущности изображаемой модели». [2, с.37] Бақылау жұмысының нәтижесінде композициялық бейнелеуде әркілі мазмұндық және көркемдік мақсаттар шешімін графикалық және түстік қатынастарда аралас орындаудың алғашқы сәттерінде, эстетикалық бейнелі қабылдау үрдісі білімгерлердің заттарға деген қызығушылығы мен сүйіспеншілігін тудырып, көркем туынды сомдауға ұмтылыстарын арттырғанын саралау кезінде анықтадық. Берілген тапсырмалар осы кезде, заттар әсемдігі мен көркемдігі туралы бейнелі-визуалдық мәліметтер алып, білімгерлердің бейнелеу тәсілдерімен оны адекватты салуға тырысатындығын көрсетті. Осындай көркем қабылдау мен бейнелеудің негізгі заңдылықтарын игере отырып білімгерлер өздерін шығармашыл тұлға ретінде сезінеді. Өздерін тұлға ретінде сезіну олардың көркем-шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруда басты стимул болып табылады. Оқу үрдісінде игерілген білім негізінде қоршаған ортаны эстетикалық, әсерлі-бейнелік қабылдауда маңызды рөлді - шығармашылық көру, талдау мен ой-қиялды белсендіруге бағытталған, оқу тапсырмалары, қоршаған орта әсері, композициялық жұмыс түрлері алады. Бұл шығармашылықты қалыптастыруда құнды көркем-эстетикалық стимулятор болып табылады. Осындай белсендіру есебінен көркем жұмыс эстетикалық құндылығы арта түседі. Композициялық шығармашылық қызмет – ол адамның жеке дара рухани қалпын айқындылықпен ашатын өзіндік терең құндылықтық көрініс, адамның өзін ашып көрсетуі, өзін өмірде тұрақтандыруы. «Жоғарғы санаға эстетикалық сезімде, талғамда жатады. Ал эстетикалық көркемдік сана мен рухани танымды қалыптастыру тәсілдерінің бірі композициялық қызмет, композициялық шығармашылық. Композициялық қызмет бейнелеу өнері тәсілдерінің барлық түрлері мен қасиеттерін, қоршаған ортаны көркем қабылдау мен көркем образды сомдау мәселелерін толық қамтиды» [3, с.8]. Шығармашылықты белсендірудегі ұтымды тәсілдердің бірі ол эстетикалық әсерлі-сезімдік ақпараттық тәсіл. Сабақ барысында түрлі көркем-танымдық бейнелі ақпараттар беріп, эстетикалық көзқарас пен түсінік қалыптастыру да маңызды. Нысанның көркемдік тұстарын, рухани мәнін, мәндік сипаттарын сезінуге ықпал етуде осы тәсіл арқылы жүзеге асады. Бұл бейнеленетін нысанның немесе тақырыптың эстетикалық көркемдік мінездемелерін сызықтық, түстік, тондық, қатынастарда т.б. белгілер мен қасиеттер, символдар, құрал-тәсілдер арқылы көрнекі көрсету негізінде жүзеге асады. Аталған тәсіл білімгерлердің оқу материалын игеруіне, шығармашылық ойын айқындауға, бейнеленетін нысанның эстетикалық-көркемдік қасиеттері мен мінездемелерін бейнелі елестетуге мүмкіндік беріп, композициялық ойын тұрақтандырады. Бұл жағдайда шығармашылық тапсырмаларды біртіндеп күрделендіріп отыруда маңызды. Мұның бәрі көркем шығармашылық үрдісте жүзеге асады. Көркем бейне пішіні оны орындау үрдісімен тікелей байланысты. Бейнелеу үрдісі бейнені орындау құрал-тәсілдер жиынтығын форматқа орналастыру және көркем ойды материалдандыру жұмысының кезеңдерінен тұрады. Ал бұл жағдайлар композициялық көркем құрылыммен оны материалдандырумен байланысты сәттер болып табылады. Осы көркем бейнелеу қызметінің сәттері мен үрдісін біз композициялық шығармашылықпен байланыстырамыз. Осыдан композиция шығармашылық үрдістің, шығармашылықтың негізі екендігі айқындалады. Композицияға оқыту осы құрал тәсілдерді, бейнелеу материалдарын, бейнелік құрылымды, бейнеленетін

нысанның эстетикалық көркемдік қасиеттері мен мінездемелерін бейнелі елестетуге игертудің педагогикалық технологиялары болып табылады. Мұндай материалданып бейнеленген композициялық бейнелеу құрал-тәсілдері мен оны оқыту әдіс-тәсілдерінің байланысы да композицияның көркем шығармашылықтың негізі, бастау көзі екендігін дәлелді көрсетеді. Алайда композициялық шығармашылықта бейнелеу сауаттылығы мен көркемдік білімді алмастыруға болмайды. Көркем білім, композиция, эстетика мәселелері туралы М.В. Алпатов, А.В. Бакушинский, В.А. Фаворский, Н.Н. Волков, В.С. Щербаков, А.В. Щербаков, Г.В. Лабунская, Н.П. Сакулина, Е.Е. Рожкова, В.Н. Ветров, Б.П. Юсов, [4,5,6,7,8,9,10,11,12,13,14] белгілі өнертанушы, педагог-ғалымдардың ойларын жүйелей отырып төменгідей тұжырымдар жасауға болады. Бейнелеу сауаттылығы, ол техникалық құрал-тәсілдерді меңгерту, ал көркемдік білім ол өнердегі эстетикалық заңдылықтарға негізделген көркем нақыштық, әсерлі-сезімдік құрал-тәсілдерді қолдану шығармашылығы. Композициялық көркем шығармашылық, суретшінің бейнеленетін затқа деген өз рухани әсері мен қатынасын көрсетуге қажетті әсерлі қабылдау мен көркем ойлау жүйесін сипаттайтын эмоционалды-эстетикалық қызмет.

Композиция көркем пішіннің ең маңызды конструкциялық-пластикалық көркем образды сомдаушы компоненті. Көркем образды сомдау мен белгілі бір эмоционалды күйді білдіруде бейнелеу құрал-тәсілдерін, нақыштық элементтерін пластикалы, әсерлі таным-сезіммен бейне мен мазмұн тұтастығын жасауда қолдану да композициялық үрдіс пен шығармашылық.

Композиция – көркем эстетикалық қабылдау, көркем түйсіну, бейнелі мән-мазмұндық ой-жүйе және практикалық көркем қызмет үрдісінде көркем образды шама-шарқынша сомдау қызметі. Композиция өмірді, заттарды, элементтерді эстетикалық қабылдау мен көркем сомдау үрдісінің нәтижесі және басты әдісі болып табылады (Б.П. Юсов). «Композиция организует изображение на всех уровнях, на всех этапах работы живописца – от определения формата до завершающего мазка» [15, с.6].

Көркем шығармашылық қызмет үрдісінде композициялық бейнелеу негіздері: идеялық ойды образдық көрсетуде нүкте, сызықтар, сызықтар түрлерін қолдану тәсілдері; сызық, түс, тон, көлем, жарық көлеңке қатынастары, перспектива, кеңістік, кеңістік туралы ұғым заңдылықтарының негізгі қасиеттері; осы элементтер мен құрал-тәсілдердің көркем образды сомдаудағы көркем пластикалық ерекшеліктері; контраст, ритм, аналогия, симметрия, аллегория, силуэт т.б. көркемдік жасау қасиеттері; тондық және түстік үйлесімдер мен олардың диапазондарының эмоционалды нақыштық қасиеттері; типтілік пен композициялық орталық заңдылықтарының қолданылу аясы; образдың композициялық құрылымы, конструкциясы, структурасы мен нақыштық бейнелік жүйесі т.б. құрал тәсілдер ритмдік қатынастары мен жүйесін композициялық шығармашылықта қолдану мүмкіндіктері де тақырып мазмұнын анықтайды.

Көркем өнердегі психологиялық мәселелерді белгілі ғалымдар Л.С. Выготский, Н.Н. Волков, В.С. Кузин, Б.М. Теплов, П.М. Якобсон [16,17,18,19,20] және басқалар зерттей отырып психологиялық негіздердің көркем шығармашылық процестегі мәнін көрсетеді. Бейнелеу өнері теориясында эмоционалды қабылдау, түйсіну мен көркемдік сана мәселелері жан-жақты талданады. Психологиялық негіздер мен олардың әрқилы компонентері сезім, ес, елес, қиял, ой, түйсік композициялық шығармашылықта орын алатын аса қажетті компоненттер. Мысалы, Б.М. Теплов былай дейді: «С чувства должно начинаться восприятие искусства: через него оно должно идти, без него оно невозможно, но чувством художественное восприятие не ограничивается. Это – восприятие, сначала «чувствующие», а затем «думающие», притом очень глубоко и проникновенно» [21, с.10].

Композициялық ізденісте көркем-эстетикалық танымдық қызмет, шығармашылық әрекет басымдық алады. Шығармашылық ізденісте эстетикалық идеалдар мен идея көркем образды нақышты сомдау мүмкіндіктерін арттырады. Композицияда суретші белгілі бір идеялық мазмұнды жеке дара немесе қоғамдық философиялық, саяси, адамгершілік моральдық, ой тұжырымдарды туындының эстетикалық көркемдік қасиеттерімен көрсетеді. Мұндай идеялық, ой-түйіндік көркемдік әдіс бейнелеу процесінде шығармашылық ізденісті белсендіріп композициялық ұтымды шешім табуға мүмкіндік береді. «Бейнелеу өнерімен айналысудың негізгі көрсеткіші – шығармашылық ізденіске, қабілеттілікке жету. Өйткені, кез келген өнер туындысы, суреткердің қоршаған орта мен өмір болмысының құбылыстарына, оқиғаларға деген эстетикалық, этикалық, танымдық қатынастарының, шығармашылық ойы мен ішкі рухани сезімі арқылы дүниеге әкелген жемісі» [22, с.70]. Білімгерлердің композициялық шығармашылығын белсендіру мақсатында композицияны оқытудың шығармашылық ізденімпаздық әдістерін оқыту үрдісінде жүзеге асыру төменгідей мақсат міндеттерді орындаумен байланысты: оқу білім үрдісінде көркем эстетикалық, танымдық ақпараттарды өз бетінше игеруге үйрету; әрдайым, тұрғылықты түрде өз білім танымдарын кеңейтіп отыруға дағдыландыру; көркем білім негіздерінің жаңа жетістіктерін шығармашылықпен игерту; алған білімдерін өз практикалық тәжірибелік жұмыстарында қолдана білуге үйрету; әрдайым композициялық бейнелеу дағдыларын шыңдап отыру. Осыдан білімгерлердің композициялық шығарма-

шылық қабілеттерін қалыптастыру төменгідей мәселелермен байланысты болады: қоршаған ортаны көркем-эстетикалық қабылдау қабілеттерін дамыту; көркем образдық ой-жүйесін қалыптастыру; көркем нақыштық құрал-тәсілдерді игеру; эстетикалық көркемдік және рухан таным қалыптастыру. Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесінде оны оқытудың түрлі технологиялары қарастырылуда мысалы, А.В. Новикова-ның ұсыныстары суретші педагогтарды түстер үйлесімінің заңдылықтарын игертуге бағытталса [23], И.Н. Тихоненконың еңбегі кескіндемені оқытудағы композициялық ой жүйені дамытуға арналған [24]. Осы негіздерде композиция пәнін оқытуда көркем бақылау мен қабылдау, бейнелеу нысанына эмоционалды сезімдік қатынас, композициялық образдық ойлау, шығармашылық ес қабілетті дамыту композициялық шығармашылықтың негіздері болып саналады. Композициялық бейнелеуде шығармашылық үрдіс құрылымына баса назар аударылады. Себебі бүткіл көркемдік қызмет осы шығармашылық үрдіс компоненттерімен байланысты. Сондықтан, бейнелеу дағдылары мен икемділіктерін игеру процесінде қойылымды тұтас көре білу, бейнелеу құрал-тәсілдерін қолдана білуге үйрену, бейнелеу техникаларын, реалистік тәсілдер мен материалдарды игеру, оларды абстракциялауға, түрлі жағдайда стильдеуге, бейне пішіндерін түрлі жағдайға сай өзгертіп трансформациялауға, қиыстыра қолдануға үйрену барлығы осы композициялық шығармашылық үрдісте орындалады. Өз алған көркем бейнелеу білімдерін, түрлі оқу-тәрбиелік шығармашылық мәселелерді шешуде қолдана білуге үйрету, нақты педагогикалық шеберлікті талап етеді. Сөйтіп оқыту мазмұны мен құрылымы композициялық қабілетті дамытуда көркем шығармашылық үрдіс құрылымымен сәйкестікте анықталады.

Қорытынды. Композициялық шығармашылықты игеру бұл тек қана бейнелеудің формальды заңдылықтарын игеру ғана емес, бұл білімгерді идеялық, рухани танымдық шығармашылыққа баулу. Композициялық қызметте білімгер өзін тұлға ретінде айқын көрсете алады. Мұнда ол өзінің идеялық, дүниетанымдық, рухани және мәдени позицияларын көсетіп шеберлігін, көркемдік эстетикалық мәдениетін паш етеді.

Көркем білім беруде жүйелі композициялық қызмет- өмір мен өнерді, эстетикалық қабылдау мен көркем образдық сомдау үрдісінде білімгердің идеялық бағытын, мәдени болмысын, дүниетанымын, рухани таным-түйсігін кеңейтіп шығармашылық қабілеттерін дамытады. Оны композицияны оқытуда арнайы, бағдарлы жүргізілген тәжірибе нәтижелері нақты деректермен көрсетіп отыр. Композиция пәнін арнайы тәжірибелер мен тапсырмалар арқылы оқыту төменгідей нәтижелер көрсетеді:

- композицияны оқытуда білімгерлердің жоғары дәрежедегі эстетикалық көркем түсініктері қалыптасады;
- бейнелеу үрдісіндегі эмоционалдык-сезімдік түсінігі мен оған көңіл бөлу әдебі артады;
- тапсырмаларды орындау кезіндегі көркем қызметке ынталанулары мен шығармашылық белсенділіктері артады;
- композициялық көркем ой-жүйеге сай әдіс-тәсілдер қолдану дағдылары қалыптасады;
- алынған білім танымдарына қарай ой-қиял өрістері кеңіп, шығармашылық талаптары артады;
- композициялық қызметпен байланысты көркем білім негіздері мен дағдыларын игеруге ынталанады;

Қорытындылап айтқанда, көркем қызмет үрдісінде эстетикалық рухани таным мен шығармашылықты дамыту, композицияның басты құндылығы болып табылады. Олай болса, композиция-білімгерлер шығармашылығының бастау көзі, негізі болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Сухомлинский В. Мудрая власть коллектива. – М., 1975.
2. Медведев Л.Г. Формирование графического художественного образа на занятиях по рисунку: Учеб.пособие для студентов худож.-граф. фак. пед. ин-тов. – М.: Просвещение, 1986. – 159 с., ил.
3. Джанаев М.Б. Бейнелеу өнері композициясы арқылы рухани танымды қалыптастыру // Ізденіс. Халықаралық ғылыми-педагогикалық журнал - «Қазақстан жсоғары мектебі» журналының ғылыми қосымшасы. №2(1) /2015. – Б.6-8.
4. Алпатов М.В. Композиция в живописи. – М.-Л., 1940.
5. Бакушинский А.В. Исследования и статьи. Избранные искусствоведческие труды. – М.: Советский художник, 1981. – 351 с. илл.
6. Фаворский В.А.. Об искусстве, о книге, о гравюре. – М.: Книга, 1986. – 239 с. илл.
7. Волков Н.Н. Композиция в живописи. – М.: Искусство, 1977. – 263 с.
8. Щербаков В.С. Изобразительное искусство. Обучение и творчество. (Проблемы руководства изобразительным творчеством детей). – М.: «Просвещение», 1969. – 272 с. с илл.

9. Щербаков А.В. Проблемы руководства изобразительным творчеством подростков // Вопросы художественного развития школьников на занятиях изобразительным искусством. Сб.н.тр. Под ред.Б.П.Юсова. НИИ общей педагогики АПН СССР, 1981.-159 с.
10. Лабунская Г.В. Изобразительное творчество детей. – М.: Просвещение, 1965.
11. Сакулина Н.П. Развитие художественных способностей. -В сб.: Известия АПН РСФСР. Вып. 100. -М.: 1959.
12. Рожкова Е.Е. Рисование по памяти. -В сб.: Известия АПН РСФСР. Вып.2. – М., 1947.
13. Ветров В.Н. Уровень формализации как критерий художественного развития школьника // Вопросы художественного развития школьников на занятиях изобразительным искусством. Сб.н.тр. /Под ред. Б.П.Юсова. НИИ общей педагогики АПН СССР, 1981. – 159 с.
14. Юсов Б.П. Изобразительное искусство // Искусство в эстетическом воспитании детей различных возрастных групп. Сб.науч.тр. – М.: НИИ общей педагогики АПН СССР, 1978. – 95 с.
15. Даниэль С.М. Картина классической эпохи. Проблема композиции в западноевропейской живописи XVII века. – Л.: Искусство, 1986. – 199 с., 12 л. ил.
16. Выготский Л.С. Психология искусства. – М.: Искусство, 1986. – 572 с.
17. Волков Н.Н. Композиция в живописи. – М.: Искусство, 1977. – 263 с.
18. Кузин В.С. Психология. – М.: Агар, 1997. – 304 с.
19. Теплов Б.М. Избранные труды. -Т.1. – М.: Педагогика, 1985. – 328 с.
20. Якобсон П.М. Психология художественного восприятия. – М.: Искусство, 1964. – 86 с.
21. Теплов Б.М. Психологические вопросы художественного воспитания // Известия АПН СССР. № 11, 1947.
22. Қамақ Ә.О. Сурет өнеріне оқытудың педагогикалық негізі. Оқу құралы.Толықтырылып,өңделіп қайта басылуы. –Тараз: ХҚТУ Тараз институты баспасы, 2009. – 167 бет. 61суретті.
23. Новикова А.В. Колористические основы в системе профессиональной подготовки будущих художников-педагогов // Наука – вуз – школа: сб. науч. тр. молодых исследователей / под ред. З.М.Уметбаева, А.М. Колобовой. – Магнитогорск: МаГУ, 2004.-Вып.9. – С.347-352.
24. Тихоненко И.Н. Развитие композиционного мышления на занятиях живописи у студентов начальных курсов педагогических вузов: Автореф. ... канд. педагог. наук. – Омск, 2005. – 23 с.

ЭОЖ 378
МРНТИ 14.35.01

Б.Ә. Манасов¹

¹Абай атындағы ҚазҰПУ, Өнер, мәдениет және спорт институтының «Дизайн» кафедрасының аға оқытушысы, Қазақстан Республикасының Суретшілер Одағының мүшесі Алматы қ.,Қазақстан.

ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІН ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ПАЙДАЛАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа

Автор мақалада бүгінде орта, арнайы, жоғары орындарының білім беру жүйесінде жаңа инновациялық оқыту технологияларының ішінде айрықша орын алатын интербелсенді оқыту әдістері тиімді, жүйелі пайдаланудың мағызын, орнын анықтаған. Сонымен қатар интербелсенді оқыту технологиясының құралдары мен тәсілдерін оқу үрдісінде пайдалану проблемаларын зерттеген әйгілі отандық, алыс және жақын шетелдік ғалымдардың еңбектерін талдап, саралап өткен. Автор мақалада интербелсенді әдістерді оқытудағы нақты мақсат-міндеттерін, оқытудағы принциптерін, негізгі атқаратын қызметін атап, аталмыш оқыту әдісінің әр түріне жеке-жеке тоқталып, интер, белсенді, құзыреттілік сынды сөздерге анықтама беріп кеткен. Сонымен қатар, бүгінде интербелсенді әдістердің оқыту жүйесіндегі тиімділігін, жәй-күйін сипаттап, оны бүгінде білім беру жүйесінің барлық сатысына кіріктіріп, толықтай енгізу қажеттігіне анықтаған.

Түйін сөздер: интербелсенді, әдіс, көркем білім, құзыреттілік, шығармашылық, проблемалық, диалог, сұхбат, репродуктивті, принцип, дифференциация, бейнелеу өнері, дидактика, педагогика, тренинг, иллюстрация, технологиялар

Аннотация
Манасов Б.А.¹

¹КазНПУ им. Абая, институт искусств, культуры и спорта
Старший преподаватель кафедры "Дизайн", член Союза Художников Республики Казахстан
г. Алматы, Казахстан.

ЗНАЧЕНИЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИНТЕРАКТИВНЫХ МЕТОДОВ ОБУЧЕНИЯ В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ

Автор в статье определил смысл, место эффективного, системного использования интерактивных методов обучения, которые сегодня занимают особое место среди новых инновационных технологий обучения в системе среднего, специального, высшего образования. Кроме того, автором глубоко проанализированы труды известных отечественных и зарубежных ученых, изучивших проблемы использования средств и способов интерактивной технологии обучения в учебном процессе. Также автор выделил конкретные цели, задачи обучения интерактивным методам, основные принципы обучения, функции и т.п. Отдельно остановился на различных видах данного метода обучения, дал конкретные определения таким терминам, как «интер», «актив», «компетентность». Вместе с тем, автор отмечает что сегодня эффективность внедрения и использования в учебном процессе интерактивных методов обучения показывает высокий уровень качества системы обучения. В связи с этим автор особо отмечает необходимость внедрения и интеграции данного метода обучения на всех уровнях и этапах системы образования.

Ключевые слова: интерактивный, метод, художественное образование, компетентность, творческий, проблемный, диалог, интервью, репродуктивный, принцип, дифференциация, изобразительное искусство, дидактика, педагогика, тренинг, иллюстрация, технологии

Abstract
Manasov B.A.¹

¹KazNPU named after Abay, Institute of the arts, culture and sports
Senior lecturer of the Department "Design", member of the Union of Artists of the Republic of Kazakhstan,
Almaty, Kazakhstan.

THE IMPORTANCE OF USING INTERACTIVE TEACHING METHODS IN THE EDUCATIONAL PROCESS

The author in the article defined the meaning and place of effective, systematic use of interactive teaching methods, which today occupy a special place among new innovative teaching technologies in the system of secondary, special, and higher education. In addition, the author thoroughly analyzes the works of well-known domestic and foreign scientists who have studied the problems of using the means and methods of interactive learning technology in the educational process. The author also identified specific goals, tasks of teaching interactive methods, basic principles of teaching, functions, etc. Separately, he focused on the various types of this method of training, gave a specific definition of such terms as "inter", "asset", «competence». At the same time, the author notes that today the effectiveness of the introduction and use of interactive teaching methods in the educational process shows a high level of quality of the training system. In this regard, the author emphasizes the need to introduce and integrate this method of teaching at all levels and stages of the education system.

Key words: interactive, method, art education, competence, creative, problem-based, dialogue, interview, reproductive, principle, differentiation, fine arts, didactics, pedagogy, training, illustration, technology

Кіріспе бөлім. Қазіргі мектептерде әлеуметтік жағынан белсенді, еркін ойлай алатын, өздігінен ақпаратты меңгере білетін, саналы, шығармашыл оқушы тәрбиелеу талабы қойылуда. Соған байланысты орта сыныптан бастап оқушылардың оқуға, еңбек етуге танымдық қызығушылығын, шығармашылық белсенділігін қалыптастыру қажеттігі туындайды.

Білім беруді белсендірудің сұрақтары қазіргі заманғы педагогика ғылымы мен практикасының барынша маңызды мәселелерінің қатарына жатады. Оқытуда интерактивтілік принципін іске асыру

белгілі бір мағынаға ие, себебі оқыту мен даму қызметтік сапаға ие және оқудың қызмет ретіндегі сапасына оқушыларды оқытудың, дамытудың мен тәрбиелеудің нәтижесі тәуелді болып отыр.

Интерактивті яғни интербелсенді әдіс дегеніміз ол (интерактивті «Inter» - өзара, «act» - әрекет ету деген мағынаны білдіреді) біреумен өзара әрекет етуді, сұхбат, диалог режимінде болуды білдіреді. Басқаша айтқанда, белсенді әдістерге қарағанда оқушылардың өзара әрекеті тек оқытушымен ғана кең көлемде әрекет етуге бағытталмаған, ол оның үстіне олардың бір-бірінің және оқу процесінде оқушылардың белсенділік орнатуына да бағытталған. Көбісі белсенді әдістер мен интерактивті әдістерді бірдей деп есептейді, алайда ұқсастықтарының болуына қарамастан олардың айырмашылықтары бар. Интерактивті әдістерді белсенді әдістердің заманауи барынша жетілдірілген формасы деп қарастыруға болады [1, 204-206 б.].

Интерактивті оқыту технологиясын, әдістерін, құралдары мен тәсілдерін оқыту процесінде пайдаланудың сұрақтарына көптеген шет елдік (Струнина А.А., Мищенко И.В., Чернецкая Н.И., Дмитриева И.А., Бизиева С.А., Горбаченко И.М., Горяинова И.А., Рафикова Р.С., Садчиков С.М., Курышева И.В., Харханова Г.С., Рогинко Е.В., Кэтрин Т., Эслинге Э.М., Ханжи Р.Р., Скриптур Ж., Лир Дж., О'Брайн К.А., Титтерингтон Л.Ц., Гойбл К.А., Джонсон Д.А. және т.б.) және Отандық ғалымдармен (Васенкова М.В., Пономаренка Е.В., Алдабергенова, А.О. Мырзабаев, А.Б. және т.б.) зерттеулер жүргізілді.

XXI ғасырдың келуімен қоғам сұранысы дамуының жаңа кезеңі анықталды. Жаңа қарым-қатынас формаларының құрылуы, экономиканың күрделі шарттары адамнан өз бетінше өмірдің көптеген сұрақтарын белсенді түрде шешуге дайындауды, оның ішінде болашақта жұмысқа орналасуын, ақпарат әлемінде өздігінен орнын таба білуде мүмкіншіліктерін ұйымдастыруын, білімдегі бос орындарды тез толықтыруын талап етеді. Қазіргі замандағы жоғары білім беретін мекеме иесіне шынайы өмірдің қоятын талаптары күзіндеттілігі бойынша жай ғана жоғары деңгейде емес, олар оның үстіне сан алуан, дәстүрлі көзқарастардың негізінде жиі ерекшеленеді және ең бастысы, нақты жағдайларға тәуелді болып, үнемі өзгерістерге ұшырап отырады. *Мұндай талаптарға мыналарды жатқызуға болады:*

- туындаған проблемаларды сыни тұрғыда ойша шеше алу қабілеті;
- бірқатар альтернативті және шығармашылық ізденістің негізінде шешім қабылдау;
- мәдени және іскерлік коммуникацияларға деген мүмкіндік.

Бұдан біз қазіргі заманғы мектептің де өзекті мәселесі болып білім беруде күзіндеттілікті іске асыру болып табылатындығын көруімізге болады. Алайда, орта мектепте «күзіндеттілік» әрқашанда үйреншікті болған емес. Күзіндеттілік білімнің емес, біліктіліктің аумағына қатысты дүние. Күзіндеттілік – бұл оқудың арқасында алынған білімге, тәжірибеге, құндылықтарға, икемділіктерге негізделген жалпы адам мүмкіндіктері. Күзіндеттілік – біліктілікті, әрекетті тудыратын нәрсе. Оны білім мен жағдайдың арасында байланысты орнатудың мүмкіндігі немесе кең мағынасында сол немесе өзге де мәселені шешуге келетін процедураны (білім және әрекет) анықтау, табу мүмкіндігі ретінде қарастыруға болады [2, 12-13 б.].

Негізгі бөлім. Білім беру жүйесінің, оның тұрақталу процесі жалғасып жатқан қайта құрылу жағдайында кілттік күзіндеттіліктердің тізімін нақты анықтау мүмкін емес. Сондықтан, біз, әсіресе демократиялық қоғам мен дамыған нарықтық экономиканың құрылуында өзекті кейбір күзіндеттіліктердің жиынтығы, нақты айтқанда, күзіндеттілік көздерін, жалпы және қолданбалы пәндік білімдерді, өмірлік дағдыларды қалыптастыру жайында айта аламыз.

Оқу қызметінің табыстылығы бүгінгі таңда тек қана не оқытылып жатқанына байланысты емес, сонымен қоса оның қалай оқытылып жатқанына да байланысты: оқытудың репродуктивті, не болмаса белсенді әдістері арқылы жеке дара немесе ұжымдық, авторитарлы немесе гумандық жағдайларда, көңіл бөлуге, қабылдау мен есте сақтауға бағытталған тірек негізінде немесе адамның тұтас тұлғалық белсенділігіне байланысты.

Оқушылар белсенділігінің сұрағы қазіргі заманғы педагогикалық ғылымның және тәжірибесінің маңызды мәселелерінің біріне жатады. Оқудағы белсенділік принципін іске асыру белгілі бір мағынаға ие болып отыр, себебі оқу мен даму қызметтің белгілі бір сапасын береді және қызметтік тұрғыдағы оқытудың сапасына оның нәтижесі, оқушылардың дамуы мен тәрбиесі тәуелді болады.

Қазіргі заманғы мектепте оқытушы қызметі білімді меңгеруде оқушылардың қызығушылықтарының артуына, өзіндік жұмыс істей алуына, шығармашылық белсенділігіне, білім, білік, дағдыны қалыптастыруға, оларды іс-тәжірибеде көрсете алу мүмкіндіктерін қалыптастыруда оқытудың осындай формаларын, мазмұндарын, әдістері мен құралдарын құруға және қолдануға бағытталған болуы керек.

Кез келген проблема өз негізінде қарама-қайшылыққа ие және жүйе элементтерінің үйлесімді бола бермейтіндігін білдіреді. Осылайша, мысалы оқыту мен тәрбие берудің жаппай өріс алу сипаты әрбір жеке тұлғаның өзіне ғана тән оқу ырғағының, танымдық және шығармашылық мүмкіндіктерінің өзіндік деңгейімен қарама-қайшылыққа түседі. Берілген қарама-қайшылық оқытудың дифференциациясы мен жеке тұлғаға бағытталуын туындатады.

Жалпы бейнелеу өнері пәнін де педагогиканың дидактикалық бөлімінде ұсынылған оқытудың әдістерінің қай-қайсының алсақ та түгелдей қолдануға болады. Бірақ, бір өкініштісі – бұл пәнді оқытатын мұғалім дайындығында педагогиканың оқылуына, дидактикалық әдістер туралы түсініктің меңгерілуіне жеткілікті көңіл бөлінбейді. Соның салдарынан мектепке келгенде бейнелеу өнерінен сабақ беретін мұғалім өз-өзінен төтенше әдіс іздегендей кейіпке келеді. Бұл айтылған пікірді шындығын ғылыми зерттеу жүргізген Н.Н. Ростовцев те өзінің «История методов обучения рисованию» атты еңбегінде қуаттайды [3, 55 б.]. Оған қоса Н.М. Сокольникова атты автордың еңбегі біз айтқан кемістіктің бар екендігін айта отырып, дидактиканың әдістерін пайдалану үлгілерін нақты мысалдармен көрсетіп береді. Ол бейнелеу өнерінің пәні бойынша сабақ өткізуге түсіндірмелік-иллюстративтік және сөздік әдіс, экскурсия әдісі, проблемалық, көрнекілік, сабақты ойын түрінде жүргізу әдістерін қалай қолдану үлгілерін көрсетеді [4, 65 б.]. Бұл әдістердің әрқайсысы әр дәрежеде (бір әдістің қолданылуында мүмкіндік басым, енді біреуінде ол азырақ болуы мүмкін) баланың ақыл-ойын жетілдіріп, қиялын ұштайды, ізденушілікке жетектейді. Оның нақты өнерді танып алуына көмектеседі.

Негізінде педагогикада білім беру процестерін талдауда қолданылатын дәстүрлі категориялары болып оқытудың мақсаты, мазмұны, формалары, әдістері мен құралдары табылады. Нақты пән бойынша осы категориялар оқу немесе оқу-тәрбиелік процесті ұйымдастырушы педагог қызметінің пәні ретінде танылады. Бұл педагогикалық категориялардың мақсатты түрде қолданылуын басқаруда жүйекұраушы факторлары болып педагогикалық және оқыту қызметтерінің заңды түрде қолданылу принциптері саналады. Педагогикалық категориялардың бұл қоры қоғам ұсынып отырған білім беру мақсаттарын жүзеге асыруда ұзақ уақыт бойы жеткілікті болып келді.

Білім берудегі интерактивті технология сабақ барысында оқушылардың сабаққа қатысуын ұйымдастыратын оқыту формасы. Интерактивті технология мүмкіндіктерін пайдалана отырып өткізген сабақтар мұғалімнің оқу процесінде уақытын үнемдей отырып, оқушыларға көптеген ақпараттарды беруге көмектеседі. Интерактивті технологияның керемет мүмкіндіктері оқушыларды таңғалдырады, шабыттандырады. Оқушылар ойнап отырмыз деп ойлайды, шындығында олар қызығып, таңғалып, шабыттана отырып білім алады.

Алайда, республикамыздың жалпы білім беретін мектептердің оқу процесінде, тұрасында бейнелеу өнері сабағында осы және өзге де оқыту технологияларын жаппай қолдану бірнеше себептерге байланысты ақсандап тұр:

- Біріншіден, қазіргі мектептердің барлық педагогикалық құрамы сол немесе өзге де технологиялардың талаптарымен сәйкес келетін оқытуға көшуге дайын еместігі өз алдына бір себеп.
- Екіншіден, мектептердегі оқу процесін технологизациялау мәселесі бойынша өздерінің күнделікті тәжірибесінде белсенді қолдана алатындай, оқытушылардың өздері өз бетімен кез келген технология негізін оқып, меңгеруге болатын жүйелі-әдістемелік әдебиеттердің жоқтығы екінші бір себеп болып табылады.

Шын мәнісінде білім беру мекемелерінде жасөспірім шақтағы қызметтің мұндай маңызды түрін атап көрсететін адам кемде-кем. Тұлға дамуының бұл қажетті шарты қолға алынбай сол айтулы күйінде қалуда: ол жасөспірімдердің қайсысында және қалай қалыптасады немесе қалыптаспайды – үлкендерді мазалауы шамалы, бастысы балалардың сабағын оқуы [5, 6 б.].

Интерактивті тренингтер, интерактивті ойындар және өзге де интерактивті формадағы жұмыстар бейнелеу өнері сабағында қолданылуы тиіс, олар оқушылардың бойында еркін ойлау қабілетін, тапсырманы стандартты емес формада, яғни, сол немесе өзге де тапсырмаларды шешуде шығармашылық тұрғыдан қарауға үйретеді. Оқытушы оқушылармен біріккен қызметте олардың бойында шығармашылық қабілеттерді қалыптастырады, алынған дағдыларды практикада қолдану тәжірибесін байытады. Шығармашылық қызметтің тәжірибесі мен шығармашылық қабілеттердің дамуы және т.б. кеңейеді.

Бұдан біз, бейнелеу өнері сабағы барысында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін интерактивті оқыту әдістерінің көмегімен дамытуды зерделей келе:

- шығармашылықтың ұғымына және оның негізгі компоненттеріне байланысты философтардың, педагог-психолог ғалымдардың ғылыми-теориялық еңбектеріне талдау жасалды;

- бейнелеу өнері сабағы барысында интерактивті оқыту әдістерін қолдану арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда арнайы жүргізілген зерттеулер мен ол жайында жеке жарық көрген ғылыми еңбектің жоқ екеніне іс-жүзінде көз жеткізілді;

- интерактивті оқыту әдістерін бейнелеу өнері сабағы барысында қолдану арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, педагогикалық шарттары анықталды.

Сонымен, интерактивті оқыту әдістерін бейнелеу өнері сабағында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда қолдану – білім беру процесінің аясында оқушылардың шығармашылық қызметке бағдарлануына және білім алу барысында оны іздеуде белсенділік танытып, жаңа шығармашылық шешімдер қабылдауына, оқушылар тұлғасының өзіндік және шығармашылық дамуына қол жеткізуде ұйымдастырушылық формаларды құру дағдыларының дамуына жағдай жасайтын оқыту процесінің барлық құрылымдық компоненттерінің өзара ықпалдастық байланысын құруды көздейтін күрделі білім беру процесі деп анықтама беріп, қорытынды шығаруымызға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда бейнелеу өнерін оқыту қолданбалы сипатқа ие. Оқу процесінің тиімділігі көбінде оқытушының сабақты дұрыс ұйымдастыру мен оны жүргізудің сол немесе өзге де формасын таңдау шеберлігіне байланысты.

Интерактивті оқыту әдістеріне арқа сүйейтін оқу процесі танымдық процеске оқушылар тобының барлық мүшелерінің қатысуымен ғана жүзеге асырылады. Өзара қызметтестік әрбір топ мүшесі өз септігін тигізеді дегенді білдіреді, яғни жұмыс барысында білім алмасу, пікір айту, қызмет тәсілдері жүреді. Жеке дара, жұптық және топтық жұмыстар ұйымдастырылады, жоба жұмысы, рөлдік ойындар қолданылады, оқу құжаттары мен өзге де ақпарат көздерімен жұмыс жасау қолға алынады.

Интерактивті әдістер өзара әрекет ету принципіне, оқушылардың белсенділігіне, топтық тәжірибеге арқа сүйеуге, міндетті түрдегі кері байланыстың болуына негізделген. Ашықтықпен, оқушылардың өзара әрекет етуімен, олардың ортақ аргументтерінің бірізділігімен, өзара білім қорының ұлғаюымен, өзара бағалау мен басқаруға деген мүмкіндіктерімен ерекшеленетін білім беру ортасы құрылады.

Интерактивті оқыту нақты және алдын ала болжанатын мақсаттарды көздейді. Осы мақсаттардың бірі оқу процесін жемісті ете түсетін, оқушы өзінің табыстылығын сезінетін оқудағы қолайлы жағдайларды құруға бағытталған.

Интерактивті оқытудың анықтаушы белгісі болып оқушылардың белсенділікті танытуы мен дене белсенділігінің (сынып бойынша қозғалуы, жұмыс орнын ауыстыруы, сурет салу, бейне жазбаларды іске асыру және т.с.с.), әлеуметтік белсенділігінің (пікір, ой алмасу, өз көзқарасын қорғау және т.с.с.) және танымдық белсенділігінің (өзін тәжірибе көзі ретінде тану, мәселе шешімін іздестіру және т.с.с.) өзара байланыста болуы табылады.

Интерактивті әдістерді іске асырғанда басымдылыққа түсініктемелі-иллюстрациялық әдістерге қарағанда оқытушының (білім беру) қызметі ие болмайды, керісінше оқушы (білім алу) ие болады. Оқытушы белсенділігі оқушы белсенділігіне орын береді, оның мұндағы міндеті енді оқушылардың белсенділігі үшін танымдық қызметте жағдайларды тудыру болып табылады. Оқытушы жай ғана дайын білімді беруші рөлінен бас тартып, іздемпаздылыққа, процестер мен жағдайларды зерттеуге, туындап отырған мәселені жеке дара шешуге итермелейтін оқушылардың қоршаған орта шындығы жайындағы білімдерін жемісті етуде олардың танымдық қызметін ұйымдастырушы ретіндегі тек ақпарат көздерінің бір бөлігі мен олардың жұмыстарындағы көмекшінің функциясын атқарады [6, 6 б.].

Қорытынды. Бүгінде интерактивті оқыту әдістерін көркем білім беру жүйесінде өз дәрежесінде кіріктіріп, пайдалану қазіргі заманғы пән мұғалімдеріне қиындықтар туғызуда. Бұған қарамастан, қазіргі кезде мамандардың пікірі бойынша оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру, дамытудың бірден бір тиімді жолы болып аталмыш оқыту әдісі мен технологиясы болып табылады. Сондықтан, берілген тақырып өзекті болып табылады, себебі қоғам мен ғылыми-техникалық үрдістің дамуы көркем білім беру жүйесінде де өзгерістердің орын алуына себепкер болды. Бұл интерактивті оқыту технологияларының тек қазіргі заманғы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамуында ғана қажет дүние емес екендігімен, сонымен қатар қазіргі заманғы қоғамның белгілі бір мүшесі болып қалыптасатын толық тұлға яғни, оқушылардың конструктивті, көркемдік, логикалық ойлау қабілеттерінің қалыптасуына да өз септігін тигізеді анық. Бүгінде негізгі әдістемелік жаңалықтар нақ осы интерактивті оқыту әдістерін қолданумен байланысты. Осыған орай, интерактивті оқыту әдістері мен формаларын оқу үдерісіне толық дерлік енгізу қажеттігі күннен күнге артуда. Сонымен қатар оқу процесінде оқушылар білім, білік, дағдылары дайындығының жоғарғы деңгейде дамытудағы маңызды бағыттардың бірі екенін атап өтуге болады.

Әдебиеттер:

1. Сластенин, В.А. Педагогика: учебное пос. для студ. высш. пед. учеб. заведений / В.А. Сластенин, И.Ф.Исаев. – М.: Академия, 2002. – 576 с.;
2. Зимняя, И.А. Ключевые компетентности как результативно-целевая основа компетентностного подхода в образовании. Авторская версия. – М.: Изд. центр проблем качества подготовки специалистов, 2004. – 42 с.;
3. Ростовцев Н.Н. Методика преподавания изобразительного искусства в школе. – М.: Просвещение, 1974. – 245 с.
4. Сокольникова Н.М. Изобразительная искусство и методика его преподавания в начальной школе. – М., 2003. – 264 с.
5. Кибирев, А.А., Вережкина, Т.А. Интерактивные методы обучения: теория и практика. – Хабаровск: ХКИППК ПК, 2003. – 117 с.
6. Каишев, С.С. Интерактивные методы обучения: учебно-методическое пособие / С.С. Каишев. – Минск: Тетра Системс, 2011. – 224 с.

ӘОЖ 74
МРНТИ14.35.07

К.И. Құдабаева¹

¹педагогика ғылымдарының кандидаты, Евразиялық дизайнерлер Одағының мүшесі
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет
Алматы қ., Қазақстан, klara-kudabayeva@mail.ru

ДИЗАЙНЕРДІҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа

Берілген мақалада тарихи даму контекстіндегі танымал бейнелеу өнері шеберлерінің көркемдік тұжырымдамалары, техникалық әдістері мен шығармашылық әдістері қарастырылады. Ежелгі Грецияда, Қайта өрлеу дәуірінде сурет салуды оқыту әдістемесі сипатталған. XVIII-XIX ғасырлардағы орыс реалистік сурет мектебінің нақты әдістері анықталды. Сурет салудың суретші-дизайнер мен стилистің кәсіби қызметіне техникалық дайындық ретіндегі рөлі ашылды. Дизайнердің танымдық қабілеттерін қалыптастырудағы графикалық пәндердің маңызы анықталды. Студенттерді шығармашылық жасампаздыққа және идеяны реалистік сурет арқылы ашып, іске асыру арқылы терең идеяларды жүзеге асыруға итермелейді. Өнер мамандықтарын сурет салуға үйрету табиғи мотивтің көлемдік-кеңістіктік көрінісін, кез-келген модельдің құрылымын тұтас және әр түрлі форма ретінде түсінуді, шындықты қабылдауды сызықтармен, штрихпен, өңдермен, қағаздағы дақпен жеткізе білуді нығайтады және дамытады Танымал классик-суретшілердің төл туындыларына сипаттама берілді

Түйін сөздер: тұжырымдама, техникалық әдістер, әдістер, шығармашылық, танымал шеберлер, бейнелеу өнері, тарих, даму, сурет салу.

Анотация

Құдабаева К.И.¹

¹кандидат педагогических наук, член Евразийского Союза дизайнеров
Казахский национальный педагогический университет имени Абая

ФОРМИРОВАНИЕ ПОЗНАВАТЕЛЬНЫХ СПОСОБНОСТЕЙ ДИЗАЙНЕРА

В данной статье рассматриваются художественные концепции, технические приемы и методы творчества известных мастеров изобразительного искусства в контексте исторического развития. Описана методика обучения рисованию в Древней Греции, в эпоху Возрождения. Определены специфические приемы русской реалистической художественной школы XVIII-XIX веков. Раскрыта роль рисования как технической подготовки к профессиональной деятельности художника-дизайнера и стилиста. Определено

значение графических дисциплин в формировании познавательных способностей дизайнера. Побуждает учащихся к творческому созиданию и реализации глубинных идей через раскрытие и реализацию идеи через реалистическую картину. Обучение рисованию художественных профессий укрепляет и развивает объемно-пространственное представление природного мотива, понимание структуры любой модели как целостной и разнообразной формы, умение передавать восприятие действительности линиями, штрихами, фонами, пятном на бумаге. Дана характеристика произведений известных художников-классиков

Ключевые слова: концепция, технические приемы, методы, творчества, известные мастера, изобразительное искусства, история, развитие, рисования.

Abstract

Kudabayeva K.I.¹

*¹Candidate of pedagogical Sciences, member of the Eurasian Union of designers
Kazakh national pedagogical University named after Abai*

THE FORMATION OF COGNITIVE ABILITIES OF THE DESIGNER

This article discusses artistic concepts, techniques and methods of creativity of famous masters of fine art in the context of historical development. The article describes the method of teaching drawing in Ancient Greece, during the Renaissance. Specific techniques of the Russian realistic art school of the XVIII-XIX centuries are defined. The role of drawing as a technical preparation for professional activity of an artist-designer and stylist is revealed. The importance of graphic disciplines in the formation of cognitive abilities of the designer is determined. Encourages students to creatively create and implement deep ideas through the disclosure and implementation of ideas through a realistic picture. Learning to draw artistic professions strengthens and develops the three-dimensional representation of a natural motif, understanding the structure of any model as a complete and diverse form, and the ability to convey the perception of reality with lines and strokes, The characteristic of the works of famous classical artists is given

Keywords: concept, techniques, methods, creativity, famous masters, fine arts, history, development, drawing.

Бұл мақалада тарихи даму контекстіндегі танымал бейнелеу өнері шеберлерінің көркемдік тұжырымдамалары, техникалық әдістері мен шығармашылық әдістері қарастырылады. Ежелгі Грецияда, Қайта өрлеу дәуірінде сурет салуды оқыту әдістемесі сипатталған. XVIII-XIX ғасырлардағы орыс реалистік сурет мектебінің нақты әдістері анықталды. Сурет салудың суретші-дизайнер мен стилистің кәсіби қызметіне техникалық дайындық ретіндегі рөлі ашылды. Дизайнердің танымдық қабілеттерін қалыптастырудағы графикалық пәндердің маңызы анықталды. Студенттерді шығармашылық жасампаздыққа және идеяны реалистік сурет арқылы ашып, іске асыру арқылы терең идеяларды жүзеге асыруға итермелейді. Өнер мамандықтарын сурет салуға үйрету табиғи мотивтің көлемдік-кеңістіктік көрінісін, кез-келген модельдің құрылымын тұтас және әр түрлі форма ретінде түсінуді, шындықты қабылдауды сызықтармен, штрихпен, өңдермен, қағаздағы дақпен жеткізе білуді нығайтады және дамытады [1].

Дизайн дизайнердің өзін-өзі көрсететін орын емес, клиенттің міндетін шешуі керек. Көптеген бастаушы дизайнерлер клиенттің міндеттеріне қарамастан ұқсас стильдегі жобаларды жасайды. Тәжірибе арқылы дизайнер өзінің қалауына қарағанда жобаға көбірек көңіл бөледі. Сондай-ақ, суретшінің өз жұмысында жиі жұмыс уақыты болмайды. Оған төмендегі мысалдар дәлел бола алады. Бейнелеу өнер туындыларына. Ә.Қастеев «Бие сауу», И.И. Шишкин «Қара бидай», В.М. Васнецовтың «Аленушка» туындыларына талдау жасалған. «Бие сауу» картинасын талдау. Әбілхан Қастеев-Қазақстан Республикасының халық суретшісі. Қазақ ССР мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Совет қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушыларының бірі. Ә.Қастеев 1904 жылы Жаркентке таяу маңдағы Шыжың жерінде кедей малшы семьясында дүниеге келген. Қастеевтің өнерін "өнерге дейін" және "өнерде" деп бөлудің қажеті жоқ. Оның бүкіл тағдыры қазақ киіз үйінде өмірмен тығыз байланысты. Қастеев өз шығармаларында еңбек адамдарын, өз өлкесінің табиғатын, шындық болмыстың қиындықтары мен қуаныштарын арқау етеді. Оның творчествосының негізгі жемісі адам мен табиғат арасындағы тығыз байланыс болып табылады. Ә.Қастеевтің алғашқы кездегі творчествосының зор жемісіндегі ұлттық ерекшелікті, сезімді көрсетуге құрылған портрет болды. 1939 жылы Ә.Қастеев Қазақстан азамат соғысы жылдарында аты

аңызға айналған батырлардың өміріне арналған бірнеше акварельді беттер құрды. Мысалы, қазақ халқының ер жүректілігі мен батырлық белгісі болған халық батыры А.Имановтың портретін салды.

"Бие сауу" картинасында /1936/ суретші Қастеев үш жоспарда, ауалы перспективаны пайдалана отырып, туындының бірінші жоспарында жанрлық көріністі бейнелеген. Бұл туындының сюжетті орталығы бие сауу. Бірінші жоспардан үшінші жоспарға дейін жасыл көктемгі жібек өсіп келе жатқан шөп егістікке төселіп тасталғандай. Авторда әр түрлі ырғаққа бейнеленген. Туындының екінші жоспарында біз шелекпен келе жатқан қойшыны, алыстан жер тепкілеп келе жатқан салт аттыны және әр түрлі өмірдің келбеттерін көреміз. Алыстан келе жатқан адамның жолы тереңнен тереңге салынған, ол жүріп келе жатқан өмірді бейнелейтін сияқты. Суретші екінші жоспарда адамдарды әр түрлі ырғақты ретте, қозғалысты, өмір тіршілігін көрсете отырып мәнерленген. Туындының үшінші жоспарында суретші ауыл киіз үйлерін ырғақты тыныштықтағы күйлерін бейнелеген. Бұнда жаңа туып келе жатқан жаңаша өмірге байланысты, киіз үйдің онына жаңа өмірге сай үйлер пайда болатынын сезініп үшінші жоспарға жібергендей. Ал ауылдан тыс алыстағы кеңістікті таулы жүйе тұйықтайды. Көкжиек сызығы туындының ортасынан өтеді. Сондықтан біз өзімізді табиғаттың, жердің ортасында тұрғандай сезінеміз. Ауыл мен даланың үстінде көптеген жарықтар, азғантай бұлттар мен биік аспан. Суретші аспан түсін жақсы, айқын тегіс емес бояу техникалық - тәсілін қолдана, ауалы перспективаны пайдалана отырып, айқын көрінетін бұлттармен қоса күлгін түсті көк түспен эмоционалды мәнерленген. Туындының тепе-теңдік заңының сақталуы, бұнда суретшінің симметрия тәсілін қолданудан деп айтуға болады. Туындыда орташа масштабты пайдаланған. Жалпы туындыда тегіс етіп бояу техникалық тәсілі қолданылып, суретші қарама-қарсы өңдерді пайдалана отырып шешімін тапқан. Туындының түсі байсалды, ашық көктем сезімімен, көтеріңкі көңіл күйді тудырады. Қазіргі кезде бастауыш мектепке бейнелеу өнері сабақтары басқа сабақтармен тығыз байланыста және тақырыптары да ортақ, яғни пән аралық байланыс жүзеге асады. Бүгінгі таңда экология, «табиғат-ауыл-жер» мәселесінде 1 суреттегі Қастеевтің "Бие сауу" [2] туындысын табиғат тану сабағында қоршаған ортамен таныстыру кезінде оқу, ән, еңбек, қазақ тілі т.б. сабақтарында қолдануға болады.



1-сурет. А.Қастеевтің "Бие сауу" картинасы

Іс жүзінде бұл тақырыпты барлық сабақтармен байланыстыруға болады. Мысалы, оқу сабағында "үй жануарлары", "қазақстан жануарлары", "жалпы жануарлар туралы жұмбақтар", т.б. тақырыптарды өткенде осы туындыны қолдануға болады, қатысатын компьютерде ойнайды. Балалар сабақта олармен танысады, аттар туралы біледі, олар да туындыда Қазақ, орыс тілі сабақтарында бұл туындыны балаларға шығармаларда, қазіргі компьютерлік заманында балалар заттар мен бейнеленген аттармен салыстырады, ұқсастарымен айырмашылықтарын табады. Бұл туынды бізге жануарлар туралы тақырыпты өткен кезде ән сабағында да көмектеседі. Осы тақырыпқа әнді үйренген кезде осы туындыны көрсетіп, туынды мен қандай сезіммен көңіл-күйді беретінін сұрау керек. Осы мысалдар мен бейнелеу өнері сабақтарын басқа пәндерде де қолдануға болатынын көруге болады. Келесі қарастырылатын туынды «Қара бидай» [3]. («Рожь») туындысын талдау. Бүгінгі таңда көкейкесті мәселе бейнелеу өнерінің түрі кескіндеме, жанрына келетін болсақ, пейзаж. Біздің алдымен кен, көрнекті шексіздік ашылады. /Қара бидай/ горизонтқа жеткенше иін тіресіп тұрғаннан мен даладан жол жалғай кетеді. Мөлдір көк аспанға әсем биік зәулім қарағайлар бой көтереді. Бұл кезде суретші сызықтық ауалы перспективаларды қолданған. Туындының жоспарынан осындай жалпы күшті әсер алуға болады. Сюжеттегі пішіндерді орынмен қолдануы суретшінің табиғатты терең білетінін дәлелдейді. Туындының бірінші жоспарын алтындаған қара бидай өзінің ауыр масақтарын жерге дейін ырғалып иіліп тұр, нанда шықтар көрінеді. Туындының үшінші жоспарын-

да горизонтан ауыр бұлынғыр бұлт көрінеді. Нөсерлердің алды, яғни жаңбыр жауады. Бидайдың оң жағында зәулім қарағай өсіп тұр. И.И. Шишкин «Қара бидай» туындысына 3 сурет орыс жерінің керемет үлгісін береді. Өз туындысы үшін суретші неғұрлым үлкен өлшемдегі аумақты таңдап алған. Формат горизанталды, композицияны жол біздің көзқарасымызды қара бидайдың алтын теңізіне шексіз алып баратындай етіп алған суретші ауалы перспективаны қолданған. Шишкиннің туындысы-типтік орыс жазықтығының пейзажы. Туынды мотивтік өмірлік мәніне, образдың ішкі мақсаттылығына, көркемдік идеясын тереңдігіне байланысты үлкен әсер тудырады. Суретші осы туындыны сала отырып табиғаттың байлығына зор сенімді туғызатынын сезінуге болады. Сол арқылы ол адам еңбегін өте жоғары бағалайды. Шишкин туындысына қара бидай – халық қолының ісі, творчестволық күштің нәтижесі. Осы арқылы суретші туындыда адамның бетін табиғатқа, оның әсемдігі мен жер анаға қарату мәселесін көтереді.




2-сурет. Шишкин «Қара бидай» туындысы

«Аленушка» туындысын талдау [4]. Виктор Михайлович Васнецов /1848-1926/ өзінің творчестволық жұмысын суретші жанры ретінде бастады. Ол өзінің мамандығын орыс ертегілерімен аңыздарының сюжеттеріне, халық қиялынан шыққан жоғарғы поэтикалық шығармалардың мазмұнына бағыштады. Оның жұмыстарын оңай тануға болады. Бұл оны қазіргі суретшілердің туындыларынан ажыратып тұрады. Суретшіні өзіне тартқанда, оны толғандырған да орыс халқының аңыздары, ертегілері, ұлттық тарихының байлығы еді. Жаңа кең ауқымды тіл енді орыс кескіндемесінен ерекше, күшті және кездейсоқ белең алды. 1881 жылы В.М. Васнецов орыс ертегісінің сюжетіне байланысты өзінің көрнекті шығармаларының бірі "Аленушканы" 25 суретті жазды. Ертегінің жүрекке жылы тиетіні мен нәзіктігі және терең поэтикалығы суретшінің ұшқыр жүрегін толғандырды. Васнецовтың туындысы ертегі сюжетінің қайта жаңғыруымен емес, оның эмоционалды қатарға терең енуімен ерекшеленеді. Қыздың ұйып қатып тұрған келбеті, еңкейген басы, иығына түскен сарғылт шашы, көзқарасындағы толық мұң-бәрі Аленушканың қайғысы мен уайымы туралы айтады. Табиғат оның көңіл-күйімен үндеседі. Ол да қызбен бірге үндеседі. Қыздың басының үстінен көк теректер бұтақтарын иіп, жапырақтары тас пен шалғынға түсіп жатыр. Қарлығаштар үнсіз ұшады. Суретші Аленушканың мінезі мен ішкі әлемін, жан күйзелісін көрсетеді. Көрерменде оны түсінушілікпен қайғысына ортақтасу сезімі оянады. "Аленушка" туындысы орыс табиғатының поэтикалығымен бірге халық ертегісінің поэзиясы алынған орыс сыршырайының алғашқыларының бірі. Суретші ертегінің эстетикалық мәнін қарама-қарсы түстер арқылы ашады. Жағымды кейіпкерлердің идеализациясы, ертегі әлемінің айқын бейнеленуі. Ертегі қиял-ғажайыптарына қарамастан өмірдегі шындыққа сүйенеді. Туындымен жұмыс істей отырып, Васнецов нақты ертегінің иллюстрациясын жасауды мақсат етеді. Шаруаның қызы ақ таста, түнерген орман тұңғығының астында отыр. Ол әлемнен тыс қалған орманның құпия сырларымен, тұңғықтың қарсылығымен, қозғалмай жатқан күзгі жапырақтармен ойы бөлінген, соның ішіне еніп кеткен. Осы ықпалдың әсерімен Аленушканың өзі қарапайым ауыл жетімегімен өзінің ішкі әлемінде орманның құпия өмірін бейнелеген поэтикалық тіршілік иесіне айналып кеткендей.

Студенттерге төмендегідей сұрақтар қоюға болады: 1. Аленушка туралы сендер не білесіңдер. 2. Суретші оны қалай бейнелеген. 3. Қыздың қайғысына өзінің көңілін қалай білдірген. 4. Табиғат Аленушкамен мұндаса ма, оны қалай көруге болады, қалай бейнеленген?

Дизайн (түпкі ой, жоба) және бейнелеу бағдарламасындағы берілген шығармаларды талдауға арналған туындылар. Бақылау сұрақтары: Пластикалық және көлемді пластикалық өнер түрлерін атау; бейнелеу өнерінің түрі мен жанрына сипаттама беру; бейнелеу өнерінің жанрларын талдау керек пе, - дегенді қалай түсінесіз, өз пікіріңізді айту; форма, образ, көркем образ, мазмұн, идея, тақырып, сюжет картинада қандай рөл атқарады. Бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрларының тәрбиелік маңызы. Талдау тәсілдерінде студенттердің қабілетін ескеру қажет.



3-сурет. В.М. Васнецовтың «Аленушка» туындысы

Сурет пен кескіндеменің міндеттері бір-бірімен тығыз байланысты және өзара тәуелді. Табиғаттың қасиеттерін зерттеу және анықтау мақсатын көздейтін сурет салу бейнелеу өнерінің барлық түрлерін байытуға әкеледі, өйткені бұл жасаушыға шындықтың әртүрлі формаларын шынайы білдіру үшін барлық қажетті құралдарды алуға мүмкіндік береді.

Кейбіреулер табиғатты көру және бейнелеу қабілеті бізге визуалды аппараттың құрылғысымен үлкен көлемде кепілдік береді деп санайды, бірақ олай емес. Тәжірибе көрсеткендей, бастапқыда объектілерді жалпақ қабылдаудан және бейненің шартты мәнерінен арылту қиын. Қабылдау қиындықтарынан басқа, қиындық парактың жазықтығында көлемді кескін беру болып табылады, ол үшін кәсіби білім мен тәжірибе қажет. Шабыт кез-келген уақытта, тіпті қарындаш немесе қалам болған кезде де пайда болуы мүмкін. Жіберіп алу кешірілмес идеясын ғана емес үйренуді меңгеру "қолмен" салу құралын пайдалану, тек қана техникаға жүгінуге болмайды [5]. Шығармашылық мамандықты тандай отырып, адам өз тағдырын өнермен саналы түрде байланыстырады. Бояулармен сурет сала алмайтын және жаза алмайтын дизайнерді немесе дизайнерді елестету мүмкін емес. Болашақ дизайнер өзін еңбек нарығында бәсекелесуге мәжбүр болуға дайындауы керек, онда олар конкурстық жарыстың нәтижесінде ең жақсысын тандайды. Бәсекелестікке дайындық белгілі бір кәсіби саладағы барлық "пайдалы" білім мен дағдыларды сәтті игеруді білдіреді.

Интернет көздері

- 1 <https://cyberleninka.ru/article/n/rol-i-znachenie-risunka-v-professionalnoy-deyatelnosti-dizaynera>
- 2 <https://qazaqadabiet.kz/15785/shilde>
- 3 <https://www.liveinternet.ru/users/5124893/post375417148>
- 4 <https://ru.wikipedia.org/wiki/>
- 5 <https://zen.yandex.ru/media/id/5db796ae86c4a900b126139a/10-samyh-izvestnyh-sovremennyh-hudojnikov-v-mire>

ӘОЖ 378.016
МРНТИ 14.35.09

Е.А. Иманбакиев¹, Ж.А. Шажбаева²,

¹Оқытушы-магистр, Абай атындағы ҚазҰПУ,
Алматы қ., Қазақстан, e-mail:

²Оқытушы-магистр, Абай атындағы ҚазҰПУ,
Алматы қ., Қазақстан, e-mail: janar.04@mail.ru

ӨНЕРДЕГІ ЖОБАЛАУДЫҢ ҰЛТТЫҚ КӨРКЕМДІК СИПАТЫ

Аңдатпа

Көркемсурет өнерінің барысында жобалау суреті жетекші пәннің негізі болып табылатыны белгілі. Кез келген зат жобаның суреттеу нысаны бола алады, бірақ, адамдар бізді қоршаған дүниені әр түрлі қабылдайды. Ол адамның тәрбиесіне, жалпы дамуына, мәдени деңгейіне, қызметіне байланысты. Көру мүшелері кез келген адамға заттың сапасын сезінуге, түсін, пішінін, кеңістігін, қозғалысын, көзбен көріп қабылдауына мүмкіндік береді, ал суретшінің бойында мұндай қабілеттер ерекше байқалып тұрады. Суретші үшін сурет сыртқы дүниені тану тәсілі және заттық - бейнелі тіл болып табылатындығы айтылады.

Түйін сөздер: жобалау, ұлттық көркемдік, шығармашылық, колөнер, композиция, пропорция.

Аннотация

Шажбаева Ж.А.¹, Иманбакиев Е.А.²

¹магистр-преподаватель, КазНПУ имени Абая, г. Алматы, Казахстан

²магистр-преподаватель, КазНПУ имени Абая, г. Алматы, Казахстан

НАЦИОНАЛЬНЫЙ ХУДОЖЕСТВЕННЫЙ ХАРАКТЕР ПРОЕКТИРОВАНИЯ В ИСКУССТВЕ

Известно, что в процессе художественного творчества проектное изображение является основой ведущей дисциплины. Любой предмет может быть объектом описания проекта, но люди по-разному воспринимают окружающий нас мир. Она зависит от воспитания, общего развития, культурного уровня, деятельности человека. Органы зрения позволяют любому человеку почувствовать качество предмета, увидеть его цвет, форму, пространство, движение, а у художника такие способности особенно заметны. Отмечается, что для художника картина является способом познания внешнего мира и предметно - образным языком.

Ключевые слова: проектирование, национальное искусство, творчество, рукоделие, композиция, пропорции.

Abstract

Zh. Shazhabaeva¹, Y.A. Imanbakyev²

¹Magister-teacher, KazNPU name of Abai, Almaty, Kazakhstan

²Magister-teacher, KazNPU name of Abai, Almaty, Kazakhstan

NATIONAL ARTISTIC CHARACTER OF DESIGN IN ART

It is known that in the process of artistic creation, the design image is the basis of the leading discipline. Any object can be the object of a project description, but people perceive the world around us differently. It depends on the upbringing, General development, cultural level, and activity of a person. The visual organs allow any person to feel the quality of an object, to see its color, shape, space, movement, and the artist has such abilities especially noticeable. It is noted that for the artist the picture is a way of knowing the external world and subject-figurative language.

Keywords: design, national art, creativity, needlework, composition, proportions.

Қандай да бір сурет жобалаусыз басталмайды, тіпті дизайн, сәндік колөнер, сәулет өнері болсын. Суреттегі жобалау дегеніміз – көз мөлшері бойынша контурлы сызық, түртпекше және дақ сияқты графикалық тәсілдердің көмегімен қолмен салынған суреттемелі көріністің жобасын айтамыз. Оның орындалу мінездемесі және техникасы, қызметі, тақырыбы, жанры, сурет салу әдісі бойынша бірнеше

түрлерге бөлінеді. Әдетте сурет бір түсте орындалады. Суретте жарықтық және реңдік әсерлер, пластикалық модельденуі, тұртпекшелердің комбинациясымен дақтар мен сызықтардың әр түрлі үйлесуінің нәтижесінде пайда болады. Жоғары кәсіби деңгейде жобадағы орындалған суреттің дара көркемдік құндылығы болады.

Суретті қолдану аймағы кең, ол ғылыми көмекші, қолөнерінің мінездемелі және техникалы түрінен көркемсуретке дейін созылады. Адамның сөзінің жазбаша түрде көрінуі сияқты суретте ойлау барысын айқындап басқа адамдармен араласуға мүмкіндік береді. Сурет мәдениеттің бір бөлігі бола отырып, ой-өрісінің дамуына және қалыптасуына ықпалын тигізеді. «Қайта жаңғыру кезеңінің итальяндық ұлы суретшісі Микеланджело Буонотти (1475-1564) былай деп жазған: “Басқа сөзбен нобай өнері деп аталатын сурет, кескіндеме, мүсін және архитектураның жоғарғы нүктесі, сурет - кез келген ғылымның түп қазығы” - деген [1].

Жобаның сапалы суретін сала алу қабілеті кез келген кәсіби маман үшін өте маңызды, өйткені жоба суреті қолөнер бұйымдарын жасау істерінде, сондай-ақ көркем сурет өнерінің барлық салаларында (кескіндеме, графика, мүсін) және пластикалық өнердің, қол-өнерінің және дизайнерлік қызметтің негізін қалаушы болып табылады.

Жоба суретінің оқып-үйренудегі мақсаты, көзбен көру қабілетін және көлемді - кеңістік ой-өрісті дамыту, композициялық ойды “Заттандыру” барысында құралдық-тәжірибелі талаптарды суреттің көмегімен шешуден тұрады. Кәсіби жұмыскердің шеберлігінің өсуі, шынайы жобалы суреттің техникасы мен тәртібін қаншалықты меңгергеніне байланысты.

Жобалы суретті салуды үйренуді, пішіні мен бейнесін қолөнер бұйымының қарапайым түрінен бастау керек. Қарапайымнан күрделі бейнеге өту - шынайы өнер мектебінің көркем суреттеу сауатын меңгеру принципі міне осындай болып табылады. «Қазақтың белгілі суретшісі Әбілхан Қастеевтің пікірі бойынша “Жас суретшілерге білім берудің негізінде шынайы, реалистік өнер жатуы керек” – деген теорияны айтқан [2].

Ежелгі шығыс цивилизациясының өнерінен бастап, Ежелгі Египет және Ежелгі Греция, орта ғасыр кезеңінен қазіргі күнгі уақытқа дейін көркемсурет өнеріне үйрену, суретті зерттеп меңгеруден басталады. «Жазықтық бетінде суреттеменің құрылуының негізгі тәртібі Ч.Ченина, Л.Б. Альберти, Леонардо да Винчи, А.Дюрер сияқты белгілі суретшілердің көңілдерінің ортасында болған. Сурет мектебінің дамуына К.П. Брюллов (1799-1852), А.И. Иванов (1776-1848), И.П. Крамской (1837-1887) және т.б. деген суретшілер үлкен үлестерін қосқан» [3].

Бүкіл дүние жүзілік көркем суреттеу өнерінің бай тәжірибесі шынайы суретке сүйене отырып, өмірдегі және өнердегі ғажайып құбылыстарды сүйіп бағалай білуді үйретеді, эстетикалық мәдениетті меңгеруге кеңес береді. Көркем суреттеу сауатының негізін оқып үйрену оймен сезімнің жігерлі қызметін талап етеді. Жобалы сурет бойынша тәжірибелі тапсырмаларды орындаудың алдында, теоретикалық білімнің негізінде жатқан жалпы әдістемелік талаптармен танысу керек. Сонымен қатар құралдармен, жұмыстың тәсілдерімен, әдістерімен, көркем суреттеу әдістерімен танысқан жөн, ол көркем суреттеу сауатын толық меңгеруге көмектеседі.

Шығармашылық барыстың ең маңызды аймағы, жобалау, ол мұқият талдауды, салыстырманы талап етеді. “Композиция” - деген сөз латын тілінің “*compositio*” - деген сөзінен шығады, тікелей мағынасы біріктіру, бөлшектерді қосып, белгілі тәртіпке келтіру. Бұл сөздің бастапқы мағынасы кең түсінікті білдірген: Рим құқығында екі жақты татуластырудан бастап, цирк алаңындағы күрескерлерді қарама-қарсы қоюға дейін. Бұл терминнің әр түрлі айтылуына қарамастан, олардың барлығына ортақ мағына бір тұтастықты білдіретін екі жақтың болуында. Қазіргі кездегі сөздік мынандай анықтаманы береді: “Жобалаудың қолөнердегі шығармашылығы, нақты құрылымы, кез келген өнер шығармасының ішкі құрылысын таңдап алу, гармониялық тұтастықты құрайтын көркем тәсілдердің тәртібі және топтасуы” – деген ұғымды білдіреді. М.В. Алпатов деген өнертанымалының пікірі бойынша, композиция дегеніміз қандай да бір құбылыстардың барлық құрастырушы элементтерін бірлестікке ұйымдастыруының жалпыға тән мінездемесі бар: “Органикалық және неорганикалық табиғаттың құрылуының бөлек принциптарына еліктей отырып, адам композицияны көркемдік творчествоның негізі етеді, сонымен қатар өзінің нақты жағдайға қатынасын білдіруде композиция адамның қолында табиғатты тану және бағындыру тәсілі болады. Осындай ұғымда композиция өнердің барлық түріне тән. Мынандай талаптардың сақталуында жобалау сәтті құрылған деуге болады:

– тұтастықты бұзбай, бүтін нәрсенің бірде-бір бөлігі өзбетінше алына алмайды, немесе басқа затпен алмастырыла алмайды.

– мұндай тұтастыққа зиян келтірмей бөтен элемент қосыла алмайды.

Жобалау бойынша творчестволық жұмыс істеу барысы, шебердің жеке бейнелі ойлау түсінігінің көрсеткіші болып табылады. Нақты көркем шығармасында іске асатын идеялары мен елестерді білмей шынайы творчествоның болуы мүмкін емес. Симметрия, тепе-теңдік, ритм, құрылудың орындылығы, алуан түрлі бейнелер, колористік құндылық, бейнелеу форматы мен көлемі – композицияның осындай элементтерін шебер өзінің ойына бағындырады.

Жобалау қатаң ғылымдарға жатады. Оның тәсілдеріне үйреніп, кез келген көркем шығармасының шығармасын есептеп шығаруға болады. Ол үшін жас шеберлер композиция бойынша жаттығуларды көп орындаулары керек, мұндай жаттығуларды көп орындаулары керек, мұндай жұмыстың нәтижесінде суретшіні қалыптастыратын творчестволық даралық пайда болады.

“Жобалау” – деген термин көп мағыналы: ол шебердің өзінің ойын құралта білдіретін құрастыру процесін ғана емес, сонымен қатар творчестволық қызметтің соңғы қорытындысы, ол көркем шығарманы білдіреді. Композиция деп автордың идеясын білдіретін нобайды түсінуге болады. Жобалау дегеніміз ол барлық элементтерді бірлестікке ұйымдастыру тәсілі. Осы талаптарды шашу композициялық тәсілдердің және әдістердің көмегімен іске асады, оның ішіндегі ең маңыздысы пропорция, өйткені композицияның барлық элементтерінің пропорциясын сақтаудың көмегімен өнер шығармасының гармониялы үйлесуіне қол жеткізуге болады. Әдетте “пропорция” терминнің Цицерон біздің дәуірге дейінгі бірінші ғасырда алғаш рет қолданған деп саналады. Латын тіліне аударғанда платондық термин “аналогия”, тікелей түсінігі “қатынас” – дегенді білдіреді.

Қолөнерде пропорция, өнер шығармасының элементтерінің көлемдерінің қатынасын анықтайды. Сонымен пропорция деп тұтас күрделі заттың ішкі құрлысын құраушы бөліктерінің байланысын айтамыз, яғни бір көлемнен басқа көлемге дейінгі қозғалыс. Өлшем категориясының құраушы элементі болып, эстетикалық бейненің құрылу заңдылығын айқындайды. Ерте заманның суретшілерінің өздері, пропорцияның сақталуында сұлулық негіз байқаған. “Алтын пропорция” – принципі ежелгі өнерде негізін қалаушы болған. Осы “Алтын пропорцияны” зерттеген және мақтан тұтқан Леонардо да Винчи оны алғаш рет “Алтын кесік” – деп атаған. Сол кезден бастап “алтын кесік” өнердің каноны болып есептеледі. “Алтын пропорция” өлшем ретінде, табиғат заңы ретінде көптеген табиғи құбылыстардың негізін құрай отырып, адам творчествосының өлшемі, сұлулық заңдылығы болып табылады. Пропорцияның дұрыс ойласуы, көркем бейненің тұтастығының белгісі.

Қолөнердегі жобалау дегеніміз – ойды толық және қуатты көріктілікпен көрсету үшін сурет жазықтығында бейнелеу элементтерінің орналасу тәртібі. Бірнәрсе жайлы айту үшін сөз қажет, ал маңызды және қызықты ойды сенімді жеткізу үшін мәнерлі сөздер керек. Кескіндемеде де дәл осылай, көрерменнің назарын аулап, толғандыру үшін суретші күшті және көрікті бейнелеу тәсілдерін іздестіруге тырысады. Әрбір шебер композицияны құрастыру кезінде нысанның ең әдемі жағын айқындауға ұмтылады. Қосымша мағыналы бөліктері негізгі және маңызды бөлігіне бағынып, артық бөлшектерінің барлығы артқа қарай сырылады. Шығармадан келетін әсерлі сезімдер оның ішкі мағынасына байланысты. Қолөнер бұйымындағы композициялық құралымның барлық элементтері бірге таңдап алынған форматы, қарау нүктесі, жарықтану мінезі, композициялық орталықтың орналасуы. Мұның барлығы суреттің эмоционалды әсердің болуына ықпалын тигізеді.

Қолөнер бұйымдарындағы жобалық құрылымның дайын рецептті болмайды. Бірақ, қолөнер бұйымының композициялық құрылуы өмірде байқалатын топтарға негізделетіні және табиғи нысандардың үйлесуіне, көріп қабылдау ерекшелігіне байланысты екені анық. Көне шеберлер қолданған “үшбұрыш”, “диагонал” принциптері бойынша ғана қолөнер бұйым суретінің композициясын құрастыруға болмайды. Суретте қойылған талаптарға байланысты композиция да өзгереді. Шығарманың композициялық құрылысының мінездемесі табылған идеялық ойдан шығады және мағынасымен анықталады.

Шынайы қоршаған ортадан суретші өзінің суреттеріне кейіпкерлермен қатар, композициялық құрылымның негізін табады.

Өзінің творчестволық жұмыстарында, композицияны құрастыруда суретші көру қабілетімен, табиғат заңдылықтарына сүйенеді. Симметрия, тепе-теңдік, ритм, құрылымның мақсатқа лайықтылығын, қарау нүктесінің бірлестігі, колористік тұтастық, көріністің көлемі мен форматы – композицияның осындай барлық элементтерін суретші ойдың айқындалуына бағындырады.

Әдебиеттер:

1. Әбдікәрім Қамақ, Гүльзат Қалдыбаева. «Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі». – Алматы, 2014, «Орхон» баспа үйі. – 30 бет.
2. Медведев Л.Г. «Академиялық сурет». – Омск, 2009 ж. – 14 бет.
3. Оспанов Б.Е., Жеделов Қ.О. «Натюрморт». – Алматы, 2005 ж. – 71 бет.

ӘОЖ 378
МРНТИ 14.35.01

З.Ж. Рабилова¹, Г.К. Кабижанова²

¹Абай атындағы ҚазҰПУ, Өнер, мәдениет және спорт институты, философия докторы (PhD).
Алматы қ., Қазақстан

²Абай атындағы ҚазҰПУ, Өнер, мәдениет және спорт институты, педагогика ғылымының кандидаты.
zoia.rabilova@mail.ru, 87013450337

АРНАЙЫ КЕСКІНДЕМЕ ПӘНІН ОҚЫТУ ҮРДСІНДЕ СТУДЕНТ-ДИЗАЙНЕРЛЕРДІҢ КӘСІБИ ДАЙЫНДЫҒЫН ЖЕТІЛДІРУ

Аңдатпа

Мақалада бакалавриат негізінде арнайы кескіндемені оқыту процесінде дизайнер студенттердің кәсіби дайындығын жетілдіру мәселелері қарастырылады. Автор «Арнайы кескіндеме» пәнінің оқу бағдарламалары бойынша кескіндемені оқыту әдістерін, сонымен қатар композициялық және түс заңдылықтарын игеруді, бейнелі ойлау мен шығармашылық қиялды, көркемдік байқауды, көрнекі есте сақтауды, бейнеленген құбылысқа эмоционалды қатынасты, кәсіби іс-әрекетке бағытталған композицияның өзіндік ерекшелігін талдайды. Сонымен қатар суретші-дизайнер мамандығына бағытталған кескіндеме теориясы бойынша білімді игеруді ұйымдастыру, көркем білімді игеру, шығармашылық және өнерді қабылдау дағдыларын дамытуды ескере отырып, кескіндемені оқыту процесін құру, шығармашылық процестің құрылымын білу; көркемдік іс-әрекеттің әдістері мен тәсілдерін меңгеру, бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы бойынша білімді қосу, барлық арнайы пәндермен интеграциялық байланыстарға сүйену ерекшеліктерін білім беру бағдарламасы бойынша оқытудан күтілетін нәтижеге сәйкес қолдана білу, сондай-ақ «Дизайн» мамандығы үшін жасалған білім бағдарламаларындағы пәндерінің қатарында «Арнайы кескіндеме» пәні мамандыққа оқыту курстарына сапалы міндетті компонент бола алатын туралы қарастырылады.

Түйін сөздер: шығармашылық, кәсіби дайындық, дизайнерлер, оқыту, арнайы кескіндеме, білім беру бағдарламасы.

Аннотация

Рабилова З.Ж.¹, Кабижанова Г.К.²

¹ҚазНПУ им. Абая, Институт искусств, культуры и спорта Доктор философии (PhD)
г. Алматы, Казахстан.

²ҚазНПУ им. Абая, Институт искусств, культуры и спорта. Кандидат педагогических наук.
г. Алматы, Казахстан zoia.rabilova@mail.ru, 87013450337

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ СТУДЕНТОВ-ДИЗАЙНЕРОВ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ СПЕЦИАЛЬНОЙ ЖИВОПИСИ

В статье рассматриваются вопросы совершенствования профессиональной подготовки студентов-дизайнеров в процессе обучения специальной живописи на базе бакалавриата. Автор анализирует методы обучения живописи по учебным программам дисциплины «специальная живопись», а также овладение композиционными и цветовыми закономерностями, образное мышление и творческое воображение, художественное наблюдение, зрительную память, эмоциональное отношение к изображаемому явлению, оригинальность композиции, ориентированной на профессиональную деятельность. А также организация усвоения знаний по теории живописи, ориентированной на профессию художника-дизайнера, создание процесса обучения живописи с учетом освоения художественных знаний, развития творчества и навыков восприятия искусства, знание структуры творческого процесса; владение приемами и приемами художественной деятельности, включение знаний по истории и теории изобразительного искусства, умение применять специфику интеграционных связей со всеми специальными дисциплинами в соответствии с ожидаемым результатом обучения по образовательной программе, а также в числе дисциплин образовательных программ, разработанных для специальности «Дизайн», рассматривается предмет «специальная живопись», который может стать качественным обязательным компонентом курсов обучения специальности.

Ключевые слова: творчество, профессиональная подготовка, дизайнеры, обучение, специальная живопись, образовательная программа,

Abstract

Rabilova Zoya¹ Kabizhanova Gulzhanat²

*¹Doctor of philosophy (PhD), Kazakh National Pedagogical University named after Abay,
Institute of Arts, culture and sport, Almaty, Kazakhstan*

*²Candidate of pedagogical Science Kazakh National Pedagogical University named after Abay,
Institute of Arts, culture and sport, Almaty, Kazakhstan*

IMPROVING THE PROFESSIONAL TRAINING OF DESIGN STUDENTS IN THE PROCESS OF LEARNING SPECIAL PAINTING

The article deals with the issues of improving the professional training of design students in the process of teaching special painting on the basis of a bachelor's degree. The author analyzes the methods of teaching painting according to the curriculum of the discipline "special painting", as well as mastering compositional and color patterns, imaginative thinking and creative imagination, artistic observation, visual memory, emotional attitude to the depicted phenomenon, and the originality of a composition focused on professional activity. As well as organizing the assimilation of knowledge on the theory of painting, focused on the profession of an artist-designer, creating a process of teaching painting taking into account the development of artistic knowledge, development of creativity and art perception skills, knowledge of the structure of the creative process; knowledge of techniques and techniques of artistic activity, including knowledge of the history and theory of fine arts, the ability to apply the specifics of integration relations with all special disciplines in accordance with the expected result of training in the educational program, as well as among the disciplines of educational programs developed for the specialty "Dizayn", the subject "special painting" is considered, which can become a quality mandatory component of training courses in the specialty.

Key words: creativity, professional training, designers, training, special painting, educational program

Қазіргі таңда экономиканың дамуында жеңіл өнеркәсіптің түрлі салалары үшін, нарықтық айналымда, оқу-білім беруде жарнамалық авторлық жұмыстарда дизайнерлерге сұраныс өте жоғары. Дизайнер мамандығы барған сайын сұранысқа ие бола түсуде, сондықтан осы саладағы мамандарды даярлайтын жоғары оқу орындарының алдында студенттерді сапалы даярлау үшін маңызды міндет тұр.

Жас дизайнерлерді жоғары деңгейде тәрбиелеуге қабілетті көптеген жоғары оқу орындары бар. Олардың алдында күрделі кәсіби міндеттерді шеше алатын және эстетикалық сауатты дизайнер маман даярлау, осы саладағы мамандарды оқыту мен тәрбиелеуді дұрыс жолға қою, қажетті базалық пәндерден білім беру, білім бағдарламаларын жалпы синхрондау негізгі көкейкесті мәселелердің бірі болып табылады.

Дизайн – бұл нақты, дерексіз және бейнелі ойлаудың ерекше өнімі. Ол сондай-ақ философия, эстетика, антропология, бейнелеу сауаттылығы негіздері, психология сияқты іргелі білім негізінде құрылады. Ол техниканы, технологияны, эргономиканы, экологияны және жүйелік дизайнды және т.б. зерттеуді қамтиды. Ал пластикалық өнер үшін дизайн құралдары ретінде нүкте, сызық, құрылым, түс, пішін, көлем, пропорция, масса және кеңістік сияқты бейнелеу сауаттылығына тәуелді терминдер жиі кездеседі. Бұл компоненттерде симметрия, асимметрия, тепе-теңдік, ырғақ, қозғалыс, пропорция және т.б. сияқты құралдар кеңінен қолданылып, композиция принциптері негізінде біріктіріледі. Ал гармония мен контраст өнердің әмбебап құралы ретінде дизайндағы жүйені құрайды.

Осыған орай болашақ суретші-дизайнер даярлауда базалық пәндер қатарында бейнелеу өнерінің негізі – сурет және кескіндеме пәндері дизайнердің дүниетанымын қалыптастыру мақсатында міндетті компонент бола алады. Әдетте, бұл пәндерді академиялық сурет және кескіндеме саласында білім алған мамандар үйретеді, сондықтан олар өз білімдерін студенттерге жеткізуге тырысады, көбінесе олардың алдында суретшіні емес, белгілі бір мамандандырудың дизайнерін тәрбиелеу міндеті тұрғаны ескерілмейді.

Қазіргі заманғы дизайн кескіндемемен ортақ көркемдік сапасымен сипатталады, ал кескіндемеде дизайн сияқты заманауи мәдениеттің өзіндік ерекшелігі байқалады. Кескіндеме – бұл кеңістіктік және пластикалық құндылықтардың ерекше жүйесін жасаған бейнелеу өнерінің дәстүрлі түрі. Кескіндеме жұмысының кеңістігін шешуде орта басым рөл атқарады, ал қоршаған орта бейнесі өзінің жарқын көрінісін табады. Кеңістіктік – экологиялық қатынастарды талдау, модельдеу қабілеті дизайнер үшін кескіндеменің маңызды тәрбиелік мәнін анықтайды. Сондықтан болашақ кәсіби суретші-дизайнерлер

даярлауға қажетті кекіндеме негізін ары қарай арнайы кескіндеме пәнімен жалғастыра оқыту, бұл маман даярлаудағы білім бағдарламасындағы басқа да арнайы пәндер арасындағы байланысты дамыта түспек.

Әрине, сурет салу мен кескіндеменің академиялық негіздерін беру міндетті: жеке әдіс қою, көзді дамыту, сурет салу мен кескіндеме саласындағы негізгі техникалық әдістермен таныстыру, контрасттар мен түс қатынастары арқылы көлемді жеткізуге үйрету және т.б. Бірақ, негізгі мақсат – жоғары дәрежеде маман-дизайнер даярлау.

Бүгінгі таңда «Арнайы кескіндеме» пәні Дизайн саласындағы мамандарды даярлау кезінде білім бағдарламаларында дәстүрлі әдістерді қайта қарау, толықтыру және дамыту мәселелері арқылы шешімін табуға болатын пәндердің бірі.

Арнайы кескіндеме бойынша оқытушылардың алдында студенттерге дизайн өнерінің ерекшеліктерін үйрету үшін дизайнның мамандандыру бойынша әр саласына қандай білік пен дағдылар қажет екенін нақты білу маңызды.

Қоршаған ортаны көркемдік жобалау – бұл белгілі бір функционалды және эстетикалық қасиеттерді, заттарды және тақырыптық ортаны ерекшелеу арқылы заттарды жасау ғана емес, суретші сол заттарды пайдаланатын және сол ортада өмір сүретін адамды қалыптастырады немесе жобалайды деп айтуға болады. Бұдан дизайнның маңызды тәрбиелік функциясы, оның қоғамдағы мәдени және әлеуметтік рөлі шығады.

Соңғы жылдары дизайнның мәні және оның қазіргі мәдениеттегі рөлі туралы мәселе тек практикалық дизайнерлерді ғана емес, сонымен қатар отандық әлеуметтанушыларды, мәдениеттанушыларды және өнертанушыларды да алаңдатады.

Көркем маман даярлау мәселесі өнер тарихшыларының, әдіскер ғалымдардың еңбектерінде маңызды орын алады. Дизайнға көркемдік дизайн мен бейнелеу өнерінің байланысы мәселесін қозғайтын проблемалар туралы И.А. Азизян, А.В. Иконников, А.И. Белоус, И.В. Смекалов, Н.В. Наумов, Е.Г. Наумова және т.б. көптеген зерттеушілер әр түрлі тұрғыдан зерттеді [1,2,3,4,5,6].

Қазіргі қоғамдағы дизайн мәдениеті адамның жиынтық ұйымдастырушылық және трансформациялық іс-әрекетінің негізгі формасы ретінде орналастырылған. Дизайнның қоғам өмірінің барлық салаларына әсері үнемі өсіп келеді, адам мен дизайн мәдениетінің өзара әрекеттесуінің жаңа шарттары мен формалары пайда болады. Осындай маңызды ісіктердің бірі дизайн білімін қамтиды [7].

Бейнелеу өнерінің басты белгісі – бұл кескіндеме, ең алдымен оны бейнелеу өнерінің басқа түрлерінен айырмашылығы, ол – бояулар. Ал бояу түсі көркем экспрессивтіліктің негізгі құралдарының бірі ретінде қызмет етеді, оның проблемалары кескіндеме теориясының маңызды бөлімдерінің бірі болып табылады.

Жарық пен түс тәуелсіз эстетикалық категориялар ретінде әрекет ететін және көркемдік форманың элементтері бір-бірінен тәуелсіз, бейнелеу өнерінде жарық пен түстің өзара байланысы, проблемасының өзіндік ерекшеліктері бар. "Жалпы түс, - деп жазды Гете, - адамдарға үлкен қуаныш әкеледі» [8].

Көркем шығармаларда авторлар өздерінің дүниетанымдарын, ойлары мен сезімдерін білдіреді. Әр автордың шығармашылық даралығы оның идеялық мазмұнын қалай ашатындығына, кескіндеменің техникалық құралдарын қалай қолданатындығына, оның өнерінде дәуірге тән стильдік ерекшеліктер мен оның кәсіби шеберлік деңгейі қалай көрінетініне әсер етеді. Бүкіл оқу процесінің негізі – студенттерді жоғары идеялық рухта тәрбиелеу, өнердегі ұлттың рөлін терең түсіну, бұл ең алдымен өмірден жұмыс жасау кезінде жүзеге асырылады және бейнеленген объектілерді нақты көрсету заңдылықтарын игеру арқылы қол жеткізіледі.

Арнайы кескіндеме заңдылықтарын зерттеу және қолдану суретші-дизайнерлерді кәсіби даярлауда оқу пәнінің негізгі мазмұнын құрайды.

Дизайн және бейнелеу өнері кеңістіктік өнердің бірыңғай класына жататындықтан, қоршаған ортаға көзқарас ұғымы осы контексте тек дизайнға ғана емес, кескіндемеде де қоршаған орта кеңістігі туралы жалпы түсініктерді жүзеге асыру ретінде толықтырылады. Сондықтан арнайы кескіндеме дизайнердің шығармашылық ойлауын қалыптастырудың сенімді негіздерінің бірі ретінде әрекет етеді.

Арнайы кескіндеме бүкіл оқу барысында университетте пәндерді оқыту жүйесіне енгізілуі керек, өйткені бұл пәндер дизайнды зерттеу жүйесінде маңызды болып табылады және курстық және дипломдық жобаларды әзірлеу кезінде туындайтын нақты қиындықтарды жоюға көмектеседі.

Арнайы кескіндеме пәні дизайнды зерттеу жүйесінде маңызды болып табылады және курстық және дипломдық жобаларды әзірлеу кезінде туындайтын нақты қиындықтарды жоюға көмектеседі. Студенттер

болашақ дизайн трендтерін қадағалап, болашақта қызықты авторлық жобаларды жасай алуы үшін оларға Арнайы кескіндеме сабақтарында өнер тарихы туралы дәрістерде алған білімдерін жандандырумен қатар, түс туралы алған білімдерін іс жүзінде алдымен эмпирикалық түрде қолдана білуі, түс пен контрасттық қатынастардың заңдылықтарын интуиция деңгейінде қолдана білуі, жасын, жынысын және қолдану орнын ескере отырып, адам ағзасына түстің психологиялық әсері туралы білім алуға мүмкіндік мол.

Көркемдік мамандарды даярлау әдістемесіне эксперименттік, жаңашыл және батыл көзқарас қызықты нәтижелер береді, бірақ бұл жағдайда дәстүрлі оқыту жүйесіне және дизайнның өнер ретінде қалыптасу тарихын білуге баса назар аудару керек.

Дизайн функциялары – бұл тиісті өнімдерді жасау ғана емес, сонымен қатар кеңес беру, әдістемелік және үйлестіру, дизайн – бұл адам өмірінің ерекше саласы. Ол, басқа салалар сияқты, елдің салалық шаруашылықтарындағы жобалау жұмыстарын әдістемелік басқаруды және үйлестіруді жүзеге асыруы, білім беру және тәрбие жүйесіне кіруі керек.

Демек бұл зерттеу «Дизайн» мамандығы үшін жасалған білім бағдарламаларындағы пәндерінің қатарында оқу курстарына сапалы міндетті компонент бола алады. Қазіргі кезеңде өмірді ұйымдастырудың мәні мен формалары дизайн идеялары мен шешімдерінің мәніне тікелей әсер ететін кезде, қазіргі заманғы толыққанды дизайн ансамблі, дизайн мен арнайы кескіндеме арасындағы қатынастардың қарастырылған аспектілері қоршаған ортаның құндылықтарын, мұраттары мен бейнелерін сіңіретін кеңістіктік өнер ретінде дизайн идеясын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Азизян И.А. Теория композиции как поэтика архитектуры //И.А. Азизян, И.А. Добрицина, Г.С. Лебедева. – М.: Прогресс-Традиция, 2002. – 568 с.
2. Иконников А.В. Пространство и форма в архитектуре и градостроительстве. – С. 250.
3. М.: Ком. Книга 2006. –
4. Белоус, А. И. Роль живописи в интерьерном дизайне современного Томска //Молодой ученый. – 2015. – № 7 (87). – С. 890-896. – URL: <https://moluch.ru/archive/87/16627/> (дата обращения: 09.12.2020).
5. Смекалов И.В. Роль живописи в проектной культуре средового дизайна: автореф. .кандидата искусствоведения. – Москва, 2009.
6. Наумов Н.В., Наумова Е.Г. Сущность и взаимосвязь искусства и дизайна как форм художественного творчества. <https://doi.org/10.30853/manuscript.2019.2.27>
7. Исниязов З.Н. Принципы экологии в дизайн-проектировании. Хабаршы. «Көркемөнерден білім беру: өнер-теориясы-әдістемесі» сериясы №1(50), 2017
8. Зайцев А.С. Наука о цвете и живописи. – М.: Искусство, 1986. – 155 с.

ӘОЖ: 373.1.02:372.8
МРНТИ 14.25.09

Б.Ырыстанұлы¹, Д.Қасенова²

¹Оқытушы, п.ғ., магистрі. Абай атындағы ҚазҰПУ. Қазақстан, Алматы қ.,
E-mail: Jangirtegi@gmail.com

²№ 174 мектеп-гимназиясы Көркем еңбек пәні мұғалімі Қазақстан, Алматы қ.,
E-mail: kasanova.dariga@inbox.ru

КӨНЕ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫРЛЫҚ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ КӨРКЕМ ҚЫШ ӨНЕРІН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ҚОСЫМША ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа

Қазақ халқының сан ғасырлық әлеуметтік дамуымен мәдениеті мен өнерінің өркендеуінде халықтық дәстүрлі өнердің айырылмас бір бөлегі, һәм ата-бабамыздан мұра болып жеткен мәдениетіміз бен өнеріміздің дамуы Сақ, Ғұн, Түркілерден бастау алып, қазақ халқының өзіндік қол таңбасы, бейнелеу мәдениетінің бір саласы ретінде қазақ халқының өмірімен біте қайнасып қалыптасқан қол өнері туындыларының алар орны ерекше. Ағаштан үйін түйетін шеберлер мен ұсталар, т.б. өз бойындағы өнерді ұрпағынан ұрпағына мирас ретінде қалдырып, ұлтымыздың көркемдік дәстүр және ұлттық стилиміздің қалыптасып дамуына оң әсерін тигізді. Халықтық өнердің әлеуметтік-экономикалық әсерлер мен тұрмыс ерекшеліктерінің ықпалымен қатар, тұрмыстық өндірісте пайдалана отырып, көркемдік дизайндық ерекшеліктері арқылы кеңінен таралған көркем қыш өнерінің алар орны айырықша.

Мақалада қозғалған тақырыптың қазақ халқының көне және орта ғасырлық дәстүрлі өнер туындыларының ішінде көркем қыш өнерінің тарихи кезеңделуі, қалыптасуы, даму сатыларын қысқаша баяндай отырып, көне Жібек жолы бойындағы қалалардағы қыш өнерінің өркендеуі тілге тиек етіледі. Сонымен қатар, қазіргі заманғы бізге жеткен көркем қыш өнерін мектеп оқушыларына қосымша үйірмелерде оқытудағы оң әсерлері мен шығармашылық қызығушылықта, көркемдік қабылдауда ұрпақ бойына берер рухани әрі физикалық дамудың мүмкіндіктерін пайымдау.

Түйін сөздер: дәстүр, мәдениет, қыш, өнер, бейнелеу, көркем, көне, ұлттық, дизайн, сәндік қолданбалы өнер, мұра

Аннотация

Ырыстанұлы Б.¹, Касенова Д.²

¹Преподаватель, магистр п.н., КазНПУ им. Абая. Казахстан, г. Алматы, E-mail: Jangirtegi@gmail.com

²№ 174 школа-гимназия, Учитель художественного труда. Казахстан, г. Алматы,
E-mail: kasanova.dariga@inbox.ru

ВАЖНОСТЬ ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБУЧЕНИЯ ШКОЛЬНИКОВ ДРЕВНЕМУ И СРЕДНЕВЕКОВОМУ ИСКУССТВУ ИЗЯЩНОЙ КЕРАМИКИ КАЗАХСКОГО НАРОДА

В многовековой истории развития культуры и искусства казахского народа, особое место занимают своеобразные произведения декоративно-прикладного искусства, которые тесно переплетены с жизнью казахского народа, и являются своеобразным символом нашего народа, неотъемлемой частью традиционного народного искусства и изобразительной культуры, унаследованные от древних предков Саков, Гуннов, Тюрков. Мастера по отделке дома из дерева, ремесленники и т.д. передавали свое искусство от поколения к поколению, которое оказало положительное влияние на формирование и развитие изобразительных традиций и национального стиля казахского народа. В связи с влиянием социально-экономических факторов, особенностей хозяйственного быта и народного творчества, особое место отводится искусству художественной керамики, получившее широкое распространение, благодаря художественному дизайну и особенностям ее использования в быте.

В статье, среди древних и средневековых произведений традиционного искусства казахского народа, кратко описаны исторические этапы становления и развития керамического искусства в городах вдоль

древнего Шелкового пути. Проанализирован положительный эффект обучения школьников современному искусству изящной керамики на дополнительных кружках, которые дают возможность духовного и физического развития, повышают творческий интерес, художественное восприятие, которое передается будущим поколениям.

Ключевые слова: традиции, культура, керамика, искусство, Изобразительное, художественное, древнее, национальное, дизайн, Декоративно-прикладное искусство, наследие

Abstract

Yrystanuly B.¹, Kasenova D.²

¹Teacher, Master of pedagogical sciences, in terms of "fine arts and drawing".

Abai Kazakh National Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan. E-mail: Jangirtegi@gmail.com

²№ 174 school-gymnasium, Teacher of artistic labor

Kazakhstan, Almaty, E-mail: kasenova.dariga@inbox.ru

**THE IMPORTANCE OF ADDITIONAL TEACHING OF ANCIENT AND MEDIEVAL
KAZAKH FOLK ART TO SCHOOLCHILDREN**

In the centuries-old history of the development of culture and art of the Kazakh people, a special place is occupied by original works of decorative and applied art, which are closely intertwined with the life of the Kazakh people, and are a kind of symbol of our nation, an integral part of the traditional folk art and visual culture inherited from the ancient ancestors of the Sakas, Huns, Türks. Wood craftsmen, artisans, etc. passed on their art from generation to generation, which had a positive impact on the formation and development of pictorial traditions and national style of the Kazakh people. Due to the influence of socio-economic factors, the characteristics of economic life and folk art, a special place is given to the art of artistic ceramics, which has become widespread due to artistic design and the peculiarities of its use in everyday life.

The article, among the ancient and medieval works of traditional art of the Kazakh people, briefly describes the historical stages of the formation and development of ceramic art in cities along the ancient Silk Road. The positive effect of teaching schoolchildren the modern art of fine ceramics in additional circles, which provide an opportunity for spiritual and physical development, increase creative interest, artistic perception, passed on to future generations, is analyzed.

Key words: traditions, culture, ceramics, art, visual, artistic, ancient, national, design, decorative and applied arts, heritage

Қазақ халқының дәстүрлі өнеріндегі қыш өнерінің тарихы өте көнеден басталып, Ұлы дала еліндегі көшпенділердің өзіндік ерекше мәдениетінен өрбіген дәстүрлі қол өнер саласындағы көркем қыш өнері сан ғасырлық сұрлеумен тұрмыстық керекті заттар ретінде пайдаланып, кейіннен шеберлер қолынан көркемделіп өзіндік әсем дизайнмен жарыққа шыққан бұйымдар халық арасында кеңінен тарай бастады. Алғашқы кездері халық игілігіне жаратар тұрмыстық бұйым ретінде пайдаланса, уақыт өте келе формасы мен пішіні, жасалу материалдарына қарай өзгеріс енгізген шеберлер өнер туындысы ретінде ыңғайлы, қолайлы әрі көркем етіп жасап шығарды.

Тарихтың қойнауында қалған өткен уақыттардың бір белгісі ретінде осы өнер туындылары қазақ даласындағы әйгілі қалалар мен қорымдардан, обала, қорғандардан көптеп табылған. Бұған көп елді-мекендерден қазып алынған археологиялық және архитектуралық ескерткіштер, бұйымдар дәлел бола алады. Археологиялық дамуына байланысты XIII ғасырдың ортасында көптеген мәдениет ошақтары табылды, бұл керамиканың ескі заманнан келетіндігін тағы бір дәлелдейді. Ата-бабамыздан қалған көркем қыш өнерінің орнын дамыған технологиялар мен заманауи дизайнерлер көненің орнын басып үлгерді. Дегенмен де ұлттық руханиятымызбен өнеріміздің дамуына байырғы ұлттық дәстүрімізге оралуға қазіргі кезде мүмкіндіктер жасалынған.

Жас ұрпақ еліміздің өнері мен мәдениетін олардың ерекшеліктерін біліп, тәрбиеленуі арқылы жан-жақты қалыптасуы тиіс. Осының негізінде ҚР-ның Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың қабылдаған «Мәдени мұра» бағдарламасының негізгі мақсаты ұлттық мәдениетіміз бен өнерімізге елеулі үлес қосар белгілі тарихи мәдени және сәулеттік ескерткіштерді сақтау, қалпына келтіру, үлкен рухани, мәдени мұраларды, соның ішінде қазіргі ұлттық мәдениетті, фольклорды, әдет ғұрыпты зерттейтін біртұтас жүйе құру, ұлттық әдебиет пен жазбаның көп ғасырлық тәжірибесін іске қосу. Әлемнің ең үздік ғылыми, мәдени

және әдеби, өнер жетістіктеріне сүйене отырып мемлекеттік тілде гуманитарлық білім берудің сапалы қорын құру сияқты күрделі мәселелер көтеріліп жатыр. Сондықтан да бағыдарлама ұлттық өнерімізді қайта өркендетуге жол ашты деуге болады.

Керамикалық материалдар мен бұйымдар өнеркәсібі қазіргі кезде бүкіл процестерді механикаланған және автоматтандырылған өндіріс саласы. Мұндағы ең басты өндіріс процесі-қалыптасып кептірілген шикі материалдар мен бұйымдарды пештерде жоғарғы температурада күйдіру. Сондықтан, бұл өндірісте шығарылатын өнімдер күйдірілген материалдар мен бұйымдар деп аталады. Керамикалық материалдар номенклатурасы орасан көп. Оларға жататындар: кәдімгі күйдірілген кірпіштер, түрлі мақсатқа арналған керамикалық тастар, черепицалар, құбырлар, электр айырушы материалдар мен бұйымдар, жеңіл толтырушылар және жылу окшаулағыш материалдар (керамзит, перлит, вермикулит, аглопорит) және т.б. толып жатқан түрлі керамикалық материалдар мен бұйымдар.

Дәстүрлі өнеріміздің тарихи тамырларының жойылып кетпей ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып сақталып қалуы үшін рухани-адамгершілік дәстүрлерді мейлінше сақтап қалуды келер ұрпаққа үйрету әрбір педагогтың, ата-ананың жауапты міндеті болып табылады. Қазақ халқы өзінің рухани мұраларын көкірегінде, жан дүниесінде сақтаған. Ал бұл дегеніміз біріншіден, өнердің ұдайы шыңдалып отыруына себебін тигізсе, екіншіден, сол рухани мұралар этностың жадында диахронды сабақтастығымен сақталып, халықтың жаппай рухани сауаттылығын қамтамасыз етті. Ішкі әлеуметтік айырмашылықтарға қарамастан, халықтың барлық өкілдері мәдени-рухани мұралардан хабардар болып отырды. Мысалы, VIII ғасырдан жеткен Қорқыт күйлерінің эстетикалық-тарихи-философиялық болмысын бала-шаға да, ұлық та, кішік те, бірдей түсінген. Халық өз көкірегінде рухани асыл қазынаны сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырды. Шынында да, қазақтың кең байтақ сайын даласында рухани мұралардың бұзылмай, ұрпақтан ұрпаққа үзілмей барлық өңірлерде қатаң үлгіде сақталуы күдіретті құбылыс [1,439-440 б.].

Қыш өнері адамзат өмірінде ертеден пайдаланылған. Ежелгі замандарда, атап айтқанда палеолит, неолит дәуірінде (б.з.б. V-мыңжылдық) жасала бастап, ғасырлар өткен сайын технологиясы күрделене түскен. Саздан түрлі бұйым жасап, оның беріктігін арттыру үшін күйдіру ісі кең таралған. Керамика жасауды әр халық өз бетімен ойлап тапқандықтан, олардың өзіндік ерекшеліктері де бар. Халқы мен заманына тән ерекшелігі, әр түрлі ою-өрнектер мен таңбалардың, тіпті, кейде жазулардың болуы бұларды бағалы тарихи ескерткіштер қатарына жатқызады. Ең алғашқы керамикалық бұйым ас пісіру және сақтау үшін қолданылатын ыдыс түрінде жасалған. Күйдіру арқылы беріктігін дамытып, әдемілік үшін ыдыстың қалың бүйірлеріне әр түрлі оюлар салған. Энеолит дәуірінен бастап (б.з.б. 3-2-мыңжылдық) жазу да жазады. Халқымыздың дәстүрлі өнеріндегі көркем қыш бұйымдарын жасау ол шеберлердің әсемдікке, табиғатты сүю, көркемдікті қабылдауынан туған шығармашылық туынды. Халық шеберлерінің көркемдік жолындағы қиялы бірінші ретте ою-өрнек өнерінде мейлінше айқын көрініс тапты. Тұрғын үйді, тұрмыс бұйымдарын, үй жиһазын, киімді, аңшылық құралды, аттың ер-тұрманын, ою-өрнек шеберлері безендіріп, әшекейледі. Көркемдік кәсіптің негізгі түрлері – кілеммен текемет тоқу, кигіз басу, кесте тігуден басталды. Тас ою өнері ертеден архитектуралық ескерткіштерді, күмбездерді, молаларды, ал ағаш түйін түйшілер үйді, аспаптарды, үй ішінің керек-жарақтарын безендірді [2, 264 б.]. Көркем қыш бұйымдарын адамдардың тұрмыс-тіршілігінде пайдалануы әрі дәстүрлі өнер ретінде қалыптасуында отандық археология тарихында қола дәуіріндегі қолдан жасалған бұйымдардың қоса алғанда ескерткіштерді зерттеуде белгілі бір дәрежеде жетістіктерге қол жеткізілді. Сондықтан құнды тарихи деректеме болып табылатын қыш археологиялық ескерткіштерден алынған жәдігерлердің негізгі категориясын түзеді. Қыш ыдыстарды зерттей отырып, ертедегі тұрғындардың түрлі топтарының өзара қатынасын, ауысуын, шаруашылық әрекеттерінің ерекшеліктерін, дүние танымдарының кейбір қырларын, археологиялық мәдениеттерінің туыстастығы мен олардың шығу тегін баяндайды. Олар қыш бұйымдарын дәстүрлі тұрмыстық заттар мен қатар діни сенімдерде де пайдалана білді. Осыған қарап қыш өнеріне деген халықтың ұстанымы өте жауапкершілікті деңгейде болғандығын аңғарамыз.

Қыш бұйымдарының пайдаланулық және көркемдік-әшекейлік тамаша сапалары оларды тек қана құрылыста ғана емес, техника мен тұрмыста да кең қолданылуына арқау болды. Сонымен керамиканы құрылыстық, техникалық және тұрмыстық деп те ажыратуға болады. Керамикалық құрылыс материалдары мен бұйымдары арналулары бойынша былайша топталынады: қабырғалық материалдар-кәдімгі құрылыс кірпіші, қуыс денелі кірпіш және тас, кеуекті және жеңіл кірпіш керамикалық кірпіштен және тастан жасалынған қабырғалық блоктар мен панельдер үй фасадын (үй қас мандайын) қаптаушы материалдар мен бұйымдар - беттік кірпіш және тастар, плиткалар іштей қаптаушы керамика материалдары-қабырғалар және едендер үшін плиталар мен плиткалар санитарлық-техникалық бұйымдар жол

және жерасты коммуникациясы үшін - жол кірпіштері, құбырлар, жылу айырушы материалдары – жеңіл кірпіш және фасонды бұйымдар, қышқылға төзімді керамика-кірпіш, плитка, құбыр және т.б. отқа төзімді керамикалық материалдар және толтырушылар - түрлі керамикалық бұйымдар, керамзит, алгопорит, перлит, вермикулит және т.б.

Ежелгі әлемнің материалдық – көркемдік мәдениетіндегі керамика өндірісінің қалыптасу жолы мен оның әрі қарай жетілуі айқын көрінеді. Олардың алғашқы түрлері Неолит дәуіріне жатады. Себебі дәл осы кезде қыш негізінде тұрмыстық мақсатта қолданылған. Дегенмен, осы кезеңде адамның затқа оның сәндік шешімі арқылы құдіретті-символикалық контекст беруге деген ұмтылысы байқалады. Неолит және Қола дәуірлері мәдениетіндегі керамикалық өндіріс көбіне бұйымдарды дайындау процесіндегі технологиялық принциптерге байланысты жергілікті аймақтық ерекшеліктерге қарамастан, бірқатар жалпы өзгешеліктермен сипатталды [3, 66 б.]. XII-XIII ғасырдың керамикасы ертедегі керамикадан өзгеше. Әл ауқаты, тұрмысты үйлерде болатын алтыннан, күмістен және қоладан жасалған ыдыстардың формаларын көзешілер арзан әрі оңай табылатын материал - саз балшықтан қайталап жасайтын. Сол кездегі көзе бұйымдардың өзіндік ерекшелігі – металл құмыраға, сапты аяқтарға еліктіру – осыдан туған. Ал б.з.б. X-VI ғ. (Беғазы – Дәндібай мәдениеті) беті глазурыленген, түрлі-түсті айшықтары бар ыдыстар пайда болды. Б.з. VI-XII ғасырларында керамикалық ыдыстар жасайтын орындар (цехтар) ежелгі Шаш, Тараз, Сауран, т.б. қалаларда көптеп бой көтерді. Осы кезеңде шағын пішінді әр түрлі жануарлардың, адамның керамикалық мүсіншелері жасалды. Сонымен бірге астық сақтайтын хумдар (ірі, биікт. 1-1,5 м. болатын қыш ыдыс), су құбырлары жасалды (Отырар, VIII-XII ғ.). Орт. Қазақстандағы Алаша хан, Жошы хан, Тараз маңындағы Айша бибі, Түркістандағы Қожа Ахмет Яассауидің мазарлары керамикалық материалдармен безендірілген.

Орталық Қазақстанның қола дәуірі мәдениеті туралы Беғазы - Дәндібай заманында шарықтау шегіне жеткен керамика жарқын көрініс береді. Керамика арқылы жазба көзі болмаған тарихи кезеңдердің хронологиялық шекарасында орналасады. Өйткені дәл осы керамика мәдениеттің басқа заттарына қарағанда жеке кезеңдер өндірісінің өзіне тән ерекшелігін құрайды. Атасу кезеңінің қыш бұйымдары (б.з.д. XVI-XIII ғғ.) ерте қола керамикасы пішінінің әр түрлілігімен, ірі мөлшерімен және елеулі сыйымдылығымен ерекшеленеді. Негізінен, бұл қыш құмыралар, пішіні құты тәрізді ыдыстар және қазан тәрізді ыдыстар. Олардың арасында ең ірілерінің биіктігі - 28-30 см., ауыз жиегі диаметрі - 32-33 см., түбінің диаметрі - 12-15 см. және одан үлкен; ең кішісі сәйкесінше – 12-14, 15, 7. Барлық ыдыстар әдетте жайпақ түпті, иіндері шығыңқы, мойындары кейде иілген және түп асты шығыршықты. Атасу заманының қыш құмыралар сұлбасында Орталық Қазақстанның ерте қола керамикасынан бастау алатын бұрынғының бітістері сақталған. Осы серияның арасында иіні шығыңқы, түп асты биік конус тәрізді және мойыны қысқа созылық пішіндегі үлкен ыдыс көңіл аудартады. Кейінірек бұл пішін скифтік қола қазандары үшін үлгі болады.

Беғазы кезеңінің керамикасы пішіннің және өрнектің әр түрлілігімен айқындалған. Қоныстардан және қабірлерден табылған ыдыстар бірін бірі қайталамайды. Жабық үй өндірісі жағдайында шеберлердің жұмыстары бір-біріне ұқсамайтын, өзгеше. Беғазы - дәндібай заманының керамикаларының мерзімін белгілеудің тағы бір маңызды элементі Орталық Қазақстанға ғана тән, кейбір сирек таңбалар. Бұл табан пішіндері, қара түсті сырмен боялған бұршақ түріндегі шеңберлердің баспа - таңбасын беретін таңбалар, ыдыстың ішінен басылған төмпешіктер түріндегі «інжу» өрнек. Ауыспалы кезеңде және беғазы – дәндібай заманының керамикасын өрнектейтін элементтер тырнақты, жарты шеңбер, таға тәрізді, үшбұрыш болып басылған, көбінесе қара сыр құйылған болып келеді. Типтері әр түрлі штамптарды және басқа құралдарды пайдалану өрнектің сюжетін байытты және сурет құрылымындағы жаңа бітістердің туындауына әкелді.

Осы заманның керамикасы қайталанбас ерекшелігімен айрықшалаанады. Нақты қалпы және әсем өрнегі скиф алды заманда Орталық Қазақстан керамикалардың таңғажайып асқан шеберліктері туралы айтады. Беғазы, Саңғыру, Дәндібай, Айбас - Дарасы және т.б. жарқын керамикалары үйлесімділік заңдарын таныған шеберлермен жасалған. Қола және алтын әшекейлерінің көптігі Қазақстанның орталық және солтүстік-шығыс аймақтарында алтын мен мыс шығару қарқынды сипатта болғанын дәлелдейді, ол ежелгі шеберлерге шеберліктерін шыңдауға және көне зергерлік өнердің жаһандарын құруға мүмкіндік берді. Кеніштер, ірі кен балқыту орталықтары және қоныстар алғашқы қауым экономикасының басты салалардың бірі ретінде кен-металлургиялық өндірісінің көлемі туралы, осы ежелгі өркениет негізінде Орталық Қазақстанда болуы туралы дәлелдейді.

Халық бейнелік өнері, мүсін өнері, металл, тері өңдеу, ағаш ұқсату өнері, өрнек-әшекейлері, т.б. негізінде бейне ырғағының үйлесімі арқылы қарапайым өзіндік композициялар жасау оқушылардың ұлттық мәдениетін арттырады. Ал осындай композициялар орындау барысында қазақ халқының иманды, кішпейіл, ақжарқын болуына байланысты әр түрлі әңгімелер айту, қазақ халқының ұлттық тұрмыс көріністерін суреттейтін өлең жолдарынан үзінділер оқу, музыкалық шығармалар мысалдарын көрсету оқушылар білімін, өмірге көз қарасын, көркемдік қабілетін дамытады [4, 126 б.]. Мемлекеттік білім беру стандарттары мен бағдарламаларының жоғары білім беру сатысында жаңаша білім беру мен ғылымды ұштастыра жүргізу жан-жақты айқындалған. Осы міндеттерді жүзеге асыруда, біріншіден әрбір оқытушының кәсіби білімін арттыру, екіншіден, жоғары оқу орындары студенттеріне қойылатын талаптарды күшейту басты назарда болуы тиіс. Сондықтан жоғары көркем педагогикалық оқу орындарында болашақ суретші педагог мамандарын даярлауда өз халқының ежелгі өнер мен мәдениет дәстүрлерін оқытып тәрбиелеу, оларды терең зерттеу айырықша мәнге ие. Оқу процесінде жас ұрпаққа балшықтан немесе сазермектен бұйымдар, мүсіндер жасату баланың икемділігі мен ақыл ойының дамуына әсер етеді. Мүсіндеудегі көркемдік бейнелеу, жазықтық бетіне сурет салуға қарағанда қызықты өтеді. Себебі балалардың сабақ тапсырмаларын орындау жұмыстарының, олардың ой іс-әрекетіне жақындығы [5.80 б.]. сондықтан да баланың қиял әлемін шығармашылық қабілетін дамыту үшін мүсін жасау, немесе саз балшықтан бұйымдарды жасауға бағыттау. Қазақтың қол өнер шеберлерінің ғажап туындылары байырғы қалаларымызда баға жетпес шығармашылық туындылар болғаны анық. Сондай-ақ, қазіргі уақытта көне қалаларда қыштан жасалған бұйымдардың қирандысын көптеп кездеструге болады. Біз Отырар қаласына барған сәтте қол өнер бұйымдар қирандысының куәгері болып қайттық [1, 2 сурет]. Бұйымдар әр түрлі өрнектермен безендіріліп жасаған. Қаншама ғасыр өтсе де, ешбірінің сыртындағы бояуы әлі өше қоймаған. Қол өнер туындысын қолымызбен ұстап, іштей сол заманға барып келгендей күй кештік. Қазақ даласындағы көне тарихи ескерткіштер мен қол өнер бұйымдарын шашауын шығармай қорғау қазіргі кезек күттірмес іс.

Осы туындыларды оқушылар өз көздерімен көріп, өзін дәрістүрлі өнер шеберлері сияқты сезініп, қыштан бұйым жасаса ұлттық сана сезіміне, Отанға, өткен тарихқа, ата-бабалар өнеріне деген құрметі одан ары арта түстер еді.

Қорытынды. Қорыта келе, халқымыздың дәстүрлі қыш өнерін мектептерде оқушыларға көркем еңбек пәнінде немесе қосымша үйірмелерде оқытудағы оқушы бойына тигізер рухани және физикалық әсерлерін талдай келіп, оқушының бұйым жасау барысында әр әрекетінің ойлау жүйесіне, қимыл қозғалысы, икемділігі мен шеберлігін ұштауға себебін тигізеді. Сонымен қатар, өзінің қиял әлеміндегі шығармашылық қабілетін одан әрі дамытуға мүмкіндік беріп, өнерге деген қызушылығын оятады. Қыш бұйымын жасау арқылы бала сабақ барысында тарихи мағлұмат алумен қатар, тазалыққа, ұқыптылыққа, ұлт жандылыққа және мәдениетті қалыптасуға бейімделіп үйренеді. Өнердегі шығармашылықпен мәдениеттілікті ұштастырған оқушы ұрпақтар жалғастығы мәдени, өнер мұраларын білу, игеру, қабылдау және шығармашылықпен дамыту арқылы жүзеге асады. Сондықтан жаңа қоғам құрылысында әрбір адамның шығармашылық күшінің толысуы, жастардың жоғары рухани, мәдени деңгейінің болуын қажет етеді.



1-сурет. Отырар қаласындағы қиранды қыш бұйымдар



2-сурет. Отырар қаласына экскурсия кезінде

Әдебиеттер:

1. Байбосынова Г.Д. Құрманғазы философиясындағы музыка тілі // Қазақстан мен Орталық Азияның дәстүрлі және қазіргі өнері. Халықаралық-ғылыми практикалық конференция материалдары. – Алматы: «Үш қиян», 2004. – 688 б.
2. Қанатин Ә. Қазақстан мәдениеті жаңа кезеңде. – Алматы: «Қазақстан» баспасы, 1968. – 411 б.
3. Қазақ өнерінің тарихы. – 3 томдық. (Ежелге дәуір, I том). – Алматы: «Өнер» баспасы, 2007. – 352 б.
4. Ақбаева Ш.Ә. Хабаршы. «Көркем өнерден білім беру: өнер – теория – әдістемесі» сериясы. № 3 (36). 2013.
5. Қамақ Ә. Мектепте бейнелеу өнеріне оқыту әдістемесі. Оқулық. – Алматы: «Орхон» баспа үйі, 2014. – 280 б.

II БӨЛІМ. МУЗЫКАЛЫҚ БІЛІМ

РАЗДЕЛ II. МУЗЫКАЛЬНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ

ӘОЖ 78 (075.8)
МРНТИ 14.35.09

А.Қ. Ахметова¹, Г.С. Абденова²

¹п.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ,
«Музыкалық білім және хореография» кафедрасының профессоры,
Алматы қ., Қазақстан

²Абай атындағы ҚазҰПУ, «Музыкалық білім» мамандығының I курс магистранты,
Алматы қ., Қазақстан

КҮЙЛЕРДІ ТЫҢДАТУ АРҚЫЛЫ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада мектеп оқушыларының күй жанрына деген танымдық қызығушылығы қарастырылған. «Танымдық қызығушылық» ұғымы жан-жақты зерттеліп, әдіснамалық талдаулар жасалған. Сонымен қатар оқушылардың танымдық қызығушылықтарын дамыту барысында пайдаланылған педагогикалық әдістер кеңінен қарастырылып, практикалық жұмыстар жүргізілген. Оқушыларды халықтың бай музыкалық мұрасы – күй өнерімен, күйшілердің шығармаларымен таныстыра отырып, музыка сабағында күй тыңдау іс-әрекетін сапалы жүзеге асыру көзделген. Олай болса, осындай жүргізілген жұмыстар арқылы оқушылардың күйге, ұлттық музыкамызға деген танымдық қызығушылықтары дамиды.

Түйін сөздер: күй, қызығушылық, танымдық қызығушылық, музыка сабағы, әдістер, тыңдау, қабылдау, ұлттық музыка, үрдіс, халық шығармашылығы

Аннотация

Ахметова А.Қ.¹, Абденова Г.С.²

¹к.п.н., профессор кафедрасы «Музыкальное образование и хореография» при КазНПУ им. Абая,
г. Алматы, Казахстан

²КазНПУ им. Абая, магистрант I курса по специальности «Музыкальное образование»,
г. Алматы, Казахстан

ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ ПОЗНАВАТЕЛЬНОГО ИНТЕРЕСА ЧЕРЕЗ СЛУШАНИЕ МУЗЫКИ

В статье рассматривается познавательный интерес учащихся к жанру кюй. Подробно исследовано понятие «познавательный интерес» и проведен методологический анализ. Таким образом, широко рассматривались педагогические методы, используемые в развитии познавательных интересов учащихся, и проводилась практическая работа. Учащиеся знакомясь с богатым музыкальным наследием народа - искусством кюй, произведениями кюйши, осуществляют качественную деятельность слушания кюй на уроках музыки. Таким образом, благодаря такой работе у учащихся развивается познавательный интерес к кюй, к нашей национальной музыке.

Ключевые слова: кюй, интерес, познавательный интерес, урок музыки, методы, слушание, восприятие, национальная музыка, процесс, народное творчество.

Abstract

Akhmetova A.K.¹, Abdenova G.Z.²

*¹ candidate of pedagogical sciences, professor of department "Music education and choreography",
at Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan*

*² 1th year undergraduate student majoring in music education, at Abai KazNPU,
Almaty, Kazakhstan*

**PROBLEMS OF DEVELOPING COGNITIVE INTEREST THROUGH
LISTENING TO MUSIC**

The article examines the cognitive interest of students in the kui genre. The concept of "cognitive interest" has been studied in detail and a methodological analysis has been carried out. Thus, the pedagogical methods used in the development of the cognitive interests of students were widely considered, and practical work was carried out. Students getting acquainted with the rich musical heritage of the people - the art of kyui, works of kuishi and the goal of carrying out quality activities of listening to kui in music lessons. Thus, thanks to such work, students develop a cognitive interest in kui, in our national music.

Keywords: kui, interest, cognitive interest, music lesson, methods, listening, perception, national music, process, folk art.

Қазіргі таңда мектеп оқушыларына қазақи ұлттық өнерімізді, музыкалық өнерімізді танытудың өте қажеттігі туындап отыр. Осы орайда, оқушыларды ұлттық музыкамызға қызықтырып, мәдениетті азамат тәрбиелеу көзделген. Ұлттық музыка дегенімізде, қанымызға сіңген домбыра мен қобыз аспаптарында орындалатын күй құдіретін айтпай кетуге болмайды. Күйдің ерекше қасиеттерін ашып көрсеткен академик А.Қ. Жұбановтың еңбектерін ерекше атап өтуге болады [1].

Қызығушылық (interesting) – латын сөзі, қазақша «маңызды, мәні бар» деген мағынаны білдіреді [2]. Кезінде атақты педагогтар оқу тәжірибе ісінде қызығушылықпен оқытуға үлкен мән берді. Мысалы, Жан-Жак Руссо оқыту үрдісінде қызығушылыққа көп көңіл бөле отырып, "оқушының кез-келген материалына қызығушылығы болса, оны тез әрі қарай меңгеріп, кете алады" – деді [3].

Ал Я.А. Коменский еңбектерінде танымдық қызығушылықтың маңызын айқындап, оқуға, білімге, қызығушылықты арттыруда оқу материалының тиімділігін атап көрсетті.

Осы проблема қазақ ойшылдары мен философтардың, ағартушы педагогтардың да назарларынан тысқары қалмаған. Олар да айналамызды танып білуде қызығушылыққа үлкен мән берген. Мысалы, әл-Фараби мұғалімнің оқыту үрдісінде қызығушылық арқылы ынталандыру мәселесіне тоқталып, өз ойын білдіреді: "Рухани негізі түзу болса, оның тілегі, қалауы дұрыс болады. Оқу-үйрену нәтижесінде шәкірттің ниеті әсер етеді, көңіл қалауы болмақ" [4].

Сонымен қатар оқушылардың өнер шығармаларына деген қызығушылығын арқау еткен бірқатар еңбектер де баршылық (К.О. Мгеладзе, Б.И. Мұстафаев, З.А. Гуцу, Л.И. Боровиков).

Ал таным мәселесіне келетін болсақ, адам өздігінен емес, қоғамдық бірлікте және қалыптасқан әлеуметтік-мәдени шарттарға сүйене дамып келе жатқандықтан, оның танымдық әрекетін пәлсапалық негізге, психологиялық сұрыптауға, әлеуметтік дамуға, ұлттық-мәдени өркендеуге сүйене қарастыру керектігі даусыз.

«Таным – дүниені, өмірді танып-білу қабілеттілігі» деп [5,15] қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде көрсетілгендей, пәлсапа аясында сөз болатын танымның да өзгешелігі «сана», «қабылдау», «қабілет» ұғымдарымен байланыстырылады. «Таным» құбылысының ұғымдық аясы түрлі ғылыми түсініктеме-лердің бірлігінен жинақталып, маңызды мақсат-міндеттердің шешілуіне мүмкіндік беріп отыр.

Танымдық – (таным әрекеті, танырлық, танылатын, танып білерлік) танылатын үрдіс. Ал **танымдық қызығушылық** – ғылым жаңалықтарын, қоғамда болып жатқан өзгерістерді танып білуге деген қызығушылық оқушыларда танымдық қызығушылықтың болуы – олардың сабақта белсенді, білімнің сапалы болуына, оқуға деген жағымды жақтарын қалыптастыруға, оқыту үдерісінің тиімділігін арттыруға, белсенді өміршең позицияны ұстауға мүмкіндік береді.

Ал қызығушылық жас ерекшеліктерге сай даму барысында анықталады. Мәселен, бастауыш сынып оқушыларында негізінен эмоцияға құрылса, ал орта сынып оқушыларында қызығушылықтың танымдық жағы басым болады. Сондықтан мұғалім оқушының білімді меңгеруімен қатар, оның оқу-танымдық іс-әрекетін белсендіруге баса назар аударуы керек.

Мектептегі оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыруды көптеген ғалымдар зерттеу нәтижелері мен педагогикалық тәжірибелерінде қарастырған. Мысалы, М.Ф. Беляев, И.М. Цветков, Г.И. Щукина, Н.Г. Морозова, Н.Д. Хмель, Б.Т. Нәбиева және т.б. ғалымдардың еңбектерінде танымдық қызығушылықтың қалыптасуы білім мазмұнына қарай қарастырылған. Ғалымдардың ойынша, танымдық қызығушылық біртіндеп, кезеңдеп және мақсаттылықпен дамиды, үрдісі ретінде анықталып, оның қалыптасу кезеңдері төмендегі реттілікпен байланыстырылады:

- танымдық қызығушылық оқушының оқуға деген жағымды қатынасынан туындайтындықтан эмоциямен тығыз байланысты;
- танымдық қызығушылық оқушының шығармашылық тапсырмаларды орындауға ұмтылуына ықпал етеді;
- қызығудың әрі қарай тереңдей түсуі барлық жаңа тапсырмалар мен сұрақтардың берілуіне байланысты болады.

Б.Т. Нәбиеваның пікірі бойынша, танымдық қызығушылық – субъект пен субъектінің өзара әрекеттесуі үрдісінде жиналатын және қоршаған болмысты танып білуге белсенді жағымды эмоционалдық бейнеленген қатынасы арқылы сипатталатын тұлғаның білімі. Ғалымның “Сабақтан тыс және сабақ байланыстылығы арқылы пәнге деген оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру” атты ғылыми зерттеу еңбегіндегі мәселеге ғылыми талдау жасай келе, оқушының танымдық қызығушылығын қалыптастырудың әдістемелік негіздерінің мәнін айқындап және сыныптан тыс оқытуды теориялық негізде байланыстыруға әрекет жасаған [6].

Оқушылар бойына танымдық қызығушылықты сіңіру – көп уақытты, мерзімді қажет ететін үрдіс. Оқушылардың таным үрдісін тиімді ұйымдастыру арқылы оқу белсенділігін арттыру және танымдық қызығушылығын дамыту мәселелері қарастырылған еңбектер де жоқ емес. Мәселен, А.Тамаевтың “Әдебиет сабақтарында жоғары класс оқушыларының оқырмандық қызығушылығын қалыптастыру” атты ғылыми зерттеуінде оқушылардың оқырмандық қызығушылығының психологиялық негіздеріне, оны тәрбиелей отырып, әдеби білім беру мәселелеріне мән берілген [7].

Ал субъектінің әртүрлі таным белсенділігі мен танымдық қызығушылықтарының табиғи құбылыстарға қайта бейнелеу көрінісі (Л.П. Аристов), тұлғаның танымдық қасиетін сипаттаудың еріксіз жағдайы (Р.А. Низамов), ал оқушының өмірлік позициясындағы іс-әрекеттілігі (Г.И. Щукина), тұлғаның оқыту сипатына, мазмұнына, таным мақсатына еріктік-күш жігерін жұмсау іс-әрекеті сапасын (Т.Н. Шамова) сараптаған болса, ал танымдық қызығушылық мәселесі Т.А. Буянова, Э.К. Васильева, О.А. Золотарева және т.б. еңбектерінде көрініс тапқан.

Оқушылардың танымдық үрдісін тиімді етіп ұйымдастыру арқылы оқу белсенділігін арттыру және танымдық қызығушылығын қалыптастыруды психологиялық тұрғыдан А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн, Л.В. Занков, Л.В. Эльконин, А.В. Петровский, педагогикалық тұрғыдан П.И. Пидкасистый, Т.И. Шамова, Т.Н. Щукина, отандық ғалымдар Ж.И. Намазбаева, Т.С. Сабыров, Н.Д. Хмель және т.б. зерттеді.

Оқушылардың оқу әрекетіне қызығушылықтарын оятуда әртүрлі әдістер, құралдарды қолдану оқушылардың танымдық іс-әрекетін белсенді етіп, танымдық қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. Мұғалім әрбір оқушының даму аймағын ескере отырып, өзінің әрекетіне бақылау жасауына және бағалауына бағыт беріп, қызығуына түрткі болатын құралдарды таңдауы тиіс. Мектептің оқу мазмұнында оқушылардың білім, білік, дағдысын, құзіреттілігін қалыптастыру көзделіп, танымдық қызығушылығын, шығармашылық ойлауын, өздігімен білім алуын, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі дамытуға бағытталуы тиіс.

Танымдық қызығушылық – тұлғаның қоршаған ортаның заттары мен құбылыстарына іріктелген бағыттылығы. Бұл бағыттылық тануға, жаңалыққа, тереңірек және толық білуге деген ұмтылыспен сипатталады. Танымдық үрдіс жүйелі түрде нығая және дами отырып, балаға деген жағымды қарым-қатынасқа негіз болады. Сондықтан да оқушыларда үнемі өзі белсене жауабын іздейтін сұрақтар пайда болады.

В.Б. Бондаревский танымдық қызығушылықты қалыптастырудың өзегі ретінде оқушы меңгеретін оқу материалының мазмұнын; оқу іс-әрекетінің жан-жақты үрдісін және оқу үрдісіне қатысушылардың өзара қарым-қатынасын қарастырады [8]. Бұл анықтаманың негізінде танымдық қызығушылық – оқушының іс-әрекетінде жүзеге асырылатын және бірте-бірте бекітіле отырып, адамның тұлға ретінде қалыптастыратын тұрақты қасиетіне айналады деп түйіндейміз.

Олай болса, жоғарыда айтылған ғалымдардың анықтамаларына сүйене отырып, біз музыкаға қатысты танымдық қызығушылыққа төмендегідей анықтама бердік: «музыкалық-танымдық қызығушылық

дегеніміз – жеке тұлғаның жинақталған тәжірибесі мен музыка шығармаларын сезімталдықпен бағалап, соның негізінде пайда болатын эмоционалдық-танымдық бағыттылығы.

Демек, мұғалім мен оқушының өзара қарым-қатынас үрдісінде жиналатын және айналасындағы қоршаған ортасын танып білуге эмоционалдық тұрғыдағы қатынасы арқылы сипатталатын тұлғаның білімі. Ол музыкалық шығармаға деген ынтадан, эмоционалды ықыластан, шығарманың музыка тілінің өзіндік ерекшелігіне талдау жасай білуден, музыканы тыңдауды қажетсінуден байқалады және шығармаларды үнемі тыңдау барысында дамиды.

Ал «музыканы тыңдау дегеніміздің өзі оны түсіну деген сөз», - деп Б.Ф. Асафьев айтқандай, түсініп тыңдау балаларға күшті әсер қалдырады, әртүрлі сезімдерін оятады, сөйтіп эстетикалық толғанысқа түсіреді [9].

Ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фараби: "Музыкалық идея оны жүзеге асыратындай әрекет ету қабілетінсіз іске аспайды, музыканы көп тыңдау, жаттығу түрлерін бір-бірімен салыстыру, әуенді талдау, әрбір тонның дыбыстық әсерін мұқият есептей білу арқылы музыкалық қабілетті дамытуға болатындығын айта келіп, тәрбиелеу барысында тәжірибе жинақтаудың рөлі зор екенін атап көрсетеді" [4]. Осыдан күйлерді тыңдата отырып, оқушылардың танымдық қызығушылықтарын ояту туындайды. Мысалы, Қорқыт баба күйлері бізге өзінің тарихымен кез келген оқушыларды қызықтырмай қоймайды.

Бастауыш сыныптан бастап оқушының ұлттық музыкалық мәдениетіміз туралы ой-өрісін кеңейтуге жағдай жасау қажет. Осы орайда, Құрманғазының «Сарыарқа» күйін тыңдатқанда оқушылардың шығармадан қандай әсер алғанын, оның қандай музыкалық жанрға жататынын сұрай келе, композитор өмірімен таныстырып, қысқаша түсінік берсе, кейінгі сыныптарда олар сұрақ-жауап арқылы бұл шығарманың мағыналық сипатын өздері анықтауға тырысады. Бұл жерде біз күйді тыңдату арқылы біріншіден, халықтың әдет-ғұрпынан білім, хабар беру көзделсе, екіншіден тыныс-тіршілігімен таныстырдық.

Күйлерді тыңдай отырып сан жылдар, өткен ғасырларға сапар шегетініміз хақ. Атақты күйшілер шығармаларында халқы мен елінің тағдырын, болашағын ойлап, көкірегі қарс айырылып қамығады, адамдардың қайғы-қасіретіне ортақтасып, мұң-шерін бөліседі.

Алғашқыда оқушылардың қызығушылығы жеткілікті дәрежеде тиянақты, тұрақты болмайды. Егер бала сәби кезінен күйлерді естіп өссе, оның танымдық қызығушылығы жылдам қалыптаса бастайды. Ондай оқушы бірте-бірте шығарма жанрын, тақырыбын, тіпті ырғақтық-интонациялық ерекшеліктерін де ұғына бастайды. Осы кезеңде оқушы бойында күйлердің ырғақтарына қатысты музыкалық ес-қабілеті дамып, қоршаған ортаны зерделеуге қатысты қызығушылығы қалыптасады. Мұның барлығы өз кезегінде олардың адамгершілік, отан сүйгіштік сезімдерінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Өйткені күйлер – өн бойына тарихтың түрлі кезеңдері мен сезім иірімдері жайлы мағлұматтар жинақтаған шығармалар. Осы белгілері арқылы оның жеке адамды қалыптастырудағы ықпалын тануға болады.

Демек, күйлерге деген қызығушылықты оқу-тәрбие үрдісінде ғана жүзеге асыруға болады. Мамандардың пікірлеріне қарағанда, күйлерге деген қызығушылық өзінен-өзі пайда болатын нәрсе емес. Ол өскелең ұрпақты тәрбиелеу барысында күйлердің маңызын сөз жүзінде мойындау арқылы жүзеге аспайды. Басты мәселе – мектеп оқушыларының күйлерге деген ынта-ықыласын, қызығушылығын тудыра білуде. Себебі күйлер – оқушылардың эстетикалық талғамын қалыптастырумен бірге, танымын тереңдетуге, этномәдени деңгейін жоғарылатуға ықпал ететін құнды материал. Біздің халқымыздың күйлерін негізгі тірек етіп алуымыздың себебі де осында. Қобыз, домбыра күйлері тақырыбы, мазмұны, образдары жағынан да әр алуан. Себебі олар оқушылар бойында музыкалық білімді, көркем шығарманы қабылдаудың біршама қалыптасқан дағдылары болуын қажет етеді. Демек, оқушылардың күй жанрына деген танымдық қызығушылығын музыка сабағында көбіне тыңдату арқылы жүзеге асыруды дұрыс деп білдік.

Әрине, оқушылардың күйлерге деген қызығушылығын арттырудың жолдары аз емес. Бірақ оның болмысын бір ғана есте сақтау қабілетіне әкеліп тіреуге болмайды. Бұл үрдісті оқушылардың күйлерге деген қызығушылығын тудыратын басқыш деп білген дұрыс. Негізгі міндеттерді жүзеге асыру үшін күйлерге деген қызығушылықты туғызуға себеп болатын батыл педагогикалық әдістер қажет. Мұндай әдістер ретінде:

- оқушыларды күйлерді тыңдаудан алған әсерін жеткізе білуге баулу;
- күйлердің мазмұнын дұрыс ұғынуын қадағалау;
- күйлердің қай аймақта туғаны, аздап стилі туралы түсінігін қалыптастыру;
- халық шығармашылығы туралы түсініктерін тереңдетіп, күй туындыларының негізгі белгілерімен таныстыру;
- белсенді шығармашылықты қалыптастыруға игі әсер ететін күйлерді орындату;
- күйлерді тереңірек ұғынуға негіз болатын салыстырмалы зерттеу әдістерін де енгізуді қолдандық.

Күйлермен жұмыс жасай отырып, біз оқушылардың орындау барысында белсенділігі мен еріктіліктерін дамыту ісіне де көңіл бөлдік. Мұның бастапқы шарты – тыңдатылатын күйдің мазмұнын дұрыс сараптай білу. Мысалы, күйді үйрену барысында оның мазмұнын қаншалықты дәрежеде дұрыс түсінгендіктерін анықтауды біз алғашқыда оқушылардың өз үлестеріне қалдырып отырдық. Күйді талдау үстінде олар өздерінің табысты және кемшілік тұстарын байқады. Мұндай жағдайда біз қажетті іс-дағдыларды орнықтыруға, олардың күйді қаншалықты дұрыс не бұрыс қабылдағандарын көрсетіп отыруға тырыстық. Сол сияқты «түйсіну мен әр қилы ойлаудың негізі» (И.Д. Ушинский) болып табылатын салыстырмалы әдісті де пайдаландық.

Тәжірибе жинақтала келе оқушыларды талдаудың күрделі үлгілеріне баулып, бір-бірінен ерекшеліктері елеусіз күйлерді қолдандық. Сабақтың тәрбиелік мәні мен танымдық іс-әрекеттерін кеңінен жандандыра отырып, біз оның мақсаттылығына, тұтастығына ерекше мән бердік. Күйлер негізінде оқушылар тарихи таным мен әсемдік әлем саласынан белгілі дәрежеде ұғым-түсініктер алды десек болады. Ең бастысы, олардың танымдық үрдіске деген қызығушылықтары байқалды. Осының барлығы оқушыларды музыкалық сауат алудың дәстүрлі түрлерінен (дыбыстың биіктігі, созылыңқылығы, ұзақтығы, күші, жылдамдығы және т.б.) босатып, оларды музыка әлемімен танысудың жаңа да мазмұнды деңгейдегі көкжиектеріне шығарды.

Қазақтың күйлеріне тән өзге де айшықты құралдарды ұғыну мектеп оқушыларының бойында эстетикалық және тарихи танымға деген қызығушылықты тудыруға негізделуі қажет. Сондықтан біз бұл бағыттағы танымдық ізденісті оқу жұмысының әр қилы түрлеріне сай қарастырып отырдық. Соның нәтижесінде оқушылардың тыңдау, қабылдау дағдыларын қалыптастыру арқылы күй жөнінде кешенді білім алуына жағдай жасауға күш салдық. Олар күйдің көркемдік жүйесі, эстетикалық деңгейі және танымдық маңызы жөнінде біршама мағлұматтар жинақтады. Осы бағытта қолданылған педагогикалық тәсілдің бірі – белгілі бір шығармашылық міндетті шешу ісін оқушылардың өздеріне жүктеу болды. Әрине, бұл оқушылардың таным-түйсігіне ықпал ететіні анық.

Оқушылардың күйге деген танымдық қызығушылығын қалыптастыру арқылы күйлерді тек қана эмоционалды түрде қабылдауын ғана емес, сонымен қатар мазмұны, көркемдігі, тарихилығы туралы толғандыратын педагогикалық тәсілдерді қолдануға үлкен мән берілді. Әдетте, оқушылар осы тектес әңгімелерге қызыға қатысып отырды, мәселен оқушыларға «бұл күйдің мазмұны не туралы? Ол қаншалықты түсінікті және ұғымды?» деген сұрақтар жиі қойылып отырды. Осылайша проблемалық ситуациялар туғызылып, біз оқушыларды ойлануға, салыстыруға, есте сақтауға, соған сай ойды жинақтап, қорытындылар жасауға дағдыландырдық.

Ұлттық музыкамыздағы дыбыстық еліктеулер – керекті материал. Сондықтан тарихи-музыкалық материал ретінде күйлерді қолдану қажет. Оқушылардың музыкалық білімдерін әр түрлі тәсілдер арқылы тексеру жолымен күйлерге деген танымдық қызығушылықтары қалай, қандай сипатта дамып келе жатқанын бақылап отыруға болады. Осыған орай біз сабақ мазмұнына мынадай тәсілдерді енгіздік: а) оқушылардың музыка жайлы ойларын еркін жеткізе білуі; ә) музыкалық ойындар; б) музыка тыңдау.

Мектеп кезеңі – оқушылар бойында танымдық қызығушылықты дамытуға ең қолайлы мерзім. Оқушылар бойында күйлерге деген танымдық қызығушылықты тудыру үшін одан алатын әсер мен білім қорын құрайтын міндетті түрдегі тыңдау, танысу, талдаулардың маңызы аса зор. Оқушылардың танымдық қызығушылықтары күй жанрының өн бойында тұнып тұрған ақпараттарды неғұрлым тереңірек зерделеген сайын табысты дами бермек.

Міне, осындай жан-жақты жұмыс түрлері мен әдістемелік әдіс-тәсілдер күй жанрының көркемдік ерекшеліктерін терең түсінуге, тыңдауға мүмкіндіктер туғызады. Оқушылардың күйге, ұлттық музыкамызға деген қызығушылығы мен құмарлығы артады [10].

Қорыта келгенде, айқын, сезімдік бояулары қанық және ойлы болып келетін күйлерді сабақта кеңінен қолдану – оқушылардың танымдық қызығушылығын дамытудың шарты. Бұл сөзімізге оқушылардың музыка сабағына қызыға қатысқандығы, өз халқымыздың күй мұралары жөнінде көбірек білуге ұмтылулары дәлел бола алады.

Әдебиеттер:

- 1 Жұбанов А.Қ. *Ән-күй сапары.* – А., 1976. – 21 б.
- 2 Педагогика және психология. *Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі.* – Алматы: Мектеп, 2002.
- 3 Руссо Ж.Ж. *Таңдамалы шығармалары. Т-1.* – М., 1961. – 351 б.

4 Аль-Фараби. Тракаты о музыке и поэзии. – А., 1992.

5 Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. – М., 1946. – 496 с.

6 Набиев Б.Т. Формирование у учащихся познавательного интереса к предмету постсоветском взаимосвязи урочных и внеурочных занятий. Пед. ғыл. кан. дисс. автореф. – Алматы, 1998. – 24 б.

7 Тамаев А.Т. Әдебиет сабақтарында жоғары класс оқушыларының оқырмандық қызығушылығын қалыптастыру. Пед. ғыл. кан. дисс. автореф. – Алматы, 1995. – 25 б.

8 Бондаревский В.Б. Воспитание интереса к знаниям и потребности к самообразованию: книга для учителя. – Москва: Просвещение, 1985. – 144 с.

9 Асафьев Б.В. Музыка в школе. – М., 1921.

10 Ахметова А.Қ. Мектеп оқушылармен лекция-концертті өткізудің маңыздылығы. Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршы. «Көркемөнерден білім беру: өнер – теориясы – әдістемесі» сериясы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2020. №2 (63). – 77-82 б.

ӨОЖ 378.02:37.016

МРНТИ 14.35.09

Л.Ш. Какимова¹, А.Е. Шайменова²

¹п.ғ.к., доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ, Өнер, мәдениет және спорт институты,
Алматы қ., Қазақстан

²«7М01402 – Музыка» мамандығының 2-ші курс магистры

МУЗЫКА САБАҚТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУҒА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАР

Аңдатпа

Мақаланың негізгі мақсаты – музыка сабағын ұйымдастырудың педагогикалық шарттарын ашу. Өнердің әр түріне тұрақты қызығушылық – бұл олардың мәнерлілігі, өзіндік ерекшелігі, адамға қатысты эмоционалдығы, рухани бейімділігі, бұл халықтың мәдениеті мен дәстүрлерімен байланысы. Ғасырлар бойы өнер өзіндік жалпы принциптері мен бағыттарын дамытты және осы тұрғыда музыкаға ерекше рөл бөлінеді.

Мақалада музыка мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға көмектесетін музыкалық сабақтарда педагогикалық шарттар мен оқытудың ұйымдастырушылық формаларының өзара байланысы көрсетілген. Музыка сабақтарын ұйымдастыру жүйесіндегі шешуші рөлдердің бірі құрастырылған талаптарға және олардың ұсынылған педагогикалық шарттарға негізделген тиімділігіне жатуы мүмкін. Мектеп оқушыларын оқытуда музыка сабағын ұйымдастырудың дамыған педагогикалық шарттары жас ұрпақтың жеке әлеуеті мен білім сапасын дамыту мәселесін шешеді. Оларға мыналар жатады: оқушылардың белсенді танымдық іс-әрекеті, оқу процесін ұйымдастыру, адаптивті білім беру ортасын құру, оқушылардың жас ерекшеліктерін, жеке ерекшеліктерін, қажеттіліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып, әр түрлі формалар, әдістер мен технологияларды қолдану.

Кілт сөздері: педагогикалық шарттар, өнер, музыка, музыка сабағы, іс-әрекет.

Аннотация

Какимова Л.Ш.¹, Шайменова А.Е.²

¹к.п.н., доцент, Институт Искусств, культуры и спорта при КазНПУ им. Абая,
г. Алматы, Казахстан

²магистр 2 курса специальности «7М01402-Музыка»

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ОРГАНИЗАЦИИ УРОКОВ МУЗЫКИ

Основной целью статьи является раскрыть педагогические условия организации уроков музыки. Устойчивый интерес к различным видам искусства является их выразительность, самобытность, эмоциональность по отношению к человеку, духовная предрасположенность, что было связано с

ультурой и традициями народа. На протяжении веков искусство выработало свои присущие только им общие принципы и направления, и в этом значении особая роль отводится музыке.

В работе показана взаимосвязь педагогических условий и организационных форм обучения на уроках музыки, что позволяют сформировать у учителя музыки профессиональные компетенции. Одна из ключевых ролей в системе организации уроков музыки может принадлежать выстроенным требованиям и их результативности на основе предложенных педагогических условий. Разработанные педагогические условия организации уроков музыки в обучении школьников решают проблему – развитие личностного потенциала и качества образования подрастающего поколения. К ним относятся: активная познавательная деятельность обучающихся, организация образовательного процесса, создание адаптивной образовательной среды, применение различных форм, методов и технологий с учетом возрастных, индивидуальных особенностей, потребностей и интересов учащихся.

Ключевые слова: педагогические условия, искусство, музыка, урок музыки, деятельность.

Abstract

Kakimova L.Sh.¹, Shaimenova A.E.²

¹candidate of pedagogical sciences, the associate professor, Institute of Arts, culture and sport at, Kazakhstan at Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan

²st year master of the specialty «7M01402–Music»

PEDAGOGICAL CONDITIONS FOR ORGANIZATION OF MUSIC LESSONS

The main purpose of the article is to reveal the pedagogical conditions for organizing music lessons. A steady interest in various types of art is their expressiveness, originality, emotionality in relation to a person, a spiritual predisposition, which was associated with the culture and traditions of the people. Over the centuries, art has developed its own inherent general principles and directions, and in this sense, a special role is assigned to music.

The article shows the relationship between pedagogical conditions and organizational forms of teaching in music lessons, which will help to form professional competencies of a music teacher. One of the key roles in the system of organizing music lessons can be played by requirements based on the proposed pedagogical conditions. The developed pedagogical conditions for organizing music lessons in teaching schoolchildren solve the problem of developing the personal potential and quality of education of the younger generation. These include: active cognitive activity of students, organization of the educational process, creation of an adaptive educational environment, the use of various forms, methods and technologies, taking into account age, individual characteristics, needs and interests of students.

Keywords: pedagogical conditions, art, music, music lesson, activities.

Кіріспе. «Өнер дегеніміз – көркем образдар жасайтын адамның шығармашылық қызметі» деген философиялық сөздікте өнер ұғымын түсіндіруді табамыз [1, 116]. «Жалпы өнер дегеніміз – көркем әдебиет образдар жүйесі арқылы адамның өмір шындығын, дүниені тануын, ішкі сезіміндегі, жан дүниесіндегі болып жатқан құбылыстарды бейнелейтін, қоғамдағы сана мен адам танымының формасы» деп бастапқы дереккөздерде түсіндірілген [1]. Яғни өнер - өмірде болып жатқан оқиғаларды өз қалпында алмай өзгертіп, өрнектеп, басқаша, көркем образдарды қолдану арқылы жүзеге асатын эстетикалық құбылыс болып табылады. Оның қоғамдағы санадан ерекшелейтін белгісі – адамның шындыққа деген көзқарасы. Адам үшін өнердің мақсаты мен рөлі сонымен қатар жеке тұлғаны қалыптастыру, оның мәдени және рухани әлеуеті, әлеуметтік-мәдени қатынастар мен адамдардың функцияларын дамыту, көркем образдар мен өнердің ерекшеліктері арқылы эстетикалық тәрбие беру болып табылады. Оның басым мақсатын асыра бағалау қиын.

Өнерді зерттеу «көркем бейненің құрылымында» бір-бірінен ерекшеленетін әртүрлі өнер түрлерінің бар екендігін көрсетеді. Атақты өнер танушы Юрий Боров эстетикалық құндылықтар туралы ғылымды зерттеудегі «Эстетика» атты іргелі еңбегінде «өнер дамыу үшін әр өнердің ерекшелігі мен олардың синтезін оқшаулау керек» дейді [2, 345]. Синтез дегеніміз «бөліктерден біртұтас немесе практикалық немесе ақыл-ойдың қайта құрылуы немесе әртүрлі элементтердің біртұтас тұтасу процесі» деп түсініледі [2, 322]. Сондықтан әр түрлі өнер түрлерінің синтезі эстетикалық мазмұн мен көркемдік тұрғыдан қабылданады [4]. Егер біз Канттың, Гегельдің және француз материалистерінің өнердің түрлері «олардың пайда болу себебіне байланысты» бөлінеді деген тұжырымына жүгінетін болсақ, онда бұл «әлемнің көркемдік дамуындағы қоғамдық тәжірибеге» байланысты деп сенімді түрде айта аламыз.

Өнердің адамға, оның дүниетанымына, эстетикалық біліміне, адамгершілікке, салт-дәстүрге әсері туралы алғашқы ескертулер ежелгі ойшылдардың, философтардың еңбектері мен тұжырымдамаларында кездеседі. Әл-Фараби ғалымның алғашқылардың бірі болып өнердегі шығармашылықтың мәні туралы «өнер дегеніміз – шындықтың репродукциясы» деп көрсеткен әл-Фараби трактатын атап өткен жөн. Өнерді іс-әрекет ретінде түсінуде әл-Фараби «өнердің әртүрлі түрлері адамдардың өмірлік қажеттіліктеріне сәйкес және адамның түсінігі, шығармашылық күшіне сәйкес жасалады» деп жазды [5, 12]. Өнердегі әлеуметтік маңыздылыққа тоқталып, кейінгі ғасырларда теория мен ғылымның дамуында прогрессивті ойлар салды.

Эстетикалық мәселелерге музыкалық педагогика бойынша Е.Әлиевтің зерттеуінде қойылған бірқатар жағымды сұрақтар кіреді. Онда, атап айтқанда, ұлттық мәдени кодты қалыптастырудың маңызды құрамдас бөлігі ретіндегі мектеп оқушыларының көркемдік білім беру мәселесі қарастырылып, мектеп көркемдік білім беру мәселелері көтеріліп, оқушылардың эстетикалық көзқарастарын қалыптастырудағы түрлі өнер формаларының рөлі қарастырылады. Автордың пікірінше, бұл ұғымдар балаларға өнермен таныстыру барысында туындайды [6].

Сонымен қатар өнерді белгілі бір мазмұнның көрінісі, көркемдік тәрбие құралы ретінде қарастыру көптеген зерттеушілерді қызықтырады. Бұл халықтық педагогикадағы жұмыстардың қатарына әл-Фарабидің, Ы.Алтынсариннің, А.Құнанбаевтың, көптеген отандық ғалымдардың С.Ұзақбаеваның, М.Балтабаевтің, Р.Дүйсенбинованың, Ш.Құлманованың және басқалардың зерттеулерінде кездеседі [7, 176-179].

М.Балтабаевтың зерттеуінде жас ұрпақты көркемдік-эстетикалық тәрбиелеуде дәстүрлі өнердің ажырамас бөлігіне ерекше көңіл бөлінеді. «Елім-ай» авторлық бағдарламасында ғалым ән, аспаптық, би, халықтық-ауызша, сәндік-қолданбалы өнер түрлерінің бірлігін көрсетті. «Музыка» бағдарламасының мазмұны қазақ халқының музыкалық мәдениетінің өзегін құрайтын халық шығармашылығының негізгі жанрларына негізделген «Ән-күй – халық қазынасы» тақырыбында болса да, сонымен бірге музыканы өнердің басқа түрлерімен, мысалы бейнелеу өнері, би, мүсін және т.б. қарастырылады [7, 177].

Негізгі бөлім. Ғылыми-әдістемелік мәселелер келесі зерттеулердің ғалымдарының назарына аударылады. Белгілі ғылыми еңбектерде әлеуметтік, тарихи, психологиялық, көркемдік контекстегі әр түрлі қатынастардағы білімнің, дүниетанымның, эстетикалық мәдениеттің, шығармашылық қабілеттің қалыптасуына өнердің әртүрлі түрлерінің әсерін зерттеуге жүйелі көзқарасты қолдану мүмкіндіктерінің жалпы сипаттамасы келтірілген. Музыканың құбылыстары мәдениеттану, эстетика, музыкалық білім беру педагогикасы, музыкология мәселелерімен кеңінен қамтылған.

Бұл жұмыстардың барлығы музыкалық білім беру педагогикасы үшін үлкен қызығушылық тудырады.

Бірақ біздің зерттеуіміз үшін музыка мұғалімінің әдістемелік жұмысының ұйымдастырушылық жағына бет бұру маңызды болды. Осыған байланысты біз әр түрлі өнер түрлерін синтездеу негізінде музыка сабақтарының белгілі бір қырларын ашып, ғылыми әдебиеттерге жүгіндік және мысал келтіре отырып, орта сыныптарда музыканы игерудің практикалық бөліміне бет бұрдық.

Алдымен біз «педагогикалық шарттар» нені білдіретінін анықтауға тырыстық.

В.И. Андреев педагогикалық шарттар «белгілі дидактикалық мақсаттарға жету үшін мазмұндық элементтерді, әдістерді және оқытудың ұйымдастырушылық формаларын мақсатты түрде іріктеу, жобалау және қолдану нәтижесі болып табылатын оқу процесінің жағдайлары» деп санайды [8, 568].

Өз кезегінде О.В. Штаймарк шарттардың «объектінің қоршаған құбылыстарға қатынасын» көрсетуі өте маңызды деп жазады, онсыз ол өмір сүре алмайды. Демек, ғалым «педагогикалық шарттар деп біз оқыту мен тәрбиелеудің мазмұнының элементтерін, міндеттерін тиімді шешуге ықпал ететін оқыту, тәрбиелеу формалары, әдістері мен құралдарын таңдау, жобалау және қолдану нәтижесі болып табылатын жағдайларды түсінеміз [9, 212].

Педагогикалық әдебиеттерді талдау бізге алынған білімнің жоғары сапасын, ақпаратты іздеудің, өңдеудің және пайдаланудың заманауи әдістерін меңгеруді қамтамасыз ететін басқа өнер түрлерімен синтезде музыка сабағын оқытуда сабақтарды ұйымдастырудың педагогикалық шарттарын анықтауға және негіздеуге мүмкіндік берді.

Пайдаланудың алғашқы педагогикалық шарттары ретінде біз оқушылардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескере отырып, бағдарлама мен педагогикалық технологияның мазмұнын таңдау мен құруды алға қойдық. Мектептегі музыкалық бағдарламаларды талдау музыкалық материалдың әртүрлілігі мен ерекшелігін, оқытылатын материалдың құрылымдық ұйымдастырылуын және оның әдіснамасын көрсетті. Дәстүрлі музыкалық мәдениеттегі тарих, мәдениет, күнделікті өмір, музыканы тәрбиелеу және оқыту мәселелерін оқып үйрену балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес музыкалық материалды тереңдетіп оқып үйренуге және «Музыка» пәнінің бағдарламасына жаңартылған мазмұнды енгізуге жағдай жасайды. Фонохрестоматиканы тақырыптық шолу оқушылардың бойында өзіндік, сыни ойлауды дамы-

туға және қалыптастыруға ықпал ететін халықтық дәстүрлі музыкалық мәдениеттің әр түрлі түсіндірмелерімен және келісімдерімен танысуға мүмкіндік береді. Педагогикалық шарттардың оңтайлы мазмұнын таңдау кезінде біз келесі өлшемдерге сүйендік:

Біріншіден, музыкалық сабақ бағдарламасының оңтайлы мазмұнын таңдау кезінде репертуарды таңдау мен таңдау критерийлерін ескеру қажет екенін ескеру орынды. Бұл тұжырымдамалық позицияны жақында Д.Б. Кабалевский және оның мектебі, оның оқушылары мен ізбасарлары жалғастырды, мысалы Е.Б. Абдуллин және басқа ғалым-музыканттар [10]:

- ✓ көркемділік және көңілділік;
- ✓ педагогикалық мақсаттылық;
- ✓ тәрбиелік және семантикалық мәні.

Екіншіден, оқудың жеке тәсілін ескеруілі керек.

- ✓ оқушылардың жасын, психологиялық ерекшеліктерін;
- ✓ білім алушылардың қызығушылығы, ынтасы, қажеттілігі, ұмтылысы;

✓ оқу процесінде қалыптасқан және әлі де қажет дағдылар: негізгі, физиологиялық, оқу дағдылары, пәндік дағдылар және басқалар;

- ✓ рефлексиялық оқытуды құру және ұйымдастыру;
- ✓ кері байланысты ұйымдастыру.

Үшінші. Бұл жеке стильдерді, танымдық іс-әрекетті, іс-әрекетті белсендіруді, шығармашылық білім беру ортасын құруды, әр түрлі формалар, әдістер мен ақпараттық-педагогикалық оқыту технологияларын ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру.

Музыка сабақтарын ұйымдастыру үшін орта білім беру бағдарламасының жаңартылған мазмұны тұрғысынан педагогикалық жағдайларды ескеру маңызды деп санаймыз. Бұл төртінші педагогикалық шарт. Ол үшін «Музыка» пәнінің типтік оқу жоспары мен оқу бағдарламасына жүгіну керек болды, онда пәннің мақсаттары мен міндеттері ғана емес, сонымен бірге әдістемелік ұсыныстар мен әзірлемелер де көрсетілген.

Қорытынды. Мыңжылдықтар тоғысында өнердің арақатынасы және олардың адамға әсер етуі проблемасы терең арнайы зерттеу нысанына айналады. Әр түрлі өнер түрлері арқылы болашақ ұрпақты құндылықтар жүйесінде тәрбиелеу қажеттілігі туындайды. Және бұл тұрғыда музыканың адам үшін рөлі баға жетпес және маңызды.

Жалпы білім беретін мектептердегі заманауи музыка сабақтары мазмұндық бағдарламаның жаңартылған мазмұны аясында «Өнер» циклына енгізілген және құрылымы мен мазмұны бойынша өзіндік ерекшеліктерге ие. Біздің ойымызша, қолданыстағы және қазіргі уақытта жүзеге асырылып жатқан музыкалық бағдарламада классикалық музыканы қабылдауды қалыптастыру, ырғақты естуді дамыту және оларды шешуге арналған әр түрлі іс-шараларды ұйымдастыру тұрғысынан кейбір кемшіліктер бар, бұл біздің зерттеуімізде осы мәселені дамытуды талап етеді. Бұл мәселені шешу үшін музыка сабағын ұйымдастырудың педагогикалық шарттарын ескеруді маңызды деп санаймыз. Енді біз бұл теориялық бөлімді мектепте тәжірибе жүзінде тексеруді жоспарлап отырмыз және біздің зерттеуіміз жалғасуда.

Әдебиеттер:

1. *Краткий словарь по философии. / Под общей ред. И.В. Блауберга и И.К. Пантина. – 3-е изд., доработ. и доп. – Москва: изд-во Политиздат, 1979. – 413 с.*
2. *Борев Ю. Эстетика. – изд.2. – Москва, 1975. – 399 с.*
3. *Краткий психологический словарь / Сост. Л.А. Карпенко; под ред. А.В. Петровского, М.Г. Ярошевского. – М.: Политиздат, 1985. – 431.*
4. *Абишева О.Т., Бейсенгали Б.Б. Музыкалық өнер және оның басқа салалармен байланысы // Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Художественное образование: искусство – теория – методика» №3(56), 2018. – С. 62-65.*
5. *Аль-Фараби. Трактаты о музыке и поэзии / Пер.с арабского. – Алмат-Ата: Ғылым, 1992. – 456 с.*
6. *Алиев Ю.Б. Художественное воспитание как основа культурного бытия школы [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/hudozhestvennoe-vospitanie-kak-osnova-kulturnogo-bytiya-shkoly> - [Дата обращения: 28.05.2020].*
7. *Кульманова Ш.Б. Состояние и перспективы развития общего музыкального образования школьников в Казахстане // Музыкальное образование в Казахстане: Учебное пособие. Вып.1. / Сост. Р.Р. Джердималиева и др. – Алматы, 2007. – 272 б. – 176-179 б.*
8. *Андреев В. И. Педагогика творческого саморазвития. – Казань, 1996. – С. 568.*

9. Штеймарк О.В. Педагогические условия эффективного использования компьютерных технологий в педагогическом процессе // Знание. Понимание. Умение №1, 2008. – С. 211-215.

10. Абдуллин Э.Б., Николаева Е.В. Теория музыкального образования: Учебник для студ. высш. пед. учеб. заведений / Э.Б. Абдуллин, Е.В. Николаева. – М.: «Академия», 2004. – 336 с.

ӘОЖ 378.1
МРНТИ 14.09.91

Л.М. Нарикбаева¹, Ж.Кәрібаева²

¹Ғылыми жетекшісі – педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
музыкалық білім беру және хореография кафедрасы, Өнер, мәдениет және спорт институты,
Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан

²Абай атындағы ҚазҰПУ, музыкалық білім және хореография кафедрасы,
«7М01402– Музыкалық білім беру» мамандығының 1-курс магистранты,
Алматы қ., Қазақстан

ҚАЗАҚ АСПАПТЫҚ ОРКЕСТРЛЕР МЕН ФОЛЬКЛОРЛЫҚ АНСАМБЛЬДЕРДІҢ ДАМУ ТАРИХЫ, НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада қазақ аспаптық оркестрлермен ансамбльдердің бір-бірімен тарихы сабақтастығы, негізгі мәселелері мен ерекшеліктері қарастырылған. Осы мәселенің аясында қазіргі заман фольклорлық ансамбльдерінің таңғажайып партитураларының стилистикалық ерекшеліктері, ертеден келе жатырған аспаптардың жаңарып өмірге қайтадан келуі, орындаушылық, техникалық мүмкіндіктерін ескере отырып зерттеу, өзекті мәселелері қаралған. Қазіргі аспаптық фольклорлық ансамбльдері мен оркестрлерін алғашқы шыққан ансамбльдердімен салыстыра отырып олардың стильдік ерекшелігінің маңызы және оның мәні зерттеудің жұмысы барысында анықталған. Көптеген ансамбль жетекшілерінің осы уақытқа дейінгі ансамбльдерге, оркестрлерге енгізген өзгерістері, орындаушылық ерекшелігінің қалыптасуы зерттелген. Ансамбль жетекшілерінің шығармашылығы мен стильдік ерекшелігін байланыстыра отырып талдау жұмыстары жүргізілген. Тәжірибиелік-эксперименттік жұмыстар барысында оркестр және ансамбль әртістерінің орындаушылық мүмкіндіктерін ескере отырып, оларды жан-жақты зерттеу аясында қарастырылған.

Түйін сөздер: фольклор, ансамбльдер, оркестрлер, орындаушылық шеберлік, музыка пәні, дирижер.

Аннотация

Нарикбаева Л.М.¹, Карибаева Ж.²

¹ научный руководитель – доктор педагогических наук, профессор,
кафедра музыкального образования и хореографии, Институт искусств, культуры и спорта
Казахский национальный педагогический университет имени Абая,

г. Алматы, Казахстан

² магистрантка I курса специальности «7М01402–Музыкальное образование»
кафедры музыкального образования и хореографии Института искусств, культуры и спорта
Казахского национального педагогического университета имени Абая,

г. Алматы, Казахстан

ИСТОРИЯ РАЗВИТИЯ КАЗАХСКИХ ИНСТРУМЕНТАЛЬНЫХ ОРКЕСТРОВ И ФОЛЬКЛОРНЫХ АНСАМБЛЕЙ, ОСНОВНЫЕ ПРОБЛЕМЫ И ОСОБЕННОСТИ

В данной статье рассмотрены основные проблемы и особенности, историческая преемственность развития ансамблей и оркестров казахских инструментов. В рамках данной проблемы рассмотрены актуальные вопросы, связанные со стилистическими особенностями партитур современных фольклорных ансамблей, обновлением и возрождением древних казахских инструментов с учетом исполнительских и технических возможностей. В ходе исследовательской работы определены значение стилевых особен-

ностей современных инструментальных фольклорных ансамблей и оркестров и их сопоставление с первыми появившимися казахскими фольклорными ансамблями. Изучены изменения, внесенные многими руководителями ансамблей и оркестров до настоящего времени, формирование ими исполнительской специфики. Проведена работа по анализу творчества руководителей ансамблей и оркестров. В ходе опытно-экспериментальной работы рассмотрены вопросы всестороннего изучения артистов оркестров и ансамблей с учетом их исполнительских возможностей.

Ключевые слова: фольклор, ансамбль, оркестр, исполнительское мастерство, предмет музыки, дирижер.

Abstract

Narikbayeva L.M.¹, Karibayeva Zh.²

¹scientific adviser - doctor of pedagogical Sciences, Professor, Abai Kazakh national pedagogical University, Institute of arts, culture and sports, Department of music education and choreography, Almaty, Kazakhstan

²Ind year undergraduate of the specialty "7M01402-Music education" of the Department of music education and choreography, Institute of arts, culture and sports of the Kazakh national pedagogical University named after Abay

HISTORY OF DEVELOPMENT OF KAZAKH INSTRUMENTAL ORCHESTRAS AND FOLK ENSEMBLES, MAIN ISSUES AND FEATURES

This article discusses the main problems and features, the historical continuity of the development of ensembles and orchestras of Kazakh instruments. Within the framework of this problem, topical issues related to the stylistic features of the scores of modern folk ensembles, the renewal and revival of ancient Kazakh instruments, taking into account performance and technical capabilities, are considered. In the course of the research, the significance of the stylistic features of modern instrumental folk ensembles and orchestras and their comparison with the first Kazakh folk ensembles appeared were determined. The changes made by many leaders of ensembles and orchestras up to the present time and their formation of performance specifics are studied. The work was carried out to analyze the creativity of the leaders of ensembles and orchestras. In the course of experimental work, the issues of comprehensive study of artists of orchestras and ensembles, taking into account their performance capabilities, are considered.

Keywords: Folklore, ensemble, orchestra, performing arts, subject of music, conductor.

«Қазақстан–2030» стратегиялық бағдарламасы приоритетінің бірі ұлттық білім моделін қалыптастыру тенденциясы мен Қазақстан білім беру жүйесін бүкіл әлемдік білім кеңістігіне кіріктіруіне сипатталатын білім беру саласы болып табылады.

Бүгінгі күні инновациялық әдістермен оқытуды қолдану арқылы оқушының ойлау қабілетін арттырып, ізденушілігін дамытып, құзыреттілігін қалыптастыру, тарихи объективизмді ұстана отырып шынайы дерек көздерінен мәліметтерді жинақтау ең негізгі мақсат болып айқындалады [1].

Музыка пәнінде жаңа әдістерді пайдалану арқылы мектептегі сабақтарды жаңаша ұйымдастыру, мұғалімнің рөлімен қызметінің артуына жағдай жасау, теориялық, ғылыми – педагогикалық және психологиялық зерттеулерге сүйене отырып, оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыру, ақпараттық технологиялармен инновациялық оқыту әдістері арқылы оқушыларды ізгілікке, елжандылыққа, саналыққа, адамгершілікке, имандылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Сырлыда сазды әуендерді бүгінгі күн әуендерімен, классикалық музыкамен ұштастыра, шығармашылықпен тақырыпты аша түсіп, оқушыларды музыка әлеміне қызықтыра білу музыка мұғалімінің өзісінде шеберлігін талап етеді. Оқуға ынтасы бардыда, ынтасыздардыда, тәртіптілермен тәртіпсіздерді музыка әлеміне қызықтырып, оқушылардың рухани бейнесі танымын қалыптастыра отырып, қоғамның саналы азаматы етіп шығару – ұстаздардың басты мақсаты [2]. Музыка баланың сезімдеріне тікелей әсер ете отырып, оның патриоттық, адамгершілік сезімдерін қалыптастырады. Оның ықпалы үгіттеуденде, нұсқауларданда анағұрлым күшті болады.

Музыка пәнінің басқа пәндерге қарағанда көптеген ерекшеліктері бар. Мұнда негізінен оқушының қабілеті, бейімділігі бас назарда болуы керек. Дегенменде оқушыларды бейімдеу, қабілетін дамыту, музыкаға деген қызығушылығын арттыру жақсы ұйымдастырылған сабаққа байланысты. Сондықтан оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру мақсатында сабақта тақырыпқа байланысты, музыка

түрлерінің шығу тарихын, музыка түрлері дамыған елдерді, музыка саласындағы белгілі композиторлар өмірімен, Қазақстандағы және әлем елдеріндегі композиторлармен тағыда басқа ақпараттармен музыка туралы толық мәліметтер беріп отыру қажет.

Сонымен бірге оқушыларға бұқаралық ақпарат құралдары, журналдардың тағы басқа әлем елдеріндегі атақты композиторлары және мәдени жаңалықтарға шолу жасап отыру қажет. Осы тұрғыда оқушылар атақты композиторлардың жетістіктерге жетудегі еңбектерімен таныса отырып, өздеріде сабақта әр тапсырманы ағаттылықпен, белсенділікпен орындауға тырысады.

Оқушылардың қызығушылығы белсенділігі артқасын сабақта білім сапасының артатыны сөзсіз. Ұлы неміс педагогы А.Дистервергтің «Жаман мұғалім ақиқатты өзі айтып береді, ал жақсы мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді, ойға үйретеді» - дегенді [3]. Сондықтанда оқушы белсенділігін арттырып, білім сапасын көтеретін, ойлауға үйрететін ол жаңа инновациялық әдіс-тәсілдері болып табылады. Бұл – мұғаліммен оқушы арасындағы қарым-қатынас, сабақты жақсы оқитын, музыкаға деген бейім оқушылармен белсенді жұмыс істеп қана қоймай, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жақсы ойлар туғызып, қабілеті жеткен жерге дейін ең бекетуін ойластыру. Барлық оқушы өз қызметін ең төменгі жеңіл тапсырмаларды орындаудан бастайды да, оларды міндетті түрде толық орындап болғаннан кейін ғана, келесі күрделі деңгейдегі тапсырмаларды орындауға көшіп отырады [4].

Бұл оқушылар арасында бәсекелестікті және әр оқушының өз қабілетіне, қызметіне сәйкес жоғары деңгейге көтерілуіне толық жағдай жасайды. Осылай ойын элементтерін әдістерін деңгейлеп орындату арқылы оқушылардың тапсырмаларды орындауда жинаған ұпайларын «Даму мониторингі» кестесіне белгілей отырып, оқушы білімі не талдау жасап отыруы қажет. Өтілетін тақырыптарға байланысты қызықты сергіту ойындарын ойнатудың да сабақ сапасын арттыруға ықпалы көп [5].

«Ансамбль» - француз тілінен алғанда «ensemble» – бірге деген ұғымды білдіреді. Яғни музыкалық шығарманы бірнеше орындаушының бірігіп орындауын, орындаушылық өнердің өзара үйлесімін, көркемдік тұтастығын – ансамбль деп айтамыз. Ансамбль бұл – екі немесе одан да көп музыканттардың (әншілер немесе музыка аспаптарында орындаушылар) музыкалық шығарманы қосылып орындауы; операда бірнеше кейіпкердің бір мезгілде ән салуы (терцет, квартет, квинтет); бірлесіп ойнау немесе өлең айту (дуэт, трио, квартет); оркестр ансамбльдің бір түрі болып есептеледі.

Ал оркестр дегеніміз – музыкалық шығарманы әр түрлі аспаптарда қосылып орындайтын музыканттар коллективі (ұжымы). 60 немесе оданда көп адамнан тұрады. Оркестр мен аспаптық ансамбльдің арасында өзіндік айырмашылық бар. Ансамблде әрбір партияны жеке музыкант орындайтын болса оркестрде бір партияның өзін бірнеше аспаптар қосылып орындайды.

Оркестр туралы сөз қозғағанда, халықтың күнделікті тыныс тіршілігімен астасып жатқан, ғасырлар қойнауынан бүгінгі күнге жеткен халық аспаптарынан тұратын оркестрлер туралы айтпай кету мүмкін емес. Оның ішінде Қазақстанда атағы шыққан Құрманғазы атындағы ұлт аспаптары оркестрі, «Отырар сазы» фольклорлық оркестрі жатады.

«Әр ұлттың, мемлекеттің өзінің төл өнері, салт пен дәстүрі, музыкалық аспаптары болады. Адам ретінде жер бетінде мәңгілік емес, ал әр ұлттың музыкасы, төл аспабы – мәңгілік мұра. Қорқыт бабамыздың музыкасы соның бірден-бір дәлелі. Құрманғазы оркестрі академик Ахмет Жұбанов XX ғасырда құрған сәттен бастап ұлттық болмысымызды әлемге танытып келе жатқан бірден-бір оркестр. Елбасымыздың өзі Құрманғазы оркестріне «Қазақтың інжу-маржаны деп баға берген болатын. Артылған сенімді ақтап, халықтың рухани баюына өз үлесімізді қосудамыз», - дейді оркестр директоры, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Нұрғиса Дауешов [6].

Оркестрдің тарихы 1934 жылы Ахмет Жұбановтың оркестрдің дирижері мен көркем жетекшісі болып тағайындалған кезден бастау алады. Қазірде оркестрдің репертуарында 4000-нан аса туынды бар. Оркестрдің бас дирижері – жас та болса бас болып жүрген "Дарын" мемлекеттік сыйлығының лауреаты Абылай Тілепберген. Оркестрдің бас концерт мейстері – ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Батыржан Мықтыбаев.

Отырар сазы – Қазақтың мемлекеттік халықтық музыкалық аспаптарының фольклорлық – этнографиялық оркестрі. 1980 жылы ансамбль ретінде қазақ филармониясының жанынан құрылған. Оркестрдің ұйымдастырушысы, көркемдік жетекшісі және бас дирижері КСРО-нің халық артисі Н.А. Тілендиев. 1982 жылдан оркестр «Отырар сазы» деп аталады. Музыкалық шығармалар ерте кезден белгілі қазақтың ұлттық аспаптарында орындалады [7].

Қазірде Н.Тілендиев атындағы Қазақтың мемлекеттік академиялық фольклорлық-этнографиялық халық аспаптар оркестрі деп аталады. Дирижеры Тілендиева Дінзухра Нұрғисақызы. Оркестрдің құрамымен Құрманғазы оркестрінен ерекшеленіледі. Онда домбыра мен кобыздан басқа, қазақтың жетіген,

шертер, шаңқобыз, месқобыз, сырнай, сазсырнай, сыбызғы, асатаяқ, дауылпаз, тұяқтас, қоңырау, т.б. аспаптары бар. Оркестр фольклорлық туындылармен қатар аңыз, шежіре, күйлер сипатында жазылған Қазақстан композиторларының шығармаларын, кинофильмдер музыкасын да орындайды.

Оркестр құрамында 65 өнерпаз қызмет етеді. Оркестрдің репертуарында халық күйлері «Кенес», «Сары өзен», «Салкүрен», халық композиторларының шығармалары – Тәттімбеттің «Қосбасар», «Саржайлау», «Сылқылдақ», «Ерденнің күйі», Ықыластың «Қамбар батыры», М.Төлебаевтың «Еске алуы», Н.Тілендиевтың «Ата толғау», «Көш керуені», К.Күмісбековтың «Қорқыт күйі», «Фараби сазы» және т.б. күйлері бар. «Көш керуені» - Н.Тілендиевтің шығармаларының ішіндегі биік музыкалық талғаммен жазылған, әсем әуенді күй. Күйде қазақ халқының көне музыкалық аспаптарының үні ерекше бір үндестікпен дыбысталады.

Оралда 1987 жылдан қоғамдық негізде ұлт аспаптар оркестрі ретінде ұйымдасып, әркез концерттерге қатысып жүрген ұжым 2000 жылы филармония штатына алынды. Оркестрдің көркемдік жетекшісі және бас дирижеры болып Қырымгерей Қажымов басшылық ете бастады. Контрабас аспабының білікті маманы Қырымгерей Қажымұлы көп жыл Құрманғазы атындағы Академиялық оркестрдің музыканты болып қызмет етті. Ол – мол тәжірибе жинап, ысылған, оркестр табиғатын жақсы білетін ойлы музыкант.

Осы бір кездерде 2001 жылы БҚО Мәдениет басқармасының басшысы Максот Омарғалиевтің ұсынысымен оркестрге екінші дирижер боп Алматыдан Еркін Нұрымбетов шақырылды (сол күндерде Еркін Оралда тұратын үй-жағдайы қалай болатынын ойлап, біраз қысылды. Осы жағдайын сезген дос-көңілдес, қамқоршы ағасы, белгілі домбырашы, композитор, ҚР халық артисі марқұм Тұяқберді Шәмелов облыс әкімі Қырымбек Көшербаевпен тікелей сөйлесіп: «Қыреке, облысқа мен де келіп жатырмын ғой, реті шықпай жатса, маған берер үйіңізді Еркін ініме берсеңіз... оркестрді жайнататын өте білімді азамат» деп тілек етеді. Ал, Қырымбек Елеуұлы: «оған саспаңыз, Еркінге де үй табылады» деп, бәрін сәтті шешеді. Еркін оркестрдегі қызметіне еркін кіріседі.

Сөйтіп, жаңа құралған оркестрді екеуі басқаруға кірісті. Қырымгерей екеуінің ұйымдастырушылық қабілеті, күнделікті жұмыс тәртібі, репертуар жасаудағы ой-өрісі, эстетикалық көзқарасы, талғамы бір-біріне үйлесіп жатты. Бірін-бірі түсінді, бірін-бірі толықтырды, біріне-бірі демеу болды. Олар оркестрді күрделі, көркем, жарқын партитуралармен қамтамасыз етіп, тынысын, өрісін, деңгейін көтере түсуге бар күш-жігерлерін салды. Осындай салиқалы, жойқын еңбектің нәтижесінде оркестр ұлы күйші Дәулеткерейдің есімін алды. Оркестр аз уақыт ішінде Республикаға кеңінен танылды. Қазақ музыка мәдениетінің жан-жақты өркендеуін осы мысалдан-ақ көруге болатын шығар.

Халық композиторларының әндері мен күйлері, Қазақстан композиторларының, сондай-ақ шетел классиктерінің мыңнан астам шығармалары қазақ радиосының алтын қорына жазылды. Ол Москва радиосының да алтын қорында сақтаулы тұр. Бүгінгі егемен еліміздің облыстары мен қалаларындағы оркестрлер сол дүниелерді әлі күнге дейін орындап жүр. Солардың бірі – Дәулеткерей атындағы Батыс Қазақстан облысының қазақ халық аспаптары оркестрі. Оркестрдің көркемдік жетекшісі және бас дирижеры, өзіміздің ең талантты шәкіртіміз – Еркін Нұрымбетов. Ол осы оркестрдің қалыптасып, орындаушылық шеберлікке шыңдала түсуіне үлкен үлес қосты. Үш жүзден астам шығарманы оркестрге лайықтап, өңдеп түсірген Еркін халық музыкасы мен халық таланттары жайлы да үнемі зерттеулер жүргізеді. Бұл ретте Ақжайық өңіріне арналған шығармалармен топтастырылған жаңа партитуралар жинағын өте құнды еңбек деп есептейміз. Оны дәйім ізденіс үстінде жүретін өрелі музыкант екендігін әр кез туындап жататын осындай зерттеушілік зердесінен де байқап, талғамына да қызыға қараймыз.

Астана қалалық Академиялық филармониясының қазақ халық аспаптары оркестрінің көркемдік жетекшісі және бас дирижеры Айтқали Жайымовтың пікірі: «Еркін ойлы, терең сезімді, ішкі дүниесі бай, байсалды музыкант. Жасаған партитураларынан жинақылығы, тиянақтылығы өзіне ғана тән қолтаңбасымен айқын сезіледі. Алматы консерваториясында менен дәріс алып, бүгінде жан-жақты толысып, музыка әлеміндегі оркестрлік шығармаларға түсінігі мол дирижер ретінде әр қырынан танылып жүр. Алғашқы кезде оны шағын ансамбльге, бірте-бірте оркестрге лайықтап түсіруші ретінде музыканттар қауымы танып білді. Кейіннен дирижерлік пультке шығып, талант тынысы еркін ашылды. Композиторлық қабілеті де айқын көрінді. Ұлт аспаптар оркестріне арналған бірнеше поэмалары мен күйлері, әндері бар. Әндерін елімізге белгілі әншілер Нұрғали Нүсіпжанов, Ғафиз Есімов және басқа да әншілер орындайды. Еркін оркестрдің музыкалық тіліне жетік болғандықтан оның партитурасы әр кез үн-баяуы қанық, көркем дүние боп жазылып жатады. Композиторлардың да өз шығармалары жөнінде оған үміт артуы осы озық талантын танығандықтан да болу керек деп ойлаймыз» [8].

Еркін Нұрымбетовтың диапозоны бір октава ғана келетін ескілікті аспап саз-сырнайда жан тебіренетін әуезі «Балдырған» балаларға арналса да, музыкалық фольклоры тұнып жатқан Сыр бойының рухани

әлемінің ғажайып сырын қозғағандай әсер етеді. Еркіннің ұлт аспаптар оркестріне жазған «Ғасырлар сазы» күйі – шаңқобыз, қылқобыз, саз-сырнай, сыбызғыны тіл байлар тылсым гармониямен үйлестіре беруде және Иранғайыптың «Қорқыт» драмасында қобыз бен жеке дауысты «Қобызым... қобызым!» деп сарната сөйлегісі... міне, осының өзі жан-жақты білімі, интеллектісі жоғары музыканттың келбетін танытады.

Еркін Нұрымбетовтың жинап құрастырған, нотаға түсіріп, партитураларын жасаған, иә, қолтаңбасы айқын сезілетін зерттеулерін де көруге болады. Сол игілікті, әрі өте күрделі жұмыстарынан Махамбет күйлеріне арналған «Қиыл қырғыны» (2003), «Ақжайық өңірінің музыкалық фольклоры», 1 том (2005), «Сыр сүлейі - Әлшекей» (2005), «Әлшекей күйінің шығармашылығы» (Электрондық оқулық құралы» 2008) деп аталатын кітаптары айрықша назар аударады. Енді, міне, осы еңбектеріне «Ақжайық сазы» дейтін жаңа жинағы қосылды. Бұл да тиянақты түрде жалғастырып келе жатқан зерттеушілік еңбегінің жемісі, жасаған партитуралары соның жарқын көрінісі.

Еркін Нұрымбетов бүгінде жан-жақты толысқан өнердегі белгілі тұлға. Оның шығармашылық лабораториясы сондай көркем және ол әр қырынан жарқырайды. Үш жүзден астам партитура жазыпты, соның ішінде: Жантөренің «Шалқымасы», Құрманғазының «Қуанышы», Махамбеттің «Қиыл қырғыны», «Исатайдың Ақтабаны-ай», Дәулеткерейдің «Бапас», «Женгем сүйері», Төлеген Момбековтың «Досыбай», Шал Мырзаның «Бес қыз» күйлері. Европа классикасынан: Моцарттың «Дон Жуан» операсынан дуэттиносы, Брамстың екінші, төртінші, бесінші, алтыншы, «Венгер билері», татар композиторы Назиб Жигановтың екі симфониялық сюитасы, монғол композиторы Чулуунның «Уранхас» балетінен вальс... ». «Аяулы анашым», «Жан әкем», «Жүрек сыры», «Аққу махаббат», «Сен ғана», «Махаббат әнім» деп аталатын лирикалық әндері, сондай-ақ, ел мен жер құдіретін жарқын леппен аялайтын: «Қазақстаным», «Қызылорда-Ақмешітім», «Асқақтай бер, Астана», «Алтын шаһар – Алматым», «Оралым», «Теректі вальсі»... патриоттық рухпен жазылған: «Сырым баба», «Қаһарман Мәншүк» әндері туындады. Мұндай шығармаларды атай берсек ол біраз дүние.

Ал, мына төмендегі шығармалары да ерекше назар аударады. Солардың ішінен: «Ғасырлар сазы», «Тарту», «Ақжелен», «Әке арманы», «Шашу», «Қосбасар» күйлері... «Балдырған» (сазсырнай), «Наслаждение», «Ақеркем» (Қобыз), «Элегия» (виолончель), «Мыстан кемпір», «Фонтан», «Күзгі көріністер» (фортепиано) деп аталатын аспаптық шығармалары, ұлт аспаптар оркестріне арналған «Ақжайық», «Дара тұлға – Нұрғиса», «Жаса, Елім», «Батыр баба – Ер Қосай» атты поэмалары Еркін Нұрымбетовтың композиторлық ампуласын жарқыратып тұрып ашады. Және бұл шығармалармен қатар Батыс Қазақстан облыстық драма театрында қойылған «Құрманғазы», «Махамбет», «Мезгілсіз келген махаббат», «Сақал саудасы», «Капитан қасқыр», «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» спектакльдеріне жазған музыкасы да көркемдіктің биік деңгейінен көрінеді.

Биыл күйші-сазгер, күй өнеріндегі лирикалық бағыттың негізін салушы Дәулеткерей Шығайұлының туғанына 200 жыл толды. Ал, Оралдағы Ғарифолла Құрманғалиев атындағы облыстық филармонияның Дәулеткерей атындағы қазақ халық аспаптар оркестрінің құрылғанына 20 жыл болды. Осы айтулы күндерге орай филармонияда жыл тақтасы ашылды. Және де «Бапас күйші» атты концерт өтті. «Бапас күйші» деп аталу себебі Дәулеткерей күйлерін ең алғаш жеткізген Науша және Махамбет Бөкейхановтар болды. Бір ғана Науша 50 шақты күйін кейінгі ұрпаққа мирас етіп таратқан. Ал күйшінің сол дәуірдегі шәкірттері оның күй орындаудағы шеберлігін жоғары бағалап, «Бапас» деп атаған екен. Ұсынылған концерттің «Бапас күйші» аталуыда содан. Бұл концерттің өзіндік ерекшелігі де болды. Онда Дәулеткерей күйін оркестрмен қоса, өңірдегі танымал күйшілер, студенттер мен балалар музыка мектебінің оқушылары да орындады. Жалпы оркестрдің репертуарында күйшінің 16 күйі бар. Бүгінде құрамында 50-ден астам өнерпазы бар ұжымның жеткен жетістіктері аз емес. Атақты күйшінің есімін иеленген оркестр «Серпер», «Жұбанов көктемі» және Тайвань елінде өткен халықаралық фестивальдердің лауреаты атанды. Оркестрдің құрылғанына 20 жыл толуына орай «20 жылға 20 концерт» атты ауқымды жоба қолға алынбақ.

Қазақстанда оркестр өнері 30-жылдары қалыптасып, дами бастады. Дегенмен, Құрманғазы, Дәулеткерей сынды атақты халық композиторларының, сол сияқты ел ішінде басқа да күйшілердің шәкірттерімен бірігіп, 3 домбыраның басын қосып ойнауын қазақ халқының аспаптық ансамблінің алғашқы үлгісі деуге болады. Сонымен қатар елімізді шет елдерге танытып келе жатырған «Сазген сазы» ансамблі туралы айта кететін болсақ 1981 жылы Ықылас атындағы Республикалық халық аспаптар мұражайының жанынан – ұлы қоғам және мемлекет қайраткері, тарихшы, өнер зерттеушісі, ғалым-этнограф Өзбекәлі Жәнібековтың ұйымдастыруымен құрылған болатын. Алғашында «Сазген» ансамблі деп аталды. Ал 2003 жылдан бастап ресми түрде «Сазген сазы» фольклорлық-этнографиялық ансамблі деп атала бастады [6].

Енді, қазіргі ансамбльдердің бір бірінен ерекшелігін атап кетсек, Нұрсұлтан қаласында президенттік ансамблі 1997 жылы тұңғыш елбасымыз Назарбаев Нұрсұлтан Әбішұлының тапсырмасымен құрылды.

Бұл ансамбльге Бекболат Тілеуханов, Айман Мұсаходжаева, Нұрлан Өнербаев, Рустем Күлшебаев, Раушан Оразбаева, Талғат Мұқышов, Алексей Ефременко, Марат Нукеев секілді өнер саңылақтарын жинаған. Көркемдік жетекшісі Бекболат Тілеуханов. Ансамбль ұйымының жетекшісі күйші Рустем Күлшебаев. Бұл ансамбльдің ерекшелігі жаппай мықты солисттерді жинаған және де әлемдік сахналарда тұңғыш елбасымен көптеген елдерде үлкен сахналарда өнер көрсеткен. Әрі репертуары қазақтың ән-күйлеріне жаңа серпін беріп өңделген. Сонымен қатар Рустем Күлшебаевтың авторлық күйлері ансамбльге өңделген. Шетел шығармаларына да өте көңіл бөліп әр мемлекетке барған сайын кәсіби түрде орындалып отырған. Қазіргі кездегі қазақ ансамбльдерінің бастауы болып көптеген жанадан құрылған ансамбльдерге идеялық генератор яғни үлгі болған.

1998 жылы Нұрсұлтан қаласында Қазақ Ұлттық «Шабьт» университеті жанынан құрылған «Шат» домбырашылар ансамблі. Негізін қалаушылар Назгүл Әштайқызы және Марат Нукеев. Бұл ансамбльдің ерекшелігі құрамында яғни тек домбырашылардан құралған және де заманауи бағытта бас гитара аспабын қосқан. Екіншіден репертуары классикалық шығармалар және шетел шығармаларын скрипка, қобыз, прима қобыз, флейта аспаптарының жеке жеке сүйемелдеуімен орындайды.

1998 жылы Астана қаласында музыка академиясы ашылды 1999 жылы президент фольклорлық ансамблінің жетекшісі ұстаз Марат Нукеев пен мен ұстаз Назгүл Шегебаева Әштайқызының ұйымдастыруымен 7,8 сынып оқушылары мен 1 курс студенттерінен ШАТ домбырашылар ансамблін құрылды. Олар: Бауыржан Мақаев, Ыбырай Мейрам, Бейсен Әлия, Маржан Шегебаева, Бекбаева Айым, Теңізбаева Лейла, Қамбаров Нұрлыбек, Шыңғысбаева Жанар.

Ансамбль ұжымы студенттер оқу бітіргенде жаңа түскен студенттермен толықтырылып отырды. Жалпы ансамбльге қатысқандар саны 40 астам оқушы студенттер болса, әрқайсысы халықаралық және республикалық сайыстардың жүлдегерлері болды. Әрине күйшілік мектептердің орындаушылық, көркемдік ерекшеліктерін сақтай отырып, бір жақты шектеліп қалмай, заман талабына сай күрделі шығармаларды домбыра аспабына ыңғайлап түсіруді және шебер ойнау әдіс-тәсілдер мен амалдарын пайдалана отырып, домбыра аспабының барлық мүмкіншілігін тыңдаушыларға жеткізуге сонымен қатар ансамбль құрамындағы оқушы студенттердің де орындаушылық мүмкіншіліктерін арттыруды мақсат етті. ШАТ - ансамблі университеттің ең алғашқы шығармашылық ұжымдарының қатарын толықтыра түсті.

Ансамбль бағдарламасы 18 жыл концерттік өмірінде 40 жуық шығармалар мен күйлерден тұрды. 2008 жылы «Әлем әуендері» 14 шығармадан тұратын партитуралар жинағы хрестоматия жарық көрді.

2015 жылы «Әлем әуендері» атты 8 шығармадан тұратын екінші партитуралар жинағы жарыққа шықты:

1. Producer Daniel Vikov-тың қаражаттық көмегімен, ҚҰӨУ қолдауымен CD «Шат» ансамблінің орындауында 1000 дана көптеген шығармалар үн таспаға жазылды.

2. «ҚазҰМА 10 жылдығына» CD- 2 ., «Шат»домбырашылар ансамблі CD-9 шығарма 2012 ж.

Қазақстан қалаларында Шат ансамблінің жеке концерті: Ақтөбе, Атырау, Орал, Маңғыстау, Қызылорда, Шымкент, Түркістан, Тараз, Алматы, Көкшетау, Екібастұз, Қостанай қалаларында жеке концерттік бағдарламамен шығып тұрды.

Шет мемлекетке: Қырғыз, Тәжікстан, Белорусия, Біріккен Араб мемлекеті, Иордания, Индия, Оңтүстік корей Пусан қаласы, Франция, Германия, Индонезия, Қытай, Оман-Джераш, т.б. Ансамбль қай елге сапарда болса да сол елдің музыкасын орындап жүрді

Президенттік ансамблінің ішінен ерекшеленіп құрылған «Белес» этно тобы 2002 жылы құрылған болатын. Домбыра аспабында Марат Нукеев. Баян аспабында Алексей Ефременко. Қобыз аспабында Нүркенова Әсел. Ұрмалы – үрмелі аспаптарда Мадияр Малдыбаев. Ерекшелігі халық әндерін заманауи бағытта өңдеп эстрадалық бағытта халыққа ұсынып, әлемнің біраз сахналарында өнер көрсетті. Стилдік ерекшеліктері халық әндерін өндеген әуенінде, этникалық киім үлгісінде, дауыс қойылымында әрі жеке солист ретінде орындалуында.

Осы ансамбльдерден бастау алған қазіргі жас ансамбльдердің бірі 2009 жылы құрылған «Талас» камералық ансамблі. Жетекшісі Нүркен Әшіров. Ерекшелігі аспаптарының өзгешелігінде, авторлық әуендерінің өзіндік стильде өңделуі, музыка әуенімен қатарлас джазовый және де классикалық бағытта ойналуы. Аспаптар шеруі контробас, виолончель, күйтабақ сынды аспаптарымен, әлемдік деңгейдегі композиторлардың шығармаларын жетік орындайтын ансамбльдердің бірі.

2015 жылы Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық Консерваториясы жанынан құрылған Прима қобызшылар ансамблі. Ансамбль жетекшісі Болтаева Ғайни Әділбековна. 20 шақты прима қобызшыдан құрылған бұл ансамбль 4 дауысқа бөлінеді. Іші дауыстағы қобызшылар теманы ойнаса 2-ші дауыстағы қобызшылар қосалқы дыбыстарды алып, 3-ші 4-ші дауыстағы қобызшылар оккомпанимент дыбыстарды

орындайды. Ансамбль репертуарында Б.Шүкеновтың «Отан ана», Халық әні «Жайдарман», Халық әні «Бір бала» әндері заманауи бағытта жазылған.

2017 жылы сәуір айында «Алатау» Дәстүрлі өнер театрының жанынан құралған «Алатау» этно-фольклорлық ансамблі. Жетекшісі Гумаров Аслан Қонысбайұлы. Көптеген ансамбльдерде қазақ күйлері унисон (Унисон (итал. Unisono дыбыс) музыкадағы бір мезгілде екі және одан да көп бірдей атаулы дыбыстардың дыбысталу) дыбыстармен жүреді. Бұл ансамбльдің басқа ансамбльдерден ерекшелігі күйлерді унисон дыбыстармен орындамай джаздық аккордтармен (Аккорд (латынша Accordo – үйлесімдік) биіктігі әр түрлі бірнеше, үштен кем емес, дыбыстардың бір уақытта қосыла орындалуы) сүйемелдейді және де тағы бір ерекшелігі қазіргі заманауи бағыттағы аспаптар яғни бэнд оның ішінде бас гитара, гитара, синтезатор және де установка арқылы сүйемелдеуінде.

Тағыда бірден бір ерекшелігі театр болғандықтан, академиялық ойнамай, қиын техникалық шығармалар болса да, білікті режиссердің ойымен неше түрлі би қимылдарын қосып шебер орындауында. Репертуарында дәстүрлі театр болғандықтан қазағымыздың дәстүрлі 7 мектептің ән күйлері және де әр елдің ұлттық музыкасы жазылған. Сонымен қоса қазіргі заман авторлық күйлерін орындайды. Оның ішінде «Рухты-ел», «Әр қазақ менің-жалғызым», «Арысыма-Арысқа арнау», «Аштық» авторы Аслан Гумаров.

Ансамбльдердің дамуы мен негізгі мәселелерін көптеген әлеуметтік және көркемдік факторлармен байланыстыруға болады. Біріншісі – жаңа аспаптардың пайда болуы, ескірген түрлерінің қолданылмауы немесе жаңартылуы (реконструкция). Екінші фактор – ансамбльдердің орындаушылығының дамуы. Үшінші фактор – композиторлардың ансамбльдерге арнаған шығармаларының мазмұндық, көркемдік сипатының дамуы.

Негізгі мәселелерінің бірі ансамбльдердің орындалуында диссонанс дыбыстардың әсері. Біздің ойымызша сазсырнай, сыбызғы, жетіген аспаптарын әлі де дамыту мақсатын қолға алу қажет. Екінші мәселе оранжировкасында бағана айтып кеткеніміздей көптеген ансамбльдерде күйлерді, әндерді унисон дыбыста жазып орындау жатады.

Қорытындылай келсек, фольклор – бұл мәңгілік әуен. Классика секілді. Негіздің негізі. Біз сонымен өмірге келдік, сол әуенмен тәрбиелендік, оқыдық, әлі де оқып жатырмыз. Қазақ халқының ұлттық аспаптарында ойнай отырып өнерпаздар ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан дала әуенінің, халық әуенінің сұлулығын, тереңдігін, шынайылығын, халық сазгерлерінің жүрек тебірентер шығармаларын сезінуге, тарихы жұмбақ аспаптардың дыбысын өз тыңдаушыларына жеткізуге және жүректеріне жол табуға мүмкіндік береді.

Тұңғыш Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық өнерден айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен жаңғырта отырып үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе айтқанды. Жаңа заман тәуелсіз ел мұраты – жастардың білімі мен біліктілікке талпынып әрекеттенуін, еңбектеніп өсуін талап етіп отыр. «Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың мемлекетін нығайтып, көркеюі жолында теріңді төгіп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі екеніңді ұмытпа», – дейді Елбасы бір сөзінде. Сол себепті ұлттық өнерімізді бір орында қалдырмай әрі қарай дамыту ол тек біздердің яғни жастардың қолында.

Әдебиеттер:

1. <https://infourok.ru/statya-na-temu-ltti-bilim-beru-zhyesini-baittari-zhne-mindetteri-706866.html>
2. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – А.: Білім, 2008.
3. Праслова И.Г. «Жаңа замандағы музыка пәні деңгейі». – 2002.
4. Сарбасов Қ., Омарбеков Е. Ақпараттық технологиялар арқылы оқытудың үздік жұмыстарын ұйымдастыру // Бастауыш мектеп № 4. – 2006. – 11-12 б.
5. Ажигалиева У.А., Балажанова Қ.М. Музыкалық педагогикадағы халықтық салт-дәстүрлер оқу әдістемелік құрал. – Павлодар, 2007. – 59 б.
6. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә.Нысанбаев – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы». Бас редакциясы, 1998. ISBN 5-89800-123-9
7. <http://sazgen-sazy.kz>
8. «Ақжайық өңірінің музыкалық фольклоры», 1 том – 2005.

ӘОЖ 37.013
МРНТИ 14.07.07

Р.К. Таубаева¹, М.С. Түлегенова²

^{1,2}аға оқытушы, Шымкент университеті,
Шымкент қ., Қазақстан, e-mail: raya.taubaeva@mail.ru

БОЛАШАҚ МУЗЫКА МҰҒАЛІМІНІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа

Мақалада жоғары педагогикалық оқу орындарындағы музыкалық білім мамандығы бойынша кәсіби біліктілігі жоғары, іскерлік қабілеті жетілген, өзінің мамандығына шығармашылық көзқараспен қарайтын музыка мұғалімін даярлау қажеттілігі қарастырылған. Болашақ музыка мұғалімі өзінің ісіне шығармашылықпен қарайтын музыкалық педагогика, психология, музыкалық өнер саласынан білім алумен бірге, тұлғаның кәсіби-шығармашылық әлеуетін, кәсіби - шығармашылық белсенділікке жоғары мотивациялық даярлығын қалыптастырып, кәсіби дербестікке, музыка саласында жан-жақты жұмыс істей алатын ерекше тұлғалық қасиеттерді, арнайы білім мен іскерлікті меңгеру қажет. Болашақ музыка мұғалімінің шығармашылық қабілетін дамыту оларға кәсіби іс-әрекет барысында өзінің арнайы пәндерден меңгерген білім, іскерлік дағдысын шығармашылықпен жүзеге асыруда септігін тигізеді. Өйткені кәсібилік пен шығармашылық синтезі болашақ мұғалімнің шеберлігіне алып келеді. Кәсібилік-шеберліктің негізі болса, шығармашылық оның өлшемі мен мәні. Сонымен қатар мақалада «шығармашылық» ұғымына талдау жасалып, музыка мұғалімінің негізгі кәсіби-шығармашылық қызметінің компоненттері мен дағдылары қарастырылған.

Түйін сөздер: мұғалім, музыка, мамандық, шығармашылық, белсенділік, білім, ұйымдастырушылық қабілет.

Аннотация

Таубаева Р.К.¹, Түлегенова М.С.²
^{1,2}старишие преподаватели, Шымкент университет
г. Шымкент, Казахстан, e-mail: raya.taubaeva@mail.ru

ФОРМИРОВАНИЕ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ БУДУЩЕГО УЧИТЕЛЯ МУЗЫКИ

В статье рассматривается необходимость подготовки учителя музыки по специальности музыкальное образование в высших педагогических учебных заведениях с высокой профессиональной квалификацией, деловыми способностями, творческим подходом к своей профессии. Будущий учитель музыки с творческим подходом к своему делу, наряду с получением знаний в области музыкальной педагогики, музыкальной психологии, музыкального искусства, развивает профессионально-творческий потенциал личности, обладать профессиональной самостоятельностью, особыми личностными качествами, специальными знаниями и умениями, способными всесторонне работать в области музыкальной педагогики. Необходимо формировать высокую мотивационную готовность к творческой деятельности.

Развитие творческих способностей будущего учителя музыки будет способствовать творческой реализации им знаний, умений и навыков, приобретенных им в ходе профессиональной деятельности по специальным дисциплинам. Ведь синтез профессионализма и творчества приводит к мастерству будущего учителя. Если профессионализм-основа мастерства, то творчество-его мера и суть.

В статье также проведен анализ понятия «творчество», рассмотрены компоненты и навыки основной профессионально-творческой деятельности учителя музыки.

Ключевые слова: учитель, музыка, профессия, творчество, активность, знание, организаторские способности.

Abstract

R.K. Taubaeva¹, M.S. Tulegenova²
^{1,2}Senior Lecturers, Shymkent University, Shymkent, Kazakhstan, e-mail: raya.taubaeva@mail.ru

FORMATION OF CREATIVE ABILITIES OF A FUTURE MUSIC TEACHER

The article discusses the need to train a music teacher in the specialty of music education in higher educational institutions with high professional qualifications, business skills, and a creative approach to their profession. A future music teacher with a creative approach to his work, along with obtaining knowledge in the

field of pedagogy, psychology, music art, develops professional and creative potential of the individual, has professional independence, special personal qualities, special knowledge and skills, able to work comprehensively in the field of music pedagogy. It is necessary to form a high motivational readiness for creative activity.

The development of creative abilities of a future music teacher will contribute to the creative realization of the knowledge, skills and abilities acquired by them in the course of professional activities in special disciplines. After all, the synthesis of professionalism and creativity leads to the skill of the future teacher. If professionalism is the basis of skill, then creativity is its measure and essence.

The article also analyzes the concept of “creativity”, considers the components and skills of the main professional and creative activity of a music teacher.

Keyword: teacher, music, profession, creativity, activity, knowledge, organizational skills.

Кіріспе. Бүгінгі қоғам талабына сай мектептегі мұғалім ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық кәсіби қызмет атқара алатын, дүниетану мәдениеті жоғары ізденімпаз ғалым, нәзік психолог, тынымсыз еңбекқор, терең қазыналы білімпаз, кез-келген ортаның ұйытқысы болатын өнерлі, рухани-бай, шеберліктің шыңына шыққан ұстаз болуы қажет. Соған байланысты өскелең ұрпаққа білім мен тәрбие беруде өздігімен дербес тиімді педагогикалық жолдарды таба білетін, алғыр да қабілетті педагогқа деген сұраныс жылдан-жылға өсуде.

Тұлғаның ерікті түрде, шығармашылықпен дамуына, өзін-өзі көрсете білуіне, өз өмірін дұрыс бағдарлауына осы қасиеттерді жетік меңгерген мұғалім ғана жәрдемдесе алады. Осыған орай болашақ музыка мұғалімі маманының кәсіби - шығармашылық белсенділігін қалыптастыру мен дамыту мәселесінің көкейкестілігі күннен-күнге арта түсуде.

Қазіргі замандағы қоғамда «орындаушы» адамға қарағанда, «шығармашылық» адамға деген сұранысы көп. Шығармашылық – бүкіл болмыстың, қозғалыстың, дамудың, бір сөзбен айтқанда тіршіліктің көзі. Табиғат, қоғам құбылыстарында, жеке адамның ақыл-санасында, іс-әрекетінде, ішкі жан дүниесінде, бәрінде шығармашылықтың табиғи үрдісі жүріп жатады.

Мұғалімнің негізгі көңіл аударатын жайы: әрбір оқушының жеке қызығуы мен мүмкіндіктерін ашу. Әрбір оқушы басқа оқушымен салыстырылмайды, керісінше, дамуына қарай өзімен-өзі салыстырылады. Мектептерде шығармашылық сабақтарды жиі өткізу оң нәтижеге бастайтыны тәжірибе жүзінде дәлелденіп отыр. Мұғалімнің кез келген сабағы шығармашылық сипатта өткізіліп отырса, оқушы дербестігінің қалыптасуы жоғары деңгейге көтерілері сөзсіз. Оқушылардың шығармашылық дербестігін қалыптастыруға ықпал ететін шығармашылық сабақ түрлерін төмендегінше бөліп қарастыруға болады:

1. Танымдық
2. Эвристикалық
3. Әдістемелік
4. Коммуникативтік

«Шығармашылық» ұғымының мәні философиялық және психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде екі көзқараста қарастырылады: шығармашылық - материя атрибуты ретінде және шығармашылық - іс-әрекеттің жоғары формасы ретінде.

Психология мен педагогикада шығармашылық іс-әрекеттік көзқарас аясында көптеген жағдайда себеп-салдар логикасында, іс-әрекет процесі ретінде, әрекеттің амал-тәсілі, әрекеттің өнімі мен нәтижесі ретінде сарапталады. Көрнекті психолог Л.С. Выготский шығармашылықты «қоршаған ортаның шығармашылық әрекетпен жасаған қайсыбір заты болсын, адамның ойымен, сезімімен құрылған нәрсе болсын, әйтеуір бір жаңа нәрсені жасайтын іс-әрекет ретінде қарастырады» [1, 94 б.].

С.Л. Рубинштейн болса, шығармашылықты адамның тарихи даму барысындағы ғылым мен өнерде жаңа бір ерекше нәрсені жасайтын әрекеті ретінде анықтайды [2, 97 б.]. Я.А. Пономарёвтың пікірінше шығармашылық деген дамыту, жаңа құрылымның, жаңа іс-әрекет тәсілдерінің пайда болуы деген [3, 54 б.].

Болашақ музыка мұғалімінің шығармашылық қабілетін қалыптастыру жолдары.

Болашақ музыка мұғалімінің шығармашылық қабілеті, оның проблеманы көре білуі, білімнің, тапсырмалардың жолдары мен тәсілдерін ұйымдастыра білуі, оның қызықты да ерекше тапсырмалардың шешімдеріне талпынысы, оларды орындаудағы мерзім мен сапаны анықтай білуі болып табылады.

Музыкалық білім мамандығында оқитын студенттердің іс-әрекеті кәсіби-шығармашылық қабілетімен байланысты, өйткені оның болашақ мамандығы музыка мұғалімі-музыкалық, педагогикалық, инновациялық және т.б. шығармашылық кәсіппен байланысты. «Шығармашылық қабілеті» ұғымының мәніне аса назар аударамыз. Зерттеуші Сэт Э.К. шығармашылық қабілеті ұғымын эмоционалдық, еріктілік, интеллектуалдық қасиеттердің және процестердің күрделі бірлігі ретінде қарастыруды ұсынады. Шығармашылық қабілеттің сыртқы көрінісін ол ынталылық, дербестілік, эмоционалдық, істеген ісіне саналы түсінік деп

есептейді және олардың негізіне адамның қоршаған болмысқа деген өзінің дәлелді, саналы пікірінің болуына көмектесетін дербестілікті жатқызады [4, 224 б.].

Осындай көзқарасты Г.И. Пятяко да ұстанады. Ол шығармашылық қабілеті-субъектінің қойылған тапсырмаларды шешуде жаңа бағыттарды пайдалануға талпынысы. Бұл өздігімен дербес проблеманы айқындай білу іскерлігінде және алынған білімді тірек ете отырып, оларды жаңа жағдайларда пайдалану іскерлігінде байқалады деп дәлелдейді [5, 189 б.].

Осы бағытта орындалған ғалымдардың жұмыстарын негізге ала отырып бұл құбылысты шығармашылық қабілетінің бір ғана қасиеті емес, тұлға белгілерінің кешені, адамды жасаудың және шексіз дамытудың, оның ортамен әрекеттік қарым-қатынасының және тұлғалық жанаруының көпжақты процесі ретінде қарастырамыз. Ғалымдардың «шығармашылық қабілеті» ұғымына берген анықтамаларын қолдай отырып, зерттеу проблемамызға қарай: «шығармашылық қабілеті» дегеніміз студенттердің музыкалық шығармаға көркемдік өңдеулер жасау барысында алдына қойған мақсатына жетудегі ішкі және сыртқы әрекетінің байланысы» деп түйіндейміз. Шығармашылық қабілеті жалпы тұлға қасиеттеріне соның ішінде: белсенділік (практикалық тапсырмаларды ынта-жігермен орындау ептілігі); тың ұсыныстар (идеялар мен ұсыныстардың белсенді айқындалуы); ой алғырлығы (құбылыс мәнін түсіну қабілеті мен негізгіні, маңыздысын, карама-қайшылықтарды анықтау); табандылық (қиыншылыққа төтеу); еңбекқорлық (шыдамдық, жұмысты тиянақты орындау, төзімділік); тіл табысу (адамдармен қарым-қатынас орнату, тартымдылық); байқаушылық (мәндісін, маңыздысын анықтау, оны есте сақтау); өзін-өзі қадағалау (түрлі жағдайда өз жүріс-тұрысын, көңіл-күйін қадағалау); өз бетінше әрекеттену (мәселелерді өз бетінше шешу және өз шешімін қабылдау; құзреттілік (өзі ұйымдастыратын пәнді білу) және т.б. теңеуге болады [6, 361 б.].

Болашақ музыка мұғалімінің кәсіби даярлығы көпдеңгейлі және көпмақсатты жүйені байқатады, ондағы музыкалық және эстетикалық-көркемдік білім беру педагогикалық біліммен өзара тығыз байланысты. Біз өз зерттеуімізде музыка мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекеті құрылымын екі компонент бойынша қарастырамыз: жалпыпедагогикалық және музыкалық-шығармашылық. Мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің жалпы педагогикалық компонентінің мазмұны оқытуды жоспарлау мен мақсат, міндеттерді практика жүзінде іске асыруды, студенттің танымдық, шығармашылық белсенділігі арқылы кәсіби білімін толықтыруды, студенттер мен мұғалімдердің өзара қатынасын қалыптастыруды, шығармашылық жағдай жасауды, сабақтан тыс іс-әрекетті ұйымдастыруды қарастырады. Музыкалық-шығармашылық компонент болса музыкалық өнердің табиғаты мен айқындалады және мектептегі оқу процесін білікті ұйымдастыруға қажетті білім мен іскерлік жүйесін (музыкалық-педагогикалық, музыкалық-теориялық, музыкалық-орындаушылық, музыкалық-ағартушылық) қарастырады.

Болашақ музыка мұғалімінің музыкалық тәрбие беру міндетіндегі басты мәселе орындаушылық және шығармашылық қабілеттерді дамыту.

Шығармашылық қабілеттерді продуктивті шығармашылық (музыка шығару немесе жазу, импровизация жасау, музыкалы-ырғақты қимылдар жасау) пен музыканы жүзеге асыру деп екіге бөлеміз. Ал орындаушылық қабілеттерді дамыту оқушыға өз қабілеттерін барынша толық көрсетуге мүмкіндік береді. Музыка мұғалімін даярлау ісі шығармашылық-орындаушылық және концертмейстрлік дағдыларды меңгеру іс-әрекеттерінен құрылады. Музыкалық аспапта ойнауды жетік меңгеру музыка мұғалімінің міндетті түрде меңгеруі тиіс дағдысы. Әр түрлі музыкалық шығармаларды орындай отырып, болашақ мұғалім оқушыларға оның шығу тарихымен таныстырады, әр түрлі композиторлық мектептердің стилистикалық ерекшеліктері мен музыкасының мәнерлік құралдарын айқындап, тануға, ажыратуға үйретеді де музыканың жазылу сипатын тануға көмектеседі. Музыкалық аспапта ойнай алу мұғалім үшін де берері көп: орындаушылық іс-әрекеті заңдылықтарын тани отырып, шеберлігін жетілдіріп, меңгерген орындаушылық ептілігін ән айту, дирижерлау, аспапта ойнауды балалармен жұмыс істеген кезінде белсенді қолдануға үйренеді. Әр сабақта орындаушы, иллюстратор, сүйемелдеуші болатын музыка мұғалімі сыныптан тыс музыкалық тәрбие жұмыстарында да, музыкалық мәдени іс шараларда музыкалық аспапта ойнау дағдысын қолданады.

Кез келген шығармашылық-орындаушылық іс-әрекет мұғалімнің музыкант, музыка өнерін насихаттаушы ретінде беделін арттырады. Сол себепті мұғалім мұны ешқашан есінен шығармай, әрдайым орындаушылық шеберлігін, техникасын дамытып отыруға тиіс. Бұл деген күнделікті ұзақ мерзімді машықтану жұмыстары, нота бетінен оқу, тексті саналы да сауатты ойнау шеберлігін меңгеру; әрдайым жаңа шығармалармен танысу, стильдік өзгешелігін ұғыну; орындаушылық материалдарды өзгертіп, жаңалап тұру, репертуарды кеңейтуге септігін тигізеді.

Сонымен, болашақ музыка мұғалімінің музыкалық білімділігінің көрсеткіші шығармашылық-орындаушылық мәдениеті. Кәсіби жұмысында музыка мұғалімі әрдайым орындаушы болады, ол үшін музыкалық-

әдебиет материалдарын еркін меңгерген болуы керек, музыкалық материалдар талдап, меңгеріп, тыңдаушыға жеткізе алуы тиіс. Ал оның түпнұсқасы музыка мұғалімінің сөйлеу мәдениетінде жатыр, дұрыс сөйлем құрау, сауатты сұрақ қою, сөздерді дұрыс айту, деңгейі мен сөйлеу өнеріне байланысты. Бұған қоса, музыка мұғалімі өз іс-әрекетінің психология-педагогикалық ерекшеліктерін ескеруі тиіс: музыкалық шығарманы тек орындау ғана емес, оны оқушылар аудиториясы түсінетіндей көркем де мәнді жеткізіп, оларды баурап, қарым-қатынас орнататын ахуал тудыру және де онда оқушылар жас ерекшелігі мен психологиясын, дайындығын ескеру.

Жалпы айтқанда, оқу процесіндегі *шығармашылық қабілеті* дегенді студенттің оқу мақсатына жетуге бағытталған ішкі және сыртқы әрекеті деп түсіну қажет. Оқу процесі тиімділігінің шарты болып білім беру процесі субъектілерінің белсенді әлеуметтік-педагогикалық өзара әрекетінің жүйесі мен студенттің дербес шығармашылық белсенділігі саналады. Бұл жағдайда студенттің кәсіби-шығармашылық белсенділігі оның тұлғалық мотивтерін белсендендірудің нәтижесі болып табылады. Шығармашылықты белсендендірудің осы аталған және тағы басқа әдістерін пайдалану көптеген жағдайда оқыту мазмұнының ерекшеліктерімен айқындалады.

Шығармашылық қабілеті түсінігінде екі көзқарас бар. Біріншісі, объективті жаңалықпен байланысқан және әлеуметтік маңызы бардың бәрін шығармашылық белсенділік деп түсінеді. Екінші көзқарас оқу әрекетінің шығармашылықпен үйлестірілгенін атап көрсетеді, өйткені студент үшін оқу жұмысының қайсыбір түрі болмасын жаңалықпен байланысты, сол себепті студенттерді оқу-танымдық әрекет барысында ұйымдастырылған кәсіби білімді, іскерлік пен дағдыны шығармашылықпен қабылдауға үйрету қажет.

Қорытынды

Болашақ музыка пәнінің мұғалімінің алдында тұрған негізгі мақсаты: баланың қабілетін, бейімділігін ашу, іздендіру, пәнге қызығушылығын арттыру, жеке тұлғаның шығармашылық дамуына жағдай жасау. Жалпы музыкалық іс-әрекеттер сана сезімді, эмоционалды жәй-күйді, шығармашыл ой-қиялды, жігерлік пен табандылыққа, талдау-салыстыру қабілеттері мен қасиеттерді дамытады. Музыкаға қызығу оқушының музыкалық ойын белсендіріп, танымдылық әрекетін дамытады. Ең маңыздысы музыкалық қабілеттерінің жоғары дамуы музыкалық эстетикалық ой сананың қалыптасқанын көрсетеді.

Алайда осы мақсат-міндеттерді шешу үшін болашақ музыка мұғалімінде мынадай дағдылар болуы керек:

1. Ұйымдастыру және сараптау дағдысы (бақылау, бағдарлау, түзету, нұсқау беру, қарым-қатынасты реттеу, ынталандыру т.б.)

2. Саралау және конструктивті дағдысы (алынған нәтижелерді бастапқы деректермен және қойылған міндеттермен салыстыра талдау, музыкалық білім беру іс-әрекетіндегі жетістіктермен кемшіліктерді талдай білу, педагогикалық тәжірибені теориямен байланыстыру, қол жеткізген нәтижелерді талдау негізінде педагогикалық міндеттерді алға қою т.б.)

3. Коммуникативті дағдылар (Оқушымен, оның ата-аналарымен тығыз байланыста болу, кез-келген адаммен тіл табыса білу, оқушылармен тіл табыса алу, т.б.)

Осы дағдыларды болашақ музыка мұғаліміне студент кезінен меңгерту қажет. Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, болашақ музыка мұғалімінің кәсіби-шығармашылық қызметі – бұл арнайы білімнің, дағдылардың ұйымдастырушылық қабілеттердің жиынтығы. Бұл кәсіби дайындықтың жоғары деңгейі, мамандықтағы өз-өзін табу, үнемі өзін жетілдіру, әр оқушымен дұрыс қарым-қатынас орната білу, өз пәніне қызығушылық тудыра білу.

Әдебиеттер:

1. *Выготский Л.С. Воображение и творчество в детском возрасте.* – М.: Педагогика, 1967. – С. 94.
2. *Рубинштейн С.Л. Принципы и пути развития психологии.* – Москва: Музыка, 1969. – С.97.
3. *Пономарев А.С. Жизнь детского хора // Музыка в школе. М.: Просвещение, Вып.4, 1988. – С.54-56;*
4. *Сэт Э.К. Творческая лаборатория учителя.* – Москва: Просвещение, 1990. – С. 224.
5. *Патяко Г.И. Творчество как инновационный процесс. Философский антологический анализ.* – Симферополь: Таврия, 1991. – С. 189.
6. *Калыбекова А.А. Музыка пәнін оқытудағы психологиялық-педагогикалық пәндердің рөлі.* – Алматы: Рауан, 1992. – С. 361.

УДК 378.02:37.016
МРНТИ 14.35.09

Тулешев Ж.Т.¹

¹магистр, преподаватель институт искусств, культуры и спорта при КазНПУ им. Абая,
г. Алматы, Казахстан

ПОЗНАВАТЕЛЬНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ВОКАЛИСТА ЭСТРАДЫ В ИСПОЛНИТЕЛЬСКОМ ИСКУССТВЕ

Аннотация

Статья посвящена исследованию познавательной деятельности вокалиста эстрады. Особенность деятельности вокалиста в исполнительском искусстве играет немаловажную роль в современном искусстве. Значимость деятельности исполнителя вокалиста эстрады, направленную на профессиональную деятельность и подготовку певца к большой сцене. Познавательная деятельность раскрывается структура готовности исполнителя к концертным выступлениям, включающая в себя структурное планирование деятельности. Деятельность в исполнительском искусстве содержат задачи, принципы, методы и этапы подготовки исполнителя к концертной деятельности и его познавательный интерес исполнительского искусства. Подготовка будущего вокалиста музыкальной эстрады сформирована с учетом специфики профессиональной деятельности, способствует выработке у будущего специалиста познавательного интереса и активности, личностно-ценностной позиции в избранной профессии.

Ключевые слова: познавательная деятельность, эстрада, вокалист, исполнительское искусство.

Аңдатпа

Ж.Т. Тулешев¹

¹оқытушы, магистр, Абай атындағы ҚазҰПУ, Өнер, мәдениет және спорт институты,
Алматы қ., Қазақстан

ЭСТРАДАЛЫҚ ВОКАЛИСТІҢ ОРЫНДАУЫНДА ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Мақала сахналық вокалистің танымдық қызметін зерттеуге арналған. Вокалистің орындаушылық өнердегі қызметінің ерекшелігі қазіргі заманғы өнерде маңызды рөл атқарады. Кәсіби қызметке және әншінің үлкен сахнаға дайындауға бағытталған эстрадалық вокалист ретіндегі орындаушының қызметінің маңызы. Танымдық іс-әрекет орындаушының концерттік қойылымдарға дайындығының құрылымын ашады, оған іс-әрекеттің құрылымдық жоспарлауы кіреді. Орындаушылық өнердегі іс-шаралар орындаушыны концерттік іс-әрекетке дайындаудың міндеттерін, принциптерін, әдістері мен кезеңдерін және оның сахна өнеріне деген танымдық қызығушылығын қамтиды. Музыкалық сахнаның болашақ вокалистің даярлау кәсіби іс-әрекеттің ерекшеліктерін ескере отырып қалыптасады, болашақ маманның танымдық қызығушылығы мен белсенділігін, таңдаған мамандығы бойынша жеке және құндылық позициясын дамытуға ықпал етеді.

Түйін сөздер: танымдық іс-әрекет, сахна, вокалист, орындаушылық өнер.

Abstract

J.T. Tuleshev¹

¹master, lecturer, Institute of Arts, Culture and Sports at KazNPU named after Abay,
Almaty, Kazakhstan

COGNITIVE ACTIVITY OF VOCALIST OF VARIETY IN THE PERFORMANCE

The article is devoted to the study of the cognitive activity of the stage vocalist. The peculiarity of the vocalist's activity in the performing arts plays an important role in contemporary art. The significance of the performer's activities as a pop vocalist, aimed at professional activities and training the singer for the big stage. Cognitive activity reveals the structure of the performer's readiness for concert performances, which includes the structural planning of activities.

Activities in the performing arts contain the tasks, principles, methods and stages of preparing the performer for concert activities and his cognitive interest in the performing arts. The preparation of the future vocalist of the musical stage is formed taking into account the specifics of professional activity, contributes to the development of a future specialist's cognitive interest and activity, a personal value position in the chosen profession.

Key words: cognitive activity, stage, vocalist, performing arts.

Первоначальное познание свойств предметного мира, переходящие границы непосредственно-чувственного познания, является непреднамеренным результатом действий, включенных в деятельность вокалиста эстрады. Исполнители сознательной познавательной цели, представляют собой уже настоящее мышление, хотя оно и сохраняет форму внешних процессов исполнительского искусства. Их познавательные результаты, обобщаемые и закрепляемые посредством языка исполнения, принципиально отличаются от результатов непосредственно-чувственного отражения, которые генерализуются в соответствующих чувственных же образованиях. Благодаря этому возникающие у вокалистов эстрады представления, понятия, идеи формируются, обогащаются и подвергаются отбору не только в ходе их индивидуальной практики, но и на основе усваиваемого ими неизмеримо более широкого опыта общественной практики.

Вместе с тем языковая форма выражения первоначально внешне-предметной формы познавательной деятельности вокалиста эстрады создает условие, позволяющее впоследствии выполнять отдельные ее процессы уже только в речевом плане. Такое отделение мышления от практической деятельности исторически происходит, однако, не само собой, не в силу только собственной логики развития, а порождается разделением труда, которое приводит к тому, что умственная деятельность и практическая материальная деятельность выпадают на долю исполнителей. Кардинальной проблемой, определяющей сущность формирования личности, является деятельность, ее место в общественной жизни, ее влияние на развитие новых поколений, ее роль в онтогенезе. Потенциальные возможности деятельности для развития человека исключительно велики. Они шире, богаче, чем любые ее проявления [1]. Богатство деятельности, как утверждают философы, неисчерпаемые. Переходя к вопросу о роли деятельности в развитии исполнителя вокалиста эстрады следует выяснить на сколько интенсивно происходит его развитие как исполнителя. Познавательная деятельность у вокалистов эстрады необходимый этап подготовки молодых поколений к исполнительскому искусству. Деятельность эта особого склада, хотя структурно выражает единственно с любой другой деятельностью. В чем же состоят особенности познавательной деятельности вокалистов эстрады?

Возникновение и развитие теории деятельности – заслуга в работах российских ученых в области психологии (П.П. Блонский, Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн.) [2-5]. Смысл теории деятельности можно выразить так: сознание управляет деятельностью, но и деятельность формирует сознание человека. Это положение особенно актуально для искусства, которое преобразует сознание не только творца искусства, но и его потребителей - слушателей, зрителей. Изучая деятельность, можно судить о том, каким образом она будет осуществляться (зная, конечно, при этом и условия, в которых эта деятельность протекает). Таким образом, деятельность может служить предметом самостоятельного изучения и в то же время средством изучения человека.

Цели деятельности, ее целеполагания, которые определяют длительный процесс учения, объективно выражают ее социальную направленность и обуславливают конечные ее результаты. Познавательные мотивы составляют другую группу мотивации учения. Эта наиболее характерная группа, поскольку она выражает прямое отношение к познанию – предмету, учения. Наиболее значимыми мотивами в ней являются познавательные интересы и потребности. Исполнителю «интересно познавать новое», «видеть свое продвижение в познании», «приникать в науку», а теоретические основы той предметной области, которая их привлекает. В любой исполнительской деятельности, в том числе и музыкальной, интерес личности всегда тесно связан с ее познавательной деятельностью. Эту сторону подчеркивает Д.О. Карамолдаева отмечая, что «интерес к музыканту к такому специфическому жанру, каким является эстрада, продиктован широким распространением культуры эстрадно-музыкального исполнительства в молодежной среде, которое в Казахстане получило свое развитие как новая область искусства со своей инфраструктурой – профессиональным и любительским исполнительством, композиторами и поэтами, аранжировкой и звукорежиссурой, звукозаписью и световым оснащением, фактором сценического имиджа и др.» [6, с. 50]. Вся деятельность музыканта-исполнителя можно разделить на два основных раздела: репетиционную и концертную. Они обладают специфическими особенностями, наподобие тех, которые

имеют место у спортсменов в тренировочной и соревновательной деятельности. Для создания мысленного музыкального образа на первом этапе необходимо: ознакомление с нотным текстом (за инструментом или без него); накопление по возможности большего количества информации о форме, стиле, жанре и других особенностях музыки, а также о личностных и творческих особенностях композитора; творческая переработка всей имеющейся информации. На этом этапе от музыканта-исполнителя требуется адекватно воспринять и творчески переработать музыкальную информацию с учетом имеющихся представлений и хранящихся в памяти эталонов, и на основе такой переработки создать концептуальную модель интерпретации.

Деятельность музыканта-исполнителя имеет многокомпонентный состав. В исследовательской литературе психология музыкально-исполнительской деятельности выделяют перцептивный компонент, связанный с ощущениями и восприятием музыкального произведения; мнемический, связанный с запоминанием и мысленным воспроизведением музыки, а также исполнительских движений; мыслительный, связанный с созданием идеального (мысленного) музыкального образа, осмысливанием формы музыкального произведения; имажинитивный, связанный с воображением, с сочинением нового музыкального произведения или нового образа в новой интерпретации; двигательный, связанный с игрой на музыкальном инструменте, с непосредственным исполнением музыкального произведения [7, с.7].

Небезызвестно, что деятельность музыканта можно рассматривать в более широком и более узком плане. В широком плане речь идет о деятельности музыканта вообще, как профессиональной деятельности, осуществляемой на протяжении многих лет и даже десятилетий. В случае такого макроструктурного рассмотрения единицей деятельности являются учебные занятия, репетиции, концертные выступления. Если рассматриваются отдельные учебные занятия, концертные выступления, то речь идет о мезо-структурном рассмотрении деятельности. В этом случае структурной единицей являются действия (сенсорные, умственные, двигательные). Конечно, в данном случае деятельность нельзя рассматривать как простую сумму совершаемых музыкантом действий. Деятельность – это действия, объединенные в целостную систему, взаимосвязанные друг с другом и выполняемые по общему плану (программе) занятия или выступления. Но и действия, связанные с исполнением какого-то музыкального произведения или его фрагмента, состоят из отдельных еще более мелких фрагментов, из отдельных движений, которые называются операциями. В этом случае структурной единицей являются действия (сенсорные, умственные, двигательные). Конечно, в данном случае деятельность нельзя рассматривать как простую сумму совершаемых музыкантом действий. Деятельность – это действия, объединенные в целостную систему, взаимосвязанные друг с другом и выполняемые по общему плану (программе) занятия или выступления.

Центральное место в деятельности музыканта-исполнителя занимает работа над музыкальным произведением. В этой связи особую теоретическую и практическую ценность имеют представления о психологическом содержании работы музыканта-исполнителя над музыкальным произведением. Ибо от этого самым непосредственным образом зависит форма и содержание процесса профессионального обучения музыканта-исполнителя, всей его профессиональной деятельности.

Обобщая вышеизложенное отметим: значимость музыки для исполнителя вокалиста музыкальной эстрады является музыкальная деятельность, она становится одним из ранних способов познания окружающего мира. Поэтому познавательная деятельность вокалиста эстрады оказывает существенное влияние на нравственно-эстетическое развитие растущей личности, на ее сознание, чувства и поведение.

Литературы:

1. Цагарелли Ю.А. Психология музыкально-исполнительской деятельности. – СПб., 2008.
2. Блонский П.П. Педагогика и психология. Избранные труды. – М.: «Юрайт», 2016.
3. Выготский Л.С. Психология искусства: монография. – Москва: Директ-Медиа, 2014.
4. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М., 2004.
5. Рубинштейн С.Л. Философско-психологическое наследие С.Л. Рубинштейна: [сб. статей] / отв. ред. К.А. Абульханова. – М., 2011.
6. Карамолдаева Д. О. Формирование ценностных ориентаций у будущего учителя при освоении современной эстрадной музыки. Автореферат дис. канд. пед. Наук. – Алматы, 2007.
7. Григорьев В. Исполнитель и эстрада. – М.: Магнитогорск, 1998.

ӘОЖ 37.091.212.3:78
МРНТИ 14.15.01

У.Ж. Досанова¹

¹доцент, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан e-mail: dosanovau@mail.ru

ДАУЫС – ӘНШІЛІК КӨЗІ

Аңдатпа

Мақалада қазіргі заман студенттеріне мұғалімнің білім беру міндеттері қаралады. Әрқашан мамандығы бойынша мұғалім студенттің ең беделді бірі болып табылады. Оқытушымен студент күн сайын байланыста болуы оның тәрбиелік әсері, бар қуаты жетекші болып табылады. Шынайы мұғалім әрдайым өз студенттерінің тағдыры туралы ойлайды. Бос уақытында, ол студенттер үшін жаттығулар мен репертуарын тандайды, олардың өмір жолы туралы ойлайды, мінез-құлқы, олардың көркем әдеби туындыларды таңдауына және дауыстың өсуіне көмектеседі. Эстетикалық сезімнің дамуына мамандық бойынша репертуар таңдау өте маңызды. Репертуарда классикалық, эстрадалық және халық әндері мен байытылған болуы тиіс. Вокалдық – тәсілдік жағынан қабілеті жетпейтін репертуар оқушы дауысы үшін ерекше қауіпті болып табылады. Ұтымсыз іріктелген шығармалар оқушының вокалдық өсуін кідіртіп, тіпті тікелей зиян тигізуі мүмкін. Орындаушының дайындық деңгейінсіз жазылған көркем шығармаларда әуен құрылымына, ырғақтық ерекшеліктерге, музыкалық үндестікке және ән сазы мен сүйемелдеуге аудару қажет.

Түйін сөздер: Вокал, репертуары, студенттердің білім, психология, педагогика.

Аннотация

Досанова У.Ж.¹

¹доцент, Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: dosanovau@mail.ru

ГОЛОС – ИСТОЧНИК ПЕНИЯ

В статье рассматриваются задачи педагога в воспитании современного студента. Педагог по специальности всегда является одним из самых больших авторитетов для ученика. Без авторитетности невозможны успешные занятия. Поскольку контакт с педагогом почти ежедневный, сила его воспитательного воздействия на ученика является ведущей. Истинный педагог постоянно думает о судьбе своих учеников. В свободное время он подбирает для них репертуар, составляет упражнения, думает об их быте, поведении подыскивает литературные и художественные произведения, которые могли бы помочь в воспитании у них вкуса. В развитии эстетического чувства большое значение имеет репертуар, на котором строится воспитание ученика в аудитории по специальности. Этот репертуар должен основываться на лучших классических образцах музыки прошлого и настоящего. Репертуар, который ученик проходит в аудитории педагога по специальности, повторяясь многократно из урока к уроку, хорошо фиксируется памятью и входит в его репертуарный багаж.

Ключевые слова: вокал, репертуар, воспитание студентов, психология, педагогика.

Abstract

Dosanova U.Zh.¹

¹Associate Professor, Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Republic of Kazakhstan, Almaty, e-mail: dosanovau@mail.ru

VOICE-THE SOURCE OF SINGING

The article dealt with teacher problems of education modern students. Is always a student, a teacher in one of the most prestigious. Students have daily contact with the teacher is leading the impact of its educational capacity. A true teacher always think about the fate of their students. In his spare time, he chooses the repertoire of

exercises for students and think about their way of life, behavior, choice of literary and artistic works and helps the growth of the votes. It is very important to choose the repertoire for the development of a sense of aesthetic specialty. The repertoire of classical, pop and folk songs and to be enriched. Out of the tactical ability of the vocal repertoire is particularly dangerous for the voice of the students. Irrational slow the growth of selected student's vocal compositions, and even can cause direct harm. The structure of the level of preparation of the artistic works of an artist music, rhythm patterns, musical harmony, songs and music and support should be given to.

Keywords: Vocals, repertoire, education of students, psychology, pedagogy.

Кіріспе. Оқушы дауысының сұлулығы, күші, диапазоны, бірқалыптылығы, әуезділігі және музыкалық дайындық деңгейі, эмоциялылығы, орындау мәдениеті, стильді сезінуі, сырт пішіні, әртістілігі сияқты вокалдық қабілеті, ең алдымен, бағалану керек. Өнерде жетістікке жету үшін өзіне қажетті ақпараттар кешеніне ие болмағы ләзім. Дегенмен, балғын, өтпелі жастағы оқушыларда 14 жастан бастап сапаның жетіспеуі байқалады. Жақсы вокалдық қабілеті бар, бірақ әуезділігі аз болған кезде оны дамытуы қажет. Егер, бүкіл вокалдық қабілеттің кешені жақсы болып, бірақ дауысында кемшілік болса, сабақ барысында ол кемшіліктерді жоюға ұмтылғаны жөн.

Негізгі бөлім. Іс жүзінде көптеген оқушылар музыкалық училище немесе институттарға түсу кезіндегі емтихан барысында жақсы сапаларын, дауысын және әуездік-әртістік қабілеттерін жоғалтып алады. Сондай-ақ, жиылған халықтың немесе комиссия алдында толқып, вокалдық және орындаушылық қабілетін көрсете алмайды. Сыныпта эмоциялы, өткір, еті тірі оқушылар эстрадада тартынып қалады. Ал кейбір әншілер біршама кемшіліктері бола тұра, жақсы пікір туғызады. Сондықтан, емтихан немесе байқаулар бірнеше кезеңмен еткізіледі, оның өзі шынайы жағдайды көрсете бермейді. Демек, оқушылармен шыдамды, ұзақ уақыт жұмыс істеу арқылы ғана олардың табиғи дарындылығына көз жеткізуге болады.

Оқушымен алғаш танысқаннан кейінгі ұстаздың міндеті – оның мүмкіндігін бағалау. Оқушының кемшіліктерін анықтап, ескерту жасау үшін тереңдетілген, негізделген, жылдам тексеру жүргізіледі. Алғашқы танысуды бірден дауысты тексеруден емес, еркін түрде қарапайым әңгімелесуден бастаған жөн. Бұл жағдайда оқушы ұстаздың қайырымдылық көзқарасын сезініп, бар мүмкіншілігін көрсетуге талпынады. Оқушымен әңгіме құра отырып, оның музыкалық қабілетін, жалпы мәдени деңгейін, мінезін біліп алудың маңызы зор.

Оқушының мәліметтерін бағалауда музыкалық-биографиялық, куәліктің мәні зор. Егер, оның әуендік қабілеті нашар, жалған әр беруді көрсетсе, ұстаздың әрекеті әр түрлі болуы мүмкін. Іс жүзінде оқушылар ән салуға үйрену, әнді тындау кезінде әуендік қабілеті жетіспесе, дауыс дұрыс қойылмағаны. Ал оқушы осы кезге дейін ән салып үйренбеген болса, онда оның ән салу қабілеті дамымаған, бірақ болашақта оны дамытуға көмектесуге болады. Кейде ән салуды жаңадан бастаған оқушы ұстазының ойнаған әуенін қайталай алмайтын жағдайлар болады [1]. Бұл жағдай фортепианоның дыбысына үйренбегендіктен. Керісінше, осы жаттығуды дауыспен көрсеткен кезде ол оны жеңіл және қатесіз орындайды. Бұндай құбылыс алыстағы ауылдардан келген оқушылардың арасында жиі кездеседі. Осындай оқушыларға шығармашылыққа оң әсер ететін жағдай жасап, өнер туындысын сезіммен орындауға, дұрыс тыныс алуға мәжбүр ету керек. Оқушыға өзі орындап үйренген туындыларды берген дұрыс. Бұл орындаулар вокалдық қабілеттің қандай екендігін анықтауға көмектеседі. Оқушы алдын ала ән салып, дауысын қалпына келтіріп алғысы келсе, оған бұрын орындаған жаттығуларын қайталауды ұсыну қажет.

Бірінші сабақта жаңа оқушының бұрынғы әдеттерін, қалыптасқан орындау стилін сақтаудың маңызы зор. Алғашқы қадамнан бастап дауыс қалыптастыру техникасына ескертулер жасауға болмайды, әйтпесе, оқушы үйренген сезімдерінен айырылып, өнерін жақсы деңгейде көрсете алмайды. Оқушы мен ұстаз арасында жақсы қарым-қатынас болған кезде ғана сабақтың тиімділігі артады.

Сабақты неден бастау керек? Тыныс алудан, көмекейдің жұмысынан немесе тілді жаттықтырудан ба? Бұл кезде ең дұрысы - дауыстың қалыптасуына көбірек кедергі жасайтын кемшілікті түзеуден бастау. Егер оқушының көңілін дұрыс тыныс алмауына, ашық ән салу, көмекейдің қысылуы сияқты бірнеше ескертулерге аудара берсе, ол бірде-бір кемшілігін жөндей алмайды.

Сабақ жаттығулар арасында үзіліс жасай отырып 25-30 минутқа созылуы тиіс, себебі, дауыс аппараты тез шаршап, жүйке жүйесін шалдықтырады. Дауысты жақсы шығару үшін күнделікті жарты сағат жаттығу қажет. Бастапқы кезде өз бетінше дайындалуға тыйым салу керек, ол әнді дұрыс айтпай үйренуге, ұзақ уақыт, кейде өмір бойы дауысты жоғалтуға әкеліп соғуы мүмкін [2].

Дауыспен жұмыс істегенде анағұрлым сәтті дауысталатын нотадан, үн диапазондарының орталық, тұстарынан бастаған жөн. Жоғары және төмен ноталардан аулақ болған абзал. Шеткі ноталар кеп күшті

кажет етеді. Дауысты өтпелі ноталарды талап етпейтін жаттығулардан, яғни, боз балаларда кеуде регистрынан, ал қыз балаларда орталықтан бастап дамыту керек. Себебі, дәл осы дауыс белігінде кез келген дауыстың қиналмай дыбысталатын «примарлық» деп аталатын әрлер орналасқан. Бұл қиналмай, анағұрлым жеңіл, еркін дауысталатын әрлер [3]. Олар толық, диапазонның ортасында орналасқан. Примарлық әр мен дауыстың табиғи тембрін айқындауда ыңғайлы ашық дыбыстардың атқаратын рөлі жоғары. Сондай-ақ, бұл кезде дауыстың күшінің дұрыс таңдалуының маңызы зор.

Дауыстап немесе жәй ән салу тиімділігі аз. Дауыстың анағұрлым сәтті дыбысталатын жерінен бастау керек. Жанадан бастаушылардың жаттығулары аса күрделі болмауы тиіс, бірақ шабуылдың дәлдігі және интонацияның тазалығы талап етіледі. Олардағы әннің шырқалуын, әуездің бөліктерін, әуендік ойды ескеру керек. Жаттығулардың орындалуының әуенділігі бірінші сабақтан бастап талап етіледі. Жаттығуларды жақсы ойластырылған аккомпанементпен берген дұрыс. Бұл әншілікті дамытып, оқушының дыбысты қабылдауын өткірлеп, сүйемелмен ән салуға жаттықтырады.

Вокалдық қабілетті жетілдірудің негізі дыбысты қабылдауды дамыту болып табылады. Дыбысты қабылдауға тәрбиелей отырып, дауыс аппаратының қызметін жақсарту жұмыстары жүргізілуі тиіс. Дауысқа қажетті бағытта әсер ете алатын жаттығуларды, репертуарды, вокализді тандау қажет. Музыкалық материалды дұрыс таңдаудың өзі дауысты тәрбиелеу болып саналады. Дауысты музыканың талабына сәйкес тәрбиелеуді ереже ретінде ұстану керек [4]. Жас әншінің орындаушылық сапасы жаттығулардан, вокализдерден, этюдтардан, керкем өнерден құралады. Музыка дауыс аппаратына әсер ете отырып, дауысты қажетті бағытта тәрбиелейді. Егер оқушы музыкалық материалды аз игеріп, жаттығуларды стандарттай алмаса, репертуарды дұрыс білмесе, ән үйренудің тиімділігін темендетеді.

Қорытынды. Оқушыны күнделікті дыбысталудың вокалдық, идеалын көрсету немесе айту арқылы тәрбиелемесе, әр түрлі вокалдық қиындықтарды жоюдың арнайы техникасын жетілдірмесе, әнді анық айта алмайды, вокалдық-техникалық сауатсыз болып, дауыстың деградациясына ұшырайды. Оқытып үйрету жетістікті болуы үшін ұстаз қажетті нәрсені толық түсіндіріп, көрсетуі тиіс, ал оқушы оны дұрыс қабылдап, орындауға міндетті.

Әдебиеттер:

1. Көпбаев А. «Болашақ музыка мұғалімдерінің вокалдық қабілеттерін қалыптастыру және дамыту жолы». – Алматы, 2003.
2. Әбікейұлы Қ. «Кәсіби әншілік өнері». – Алматы, 2004.
3. Гауһар тас: Әншіліл өнерге арналған хрестоматия. – Алматы, 2009.
4. Жакеева Б. Хор жүргізу: оқу құралы. – Алматы, ЖШС «Наз-9», 2008.

IV БӨЛІМ. ӨНЕРТАНУ

РАЗДЕЛ IV. ИСКУССТВОВЕДЕНИЕ

ӘОЖ 7.03; 7:001.12
МРНТИ 18.09

М.Б. Молдабеков¹, Е.С. Асылханов²

¹ Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, дизайн кафедрасының профессоры.
Алматы қаласы, Қазақстан. e-mail: murataly_57@mail.ru

² Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, дизайн кафедрасының профессоры.
Алматы қаласы, Қазақстан. e-mail: asylchan@mail.ru

ДИЗАЙН БРЕНДІ ЖӘНЕ ДИЗАЙНДЫ КОММЕРЦИЯЛАНДЫРУ

Аңдатпа

Қазіргі уақытта дизайн қызметін табысты коммерцияландыру мәселесі дизайнерлер армиясының және дизайнерлік фирмалардың олжалы қызметіне байланысты зор маңызға ие болып отыр. Шығармашылықтың және дизайнның сәтті экономикалық келбетінің құпияларын ашу – жобаларды тиімді сату жолымен емес, дизайн өнімін алатын адамдарға деген ізгілік пен сүйіспеншіліктің үлгісімен дизайнерлердің коммерциялық құрамдас бөлігі болып табылады.

Түйін сөздер: стайлинг, коммерциялық дизайн, ретроспективті вернисаж, бәсеке

Аннотация

Молдабеков М.Б.¹, Асылханов Е.С.²

¹ Казахская национальная академия искусств им. Т.Жургенова, профессор кафедры дизайна,
г. Алматы, Казахстан. E-mail: murataly_57@mail.ru

² Казахская национальная академия искусств им. Т.Жургенова, профессор кафедры дизайна,
г. Алматы, Казахстан. E-mail: asylchan@mail.ru

ДИЗАЙНЕРСКИЙ БРЕНД И КОММЕРЦИАЛИЗАЦИЯ ДИЗАЙНА

В современную эпоху перед дизайнерской деятельностью стоит задача поставить его в путь коммерциализации и чтобы дизайнерские фирмы работали с прибылью. Далее раскрыть удачные экономические образы творческих идей дизайна не путем выгодной продажи проектов, а путем, чтобы дизайн служил людям благонравно и примером любви к людям неотъемлемой частью дизайна.

Ключевые слова: стайлинг, коммерческий дизайн, ретроспективный вернисаж, конкурентность.

Abstract

Moldabekov M.B.¹, Asylkhanov E.S.²

T.Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts, Professor of the Department of Design,
Almaty, Kazakhstan. E-mail: murataly_57@mail.ru

T.Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts, Professor of the Department of Design,
Almaty, Kazakhstan. E-mail: asylchan@mail.ru

DESIGN BRAND AND DESIGN COMMERCIALIZATION

In the modern era, design activity is faced with the task of putting it on the path of commercialization and that design firms work profitably. Further, to reveal successful economic images of creative design ideas, not through a profitable sale of projects, but through a design that serves people well-intentioned and as an example of love for people an integral part of design.

Keywords: styling, commercial design, retrospective opening day, competitiveness.

Кіріспе. Қазіргі заманда дизайнерлік фирмалардың және брендтердің көп болуына себепті дизайнды коммерцияландыру, яғни дизайнерлік қоғамдастықта өзінің орнын табу мәселесі күн тәртібінде тұр.

Осы тақырыпты сөз етпестен бұрын бүгінгі заманның ұлы дизайнері Филипп Старктың шығармашылығына жүгіну керек, ол – жер шарының қай түпкірінде болсын, шығарманың түрлі саласында дизайн туындыларын жасап келе жатқан жан.

Филипп Старк дизайнының шығармашылық және коммерциялық табысын оның шығармашылық еркіндігімен, кейде тіпті формаларды, түстерді, текстураларды өмірде және ортаны қалыптастыру өнерінде жеңіл юмор астарында іздеумен де байланыстырады.

Дизайнердің шығармашылық мінезі қайда, қалай қалыптасуы мүмкін? Оның шығармашылығын зерттеушілердің басым көпшілігі дизайнердің бүкіл еңбегі өзінің қажыр-қайратының арқасында келді дейді. Расында солай ма?

Бренд және дизайнды коммерцияландыру

Әуелі екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Францияның дизайн тарихына қысқаша тоқталайық. Соғыстан кейін Еуропа дизайнерлері және басқалар да Францияда дизайн өнерінің шаруасы бітті деп санады. Бірақ 1945 жылдың наурыз айында-ақ Луврде бірінші ретроспективті сән вернисажы өтті. Неге көрсетілім өтпеді?

Оған басты себеп: бұйымдарды толық көлемде дайындауға арналған материалдар болмады, Еуропаның көп қаласы қирап жатқан, екінші дүниежүзілік соғыс әлі аяқталмаған еді, Францияның өзін немістер басып алған болатын. Сәнгерлер аз ғана мата жұмсап, шағын қуыршақтарға киім тігіп, шеберліктерін көрсетіп жатты. Бұл акция қатыгез соғыс уақытында сән әлемі ғана емес, жалпы дизайн да қоғамға керек емес екенін, бұлардың заманы әлі туа қоймағанын көрсетті.

Ары қарай таркатсақ: Американың коммерциялық дизайнының пионері Раймонд Лоуи Францияда дүниеге келген, шығармашылығы Америкада XX ғасырдың 20-жылдарында басталған 1953 жылы Парижде Compagnie 1 Esthetique Industrielle R Loewy деген фирма құрады. Фирма америкалық филиал емес, өзінің мақсаты мен тұжырымы бар, дербес дизайнерлік ұйым болды.

Дәл осы уақытта Франция ортақ нарықтың орталығы еді және Р.Лоуи фирмасы Батыс Еуропаның барлық елдеріне жұмыс істей бастаған болатын. Тапсырыспен жұмысқа кірісе отырып Лоуи нарықты, түрлі дәстүрді, тапсырыс берушілердің сұраныстарын мұқият зерттеді. Р.Лоуидің тапсырыс берушілермен жұмысы, ондағы әдіс-тәсілі Филипп Старкке белгілі болған деп ойлаймыз. Р.Лоуи фирмасына тапсырыс берушінің қатарында, жоғарыда атап өткендей, Франция ғана емес, бүкіл Еуропа бар еді.

XX ғасырдың ортасында Р.Лоуи америкалық стайлингпен күрес жүргізіп жатыр еді, онда, кейде дизайнға да назар аудармай, әуелі тауарларды сату міндеті қойылып жататын. Р.Лоуи ұстанған екінші кредо, ол – дизайн жалпы әлеуметке ғана емес, нақты жеке адамға қызмет етеді деген тұжырым. Осы кредоны ол бірінші орынға шығарды. Бұл – басқа мұнай компанияларынан бәсекені аңдаған Shell фирмасының Лоуиге жүгінгенінен байқалады, сол кезде Лоуи: "Shell станциясына келушілер – автомобильдер емес, адамдар" деп атап айтқан екен. Дәл осы тұжырым Р.Лоуидің шығармашылық ұстанымына негіз болған. Және осы бір маңызды сәт Франция дизайнының қалыптасуына, кейін алдымен Филипп Старктің шығармашылығына зор әсер етті. Мысалы, Р.Лоуидің Франциядағы дизайн фирмасы француз фирмасына арнап ыдыс-аяқты жобалай отырып, атақты аспаз Оливьеге сарапшы ретінде жүгінген. (Біздің болжамымыз бойынша, бұл – Ресейден шыққан аспаздардың ұрпағы. Люсьен Оливье 1 838 жылы Мәскеуде дүниеге келген және өмірінің соңына дейін Ресейде өмір сүрген. 1860 жылдары Оливье «Эрмитаж» мейрамханасының иесі болған, қысқы салаттың рецептің жасаған, көп ұзамай сол салатты ойлап тапқаны үшін мәзірге оның атын берген екен. (Бейіті Введенский зиратында тұр, кейін қалпына келтіріліпті. «Эрмитаж» Трубной көшесінде, Пеговтың үйінде тұрған.).

Өндіріске енгізуге Оливье ғана мақұлдаған бірқатар кастрюль мен табаны ғана тандаған екен. Лоуи жобалаған, Оливье сыннан өткізген асүй жабдығы, әрине, Францияда жаппай сатылымға шығып, коммерциялық табыс тапты. Бұл жерде, біріншіден, кәсіби шебердің пікірі көп нәрсені шешкен, содан соң, әлбетте, әуелі осы ыдыс-аяқты пайдаланатын халықтың көңілінен шығуы керек болған.

Біздің пікірімізше, осы Лоуидің бір өзі ғана Еуропаны америкалық өріске салды, өнеркәсіптік бұйымдарды жобалаудың, графикалық дизайнның, сәулеттің, маркетингтің және сұранысты зерттеген ғылыми-зерттеу бөлімшелерінің тұтас топтары бірінші күннен бастап бүкіл әлемдегі бәсекелестерінің бұйымдарын зерттей бастаған.

XX ғасырдың 50-жылдардан дизайн барысы Францияда бастау алған, кейін 60-жылдары жалғасқан, одан кейінгі жылдары да жалғасын тапқан дизайн процесіндегі осы бір құбылыстар Филипп Старктың шығармашылығына мықты платформа болды. Филипп Старктың табысты коммерциялық дизайнының түрлі құпиясы бар. Старк ұстанатын құпиялар – бір жағынан, қарапайым ғана нәрсе, ол – дизайнерге тұтыну тауарларының жаппай өндіріске шоғырлануына көмектескен демократиялық дизайн тұжырымы. Дизайнер бағаның төмендеуіне, көпшілікке керек тауардың сапасының артуына көп күш жұмсады.

Дизайн адамға көмекке келу керек, олардың өмірін жақсарту керек, деп ұйғаратын Филипп Старк. Дизайнердің өзінің алдына қойған басты міндеті, ол – өзінің түрлі қызмет көрсетуімен, жобалап отырған бұйымның сапасы мен бағасының әдемі үйлесімімен халыққа қандай пайда әкелмек, ел онысын қалай қолданбақ, осыны анықтау. Мен ұсынған бұйымдың тұрмыстың түзелуіне септігін тигізсе, сөйтіп, сол бұйымның қалың елдің тіршілігіне, олардың осы төңіректегі ой өрісінің кеңеюіне қалай әсер ететінін білсем, сол маған өте маңызды, деп санайтын дизайнер.

Филипп Старк осы жұмыстың қарапайым, ұтымды, үйлесімді тұстарын тауып, соған көшу арқылы өмірді жақсарту жолдарын іздеді.

Филипп Старктің табысты коммерциялық жолын барынша кеңейткен келесі бір ұстанымы, ол – дизайнердің елге пайдасын тигізуі, сол үшін өзінің өнерін барынша пайдалануы, бұл – бұйым дизайнының, дизайнер өмірінің, компанияның басты міндеттерінің бірі. Старк өзінің сөздік қорынан «тұтынушы» деген сөзді мүлдем алып тастады, оның орнына «өзіме», «досыма», «қызыма» деген сөздерді енгізіп, өзгелерді де осыған үйретті. Әсіресе «Thomson» фирмасының көркемдік директоры болып жұмыс істеп жүргенінде бәрі жаппай қолданып, «менің өзім де, осы бұйымдарды әзірлеген дизайнер де, жасаған фирма да тұтынушы үшін емес, өзіме, досыма, қызыма арнап арнайы дайындайды» деуші еді.

Оның жеке өзі бас болып, түпкі идеядан бастап бейнелер жасау және кезең-кезеңімен дизайнердің өзі қатысып отыратын авторлық бұйымдарды жаппай өндіру үшін дизайн төңірегіндегі барлық жағдай мен проблеманы зерттеуге арналған маркетинг пен психология бойынша тиянақты үлкен жұмыстар жүргізілді. Ең бастысы, жоғарыда атап өткендей, "Thomson" фирмасында жұмыс істей жүріп, ол «технологиядан бастап адамдарға дейін» деген бір жаңалықты ашты, оның мәнісі - технологияның өз басы түпкі мақсат емес, ол – тек құрал ғана, ал басты мақсат әуелі қоғам өкілдеріне, қалың елге адамгершілікті, сүйіспеншілікті, ізгілікті тарату екенін айқындау еді.

Филипп Старк – әрине, есепке ғана жүгінетін, салқын қанды бизнесмен, бірақ ол өзінің бизнесін елге зиян келтірмей, керісінше адам баласын жақсы көріп, елге қамқор болып, әуелі өмір туралы ойды түзіп, тіршілік сапасын жақсарту жолында жасады. Оның мақсаты өз тауарын тиімді сату ғана емес, өзінің авторлық дүниелерін тар шеңбердің емес, қалың жұртшылықтың игілігіне шығарып, төрткүл әлемнің бір бөлігіне айналдыру болатын. Философиясы да кісі қызығарлықтай: «Өнім дизайнының өзекті мәселесі - көптеп сату емес, ұзақ өмір сүру құқығын алып беру...» дейді.

Дизайнның құқығы мен міндеті - өнімнің ережелерге сәйкестігі туралы мәселе қою және оның пайда болуының дұрыс екенін бағалау. Қандай да бір болмыс, өнеркәсіп бұйымдарының, графикалық-жарнамалық өнімдер дизайнының пайда болуының заңдылығы деген не? Біріншіден, дизайнердің әлеуметтік өкілінің өмір сүру ортасына қатысты дүниелерді құру, ұйымдастыру барысында әрбір дәуірдің өзі заттың түсі мен ажары деген ойдан бастап үлкен өнеркәсіп нысандары мен қоршаған ортаға дейінгі өзінің талаптарын қояды. Биік гуманистік қасиеттерге ие, сырбаз Филипп Старк осы бір жұмысын дөңгелетіп әкетті. Өзінің бұйымдарын ол кейбір өндірушілерге шынында да төмен бағамен ұсынады, өйткені әлеуметтік ортаны қаржы жағынан болсын, әлеуметтік жағынан болсын, биік тұрған, тәкаппар элита дизайны қалыптамайды, әлеуметтік ортаны бұқара, қалың елдің қолына түсетін дизайн ғана қалыптайды. Филипп Старктың даңғыл жолы, ол – кәдімгі тұрмыс заттарын шығару. Олардың орнын өзге еш нәрсе баса алмайды ғой: қолсағат, шыбынұрғыш, тіс шөткісі, сөлсыққыш, ноутбук тімтуірі, орындық, қолжетімді тұрғын үй кеңістігінің, қонақ үйдің, өнеркәсіп нысандарының интерьерін ұйымдастыру, сөйтіп, адамдардың айнала жұртқа деген аялы сезімін, әлеуметке деген ашық көңілін қалыптастыру.

Филипп Старктың коммерциялық тұрғыдан алғанда табысты, олжалы дизайны – ол бір келісті, ғажап өнер, автордың жүрегін жарып шыққан дүние елдің де жүрегін жаулап алады, сөйтіп, адам баласының көңіліне барақат сезім ұялататын бір аяулы дүние болып шығады. Сонымен қатар шедевр жасауға ұмтылған дизайнердің өзіне де, ең алдымен қалың жұртшылыққа да пайдалы, өйткені олар бұл ойлаған пішіннен, құрылымнан, түстер мен текстурадан, материалдардан жасалған өнімдерді пайдаланады. Шығармашылықтағы маңызды сәттің бірі, ол – шығармашылыққа жан-тәнімен берілетін ерекше хәл, креатив табу: ілгек түріндегі телефон аппараты, «инь-янь» формасы кесіндісіндегі макарон, болат табыт түріндегі күлсалғыш, рыцарь қылышы пішініндегі туалет шөткісі, механикалық сөлсыққыш және т.б. дүние жасау. Дизайнның аталған концепцияларын құрудағы креатив пен ерекше жан серпілісі ең алдымен өзіне, тіпті базбіреуге бірқатар шығармашылық жобаға, шығармашылық ізденіске жол ашу болды деп ойлаймыз.

Алайда достарының белгілі бір тобына бұлар белгілі болған кезде олардың қатты қызығушылығын туғызып, өндіріс жолға қойылды. Кейде Филипп Старктың кейбір бұйымдарының тағдыр-талайы тіпті қызық, мәселен, белгілі бір бейімділігі күшті механикалық сөлсыққыш XX ғасыр дизайнының шедевіне

айналды. Дизайнердің жан-тәнімен жасаған нәрсесі, міне, осылайша тұлғалы дүниеге айналады, дизайн мұражайларында, өзге де жерлерде лайықты орнын алады.

Старк үнемі ізденіс үстінде, жұмыс бабында жүреді. Ол жаңа желілер қосып, өнімдерін, бұйымдарын, көрсетілетін қызмет ассортиментін белсенді түрде, үнемі кеңейтіп отырады. Ол жиһазбен, әшекеймен, сәулетпен, көше жабдықтарымен, өнеркәсіп бұйымдарымен, ванна және асүймен, еден және қабырғаға арналған жабынмен, кеңсе және ас үй жабдығымен, асхана құралымен, киім-кешекпен, аксессуармен, ойыншықтармен, рух шақыратын айналармен, графикалық дизайнмен, баспа қызметімен және, әрине, креативті дизайнмен айналысады.

Сәулет дизайнында Филипп Старк жалпы үйлесімділікті бұзбай, дизайнға нысанды қоршаған ортаға енгізуге көмектесетін міндет қойды, ал нысанның өзі жалпы контекске органикалық түрде еніп, оның бір бөлігі болуы керек екенін белгіледі. Бұл Токиодағы "Asahi Beer Hall" ғимаратынан, Осакадағы "LeBaron Vert" кешенінен, Париждегі сәндік-қолданбалы өнер ұлттық мектебінің жапсарлас құрылысынан, "The Alhondig" мәдени-ойын-сауық орталығынан, Америкадағы, Англиядағы, Бразилиядағы қонақ үй кешендерінен, президенттік апартаменттерден, Филипп Старктің басқа да туындыларынан байқалады және осының бәрі сәулет дизайнының коммерциялық табысы болды.

Филипп Старктің дизайнындағы тұжырым мен іс-қимылдың қарама-қайшы бағдарламасы, ол – дизайн ақша үшін жұмыс істеген кезде дизайнға бағдар берілмейтіні. Оның ойынша, осының өзі механика әлеміне жатады, «философия» әлеміне тиесілі. Әсілі, дизайнер өркениеттік даму ауқымында ойлайды. Дизайнердің пікірінше, «прогресс идеясына негізделген махаббат тұжырымы мен құдай тұжырымы өркениетті әкеліп, соның арқасында жер планетасы өкілдерінің өмір сүруінің түпкі мақсаты – «махаббат» сезімі салтанат құрды». Дизайнға деген сүйіспеншілік және алдымен оның өнімдерін сатып алатын және туындыларын жақын тұтатын адамдарға деген іңкәрлік – бұл әлі Филип Старк шығармашылығының табысты коммерциялық құрамдас бөлігі емес.

Өзінің өнегелі өмірінде Старктың барлық дүниеге жоба жасағаны көрініп жоба-бағыт бойынша шағын тізімінен белгілі. Сонымен бірге Stark маркалы заттар эстеттің тар шеңберіне арналмаған, дизайнер солардың төрткүл дүниенің бір бөлігі болсын деп, ең жақсы нәрсе қалың көпшілікке қолжетімді болсын деп жанталасты. Бұл ретте дизайн бизнесінің адамгершілік негіздерін де сақтауы керек болды.

Филипп Старктің туындылары – стильденген, қарапайым, органикалық дүниелер. Ол ерекше материалдар комбинациясын пайдаланады: шыны тас, пластмасса, алюминий, мата мен металл, және Старк етене таныс заттарға жаңа көзқараспен де қарай біледі. Мысалы, неге хрустальдан тау салмасқа, дейді ол. Жау пиғылды жат жұрт та, қаржысқан көңілдер де оның шығармашылығындағы бағдарға ұқсап тіл табысып, елге мейіріммен қызмет ету мәдениетіне айналады. Филип Старк гуманистік көзқарас ретінде жарық шашатын құралдар желісін құрды. Дәлірек айтсақ: Калашников АК47 автоматына үстел шамын, ал Beretta тапаншасына кішкене сәулелер орнатты. Бұл – қарапайым ғана нәрсе, шығармашылық ерекше идеялар емес, қайта дизайнердің коммерциялық табысының бір бөлігі. Филипп Старк туралы талмай айта беруге, шаршамай жаза беруге болады, дегенмен қазіргі заман пішіндерін жасаудың ұлы шеберінің дизайнындағы табысты коммерциясының кәсіби құпиялары туралы баянымыздың осы жеріне, өзіміздің сөз саптауымыздың аясында, көп нүкте қоя тұрамыз.

Қорытынды. Сөз соңында бір маңызды фактіге тоқталайық. Сонымен қатар Филипп Старк дизайн дүниесінде гуманистік идеяларды нықтап енгізіп бекітті. Дизайн қарапайым бұқарахалыққа қызмет ету керектігін көрсетіп, осы жолд өз еңбегімен бүкіл дүниежүзіне танымды болды. Тағы бір ой бар, ол – мынау: шығу тегіне үңілсек, Филипп Старк өзін орыс санайды және өзі ата-бабам Ресейде астрономдар болған деп отырады. Расында да, оның бойынан ресейліктерден байқалатын, әр нәрсеге құмармен қарайтын, буырқанған сезім ағыстары көзге түседі. Көңілінде орыспен жақын байланыс барын да сезеді. Әлбетте, орыс адамының кең, мол, ұлы жан дүниесінің дәл өзі, әрі Филипп Старктің алпыс екі тамырында солқылдап аққан, бұла қанның өзі - оның шығармашылық ұстанымның кеңдігі мен көп факторлығын сипаттайтын дүние.

Әдебиеттер:

1. Рунге В.Ф., *История дизайна науки и техники*: - Книга вторая. – М.: Издательство "Архитектура – С", 2007 г. – 432 с.
2. Михайлов С.М., *История дизайна*: - том 2. – М.: Союз дизайнеров России, 2003 г. – 270 с.
3. Лаврентьев А.Н., *История дизайна*. – М.: Издательство "ТАРДАРИКИ", 2007 г. – 303 с.
4. Розенсон И.А., *Основы теории дизайна*. – СПб: издательский дом "Питер", 2007 г. – 219 с.
5. *Проблемы дизайна – 3: Сборник статей под редакцией В.Л. Глазыева: том 3.* – М.: Издательство "Архитектура – С", 2005 г. – 288 с.

ӘОЖ 791.43.03
МРНТИ 18.67.09

Н.Р. Мұқышева¹

¹Өнертану кандидаты, профессор, Қазақ ұлттық өнер университеті,
Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., e-mail: arizan.kino@mail.ru

КӘУКЕН КЕНЖЕТАЕВТЫҢ КИНОДАҒЫ КЕЙІПкерлері: ӘКЕ Бейнесі

Аңдатпа

Мақалада 1960 жылдардан бастап, күні бүгінге дейін түсірілген қазақ көркемсуретті фильмдеріндегі әке бейнесінің ерекшеліктері қарастырылады. Өзге кейіпкерлер секілді, кинодағы әке бейнесі де белгілі бір уақыттың, адамдардың психологиялық, моральдық-этикалық, тіпті тарихи құндылықтарының бағдаршамы іспетті. Автор осы ретте қазақ театры мен киносының ұлы актері Кәукен Кенжетаевтың «Тұлпардың ізі», «Қыз Жібек», «Мәншүк туралы жыр», «Гаухартас» фильмдерінде сомдаған кейіпкерлер бейнесінің ерекшеліктеріне назар аударады. Сондай-ақ соңғы отыз жылдағы қазақ көркемсуретті киносы, соның ішінде Дәрежан Өмірбаев, Серік Апрымов, Әмір Байғазин, Әділхан Ержанов және Нариман Төребаевтардың фильмдеріндегі әке бейнесі саралталады.

Түйін сөздер: қазақ киносы, әке бейнесі, ұлттық болмыс, Кәукен Кенжетаев, «Тұлпардың ізі», «Қыз Жібек», «Мәншүк туралы жыр», «Гаухартас», бүгінгі кино

Аннотация

Мукушева Н.Р.¹

¹кандидат искусствоведения, профессор, Казахский национальный университет искусств,
Казахстан, г. Нур-Султан, e-mail: arizan.kino@mail.ru

ГЕРОИ КАУКЕНА КЕНЖЕТАЕВА В КИНО: ОБРАЗ ОТЦА

В статье рассматриваются особенности образа отца в казахских игровых фильмах, которые снимались с 1960-х годов по сегодняшний день. Как и другие герои, образ отца в кино является знаком времени, отражением психологических, морально-этических, а также исторических ценностей. В данном материале автор обращает внимание на образы отцов-героев в фильмах «Следы уходят за горизонт», «Кыз Жибек», «Песнь о Маншук», «Храни свою звезду» в которых играл великий актер казахского театра и кино Каукен Кенжетаев. Рассматривается образ отца в казахском игровом кино за последние тридцать лет, в том числе в фильмах Дарезжана Омирбаева, Серика Апрымова, Эмира Байгазина, Адильхана Ержанова, Наримана Туребаева.

Ключевые слова: казахское кино, образ отца, национальный менталитет, Каукен Кенжетаев, «Следы уходят за горизонт», «Кыз Жибек», «Песнь о Маншук», «Храни свою звезду», современное кино

Abstract

N.R. Mukusheva¹

¹candidate of art history, professor, Kazakh National University of Arts,
Kazakhstan, Nur-Sultan, e-mail: arizan.kino@mail.ru

KAUKEN KENZHETAEV'S CHARACTERS IN THE MOVIE: THE IMAGE OF THE FATHER

The article considers the features of the image of the father in the Kazakh feature films made from the 1960 s to the present day. Like other characters, the image of the father in the cinema is a beacon of psychological, moral, ethical and even historical values of a certain time and people. In this regard, the author draws attention to the peculiarities of the image of the characters in the films of the great actor of Kazakh theater and cinema Kauken Kenzhetaev «Tulpar's trail», «Kyz Zhibek», «Song about Manshuk», «Gaukhartas». Kazakh art cinema of the last thirty years period includes the image of the father in the films of Darezhan Omirbayev, Serik Aprymov, Emir Baigazin, Adilkhon Yerzhanov and Nariman Torebayev. The image also will be analyzed in this article.

Key words: Kazakh cinema, the image of a father, national identity, Kauken Kenzhetaev, «Tulpar's trail», «Kyz Zhibek», «Song about Manshuk», «Gaukhartas», today's cinema

Кіріспе

Қазақ киносындағы отбасының, әке мен ананың, ұл мен қыздың, келін мен ата-ененің орны қалай бейнеленгенін айтсақ, сөзсіз, қоғамның бет-бейнесінің, халық менталитетінің қаншалықты өзгеріске ұшырағанын анық көруге болады. Ұлттық кино тарихына көз жүгіртсек, әкенің бейнесі белгілі бір уақыттың, адамдардың психологиялық, моральдық-этикалық, тіпті тарихи құндылықтарының бағдаршамы іспетті рөл атқаратынын байқау қиын емес. Қазақтың ғасырлар бойы өмір сүріп келген отбасы институтында әкенің орны өте маңызды екені белгілі. Қазақ ұғымында әке тек бір отбасының тірегі ғана емес, жалпы ұлттық болмыстың, ұлттық мінездің сақтаушысы әрі қорғаушысы ретінде қабылданды. Яғни, тұтас ұлттың тағдыры әкенің бітім-болмысы және рухани кеңістігімен тығыз байланысып жатты. Сондықтан, кино өнерінің бүгінгі және кешегі тарихындағы әке бейнесін талдау тек экрандағы әке бейнесінің ғана емес, біз өмір сүріп жатқан қоғамның, ұлттық болмыстың, халық дүниетанымының қаншалықты өзгеріске ұшырағанын немесе ұшырамағанын аңғаруға мүмкіндік берері сөзсіз.

Қазақ киносындағы әке бейнесі – ұлттық болмыстың көрінісі ретінде

Қазақ киносының алғашқы онжылдықтарында әкенің бейнесі «жағымды», «жағымсыз» кейіпкер ретінде кеңестік идеологияның аясында қарастырылды. «Жағымды» әке – ол міндетті түрде кеңес үкіметінің белсендісі, адал қызметшісі, ал «жағымсыз» – сөзсіз бай-болыс және жаңа үкіметтің «ата жауы». Әрине, бұл фильмдердегі қазақ отбасындағы әкенің орны идеологиялық мазмұннан аса қоймайды. Бұл туралы кинотанушы Гүлнар Әбікеева: «Кеңес үкіметі жылдары әкенің бейнесі «Сталин» немесе «Партия» деген ұғымдардың орнын алмастырды. Этникалық әке-кейіпкер ұлттық эпостар бойынша түсірілген фильмдердің персонажы ретінде ғана көрініс тапты» деп жазды [1, 10 б.].

Қазақ киносындағы әке бейнесінің ұлттық болмыспен тығыз байланысты болған «алтын кезеңі» 1960-1970 жылдармен тұспа-тұс келді. Көгермен осы жылдары түсірілген «Тұлпардың ізі», «Менің атым Қожа», «Қилы кезең», «Арман – атаман», «Қыз Жібек», «Гаухартас», «Атамекен», «Мәншүк туралы жыр», т.б. фильмдерінен әке болмысынан сабырлылық пен ірілікті, парасаттылықты көреді. Экрандағы әке болмысымен ұштасып жатқан ұлттық бояуды іздегіміз келсе, ылғи осы шығармалар жүгінетініміз де сондықтан.

Жалпы, қазақ киносындағы әкенің бейнесі туралы арнайы зерттелген еңбектер жоқтың қасы деуге болады. Кинотанушы Гүлнар Әбікееваның «Нациостроительство в Казахстане и других странах Центральной Азии, и как этот процесс отражается в кинематографе» атты монографиясында (2006) мемлекеттің жай-күйі мен ұлттық болмыстың метафорасы ретінде әкенің кинематографиялық бейнесінің өте маңызды рөл атқаратынына назар аударады. Алайда, мұнда 1960-1970 жылдары түсірілген қазақ фильмдерінен тек «Атамекендегі» (1966, сц.авт. О.Сүлейменов, реж. Ш.Айманов) Елубай Өмірзақовтың кейіпкері ғана қарастырылады. Біздіңше, қазақ киносындағы әкенің, оның ұлттық болмыстың тірегі ретіндегі көрініс табуы тек «Атамекен» фильмімен ғана шектелмейді. Ұлттық дүниетанымдағы әкенің бейнесі дегенде «Тұлпардың ізі», «Қыз Жібек», «Мәншүк туралы жыр», «Гаухартас» фильмдеріндегі қазақ театры мен киносының ұлы актері Кәукен Кенжетәев сомдаған кейіпкерлерді де ұмытпауымыз керек. Қазақ киносындағы әкенің бейнесі туралы мәселе қозғалғанда бұл фильмдердің маңызы аса зор.

Аталмыш фильмдердің жұлдызы жарқырап, қазақ өнері мен мәдениетінің тарихында қалуына – режиссер, сценарий авторы және актерден тұратын шығармашылық үштіктің рухани үйлесімділігі әсер еткені даусыз. Ал бұл рухани үйлесімділік ұлттық тамырдан ажырамаған халықтық мінезбен, болмыспен байланысты еді. Шәкен Айманов, Мәжит Бегалин, Абдолла Қарсақбаев, Сұлтан Қожықов, Шәріп Бейсембаев секілді режиссерлер мен Ғабит Мүсірепов, Олжас Сүлейменов, Әкім Тарази, Бердібек Соқпақбаев, Дулат Исабеков, т.б. сияқты қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері басы-қасында болған бұл фильмдерде автордың идеясы, айтар ойы актер сомдайтын кейіпкердің болмысымен ұштасып жатты.

Сонымен, Кәукен Кенжетәевтың сомдауындағы «Тұлпардың ізі» фильміндегі (1964, сц.авт. Ә.Тарази, реж. М.Бегалин) Танабайдың, «Мәншүк туралы жырдағы» (1969, сц.авт. А.Михалков-Кончаловский, реж. М.Бегалин) Мәншүктің әкесінің, «Қыз Жібектегі» (1970, сц.авт. Ғ.Мүсірепов, реж. С.Қожықов) Төлегеннің, «Гаухартастағы» (1975, сц.авт. Д.Исабеков, реж. Ш.Бейсембаев) Тастанның әкесінің бейнесі қандай қырымен ерекшеленді?

«Тұлпардың ізі» фильмі кезінде қазақ киносына тың серпіліс ала келді. Қарапайым шопан отбасының күнделікті тыныс-тіршілігі, әке мен шешенің, ұлы мен келіннің ара-қатынасы, әрқайсысының сол отбасындағы алатын орны бұған дейінгі түсірілген фильмдерден ерекшеленіп тұрды. Кейіпкерлері сөзге өте сараң. Сырт көзге елең етерлік оқиға жоқ секілді. Бірақ, ол әрқайсысының ішкі әлеміндегі арпалыста өтуде. Бұл кейіпкердің қимыл-қозғалысы, көзқарасы, дауыс ырғағы, тіпті, үйлеспей жататын сөз тіркестері арқылы беріледі.

Фильмдегі ата-ене мен келін, келін мен күйеуі, әке-шеше мен ұлы арасындағы қарым-қатынастың психологиялық сипаты әкенің бітім-болмысымен, қас-қабағымен ұштасып жатыр. Өзге кейіпкерлер сияқты ол да үнсіз. Бірақ, бұл үнсіздіктің астарында қатал мінез бен сабырлылық байқалады. Ұлы мен келіні арасындағы рухани алшақтықты, Жаухаздың ішкі жан-дүниесіндегі қарама-қайшы сезімдерді (Тұрардан көңілі қалуы, ата-енесін қимай сергелденге түсуі) сезсе де, ұлына да, келініне де жаны ашып, іштен тынады. Кәукен Кенжетәев ойынындағы әкенің бейнесі күнделікті тұрмыс-тіршілікте көрініс беретін даналық пен сабырлы ақыл-ойды көрсетеді. Әкенің сабырлы болмысы, сөзге сарандығы, көзқарасы мен қас-қабағы оның ішкі рухы мықты адам екенін сездіреді.

«Тұлпардың ізі» фильмі туралы «Қазақ әдебиеті» газетінің 1965 жылдың 4 маусым күнгі санында белгілі жазушы Шыңғыс Айтматов былай деп жазды: «Фильм тың серпілісті аңғартады, сол себептен де ол бұдан бұрынғы жасалған шығармалардан ерекше оқшау тұр. Оның күші – биік профессионалдық мәдениет пен байсалды ұстамдылықта. Біз осы фильм арқылы тоғысқан сөз толқынысыз, декларациясыз көркем бейнелерді жасауға болатынын айта аламыз. Сөйтіп, ұлт кинематографының дамуындағы тағы бір жаңа сапаны көреміз» [2, 2 б.]. Жазушы әрі қарай фильмдегі әке мен шешенің бейнесі туралы ойын былай деп өрбітеді: «Маған шал мен кемпір үлкен әсер етті. Олар баласының бозөкпе ынжық екенін біле тұра одан безбейді. Ол жамандық жасағанда да ата-ана оған көңілдеріндегі ойларын тура айтпайды, бұған өздерінің де кінәлі екендіктерін біліп, үнсіз қайғырады...» [2, 2 б.].

Кәукен Кенжетәевтың сомдауындағы боранды түнде жоғалған қойды іздеп шыққан ұлының дала заңынан, адамдық қасиеттен аттап, жанындағы серігін тастап кеткен қылығын жазғырған әкенің қас-қабағы мен қатал көзқарасының өзі-ақ адам сотынан гөрі ардың соты әлдеқайда ауыр екенін аңғартады. Өйткені, әкесі – ұланғайыр ен даланың заңын тұла бойына сіңірген адам. Ал, оның ұрпағы (Тұрар) сол заңды бұзды, сайын далада кез-келген сәтте кездесетін сын сағатта солқылдақтық пен қорқау мінез танытты. Сценарий авторы Әкім Тарази мен режиссер Мәжит Бегалин Кәукен Кенжетәевтың кейіпкері арқылы ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан қазақтың мінезін, болмысын көрсетеді.

Белгілі кинотанушы Бауыржан Нөгербек «Экранно-фольклорные традиции в казахском игровом кино» атты монографиясында былай деп жазады: «Бұл фильмде драматург Ә.Тарази мен режиссер М.Бегалин драма жанрындағы шығармада тұңғыш рет көркемдік тұрғыдағы шыншыл ұлттық мінез-құлықты бейнеледі. Қазақы дүниетанымның кеңістігін, көшпендінің болмысын айқындап берді» [3, 206 б.]. Кинотанушы мензеп отырған қазақы дүниетаным кеңістігі мен көшпенді болмысының негізгі діңгегі әкенің (Танабайдың) болмысымен тікелей байланысып жатыр.

Кәукен Кенжетәев сомдаған тағы бір әке бейнесі «Мәншүк туралы жыр» фильмінде (1969) көрінеді. Фильмнің өн бойында Мәншүктің рухани діңгегі, дүниетанымы әкесінің бейнесімен тығыз байланыста беріледі. Фильмде Мәншүк пен әкесінің ата-баба мазарлары, бал-бал тастардың арасымен келе жатқан көрініс бар. Осы көріністе әкесін мұқият тыңдап келе жатқан Мәншүк бірде жымияды, бірде мұңаяды, енді бірде таңырқап, әкесіне көз алмай қарайды. «... Ер туып, ел қорғаған ата-бабаң, бұл күнде ізі жатыр...» дейді кадр сыртында домбыраға қосылып айтылатын өлең жолдарында. Олай болса, «ер туып, ел қорғаған ата-бабаның» ұрпағы Мәншүктің ержүрек болмауы мүмкін емес. Кәукен Кенжетәевтың сомдауындағы әке бейнесі бұл фильмде де Мәншүк нәр алған ұлттық дүниетанымның, ұлттық болмыстың қайнаркөзіне айналады.

«Қыз Жібек» фильміндегі Жібек пен Төлегеннің әкелері (Сырлыбай мен Базарбай) – кеңес киносындағы бай-манап, хандардың бейнесіне тіптен қарама-қарсы кейіпкерлер. Бұған дейін кеңес идеологиясы таңып келген байдың, ханның бейнесі – ел-жерді қанаған, әділетсіз, пасық, бір сөзбен айтқанда «жағымсыз» кейіпкердің бейнесі болуы керек-ті. Алайда, «Қыз Жібек» фильміндегі Сырлыбай мен Базарбайдың бейнесі кеңес кинематографындағы қатып қалған бұл қағидадан алшақ кетеді (әрине, мұның алдында «Қилы кезеңдегі» Жүніс пен «Қараш-Қараш» фильміндегі Жарасбайлар болды).

Кененбай Қожабековтың Сырлыбайы – ел мен елдің, ер мен ердің татулығын, бірлігін ойлаған әрі ел басқарып отырған даланың ақылды, сабырлы, данағой ақсүйегі болса, Кәукен Кенжетәевтың Базарбайы – алдында мыңғырған малы бар, ен далада көшіп-қонып жүрген бай ғана емес, шетел саудагерлерімен терезесі тең экономикалық байланыс орнатқан, бүгінгінің тілімен айтқанда, ірі капиталисі. Сонымен бірге, ол бірнеше тіл білетін сол заманның озық ойлы адамы (тіл білмесе, жанындағы шетелдіктермен байланыс жасауы да неғайбыл еді).

Тағы бір назар аудартатыны – Базарбай мен Сырлыбайдың киім кию үлгілері біріне бірі ұқсамайды. Сырлыбайдың үстінде дәстүрлі ұлттық киім (шапан, қымбат бөрік т.б.), ал Базарбайдікі мүлдем өзгеше. Осы киім үлгісін Кәукен Кенжетәевтың өзі ұсыныс жасағаны туралы белгілі жазушы-публицист Камал

Смайылов былай деп жазады: «... Бұл баяғы даланың, баяғы ауылдың ұзын шапан, ұзын сақал шалы емес. Ол (аты да тегін қойылмаған) қазақ даласына кеулеп ене бастаған сауда қатынастарының, жаңа леп, жаңаша ғұрыптың адамы... «Базарбайдың сырт пішіні қандай болуға тиіс?» дегенде, Кәукен фильм режиссері Сұлтанға: «Оның кеудесіне түскен сақалы, аяғына оралған шапаны болмауы керек (ондай бір шал – Сырлыбай бар ғой), ол шоқша сақалды, жинақы, қысқа киінген, тіпті жаңаша ойлайтын ақсақал болсын, мен сондай Базарбайды көрсеткім, ойнағым келеді» [4, 136-137 бб.].

Сырлыбай мен Базарбай – көшпенді қазақ қоғамындағы биліктің, ел басқарудың екі түрлі моделі. Бірі – ішкі еларалық (руаралық) саясатты, екіншісі – тек ішкі ғана емес, сыртқы саясатты да (экономикалық) жүргізіп отырған кейіпкер. Екі жағдайда да рухы мықты, ішкі тұнығы шайқалмаған әкелердің бейнесі көрініс табады. Бір рулы ел қас-қабағына қарап отырған Сырлыбайдың бойынан әкелік мейірім сезіліп тұрса, «жаудың» қызымен некелесіп келген ұлына деген әкелік мейірімін көрсетуге Базарбайдың ішкі қатал принципі жібере қоймайды.

Фильмде Төлегеннің әкесі көрінетін эпизод аса ұзақ та емес. Алайда, осы қысқа уақыттың ішінде Базарбайдың тұтас болмысы ашылып үлгереді. Кәукен Кенжетаетовтың сомдауындағы Базарбайды өте қатал, адуынды, бірбеткей және жанындағы шетелдік серіктестеріне де өзін басындыра қоймайтын саясаткер, әрі жүрегінің түкпірінде мейірімі бар адам ретінде көреміз. Базарбайдың анау-мынауға иіле бермейтін өр мінезінің астарында мейірім жатқаны бір ғана кадрда, онда да қас-қағым сәтте тамаша беріледі. Төлеген жатқан киіз үйдің босағасынан аттап, ішке еніп келе жатқандағы бір сәтте жүзінде әкелік мейірім, жылы жымыс пайда болады. Дәл осы кезде ел билеген адуынды адамнан гөрі, күнделікті өмірдегі қарапайым әкенің адами болмысы көрініп қалады. Алайда, артынша жүзінде қайтадан қаталдық пайда болады, ішке кіремін деген райынан қайтады да, кері бұрылып кетеді. Қас-қағым сәтте бір сезім екіншісіне ауысып үлгереді. Актер шеберлігінің ғажаптығы сонша, кадрда артық сөз айтып жатуды талап етпейді. Бұл жерде ең маңыздысы – актердің көзі, қимыл-әрекеті мен жүзінің өзі ішкі сезім иірімдерін анық байқатады.

Қазақ кинотану ғылымында Базарбай бірбеткей, қатал кейіпкер ретінде ғана қарастырылып келді. Алайда, бұл Базарбайдың бейнесі туралы біржақты көзқарас. Ол – қай жағынан алып қарасаңыз да, көпқырлы, сан астарлы, өте күрделі кейіпкер. Шағын эпизодтың өзінде Базарбай өте қатал ел басқарушы, әрі саясаткер, әрі іскер, тіпті қас-қағым сәтте мейірімді әке ретінде көрініп үлгереді.

1964 жылы экранға шыққан «Тұлпардың ізі» фильміндегі Кәукен Кенжетаетов сомдаған әке бейнесімен рухани үндес тағы бір кейіпкер бар. Ол – «Гаухартас» фильміндегі (1975) әкенің бейнесі. «Тұлпардың ізіндегі» Танабай сияқты бұл фильмнің де кейіпкері – ғасырлар бойы үзілмей келе жатқан ата-баба заңымен өмір сүретін адам. Екеуі де ұлттық дүниетанымдағы отбасы институтының заңдылықтарына жүгінген, рухы мықты кейіпкерлер. Мысалы, «Гаухартас» фильміндегі бір көріністе әкесі үлкен ұлы Тастанмен (Әнуар Боранбаев) сөйлесіп болған соң, қасына кенжесін шақырады. Алдында ғана тұрып кеткен Тастанның орнына жайғаса берген кіші ұлына әкесі жақтырмай қарайды. Әкесінің қабағын түсіне қойған кішісі оның сол жағына келіп отырады. Бір қарағанда, аса назар аударарлық көрініс емес сияқты. Бірақ, кішісінің үлкен ұлының орнына жайғасуын жақтырмауының өзінде ұлттық дүниетанымдағы отбасы институтының қалтқысыз заңын көреміз. Яғни, әкенің оң жағында (төрте) үлкені, ал сол жағында (одан төмен) кішісі отыруының өзінде сыйластық, мәдениет, үйлесім жатыр. Бір сөзбен айтқанда, кіші ұл алдындағы ағасының орнын сыйлауы керек. Ал, оны түсіну үшін әкенің бір ғана көзқарасы мен қабағы жетіп жатыр.

«Тұлпардың ізі» мен «Гаухартас» фильмдеріндегі әке мен бала арасындағы рухани байланыста айырмашылық өте көп. «Тұлпардың ізі» фильмінде әке мен бала болмысының арасында рухани алшақтық жатқанын жоғарыда айтып өттік. Яғни, баласы әке ұстанған дала заңына қарсы шықты, қасындағы серігін боранды түнде жалғыз қалдырып кетті. Баласының қорқаулығы, сатқындығы мен ездiгi әке болмысына, дүниетанымына тым жат, тым бөтен. Әке – балаға сыншы. Әкесі Тұрарға сынап қарайды. Іштей тынады. Әке тарапынан айтылып жатқан артық сөз жоқ. Бірақ, актердің бет-жүзінің, көзқарасының, қас-қабағы мен қимыл-қозғалысының өзінде-ақ барлығы сайрап жатыр.

Ал «Гаухартастағы» әке мен бала арасында керісінше үзілмеген рухани байланыс сезіледі. Әсіресе, бұл Тастанның бейнесімен байланысты. Тастан – Тұрарға мүлдем қарама-қарсы кейіпкер. Екеуінің болмысы екі түрлі. Екеуі де көп сөйлемейді, тұйық. Бірақ, бұл екі түрлі тұйықтық. Тұрардың үнсіздігінің астарында оның пасық, қорқау болмысы жатыр. Ал Тастанның тұйық мінезінің астарында әкесінің дүниетанымымен ұштасып жатқан мықты рух бар. Тұрар Жаухазды «енді біз қой бақпаймыз» деп жұбатады. Тастан, керісінше, әке ісін жалғастырушы ұрпақ.

Тастан туралы «кеңес қоғамының ең бір кемелденген өнімі», «кеңес үкіметінің нағыз еңбекқор адамы» деген пікір айтылады [5, 86 б.]. Біздіңше, озат шопан Тастанның болмысының сыры тереңде жатыр. Иә, ол – кеңес қоғамының еңбеккері. Бірақ, оның бейнесі «кеңес үкіметінің шопаны» деген дәстүрлі ұғымның аясынан тым алшақ жатыр. Керісінше, Тастанның өзінің сөзімен айтқанда, «Шопан

деген кәсіп емес, ол – өнер. Қанға сіңген өнер. Сонау атадан балаға қалыптасқан өнер». Тастан сол өнерді көзінің қарашығындай сақтағысы келеді. Бригадаға қосылғысы келмейтін басты себебі де осы.

Екі фильмдегі де әкенің тағдыры елдің тағдырымен тығыз байланысты. «Гаухартаста» Кәукен Кенжетаев пен Кененбай Қожабековтың кейіпкерлерінің арасындағы өте маңызды диалог бар. Екі ұлы актердің сомдауындағы ақсақалдардың әңгімесі кеңес үкіметімен тұспа-тұс келген тұтас бір ұрпақтың тағдырын меңзейді. Қабеннің тарапынан екеуінің куә болған төңкеріс жылдары, Мысырбайды кәмпескелеп, теңдік алдық деп қуанғандары, соғыс, шаруашылықты қайта қалпына келтіру, кеңес үкіметіне жанын салып еңбек еткендері туралы айтылады. Бұл жердегі ең басты назар аудартарлығы – екі ақсақалдың әңгімесі барысындағы дауыс ырғағы, интонация, пауза, көзқарас, мимика. Бұның барлығы екеуара әңгіменің астарын өзгеше оқуға мәжбүрлейді.

Қабен «сол үкіметке қызмет еттік қой» дейді. Алғашында қуана қабылдаған үкіметті «біздің үкімет» демейді, «сол үкімет» дейді. Екеуі де кеңес үкіметінің қазақ жеріндегі әр қадамының куәсі болды, әрі ол үкіметтің қазаққа қандай қасірет алып келгенін жақсы біледі. Сондықтан, соншалықты қайғы-қасірет алып келген үкіметтің «біздің үкіметке» айналуы мүмкін емес. Қанша жерден кеңес үкіметіне жұмыс істесе де, іштей бәрібір «сол үкіметтің» көзсіз жауынгеріне айналған жоқ. Бұл, әсіресе, Кәукен Кенжетаевтың кейіпкеріне тікелей қатысты. Қабен оған «Енді өзің сол Мысырбайға айналып барасың» дейді. Осы тұста тағы да қарама-қайшылық туады. Қабеннің бүкіл болмысы оның шолақ белсенді емес екенін сездіреді. Бірақ, ол уақыттың ағымына қарсы келмейтін, өз заманының адамы. Ал, Кәукен Кенжетаевтың ата-баба рухына берік кейіпкері уақыттың өзі таңып отырған өзгеріске іштей қарсы. Бұл жерде ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келген дәстүр мен сол дәстүрге қарама-қайшы келетін жаңа кезеңнің арасындағы текетіресті көруге болады.

«Гаухартаста» фильміндегі әкенің дүниетанымы, рухы «Тұлпардың ізі», «Мәншүк туралы жыр», «Қыз Жібек» фильмдеріндегі әкелермен үндесіп жатыр. Бірақ, олардың ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келген дүниетанымы мен мықты рухы ұстап тұрған тұтас әлемнің шаңырағы шайқалғалы тұр. Салтанат ауруханаға түсіп қалады, Тастан бригадаға қосыламын деп шешім қабылдайды, кіші ұл әскерге аттанған. Сөйтіп, отбасындағы қыз-қыз қайнаған кешегі өмірдің сәні кетеді. Фильмнің соңындағы уығы мен керегесі жалаңаштанған, жел бауы желбіреп, жығудың алдында тұрған киіз үйдің ортасында тұрған әке – шайқалғалы тұрған қазақы дүниетаным мен болмыстың, мықты рух пен мінездің символы.

«Гаухартастағы» әке бейнесі – Елубай Өмірзақов, Кәукен Кенжетаев, Кененбай Қожабеков сомдаған ұлттық дүниетанымдағы әкелер галереясының соңғы тұяғы іспетті. Шындығында, осы фильмнен соң дәл сондай әке бейнесі қазақ киносында пайда бола қойған жоқ. Ендігі жерде әкелер болмысы біртіндеп өзгере бастайды.

Қорытынды. Заманауи қазақ киносында әке мен оның ұрпағының арасындағы рухани байланыс күрт үзіледі. Бұл, 1990 жылдардағы қазақ киносында, әсіресе авторлық фильмдерде анық байқалады. Ендігі жерде Кәукен Кенжетаевтың рухы мықты, парасатты, мінезді, қасиетті кейіпкерлерінен гөрі, шарасыз, әлсіз, тіпті «кішкентай адамның» кейпіндегі әкелерді көретін болдық. Мұндай әкелер бір ғана қас-қабағымен отбасын «ұстамақ» түгілі, жақындарына ықпалы жоқ мүлдем шарасыз кейіпкерлерге айналды. Шарасыздық болашаққа деген сенімнен айырды.

1990 жылдардағы фильмдердің көпшілігінде әке бейнесі мүлдем көрінбейді. Болған күннің өзінде бала мен әке арасындағы рухани байланыс мүлдем үзілген. Яғни ұрпақтар арасында суықтық бар. Мысалы, Дәрежан Өмірбаевтың фильмдерінде кейіпкерлер өмір сүретін кеңістікте әке мүлдем көрінбейді. Ал анасы көбіне көрген түстерінде пайда болады. Әке «Кардиограмма» фильмінің басында ғана көрінеді. Онда да баласы екеуінің арасында жылы қарым-қатынас сезілмейді. Немесе Серік Апрымовтың «Қиян» фильмінде көп балалы әке – әйелінің айтқанынан шықпайтын, намысы, рухы жоқ кейіпкер. «Ақсуатта» басты кейіпкерлердің әкесі жоқ, бірақ ауылды «ашса алақанында, жұмса жұдырығында» ұстайтын қыздың әкесі бар. Алайда, оның болмысы Кенжетаевтың кейіпкерлерінен тым алшақ жатыр. «Аңшыда» – өгей әке, «Бауырда» баланың әкесі басқа әйелге үйленіп кеткен, ұлымен ара-қатынасы үзілген. Әмір Байғазиннің «Асланның шығармасы» фильмінде басты кейіпкер әжесінің қолында тәрбиеленіп жатыр (әкесі туралы ешқандай хабары жоқ, шешесі қалада жұмыс істейді). Әділхан Ержановтың барлық фильмдерінің кейіпкерлері – әке-шешесі жоқ, жетім балалар. Нариман Төребаевтың фильмдерінде кейіпкердің әкесі туралы бірде-бір сөз қозғалмайды. «Шлаббаумда» да (реж. Ж. Пошанов) сол жағдай – бірінің әке-шешесі жоқ, екіншісінің әкесі – бүгінгі заманның ауқатты адамы. Бірақ, олардың да арасында рухани байланыс үзілген.

«Құнанбай» фильмінде (реж. Досхан Жолжақсынов) көптен бері көрінбей кеткен ірі мінезді кейіпкерді көрдік. Әжесінің кішкентай Абаймен ара-қатынасы мүлдем көрінбесе де, соңындағы мешітке байланысты көрініс әке мен ұл арасындағы рухани байланысты меңзеді.

Сонымен, «Тұлпардың ізі», «Мәншүк туралы жыр», «Қыз Жібек», «Гаухартаста» фильмдеріндегі Кәукен Кенжетаевтың рухы мықты әке-кейіпкерлері ұлт дінгегі, отбасы ұстыны ретінде қарастырылды.

Соңғы отыз жылдағы қазақ киносындағы әке бейнесі бұл ерекшеліктерінен айырылып қалды деуімізге болады. Олай болса, кинодағы әке бейнесі – белгілі бір уақыттың белгісі, адамдардың психологиялық, моральдық-этикалық, тіпті тарихи құндылықтарының бағдаршамы, ұлттық болмысымыздың көрінісі екенін айғақтайды.

Әдебиеттер:

1. Абикеева Г.О. *Образ семьи в кинематографе Центральной Азии в контексте формирования культурной идентичности в регионе* // Г.О. Абикеева. Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора искусствоведения. – Москва, 2010.
2. Айтматов Ш. «Фильмдегі ұлттық өрнек» // Ш.Айтматов. «Қазақ әдебиеті» газеті, 4 маусым, 1965.
3. Ногербек Б. *Экранно-фольклорные традиции в казахском игровом кино* // Б.Ногербек. – Алматы: RUAN, 2008. – 376 с.
4. Смайылов К. *Үш томдық шығармалар жинағы. 3 том.* // К. Смайылов. Алматы: Қазығұрт, 2004. – 392 б.
5. Ногербек Б. *На экране «Казахфильм»* // Б. Ногербек. Алматы: RUAN, 2007. – 520 б.

ӘОЖ 791.43.03
МРНТИ 18.67.09

А.Ж. Нұрсұлтан¹

¹магистрант, Қазақ ұлттық өнер университеті,
Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., e-mail: camerisle@gmail.com
Ғылыми жетекшісі: Н.Р. Мұқышева, өнертану кандидаты,
Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры

**ҚАЗАҚ КОММЕРЦИЯЛЫҚ КИНОСЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ КЕЗЕҢІ:
КЕЙІПкерлері мен жанрлары (2005-2010)**

Аңдатпа

Мақалада 2005-2010 жылдар аралығында түсірілген қазақ коммерциялық фильмдерінің кейіпкерлері мен жанрлары қарастырылады. 2000 жылдардың екінші жартысында түсірілген коммерциялық фильмдер қазақ киносына ерекше серпіліс алып келгені сөзсіз. Автор осы ретте қазақ кинорежиссерлары Ақан Сатаевтың «Рэкетиры», «Адамқандар» және Еркін Рақышевтың «Жаралы сезім», «Жетімдер» фильмдеріне ерекше назар аударады. Сонымен қатар мақалада Еркен Ялғашев пен Шапағат Орынбаевтың коммерциялық көркемсуретті фильмдері де сарапталады.

Түйін сөздер: қазақ коммерциялық киносы, кейіпкерлер, жанрлар, Ақан Сатаев, Еркін Рақышев, «Рекетир», «Жаралы сезім».

Аннотация

Нұрсұлтан А.Ж. ¹

¹ Магистрант, Казахский национальный университет искусств,
Казахстан, г. Нур-Султан, e-mail: camerisle@gmail.com
Научный руководитель: Н.Р. Мукушева, кандидат искусствоведения,
профессор Казахского национального университета искусств

ПЕРВЫЕ ЭТАПЫ КАЗАХСКОГО КОММЕРЧЕСКОГО КИНО: ГЕРОИ И ЖАНРЫ (2005-2010)

В статье рассматриваются персонажи и жанры казахстанских коммерческих фильмов 2005-2010 годах. Несомненно, особый импульс казахстанскому кинематографу придали коммерческие фильмы второй половины 2000 годов.

Особое внимание автор уделяет фильмам казахстанских режиссеров Ақан Сатаева «Рэкетиры», «Заблудившийся» и Еркина Ракишева «Раненое чувство», «Сироты». В статье также рассматриваются коммерческие художественные фильмы Эркена Ялғашева и Шапағата Орынбаева.

Ключевые слова: казахстанское коммерческое кино, персонажи и жанры, Ақан Сатаев, Еркин Ракишев, «Рэкетиры», «Раненое чувство».

Abstract

A.Zh. Nursultan¹

¹Master student, Kazakh National University of Arts,

Kazakhstan, Nur-Sultan, e-mail: cameraiisle@gmail.com

*Scientific adviser: N.R. Mukusheva, candidate of art history, professor of the
Kazakh National University of Arts*

FIRST STAGES OF KAZAKH COMMERCIAL CINEMA: CHARACTERS AND GENRE (2005-2010)

The article examines the characters and genres of Kazakhstani commercial films 2005-2010. Undoubtedly, commercial films of the second half of the 2000s gave a special impetus to Kazakhstani cinema. The author pays special attention to films of Kazakhstani directors Akan Sataev «Racketeer», «Lost» and Erkin Rakishev «Wounded Feeling», «Orphans». The article also discusses commercial feature films by Erken Yalgashev and Shapagat Orynbaev.

Keywords: Kazakhstani commercial cinema, characters and genres, Akan Sataev, Erkin Rakishev, «Racketeer», «Wounded feeling».

Кіріспе

1895 жылы 28 желтоқсан күні әлемдегі ең алғашқы ресми кинокөрсетілім болғаны бәрімізге белгілі. Париж қаласындағы Капуцинов бульварында орналасқан Grand Kafede ағайынды Люмьерлердің шағын фильмдері көрсетіледі және бұл көрсетілім ақылы болады. Осы көрсетілімнен кейін, көп ұзамай, көптеген елдерде фильмдер түсіріле бастайды. Киноөндірісі әртүрлі бағыт пен жанрда біртіндеп қарқын ала бастайды. Мәселен, Америка киносы басымдылықты коммерциялық фильмдерге берсе, КСРО киносында «коммерциялық» деген түсінік болған жоқ. Кеңестік киноөндірісі мемлекет тапсырысына бағынды және кинопрокат жүйесі өте жақсы дамиды. Алайда 1991 жылы Кеңестер Одағы ыдырағаннан кейін, мемлекеттік кинопрокат жүйесі бұзылады. Тәуелсіздігін алған мемлекеттерде біртіндеп жеке меншік киностудиялар қалыптаса бастайды. Дегенмен бұл жылдары қазақ киносында авторлық фильмдер басымдылыққа ие болды. Қазақ фильмдері халықаралық кинофестивальдерге қатысып, өзінің тың ерекше жаңа көзқарастарымен «қазақ жаңа» толқыны деген атау алады. Бұл кезеңдегі фильмдер елдегі әлеуметтік жағдайларға басым назар аударды, сонымен қатар әр түрлі жанрдағы фильмдер түсіріледі. Жалпы «жаңа толқын» фильмдері Тәуелсіздікке дейін де, Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары да түсірілді. 1990 жылдан 2000 жылдардың ортасына дейін қазақ киносында авторлық бағыт үстемдік құрды. «Коммерциялық фильм» түсінігі қазақ киносында бұл жылдары қалыптаса қойған жоқ.

Қазақ коммерциялық фильмдерінің кейіпкерлері мен жанрлары

Жалпы отандық коммерциялық фильмдер 2000 жылдың екінші жартысында түсіріле бастады. 2003 жылы кинорежиссер Ақан Сатаев «SataiFilm» киностудиясын құрады. Студия алғашында жарнамалар түсірумен айналысады. Кейіннен 2007 жылы өзінің «Рэкетир» атты алғашқы толықметражды көркем фильмін түсіреді. Фильм шыққан күннен бастап прокатта рекордты табыстарға қол жеткізе бастайды. Осы уақыттағы қазақ киносының жағдайымен «Рэкетир» фильмі жайлы Лаура Тілеубаева былай дейді: «Ұлттық «Қазақфильм» киностудиясымен қатар көптеген жеке меншік студиялардан шыққан фильмдер үлкен экранға жол тауып, қазақстандық көрермендерді шетелдің киносы жаулап алған кинотеатрларға өз елімізде түсірілген фильмдер қайтадан жинады. Жақында экранға шыққан Ақан Сатаевтың «Рэкетир» фильмі осының айқын дәлелі. Фильм бүгінгі өмірімізді бейнелей отырып, ең бастысы көрерменде терең ой қалдыратындығы сенім ұялатады. Бұл, әрине, үлкен жетістік әрі ұлттық киноның жанашырларын қуантарлық жағдай» [1, 12 б.].

Фильм 1990 жылдары елімізде белең алған рэкетирлермен байланысты оқиғаларды көрсетеді. Рэкетирлер жеке меншік кәсіпкерлерге «крыша», яғни қорғаушысы болуға шарттасады. Есесіне ай сайын олардан ақша алып отырады. Осы жылы жарыққа шыққан «Жаралы сезім» фильмінде де осындай оқиғалар көрсетіледі. Мәселен, жан-жақтан жиналған жас жігіттер жеке кәсіпкерлерге қоқан-лоқы көрсетіп, олардан апта сайын үстем ақы алып отырады. Дегенмен мұндай әрекеттері «Рэкетир» фильміндегі сияқты ұзаққа созылмайды. «Рэкетир» фильмінен кейін осы жанрда көптеген фильмдер түсіріледі. Осы жайында кинотанушы Инна Смаилова былай дейді: «Жеке қаржыландырумен түсірілген Ақан Сатаевтың «Рэкетир» фильмі шыққаннан кейін заманауи қылмыстық экшн-фильмдер көбірек түсіріле бастады. Серікбол Өтепбергеновтің «Умарас», Қуат Исаевтың «Кері жағы» («Обратная сторона»), Гүлшад Омарованың «Бақсы», Әнуар

Райбаевтың «Лавэ», Ақан Сатаевтың «Адасқандар» және Қанағат Мұстафиннің «Рывок» фильмдері түсірілді. Аталмыш фильмдер – екінші буын режиссерлерінің туындылары» [2, 92 б.].

Ақан Сатаевтың «Рэкетир» фильміне байланысты «Today.kz» ақпараттық сайтында мынадай мәліметтер беріледі: «Оның (Ақан Сатаевтың – А.Н.) 2007 жылы шыққан «Рэкетир» көркем фильмі де көрермен арасында өте танымал болды. Қылмыстық драма зиялы отбасында өскен Саян Беккаримов есімді жас жігіттің өмірі туралы баяндайды. КСРО ыдырағаннан кейін жігіттің өмірі жаңа түстермен бояла бастайды, онда ашық түстерге әрдайым орын бола бермейді. Фильмде адамның өмірі мен армандарының бір түнде қалай өзгеріп сала беретіні туралы көрсетіледі. Фильмнің бюджеті 800 мың долларды құрайды» [3]. «Рэкетир» фильмі криминальдық драма жанрында түсірілсе, «Жаралы сезім» мелодрама жанрына басымдылық береді. Алайда екі фильмде де мелодрама мен криминальдық драма жанрлары астасып жатады. Аталмыш фильмдер сол уақытта үлкен кассалық табыстарға қол жеткізеді.

2007 жылы түсірілген Еркін Рақышевтың «Жаралы сезім» фильмі қазақ көрермендерінің арасында кең танымалдылыққа ие болды. Бұл фильмді көру мақсатында кинотеатрларда үлкен кезектерге көрермендер тізіліп тұрды. DVD құрылғысы көпшілік қолданысқа ие болған тұста, бұл фильм дөңгелек дискілерге көптеп көшірілді. Фильм сюжетіне екі жастың махаббатын арқау етіп алды. Бір-біріне ғашық жастардың өмірі шиеленістерге тап болып, біраз қиыншылықтардан өтеді. Бірнеше сюжеттік қақтығыстан құралған бұл кинотуындының басты кейіпкерлері ақыр соңында қайта қауышады. Фильмге байланысты сол уақытта көптеген қарамай-қайшылықтар, келіспеушіліктер пайда болды. Бірі мақтаса, бір даттады. Дегенмен көпшілік көрерменнің сол кездегі сұранысын ақтап шықты.

«Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер киностудиясының директоры Еркін Рақышевтың режиссерлік еткен «Жаралы сезім» фильмінің «Қазақстан» кинотеатрының репертуарында берік орын алғанына бір айдан асты. Фильм көрермендерді «иландырғаны» соншалық, қоғамдық көліктерде де оның сюжетін талқылай бастады. Мен жастардың фильм туралы қызу пікірталастарының куәсі болдым. Мені қызықтырды, сондықтан кешкі көрсетілімнің біріне барып, өзім қарауға шешім қабылдадым. Кино залы көрерменге толы болды, орынсыз қалған көрермен, кинозалдың баспалдақтарында отырды. Адам көп жиналған залда тек жастар ғана емес, орта жастағы адамдар да болды. Міне, фильм аяқталғаннан кейін, жігіттердің көпшілігі жылап жатқан ғашықтарымен құшақтасып шықты... Фильмді көрсету кезінде беторамал өзекті затқа айналды. Басты кейіпкер экранда тек махаббат үшін ғана емес, өмір үшін де күресті ...» [4, 4 б.]. Фильмнің танымал болғаны соншалық, онда айтылған кейбір сөздер күнделікті өмірде қолданысқа айналды. Мәселен: «Қалай, қалай? Алақандағыдай», «Ақшаң болса қалтаңда, талдаңда да, талтаңда», «Тапқан тапқандікі, ешкі баққандікі» сынды алыпқашпа сөздерді айтуға болады.

Аталмыш фильмдердің экранға шығуы қазақ қоғамында DVD құрылғысының кең таралған тұсымен сәйкес келді. Сондықтан екі фильмде дөңгелек дискілерге бастырылып, заңсыз жолмен көп таралып кетеді. Ал бұл кинотеатрлары жоқ алыстағы ауыл-аймақтардағы көрермендердің тамашалауына үлкен мүмкіндік тудырады. Осы фильмдерге байланысты белгілі кинотанушы Бауыржан Нөгербек сұхбаттарының бірінде былай дейді: «...«Жаралы сезім», «Рэкетир» деген фильмдер шығып жатыр. Біз оған кәсіби жағынан әртүрлі көзқараста болуымыз мүмкін. Ол заңды да шығар. Не дегенмен бұл өте маңызды құбылыс деп ойлаймын. Себебі, неге ол бұлай болып жатыр? Біріншіден, біздің «Қазақфильмде» шығарып жатқан фильмдеріміз тұтынушыларға жетпей жатыр. Ең басты мәселе осы. Сол себептен бұл проблеманы басқа режиссерлар, жеке меншік ақшасына түсіріп жатқан студиялар шешуге тырысып жатыр және қазір олар прокатты толтырып жатыр. Мысалы «Рэкетир» деген фильмнің бірден 20 кинотеатрда тұсаукесері өтті. Бұрын бұндай дүние болмаған. Тіпті «Көшпенділер» де олай болған жоқ, солай емес пе? Ол тек қана Алматыда, Астанада болды. Ал мына фильмді бірден 20 қалада бір уақытта көрсету деген – ол продюсерлік тұрғыдан қарағанда өте жақсы ойланып жасалынған дүние. Олар біз керемет бір ұлы шығарма жасадық деп айтып жатқан жоқ. Бұл кәдімгі көрерменді қызықтыратын оқиға, бірақ онда біздің 90-шы жылдардағы өміріміз суреттеледі. Соған қарағанда ол көрерменге жол табатын фильм деп ойлаймын» [1, 15 б.].

Осы жылы Эркен Ялғашевтың «Жекпе-жек» («Ближний бой») атты фильмі жарыққа шығады. Америкамен бірігіп түсірілген бұл фильм сол уақыттағы кинопрокатта танымал болып жүрген, төбелеске негізделген фильмдер мәнерінде түсіріледі. Фильмнің оқиғасы Қазақстанда басталғанымен, рөлдерді шет елдің белді актерлері сомдайды. Блокбастер жанрындағы бұл фильмнің түсірілімі бірнеше жылға созылады. Сондай-ақ осы жылы Қырғызстанда «Министрдің қызының махаббаты» атты көркем фильмі жарық көреді. Рүстем Аташовтың бұл фильмі үлкен танымалдылыққа ие болады. Тіпті кейіннен

фильмнің екінші және үшінші бөлімін түсірді. Аталмыш фильмдердің дені бір-біріне жақын келеді. Бірақ техникалық сапасы жағынан үйреншікті батыс фильмдеріне қарағанда әлдеқайда артта болды.

2008 жылы Еркін Рақышевтың элеуметтік драма жанрындағы «Жетімдер» фильмі жарық көреді (идея авторы: белгілі қоғам қайраткері, депутат, жыршы, әнші Бекболат Тілеуханов). Фильм ағалы-қарындасты Арман мен Аружанның өмірі туралы әңгімелейді. Туыстарының тойына бара жатқанда олар жол апатына ұшырайды. Әкесі сол жерде қайтыс болады. Ал аналары емханада жан тәсілім етеді. Осылайша екеуінің қасіретке толы жетімдік өмірі басталады. Басында олар анасының әпкесі Сандуғаштың қолында тұрады. Бірақ Сандуғаштың күйеуі олардың бұл үйде тұруына қарсы болады. Ол балаларға үнемі катал мінез танытып, кейіннен ұрып-соғады. Сол себепті Арман мен Аружан үйден кетуге шешім қабылдайды. Кейіпкерлердің осыдан кейінгі өмірі Исао Такахатаның «Жарық қоңыздарының қабірі» («Могила светлячков») мультфильміндегі Сейта мен Седзуконың өміріне ұқсас келеді. Аталып отырған фильмдердің уақыты мен орны екі бөлек болса да, қиындықтары, өмір арпалыстары бір-біріне жақын. Исао Такахатаның анимациялық фильмі 1941-1945 жылдардағы екінші дүниежүзілік соғыс салдарынан жетім қалған балалардың өмірін көрсетсе, Еркін Рақышев бүгінгі күндегі жетімдер өмірін суреттейді. Исао Такахата соғыстың адам баласына тигізер зардабын барынша әсерлі етіп көрсетеді. Фильм соңында кейіпкерлері қайғылы қазаға ұшырайды. Ал Еркін Рақышевтың фильмінде жетімдердің өмірі жақсылықпен аяқталады.

«Жетімдер» фильмінде ішімдікке деген сыни көзқарастарды жиі байқаймыз. Осы ішімдік кейіпкерлердің басына төнген ауыртпалықтың негізгі себебі екенін көреміз. Бірі – мас күйінде «КамАЗ» жүк көлігін айдаған адамның бұлар келе жатқан көлікті қағып кетіп, әке-шешесінің қайтыс болуын себепші болса, енді бірі – маскүнемдікке салынған ағалары, ішімдік үшін бұларды ұрып-соғып үйлерінен бездіріп жіберуі. Жалпы Еркін Рақышев өз фильмдерінде таптық ортаны, маскүнемдікті, сондай-ақ бүгінгі күні өзекті болып отырған тіл мәселесін де қозғайды. Кейіпкерлері қазақша сөйлейді. Тіпті «Жаралы сезім» фильмінде Украина ұлтының азаматы қазақ тілінде сөйлеп қана қоймай, ұлттық аспабымыз домбыраның құлағында ойнайды. «Фильмнің тәрбиелік-патриоттық сипаты... Сенімді естіледі. Бірақ дәл осы мінез қалай көрінеді? Фильмнің патриоттық сипаты барлық қазақстандықтардың мемлекеттік тілде сөйлеу қажеттілігінен көрінеді. «Жаралы сезім» фильмінің барлық кейіпкерлері қазақша сөйлейді. Таза, әдеби қазақ тілінде емес, сәл орысша араластырып та сөйлейді...» [4, 11 б.]. Еркін Рақышевтың фильмінде тіл мәселесін, маскүнемдікті, дін, сонымен қатар таптық ортаны салыстырып көрсететін көріністер ешқандай боямсыз, тікелей көрсетіледі.

2009 жылы кинорежиссер Ақан Сатаев «Адасқандар» атты толықметражды көркем фильмін түсіреді. Фильм «Рэкетирге» қарағанда әлдеқайда басқа жанрда түсіріледі. Мистикалық триллер жанрындағы «Адасқандардың» кейіпкерлері жазық далада адасып кетеді. Фильм басында олар мінген көлік тас жол бойынан бұрылады, осы сәтте жол шетінде жатқан жылан көрінеді. Бұл көрініс америкалық вестерн жанрындағы фильмдеріне ұқсас келеді. Көптеген вестерн жанрындағы америкалық фильмдерде басты кейіпкерлер атпен немесе көлікпен жүріп өткен көріністерінде (ранчо немесе каньон шатқалдарында) кесіртке немесе жыланды көрсетеді. «Адасқандарды» алғаш көргенде осындай фильмдерге еліктеушілік бар деп ойлайсың. Дегенмен фильм біз күтпеген басқаша оқиғалар негізінде өрбиді.

Фильмде көлікте келе жатқан басты кейіпкер әйелі және ұлымен бірге адасып кетеді. Жазық далада адасқан олар қанша жолды кезіп өтсе де, бір орынға қайта-қайта айналып келеді. Кейіннен көліктері істен шығып, бір орында қалып қояды. Кейіпкер әйелімен сөзге келіп қалады да, сол түні олар көлік ішінде түнеуге мәжбүр болады. Таңертең тұрып қараса ұлы да, әйелі де ізсіз ғайып болған. Оларды қанша іздесе де, айғай салып шақырса да таппайды. Жан баласы көрінбейтін айдалада қараусыз қалған жалғыз үй ғана тұрады. Кейіпкер сол үйге қарай бет алған кезде, алдымен жол бойында оралып жатқан жыланды, сосын үйдің алдындағы дәу қара төбетті көреді. Ал үйдің иелері егде жастағы қарт адам мен оның қызы болады. Олардың сөзі де, әрекеттері де тым ерекше. Бірде жоқ болып кетеді, бірде аяқ астынан пайда болады. Басты кейіпкеріміз олардан өзінің әйелі мен ұлы жайлы қанша сұраса да, табуға көмектеспейді. Екеуінен күдіктенген ол үйлерін тінтіп, өзінің ұлы мен әйелінің заттарын тауып алады. Фильмнің оқиғасы тұспалдаулар мен жұмбақтарға негізделген. Бірақ соңында әлгі үйдегі қарт кісі сұраққа жауап беріп қана қоймай, бүгешүгесіне дейін түсіндіреді. Болып өткен оқиғалардың барлығы кейіпкердің қиялы болып шығады. Фильм соңында оның есірткі тасымалдаумен айналысатындығын түсінеміз. Ал жанжал кезінде әйелі мен ұлын өз қолымен өлтіргендігін ұғамыз. Ақан Сатаев бұл фильмінде адамнан бөлек, көзімізге көрінбейтін ібіліс кейіпкерін ұсынады. Сөйтіп барлық оқиғалардың орын алуына басты кейіпкердің өзі кінәлі ретінде көрсетіледі. Алайда басты кейіпкер ажал құшар алдында Құдайдан бірнеше қайталап кешірім сұрайды. Осы

сәтте оның әрекетіне ібілістің ашуланғандығын көрсетеді. Осы көріністерге байланысты Екатерина есімді көрермен мынандай пікір айтады: «Фильмнің соңында ақсақал, неге екені белгісіз, кенет моралист болып шыға келеді. Осы соңғы сөздері маған ұнамады. Ол болып жатқан оқиғаларға баға беріп қана қоймай (әрине бұл оның ібілістік бейнесіне сәйкес келуі мүмкін), жігіттің ар-ұжданына жүгініп, Құдай оны кешіре ме деп сұрайды. Бұл мен үшін түсініксіз... адам жанымен ойнайтын ібілістің Құдай туралы әңгімелеуі... Оған бұл не үшін керек?» [5].

Жалпы кинематографияның қоғамға әсер ететіні белгілі. Бүгінгі таңда кинематограф бұқаралық ақпарат құралдарының бірі ретінде саяси және әлеуметтік өмірге орасан ықпал ететінін көріп отырмыз. Бұл тек бізде ғана емес, бүкіл әлемге тән құбылыс. Киноның тәрбиелік, ақпараттық маңызы өте зор. Ал бұл кинематографистерге үлкен жауапкершілік жүктейді. Өкінішке қарай, заманауи режиссерлердің көпшілігі осы жауапкершілікті аса сезіне бермейді немесе дұрыс түсінбейді. Көптеген фильмдер адамдарға кері әсер етуші дүниелерді үйреншікті, қалыпты көріністер ретінде ұсынады. Алайда Ақан Сатаевтың фильмдерінде кейіпкерлерінің заңсыз әрекеттері ақыр соңы жақсылықпен бітпейді. Яғни режиссер әрбір адам өз әрекеті үшін жауап береді және солай болуы тиіс дейді.

2009 жылы «Есаға» бірлестігі мен «Жайдарман» студиясының алғашқы толықметраі «25 теңге» атты фильмі жарыққа шығады. Режиссері – сол КТА (Көңілді тапқырлар алаңы) ойындарының актері Шапағат Орынбаев. 2001 жылы қазақ КТА (КВН) ойындарының негізі қаланады. Ол ойындарда жан-жақтан жиналған құрама командалар өзара сайысқа түседі. Бұл кезде сайыс халық арасында, әсіресе, жастар арасында өте танымалдыққа ие болады. Сол себепті «25 теңге» фильмінің прокаттағы ғұмыры сәтті болады. Фильм төрт түрлі типаждағы дос жігіттердің өміріне негізделген. Комедия жанрында түсірілген «25 теңге» жеңіл әзілдерге, арзан күлкіге құрылған. Фильмде де сол актерлар сахнадағы кейіпкерлерінен алыс бармайды. Сөздері де, әрекеттері де КТА ойындарына жақын. Басты кейіпкерлер бір мәселені шешуде бүтін 25 теңгелік тиынның оң немесе теріс түсуіне байланысты әрекет етеді. Жалпы КТА тарихында қазақ ойыншыларынан бөлек, ТМД елдерінің ойыншылары да кино сахнасында жүргендері мәлім. Олардың арасында Михаил Галустян, Павел Воля, Тимур Батрутдинов секілді тағы да басқа заманауи киноның танымал актерлері бар.

Қорытынды

Сонымен 2000 жылдардың екінші жартысынан бастау алған қазақ коммерциялық фильмдері бүгіндері ілгері дамып, күн өткен сайын көбейуде. Алғашқы коммерциялық фильмдер тек жанры жағынан ғана емес, бұрын экранымызда болмаған кейіпкерлерімен де көрермендерді еліктіргені сөзсіз. «Рэкетиір», «Жаралы сезім» фильмдері сол уақыттағы көрермендердің ықыласына бөленді. Бұл кезеңде еліміздің кинотеатрларының репертуарында шет елдік фильмдер көп көрсетілді. Ал отандық авторлық фильмдер кинотеатрларда көрсетілімге шыққан жоқ. Сондықтан қазақ көрермендері ұлттық кинотуындыларымызға шөлдеген тұста, коммерциялық фильмдер бұл сұранысты ақтап шықты. Коммерциялық фильмдер бастапқыда драма, қылмыстық драма, мелодрама жанрларында түсірілді. Алайда уақыт өткен сайын отандық коммерциялық киноның жанрлық аясы кеңейе бастайды. Жаңа жанрлармен бірге кейіпкерлері де өзгереді.

Әдебиеттер:

1. Тлеубаева Л. «Өткенге қарап болашақты болжай аламыз ба?» // «Киноман», 2007, №12.
2. Смаилова И. «Спор кинокритика с киноврединой по поводу стиля и киноязыка в казахском игровом кино: что я люблю, что вижу, что вдохновляет». – Астана, 2013
3. «Развитие казахстанского кинематографа за 25 лет независимости» <http://today.kz/news/kino/2016-11-19/729477-razvitie-kazahstanskogo-kinematografa-za-25-let-nezavisimosti/>
4. Тұрарбекқызы З. «Пришел, увидел, победил?» // «Киноман», 2007, №4.
- 5 «Заблудившийся» <https://www.kinopoisk.ru/film/470349/reviews/>.

ӘОЖ 74
МРНТИ14.35.07

Б.Е. Оспанов¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры,
педагогика ғылымдарының кандидаты. Қазақстан, Алматы қ.,
e-mail: ospanov_1954@mail.ru

СУРЕТТІҢ ЕРЕКШЕ МӘНІ

Аңдатпа

Мақалада суреттің мәні қарастырылады. Бұл дизайндағы дәстүрлі және дәстүрлі емес сурет салу әдістерінің орны туралы. Өскелең ұрпақтың рухани және Ұлттық құндылықтардағы бейнелеу өнері түрлерінің әлеуметтік қажеттілігі туралы. Қазіргі заманғы суреттердің көптеген түрлері бар. Қарындашпен сурет салу. сурет салудың ең танымал тәсілі және жаңадан бастаушылар мен кәсіби суретшілердің сүйікті тәсілдерінің бірі визуалды сурет салу. Академиялық сурет – бұл көп сессиялы күрделі сурет. Сурет барысында суретші кез-келген объектінің немесе объектінің мысалында бейнелеу өнерінің негіздерін игереді. Сұлулық – бұл эстетикалық (этикалық емес, практикалық емес) категория, ол объектінің аспектілерін жетілдіруді, бақылаушы эстетикалық ләззат алатын үйлесімділік үйлесімін білдіреді. Сұлулық-мәдениеттің маңызды категорияларының бірі. Мәдениет салаларының бірі-сурет салу. Танымал қазақстандық классик-суретшілердің арасында туындыларға сипаттама берілді

Түйін сөздер: объект, техникалық әдістер, әдістер, шығармашылық, танымал шеберлер, бейнелеу өнері, тарих, даму, сурет салу.

Анотация
Оспанов Б.Е.¹

¹кандидат педагогических наук,
профессор казахского национального педагогического университета им. Абая.
Казахстан, г. Алматы, e-mail: ospanov_1954@mail.ru

ОСОБОЕ ЗНАЧЕНИЕ РИСУНКА

В статье рассматривается о значении рисунка. Речь идет о месте традиционных и нетрадиционных техник рисования в дизайне. О социальной востребованности видов изобразительного искусства у подрастающего поколения в духовных и национальных ценностях. Видов современных картин очень много. Рисование карандашом. самый популярный способ рисования и один из любимых приемов начинающих и профессиональных художников для визуальное рисование. Академический рисунок-это многосессионный сложный рисунок. В ходе изображения которого художник осваивает основы изобразительного искусства на примере какого-либо предмета или объекта. Красота-это эстетическая (неутилитарная, непрacticная) категория, представляющая собой совершенство аспектов объекта, гармонию гармонии, при которой наблюдатель получает эстетическое удовольствие. Красота-одна из важнейших категорий культуры. Одной из ветвей культуры является рисунок. Среди известных казахстанских художников-классиков даны описания произведений известных казахстанских художников-классиков и художников двадцать первого века.

Ключевые слова: объект, технические приемы, приемы, творчество, известные мастера, изобразительное искусство, история, развитие, рисование.

Abstract
B.E. Ospanov¹

¹Candidate of Pedagogical Sciences, Professor of the Abay Kazakh National Pedagogical University.
Kazakhstan, Almaty, e-mail: ospanov_1954@mail.ru

SPECIAL MEANING OF THE DRAWING

The article discusses the meaning of the drawing. We are talking about the place of traditional and non-traditional drawing techniques in design. On the social demand for fine arts among the younger generation in spiritual and national values. There are many types of modern paintings. Drawing with a pencil. the most popular

method of drawing and one of the favorite techniques of beginners and professional artists for visual drawing. Academic drawing is a multi-session complex drawing. During the image of which the artist learns the basics of fine art on the example of an object or object. Beauty is an aesthetic (non-utilitarian, impractical) category that represents the perfection of aspects of an object, the harmony of harmony in which the observer receives aesthetic pleasure. Beauty is one of the most important categories of culture. One of the branches of culture is drawing. Descriptions of works by famous Kazakh classical artists are given

Key words: object, technical methods, methods, creativity, popular Masters, visual arts, history, development, drawing.

Кіріспе. Бүгінгі таңда мақаламызды суреттің ерекше маңызы деп алуымыздың себебі, ол сурет салудың дәстүрлі және дәстүрлі емес әдістерінің дизайндағы орны мәселесінің көкейкестілігінде ұсынып отырмыз. Қарама-қайшылық неден туындаған десек, бейнелеу өнері түрлерінен жас ұрпаққа рухани және ұлттық құндылықтарда әлеуметтік сұраныстың төмендеп бара жатқанынан туындап отыр. Қазіргі заманғы суреттердің түрлері өте көп. Қарындашпен сурет салу [1] - сурет салудың ең танымал тәсілі және жаңадан бастаушылар мен кәсіби суретшілердің сүйікті әдістерінің бірі үш өлшемде визуалды сурет салу.

Академиялық сурет – бұл көп сеанстық күрделі сурет, оның барысында суретші кез-келген объектінің немесе объектінің мысалында бейнелеу өнерінің негіздерін игереді [2]. Сурет моториканы жақсартады. Сызықтардың ішіндегі суретті бояу моторды үйлестіру мен моториканы жақсартады. Сурет қолдың "қаттылығын" және қозғалыстардың анықтығын дамытуға көмектеседі. Сурет салу мазасыздық пен шиеленісті жеңілдетеді [2]. Сурет салуды үйрену және қажетті нәтиже жету үшін суретші көп обайлар салуы қажет. Атап өткен барлық тармақтар үнемі қайталануды қажет етеді. Күн сайын сурет салу кезінде сурет теориясынан да білімге оралуыңыз керек, оларды қолданыңыз, жетілдіріңіз және толықтырыңыз. Сонымен, бірінші тармақ, анатомия. Онсыз теориялық біліміңіз бен практикалық ісәрекеттеріңіз толық меңгерілмейді. Академиялық сурет – бұл көп сеанстық күрделі сурет, оның барысында суретші кез-келген объектінің немесе объектінің мысалында бейнелеу өнерінің негіздерін игереді. Акварель – бұл суда еритін ерітіндіде сақталатын пигменттің көркем бояуы. Бұл бояумен жасалған суреттер акварель деп аталады. Бейнелер өте нәзік мөлдір болып қабылданады. Акрил бояуы. Акрил бояуы – бұл акрил полимерінің эмульсиясында пигмент тоқтатылған бояу түрі. Сурет салудың дәстүрлі емес әдістері. Алақаннан жасалған суреттер; мақта бүршіктерімен сурет салу; сикырлы жіптер т.б. болып табылады. Бұл техникада сурет салу үшін сізге жалпақ рельефті тақырыпта орналасқан қағаз парағы қажет. Содан кейін қағаздың бетіне сызылмаған түсті немесе қарапайым қарындашпен сурет салуды бастау керек. Нәтижесі-негізгі құрылымды имитациялайтын бедер. Мысалы, көп жағдайда, сонымен қатар бедер, дизайнда заттаңба жасауда қолданылатын тәсілі. Материалдары: тегіс бедерлі зат; қарындаш; қағаз.

Қазіргі заманғы суреттердің түрлері. Қарындашпен сурет салу-сурет салудың ең танымал тәсілі және жаңадан бастаушылар мен кәсіби суретшілердің сүйікті әдістерінің бірі. Бұл техника өзінің қарапайымдылығы, қол жетімділігі мен әсемдігінде [3].

Сурет – бұл академиялық сурет салуды үйрену кезінде немесе академизмнің заңдары мен принциптері бойынша жасалған сурет түрі. Кез-келген сурет салу жаттығулары суреттен басталады. Сызықтық-құрылымдық сурет – сызықтар мен оның сипаттамалары қолданылатын сурет түрі-қалыңдығы, тон және құрылымы. Көбінесе бұл үлгіні сәулетшілер мен дизайнерлер пайдаланады, олар сызықтардың айқындылығы мен объектінің құрылымын түсінуді қажет етеді.

Суреттер туралы толық ақпарат-бейнелеу өнерінің түрлері және графиканың кіші түрлері. Мақаладан сурет деген не, оның түрлері, техникасы, даму тарихы және ерекшеліктері туралы білуге болады. Мысалы, да Винчи, Дюрер, Гойя, Рафаэль суретшілерінің ең танымал суреттерінің мысалдарын таба аласыз [4]. Сұлулық – бұл эстетикалық (неутилитарлық, практикалық емес) категория, ол объектінің аспектілерінің жетілдірілуін, үйлесімді үйлесімін білдіреді, бұл жағдайда бақылаушы эстетикалық ләззат алады. Сұлулық-мәдениеттің маңызды категорияларының бірі. Бұл сурет, фотосурет, гравюра немесе мәтінді түсіндіретін басқа сурет. Қазіргі заманғы иллюстрация тәуелсіз бола алады, тіпті мәтін жазу идеясы бола алады. Суреттер, бейнелеулер жасайды. Олар өнімнің дизайн элементтерінің бірі ретінде пайдаланылады. Жеке суреттер көбінесе кітаптарда, журналдарда, блогтарда және т.б. кездеседі. Мысалы: дизайн, дизайн-жоба, сондай-ақ дизайнның адам өміріндегі рөлі мен маңызы; дизайндағы негізгі түрлері мен бағыттары анықталған; жобаның ниетін білдірудің негізгі құралы ретінде суреттің үлкен рөлі және оның дизайн тұжырымдамасының бастапқы кезеңін жүзеге асырудағы маңызы ашылады. Эскизден дизайнға дейін жоба – бұл эскиз. Ол қысқа мерзімде орындалатын жеңіл сурет. Эскиз белгілі бір нақтылықпен сипатталады. Эскиздің мәні-кез-келген құралмен (қаламмен, қылқаламмен) алдын-ала қарындаш-

пен сурет салмай, экспрессивтілікке, пішінге және пластикке назар аудара отырып, нысанды салу керек. Дизайн-бұл мәдениеттің өнімі, мәдени құрылыстың құралы және мәдениетті белсенді қалыптастыратын фактор. Бұнда материал дизайн жобаларын орындау кезеңдері мен тұжырымдаманы әзірлеу түрлері бойынша талданады, дизайн, оның функциялары және адамның қазіргі өміріне әсері туралы түсінік қалыптасады [5]. Суреттің тарихи даму контекстіндегі танымал бейнелеу өнері шеберлерінің көркемдік тұжырымдамалары, техникалық әдістері мен шығармашылық әдістеріне тоқталсақ. "Сурет" ұғымының мәні анықталаған. Ежелгі Грецияда, Қайта өрлеу дәуірінде сурет салуды оқыту әдістемесі сипатталған. Дизайн іс-әрекетіндегі суреттің рөлі мен маңыздылығын ескере отырып, дизайнер үшін сурет дизайнды білдірудің негізгі құралы, жобаны немесе затты жасаудағы алғашқы және бастапқы кезең екенін атап өткен жөн.

Дизайн дизайнердің өзін-өзі көрсететін орын емес, клиенттің міндетін шешуі керек. Көптеген бастаушы дизайнерлер клиенттің міндеттеріне қарамастан ұқсас стильдегі жобаларды жасайды. Тәжірибе арқылы дизайнер өзінің қалауына қарағанда жобаға көбірек көңіл бөледі. Сондай-ақ, суретшінің өз жұмысында жиі жұмыс уақыты болмайды немесе бұндай жағдай өте дерексіз. Дизайнерге қажет пәндер ретінде кескіндеме және сурет салуды Т.А. Остричук мақаласында студенттер арасында дизайнер мамандығын алу үшін кескіндеме мен сурет салуды үйрену қажеттілігі жиі кездеседі. Шынында да, техника мен технологияның қазіргі заманғы дамуы "қол" еңбегінің дағдылары соншалықты өзекті емес мүмкіндіктерді береді. Жоспар құруға, қабырғаларды тұрғызуға, құрылымдық элементтерді белгілеуге, нақты нақты суретті жасауға көмектесетін керемет бағдарламалар жасалды [7].



1-сурет. Шарденов Жанатай, «50 оттенков серого дня». 1978 год. Холст, масло. 45х60 см

Бүгінгі таңда сұранысқа ие қазақстандық он суретші-классиктеріміз бар. Ең танымал суретші Жанатай Шарденов өзінің көркем жазуымен елеулі бірінші орынға ие. Өзінің айрықша пастоздық техникасында кең серпінді жағыстарымен, ол шапшаңдыққа толы мәнерде жеңіл орындағаны көрініп тұр. Шетелдік әріптестер Шарденовтың шығармаларын көріп, оны Ван Гогпен салыстырды, ал оны XVIII ғасырдың атақты француз суретшісі Жан-Батист Шарденмен салыстыра отырып, қазақ Шарден деп атады 1 сурет. Бұл картинаны автордың Қастеев мұражайында сақтаулы тұрған "Алатау күміс таулары" атты ең танымал жұмысымен салыстыруға болады. Бұл жұмыс сонымен қатар айқын түс сезімін игерген суретшінің жетілген кезеңінде жазылған және шын мәнінде ашық, суықтан қара-қошқылға дейін және терең қаныққан кем дегенде 50 реңкті жеткізеді. Түс палитрасы ұштастыра отырып, динамизмге жалғасын көрсетеді. Міне авторлық қолжазба шебері.

Келесі кезекте Қазақстандық кескіндеменің негізін қалаушы Әбілхан Қастеев, оның тегі ең кең аудиторияға белгілі. Алғашқы кәсіби суретші-қазақ, Николай Хлудовтың шәкірті болғанына қарамастан, ол абсолютті талаты және шебер болып саналады, ол ерте жастан бастап көп жұмыс істеді және барлық қиындықтарға қарамастан, ешқашан сурет салуды тоқтатпады. Әбілханның суреттері алғаш рет революцияға дейін-ол кезде аула сыпырушы болып жұмыс істеген. Қастеев өмір бойы мұқтаждықта өмір сүрді, бірақ өзінің маңызды рөлі мен жауапкершілігін сезінгендей, елдің тұңғыш суретшісі жолын жалғастырды.

Ұзақ әділетсіздік, барлық регалдары мен халық суретшісінің атағына қарамастан, өте қарапайым Әбілханның ізіне түсті, бірақ бәріне қарамастан, ол кескіндемеде оқып, жетілдіруді жалғастырды, тарихқа енді және өнер үшін мықты және ұмытылмас күрескердің үлгісін көрсетті. Қастеевтің реалистік кескіндемесінің негізгі ерекшеліктерінің бірі оның табиғатқа және жалпы әлемге деген қарым-қатынасында жатыр: ол Жаратушы жасаған әлемді соншалықты құрметтегендіктен, өзінің жеке түзетулерін жасауға батылы жетпей, көрген сұлулығын Мұқият қайталауға тырысты. Соның дәлелі ретінде 2 суретте берілген.



2-сурет Абылхан Кастеев, «Жайлыу». 1963 год. Бумага, акварель

Жайылымның тыныш пейзажы ештеңеге алаңдамайтын сияқты. Біздің алдымызда қазақ халқының өмірінен және оның табиғатқа жақындығынан шуақты күн. Суретші екпінін қоймайды, бірақ бейнелегеннің бәрі бірдей күш береді. Еңбек күші биелерді сауу арқылы, отбасының маңыздылығы - баламен бірге жүретін әке арқылы, ал анасы хош иісі бүкіл сюжет арқылы өтетін отта дәмді түскі ас дайындайды. Табиғаттың құдіретін таулар жеткізеді. Ландшафтты жылы тұманмен толтырылған. Тыныштық пен тыныштық атмосферасы құрылады [6]. Келесі қарастырылатын туынды Такаши Мураками. Ол ХХІ ғасырдың шынайы талантты суретшілерінің бірі. Оның суреттері қазіргі заманғы өнерде өте жоғары бағаланады. Бұл мақалада біз бүкіл әлемге белгілі болған шығармашылық тұлғалар туралы қысқаша мәлімдеме жасаймыз. Жоғарыда аты аталған суретшілерде шынайы талантты екенінде күмәніміз жоқ. Олардың жұмыстары өнерге деген көзқарасты өзгертті және оны екінші жағынан көрсетті.

Такаши Мураками Такаши Мураками-қазіргі заманғы жапон суретшілерінің бірі. Оның әр түрлі қызметі өнер, дизайн, анимация, сән және танымал мәдениетті қамтиды. Алайда аниме мен манганың танымалдығы оның анимация өнеріне деген қызығушылығын арттырды, өйткені суретшінің өзі айтқандай, "бұл Жапонияның қазіргі өмірін көбірек көрсетті". Оның шығармаларында көптеген философиялық мағыналар бар: бір жағынан, абсолютизм, жарқырау, кескіндеме және ғасырлар бойы таң қалдырған "Күн патшасы" дәуірінің алтындығы, екінші жағынан, планетамыздың екінші жағынан адам жасаған замандастарымыздың әсерлі нышандары мен заттарының бірі 3 суретте берілген. Бұл оның жұмысы үшін танымал. Ол өзінің туындыларында проблемалар мен маңызды оқиғаларды сүйкімді, бір қарағанда, формада көрсетеді [7].



Сурет – 3

Сурет салу және кескіндеме саласында практикалық тәжірибе алу-бұл күрделі және ұзақ процесс, ол назар аударуды, шоғырлануды және еңбекқорлықты қажет етеді. Сурет көлемді игеруге, объектінің пішінін сезінуге, оны кеңістіктік ортаға бағындыруға, оны қоршаған шындыққа сәйкес келтіруге көмектеседі. Сонымен, интерьерді немесе жарнаманы жасау кезінде жеке заттардың бір-бірімен және қоршаған кеңістікпен, мысалы, бұрыннан бар сәулет объектілерімен қалай үйлесетінін нақты түсіну қажет. Табиғаттың қасиеттерін зерттеу және анықтау мақсатын көздейтін сурет салу бейнелеу өнерінің барлық түрлерін байытуға әкеледі, өйткені бұл жасаушыға шындықтың әртүрлі формаларын шынайы білдіру үшін барлық қажетті құралдарды алуға мүмкіндік береді. Кейбіреулер табиғатты көру және бейнелеу қабілеті бізге визуалды аппараттың құрылысымен үлкен көлемде кепілдік береді деп санайды, бірақ олай емес. Шабыт кез-келген уақытта, тіпті қарындаш немесе қалам болған кезде де пайда болуы мүмкін. Жіберіп тосын идеясын алу кешірілмес жағдай емес, сонымен қатар сурет салуды үйренді және кескіндемені меңгеру "қолмен" образдар қылқалам құралымен салу керек. Тек қана техникаға сүйенуге болмайды. Шығармашылық мамандықты таңдай отырып, адам өз тағдырын өнермен саналы түрде байланыстырады. Бояулар-

мен сурет сала алмайтын және жаза алмайтын дизайнерді немесе дизайнерді елестету мүмкін емес. Түлек өзін еңбек нарығында бәсекелесуге мәжбүр болуға дайындауы керек. Онда олар конкурстық жарыстың нәтижесінде ең жақсысын тандайды. Бәсекелестікке дайындық белгілі бір кәсіби саладағы барлық "пайдалы" білім мен дағдыларды сәтті игеруді білдіреді. Бәсекелестікке қабілетті білім өздігінен қалмаған кезде қалыптасады, бірақ іс жүзінде күшейтіледі. Тек осындай білім өмірде сәттілік әкеледі және жеке тұлғаның кәсіби өсуіне кепілдік береді [8]. Жоғарыда қарастырылған мәселелерді қорытындылап келесідей ұсыныстар жасауға борлады. Дегенмен, біріншіден жеке тұлғаның кәсіби өсуіне сурет түрлерін, соның ішінде академиялық суретті сауатты меңгеру; екіншіден кескіндеме жазу арқылы көз қырағылығын дамыту; үшіншіден мүсін, графика т.б. классикалық бейнелеу өнер түрлерін жетік меңгеру; Демек, жеке тұлғаның кәсіби өсуіне кепілдік береді.

Интернет көздері:

- 1 <https://www.livemaster.ru/topic/2065861-11-prichin-pochemu-risovanie-tak-nuzhno-vzroslym>
- 2 <https://www.izocenter.ru/blog/akademicheskij-risunok-obektivnost-vzglyada/>
- 3 <https://cyberleninka.ru/article/n/rol-i-znachenie-risunka-v-professionalnoy-deyatelnosti-dizaynera>
- 4 <http://jotto8.ru/blog/typy-sovremennyh-risunkov-ii-chast>
- 5 <https://infourok.ru/statya-ot-eskiza-k-dizajn-proektu-4481784.html>
- 6 https://forbes.kz/life/style/desyat_samyih_vostrebovannyih_kazahstanskih_hudojnikov
- 7 <https://playroom.ru/zhivopis-i-risunok-kak-discipliny-neobhodimye-dizayneru/>
- 8 <https://zen.yandex.ru/media/id/5db796ae86c4a900b126139a/10-samyih-izvestnyh-sovremennyh-hudojnikov-v-mire>

ӘОЖ 792.01; 792:001.8
МРНТИ8.45.07

Е.С. Асылханов¹, М.Б. Молдабеков²

¹ Өнер профессоры, дизайн кафедрасы

Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер Академиясы дизайн кафедрасының профессоры

²Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер Академиясы

БАУХАУЗ: ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӨЗАРА БАЙЛАНЫС-ДИЗАЙН ЖӘНЕ ТЕАТР

Аңдатпа

Баухауз мысалында өнерлердің әртүрінің үйлесімділігі айталып көрсетілген.

Соның ішінде дизайн мен сахна өнерлерінің оқушылар мен оқытушылардың осы оқу орнының оқу-шығармашылық барысында ауқымды орны баяндалады.

Сонымен қатар Алматы қаласының неміс театрында БАУХАУЗ-дың 100-жылдығына арналған осы мақала авторының қатысумен Триадикалық балет атты қойылымы туралы ақпарат берілген.

Түйін сөздер: Триадикалық балет, БАУХАУЗ, Веркбунд, мүсін бишілер.

Аннотация

Асылханов Е.С.¹, Молдабеков М.Б.²

Профессор искусств,

кафедра дизайна Казахская национальная академия искусств им. Т.Жургенова

Профессор кафедры дизайна Казахская национальная академия искусств им. Т.Жургенова

БАУХАУЗ: ТВОРЧЕСКАЯ ВЗАИМОСВЯЗЬ-ДИЗАЙН И ТЕАТР

Раскрыт вопрос синтеза различных видов искусств в БАУХАУЗЕ на примере творческого процесса. В частности рассматривается вопрос дизайна и сценического искусства, который занимал определенное место в учебно-творческом процессе как учеников так и педагогов данного учебного заведения. Также дана информация с участием автора статьи о постановке Триадиического балета на сцене немецкого театра в г. Алматы.

Ключевые слова: Триадиический балет, БАУХАУЗ, Веркбунд, скульпторы танцоры.

Abstract

Asylkhanov E.S.¹, Moldabekov M.B.²

¹*Professor of Arts, Department of Design Kazakh National Academy of Arts named after T.Zhurgenov*

²*Professor of the Department of Design Kazakh National Academy of Arts named after T.Zhurgenov*

BAUHAUS: CREATIVE INTERCONNECTION-DESIGN AND THEATER

To open the question of the synthesis of various types of arts in the BAUHAUSE by the example of the creative process. In particular, there is a question of synthesis and teaching in this educational institution. There is also information about the production of the Triadic Ballet on the stage of the German Theater City of Almaty with the participation of the author of the article on the occasion of the 100th anniversary of the BAUHAUSE.

Key words: Triadic Ballet, Bauhaus, Werkbund, dancers statues.

Кіріспе. Дүниедегі алғашқы дизайн жоғары оқу орны БАУХАУЗ осыдан жүз жыл бұрын Германияның Веймар қаласында ашылды. Осы мектепте өнер-дизайн-сахна өнерлерінің өте жоғары дәрежедегі үйлесімі болды. 1923 жылы БАУХАУЗ-дың негізгі қағидаларының арқасында және әр өнер түрлерінің үйлесімін табу нәтижесінде профессор Оскар Шлеммердің Триадикалық балетінің қойылымы болды. 2019 жылдан бастап бүкіл дүние жүзі дизайнерлері мерей тойды атап келеді. Осы сарында Т.Жүргенов атындағы өнер академиясының дизайн кафедрасының ұжымы да шетел тілі кафедрасымен қосыла отырып Алматы Неміс театрының күшімен Оскар Шлеммердің Триадикалық балетін сахнада қойылым жасады.

Баухауз және театр. Баухауз 1919 жылы Германияның өнер орталығы мен өзіндік мәдени кеңістікте ұйымдастырылды. Бұл оқу орнының мақсаты біреу болды - қоршаған ортаны қалыптастыру саласында мамандарды даярлау. Ол кездегі Баухаустың басшысы белгілі архитектор-дизайнер Вальтер Гропийус болатын, ол AEG корпорациясында Питер Беренстің шеберханасында тәжірибелік машыктанудан өткен. Сонымен қатар, айта кету керек, бұл AEG шеберханасында ұлы Ле Корбузье тәжірибелік сабақтардан өтті. Баухаузда жетекшісі бастаған барлық сәулетшілер мен дизайнерлер 1907 жылы қазан айында ұйымдастырылған Веркбунд құрамында болған: Германияның шығармашылық тұлғалары, Германияның қаржыгерлері мен кәсіпкерлер одағы отандық суретшілерді, әсіресе дизайнерлерді қолдады, өйткені сол кезде Германияда шығарылатын тауарлардың дизайн сапасы нашар болды және Европада аса бағаланбайтын. Веркбунд Германиядағы дизайнның дамуына үлкен әсер етті. Мәдениет және өнер қайраткерлері, әсіресе дизайнерлер арнайы дизайнерлерді даярлау қажет екендігін сезді, өйткені дизайн саласының міндеттері құрылыс-сәулет, қолөнер және бейнелеу өнерінен түбегейлі ерекшеліктерін ескеру болды.

Алайда, Бірінші дүниежүзілік соғыс елдегі дизайнерлік білім беру саласындағы көптеген идеялардың, әсіресе Вальтер Гропийустың ойларының жүзеге асуына кедергі болды. Баухауз өзін қоршаған ортаны қалыптастыру мамандарын даярлау бағдарламасында өнерді синтездеу тұжырымдамасын дамытуға бағытталған еді. Кейін де өнердің әртүрлі түрлерін және әртүрлі материалдарды игеру арқылы осы мектептің оқушылары толыққанды дизайнерлік маман болды. Содан соң олар түлектерге сол кездегі технологияны жетік түсініп, сол жерде ғылымды, техниканы және өнерді меңгеріп, ортақ тіл табуды мақсат етіп қойды. Оқыту барысында Баухауз профессорлары мәдениетаралық, пәнаралық шынайылықты үйлесімді іздеді және студенттерімен бірге шығармашылық кеңістігіне енді. Дәл осы жерде жаңа шындықтардан шабыт алып Василий Кандинский, Пол Клейн, Оскар Шлеммер, Герхард Маркс және басқа мұғалімдер өздерінің теориялық жұмыстарын жасады. Әрине, Баухауз оқу-өнерінің процесі тек қана осы өнердегі ізденістермен шектелмеді. 1920 жылдардан бастап, Баухауздың ішінде, алғашында эксперимент ретінде, содан кейін жүйелі түрде сахна өнері саласындағы қызмет жүргізіле бастады. Мұнда, әрине, Оскар Шлеммердің сөзсіз басшылығы айқын көрінді. Оның сол кездегі сахналық қойылымдары Германия үшін ғана емес, бүкіл Еуропа үшін өте маңызды құбылыс болды. 18 геометриялық биші-мүсіндерінің фигуралары адам мен әлемді, жеке және жалпы метафизикалық табиғатты біріктіру міндеттерін шешуге көмектесті. Бишілердің фигуралары декорацияға сәйкес келеді, олар өздері сахна декорының бір бөлігі болып шықты. Бұл бөлек жеке әңгіме... 1919 жылы айтылғандай, Вальтер Гропийус Веймар қаласында Баухаузда ұйымдастырылған оқу орнының басшысы болды, ол ұстаздарының құрамын қалыптастыруға өзінің ерекше тәсілін пайдаланды.

Еуропаның әр мемлекеттерінен дизайнерлерді дайындауда тек дизайн саласындағы мамандарды ғана емес, сонымен қатар өнер философиясы, өнер психологиясы, өзіндік композициясы бар Иоганн Иттен, Мисс ван дер Рой және Пол Клейн сияқты әр түрлі шеберлері шақырылды. Ал, 1920 жылы Баухаузка Штутгарттан Оскар Шлеммер сабақ беруге шақырылды. Оскар Шлеммер суретші, мүсінші, хореограф және театр дизайнері болған. Шлеммердің шығармашылығы сан алуан көркемдік салалардағы кең көлемді кеңістікті қамтиды: кубизм мен геометриялық абстракциядан бастап бейнелеу өнерінің түрлі жанрлар мен түрлеріне дейін, портреттен пейзажға дейін, кескіндеме, мүсін, графика және басқада түрлерін қамтыды. Шамамен 1912-13 жылдары оның картиналарының негізгі тақырыбында кескіндеме сюжеттері ою-өрнек сияқты көрінетін геометриялық абстракцияда жасалған адамдар бейнесі қалыптаса бастады. 1914 жылы О.Шлеммер экспрессионизм бағытында суреттер жасады. Баухаузда Шлеммер металл бұйымдар цехын, содан кейін мүсін шеберханасын басқарды. О.Шлеммер кескіндеме сабақтарын бір күн де қалдырған жоқ, өйткені XX ғасырдың басында ол Штутгарттағы Көркемсурет академиясын «кескіндеме» мамандығы бойынша сәтті аяқтады. 1923 жылдан бастап ол метафизикалық философияның әсерімен картиналарда сурет сала бастады. Суреттердің композициясы ерекше түрде жасалған, онда адам фигуралары хореографиялық құрылыста бөлінген жерде орналасқан, олар жалпыға бірдей үйлесімділіктің көрінісі болды. Оның жұмысын танумен қатар даңққа да ие болады. Баухаузда Шлеммер екі ұғымды зерттеп, оны балет және адамтану ғылымдар теориясында жүзеге асыра бастады.

Оскар Шлеммер 1912-1918 жылдар аралығында өте қиын шығармашылық және өмір жолын өтті. Бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысты. Бұл соғыс суретшінің одан әрі шығармашылық қызметіне қатты әсер еткен болуы мүмкін. Осы кезеңнің суреттерінде кубисттік стильдің әсері байқалады, онда адам денелері бөліктерге ыдырап, содан кейін олар жаңа пішінде жаңа кеңістікте компоненттеліп орналастырылды. Шамамен 1918 жылы суретшінің жұмысында орын алған рельефтердің пластикалық кескіндемелік туындыларындағы кескіндеме қозғалысының тағы бір маңызды процесі болды. 1920 жылы О.Шлеммер Штутгарт академиясынан шыққаннан кейін сахнаға арналған фигуралармен жұмыс істеді ол – «Триадиалық балет», ол бұл идеяны 1910-12 жылдардан бері ойлап жүрген еді. Баухаузға келгеннен кейін Шлеммердің «1921 жылы Штутгарт сахнасындағы триадиалық балетін» хореография түрінде сахнаға шығару туралы көптен күткен арманын орындауға мүмкіндік туды. Бұл балетке арналған музыканы композитор Пол Хиндемит жазған. Бұл қойылым үшін Шлеммер стереометриялық театрлық киімдерден, стильдендірілген қозғалыстардан, жарықтан, түстерден және музыкадан тұратын суреттер театрының өзіндік формасын жасады. Сахнадағы фигуралар қуыршақтарға ұқсап және олар театрдағы қуыршақтар сияқты жылжыды. Мұндай фигуралар (мүсіндер) негізгі геометриялық фигураларға дейін түйістірілді. 1925 жылы Баухауз В.Гропийустың жобасына сәйкес Дессауға көшті, Дессауда, Баухаузда салынған ғимаратта сахна құрылды, онда сахнаға О.Шлеммер ғана емес, сонымен қатар Баухауз театры қойылды.

Шлеммер 1923 жылдан бастап Баухауз мектебінің сахнасының жетекшісі және эксперименталды театрдың директоры болды, сахнада ол өзінің «Баухауз билерін» сахналады. Ары қарай О.Шлеммер адамды зерттеуде өзінің ғылыми және теориялық тұжырымдамасын жасады. Ол оқу процесіне адамның мінез-құлқын зерттейтін және адамның кеңістіктегі орнын, әсіресе адам шығармашылығын анықтайтын пән енгізді. Оскар Шлеммер өзінің ғылым туралы теориясын үш бағытта қарастырды: адам өнердегі көрнекі объект ретінде, адам биологиялық тіршілік иесі ретінде және өнердегі адам психологиясын зерттеу арқылы адамның мәні туралы философиялық түсінігі. Шлеммер барлық тұжырымдамалық ғылыми және теориялық компоненттерді метафизикалық жолмен шешуге тырысты, яғни шығармашылық ойлаудың белгілі бір тәсілі арқылы олардың өзара қарым-қатынасы мен сыртқы дамуынан тыс көркемдік құбылыстарды қарастыра отырып, ақыр соңында дизайнерлік жұмысты жасау процесі бәрін ғылым-өнер теориясының біртұтас синтезіне жинақтайтындығына назар аудартты.

Оскар Шлеммердің «Триадиалық балетке» деген қызығушылығы қазіргі дәуірде де сақталған. Солайша, 1977 жылы Берлинде Akademie der Künste те автордың және Герхард Бонэрдің хореография костюмдерінде «Триадиалық балет» авангард классикасын көрсетті. Герхард Бонэр - Германияда би театры деп аталатын бес-алты «бүлікшілердің» бірі. Баухауз мектебінің суретшісі Оскар Шлеммердің костюмдеріндегі «Триадиалық балет» 20 ғасырдың 80-ші жылдарының аяғына дейін рекордтық 85 қойылымды бағындырып, бүкіл әлемді аралап шықты.

Он сегіз ерекше костюмдердің барлығын Берлин Өнер академиясы сақтап қалған.

Бірақ өткен ғасырдың 80-ші жылдары - бұл бір бөлек нәрсе, ал 2014 жыл – жаңа ғасыр, басқа дүние. Сахнаға «Триадиалық балет, Шлеммер-Бонер-Хеспос» атты туынды катал монстроуздық-стим-панк-құрылымы ретінде ұсынылды, стилі өте керемет, қазіргі әлемде қайталанбас ерекшелігі бар.

Мұндағы кейіпкерлер объектілердің өздері: «Дөнгелек юбка», «Спираль», «Алтын шар», «Абстракция», соло, дуэттерді және трио бағдарламаланған күйінде орындалады. Біреулері зырылдауықша айналып, екіншісінің белгілі бір бұрыштарда ашылатын қайшы аяқтары, үшіншісінің қолдары - шар тәрізді, төртіншілерінің аяқ-қолы жоқ ал басының орнына цилиндр тәрізді шайба орнатылған. Тандандыратын, тартымды және мүлдем футуристік көрініс.

Театр маманы Ольга Герд былай деп жазады: «Нысандардың әсемдігі, Оскар Шлеммердің «Триадиалық балеті» сияқты, Бонердың интеллектуалды хореографиясы сияқты, елді аузына қаратып қойып, бірақ сонымен бірге басып, тыныш күйге жетелейді: бұндай идеологиялық нәрсе ескірген, мүмкін тарих көрсетіп отырғандай, бұл зат тек көшірмелеп қоймай жаңа дүниенің пайда болып шығуына өзі себепкер болуы мүмкін. Дегенмен, мен жаңа технологияларды меңгерген хореографтардың балетті қалай қоятынын көргім келеді. ... Бірақ біз жаңа нұсқаны күтіп отырғанымызша, осы нұсқамен тамсана отырамыз. Бұл XX ғасырдың ескі тасынан жасалған болса да, ол оған тұрарлық дүние».

Бұл шедеврді 2019 жылы Алматыдағы неміс театры Германиядағы Баухаус ортаны қалыптастыру жоғары білім беру мектебінің 100 жылдығына орай, Оскар Шлеммердің «Триадиалық балетінен» ұсынып қойылымды жасады. Бұл, театр маманы Ольга Гердтың күткенінің орындалуы және жаңа интерпретациядағы қойылуының әсерлі сәті еді.

Бұған дейін сюжетті құру, костюмдер жасау және ең бастысы сюжеттік желіні анықтау бойынша ұзақ жұмыс атқарылды. Маңызды шараны дайындауға және өткізуге Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық академиясының дизайн және шетел тілдері кафедрасының студенттері мен оқытушылары белсенді қатысты. Осы мақаланың авторы неміс театрының көзқарасы бойынша жаңа қойылымдағы «Триадиалық балет» пьесасына теориялық сүйемелдеуші ретінде шақырылды.

Спектаклдің әртістері мен қоюшы режиссерлерімен консультативтік сипаттағы кездесулер өткізілді, олар шығарылымның мазмұны мен автордың ой-пікірін жеткізу үшін болжамды сюжеттік желінің көрінісін, форманың ашылуын, колористиканың түсі мен және балет костюмінің дизайны мен кейіпкерлердің қозғалыс динамикасының арасындағы байланыс туралы сөз болды. Автор осы қойылым театрда өткеннен кейін, Оскар Шлеммердің «Триадиалық балет» туындысының жаңа интерпретациясы бойынша теориялық экскурс жүргізді.


Қортынды. Спектакль өте қызықты болды. Қазақстандағы Германия елшілігінің және Гёте институтының өкілдері спектакльді жоғары бағалаған қонақтармен қатар бірге болды. Театрға барар жолда Оскар Шлеммер заманының рухын және XX ғасырдың 20-шы жылдарындағы Баухауз атмосферасы сезіліп тұрды. Кіреберіс бөлігінің сыртқы бетінен (экстерьерінен) бастап, күту бөлмесінің интерьеріне дейін, Баухауз профессорлерінің көрнекі жұмыстарының нұсқалық стилінде түрлі түсті етіп шығарылды, афиша мен ақпараттық визуализациясы Штутгарттағы спектакльді қоса сүйемелдеп жүрген дәл сол колористика мен инфографиканың түсін және қалып түрлерін айнытпай қайталап шықты.



Профессор Асылханов Е.С. Алматы қаласының неміс театрында «Триадиалық балет» қойылымынан кейін теориялық экскурс жүргізу үстінде.





Алматыдағы неміс театрындағы 2019-шы жылғы қойылымның қабырғадағы динамикалық көрінісі.



БАУХАУЗ сарынында XX ғасырдың 20-шы жылдарындағы афишаның түп нұсқасын 2019 жылы неміс театры қолданды.

Шынында да, Ольга Герд атап өткендей, жаңа технологияларды пайдаланылған жаңа нұсқа дүниеге келді.







*2019-шы жылы Алматы қаласындағы неміс театрындағы
«Триадиалық балет» сахна қойылымының көріністері.*

Костюмдер түп нұсқаның формаларын сақтай отырып жасалды, бірақ қоғамның қазіргі ұғынуына қарай белгілі бір өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Табиғи дүниені синтездеудің кең спектрі артисттерді XX ғасырдың 20-жылдарының рухы мен мазмұнына сәйкес келетін мәтінді сүйемелдеу мен плакат өнерін визуализациялауды пайдаланды.





«Триадиалық балет» көрінісін ақындар мен әртістер поэзиялық және көркем сөзбен толықтырып ерекше өнер түрлерінің үйлесім сапасын көрермендерге жеткізді.

Көрсетілген иллюстрациялық қатар Оскар Шлеммердің «Триадиалық балетін» Алматы қаласындағы Қазақстандық сахнадағы Неміс театрымен қойғандығын көркемді өтіп баяндайды.

Әдебиеттер:

1. Кемберли Элам «Геометрия дизайна» – изд. «ПИТЕР», 2011 г. – С. 7-108.
2. Лаврентьев А.Н., «История дизайна» – изд. «ГАРДАРИКИ», 2007 г. С. 5-303.
3. Розенсон И.А., «Основы теории дизайна»-изд. «ПИТЕР», 2007 г. – С. 6-218.
4. Рунге В.Ф., «История дизайна, науки и техники» – изд. «АРХИТЕКТУРА-С» 2006 г. – С. 6-267.
5. "<https://www.vecloosti.ru/lifesyle/articles/2014/07/10/bezdv-hovka-no-netlenka>"

ӘОЖ 726.04
МРНТИ 67.07.29

З.Ж. Рабилова¹, А.Б. Бауржанова²

¹Абай атындағы ҚазҰПУ, Өнер, мәдениет және спорт институтының философия докторы (PhD)

Алматы қ., Қазақстан

²«7М02118 – Сәулет дизайн» мамандығының 2 курс магистранты Абай атындағы ҚазҰПУ,

Өнер, мәдениет және спорт институты

aidana080596@gmail.com 87478346190

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ДІНИ СӘУЛЕТ ДӘСТҮРЛЕРІ

Аңдатпа

Қазақстан Республикасының Егемендігі туралы Заң қабылданғаннан кейін жағдай түбегейлі өзгерді. Діннің қоғамдағы рөлін қайта қарастыра отырып, діни ғимараттардың құрылысы тез жанданды. Олардың барлығын сәулет туындылары деп санауға болмайды, бірақ бұл массада ертең Қазақстанның сәулет тарихына енетін көптеген нысандар бар, өйткені олар сәулет өнерінің шынайы шығармаларына тән артықшылықтарға ие. Бұл серпіліс Оңтүстік Қазақстандағы сәулет өнерінің мыңжылдық дамуымен дайындалды, мұрасыз алға жылжу мүмкін болмас еді. Бұл баға жетпес қорды игеру негізінен екі жолмен жүреді. Олардың біріншісі – Орта Азия мен Қазақстан сәулет өнерінің классикалық мұрасын зерттеу және қайта өңдеу, дәстүрлі нысандар негізінде жаңа заманауи ғибадат үйлерін құру. Діни сәулет ескерткіштерінің ғылыми және әлеуметтік маңызы зор, өйткені олардың әрқайсысы проблемалардың барлық кешенін – тарихи, әлеуметтік, экономикалық, идеологиялық, діни және, ең бастысы, халық сәулетшілерінің көркемдік ізденістерінің мөрін алады. Нақ сондықтан да діни сәулет ескерткіштеріне деген қызығушылық ешқашан сөнген емес, ал соңғы жиырма жылда Қазақстандағы өзгерістерге байланысты, ұлттық сана-сезімнің қарқынды өсуі байқалған кезде, "Тұлға-Қоғам-дін-мемлекет" арақатынасы қайта қаралған кезде, адамдар қайтадан Тарихи бастауларға жүгінгенде, бұл қызығушылық одан да өзекті бола түседі.

Түйін сөздер: Кесене, сәулет, мәдени ескерткіш, мұражай, ғимарат, күмбез.

Аннотация

Рабилова З.Ж.¹, Бауржанова А.Б.²

¹КазНПУ им. Абая, Институт искусств, культуры и спорта, доктор философии (PhD)

г. Алматы, Казахстан

²Магистрант 2 курса по специальности «7М02118 – Архитектурный дизайн»

Института искусств, культуры и спорта КазНПУ им. Абая

г. Алматы, Казахстан

aidana080596@gmail.com 87478346190

СРЕДНЕВЕКОВЫЕ РЕЛИГИОЗНЫЕ АРХИТЕКТУРНЫЕ ТРАДИЦИИ ЮЖНОГО КАЗАХСТАНА

После принятия Закона о суверенитете Республики Казахстан. С пересмотром роли религии в обществе быстро оживилось строительство культовых зданий. Не все из них можно считать произведениями архитектуры, но в этой массе есть немало объектов, которые завтра войдут в историю зодчества Казахстана, так как обладают достоинствами, присущими подлинным произведениям зодчества. Этот всплеск подготовлен всем тысячелетним развитием архитектуры в Южном Казахстане, без этого наследия невозможно было бы движение вперед. Освоение этого бесценного фонда идет в основном, как нам кажется, двумя путями. Первый из них – изучение и переработка классического наследия зодчества Средней Азии и Казахстана, создание на основе традиционных форм новых современных культовых зданий. Научное и общественное значение памятников культовой архитектуры велико, ибо почти каждый из них несёт в себе целый комплекс проблем – исторических, социальных, экономических, идеологических, религиозных и, что особенно важно, печать художественных исканий народных зодчих. Именно поэтому интерес к памятникам культовой архитектуры никогда не падал, а в

связи с переменами в Казахстане в последние два десятилетия, когда виден стремительный рост национального самосознания, когда пересматривается соотношение «личность - общество - религия - государство», когда люди вновь обращаются к историческим истокам, этот интерес становится ещё более актуальным.

Ключевые слова: мавзолей, архитектура, памятник культуры, музей, здание, купол.

Abstract

Rabilova Z.¹, Baurzhanova A.²

¹Doctor of philosophy (PhD),

*Kazakh National Pedagogical University named after Abay, Institute of Arts, culture and sport,
Almaty, Kazakhstan*

*²Student of master's course in the specialty «7M02118 – architecture desing»,
Kazakh National Pedagogical University named after Abay, Institute of Arts, culture and sport,
Almaty, Kazakhstan, aidana080596@gmail.com 87478346190*

MEDIEVAL RELIGIOUS RELIGIOUS TRADITIONS OF SOUTH KAZAKHSTAN

